



«MADENI MIRA»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2005

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.
Нұрпейісов Ә.К.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Діни дастандар



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б12

**«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Өзібаева Б. (*жауапты редактор*), Жармұхамедұлы М., Қасқабасов С.,
Қосан С., Ісімақова А.

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:

Әбжет Б., филология ғылымдарының кандидаты,
Өзібаева Б., филология ғылымдарының докторы,
Қосан С., Рақышева Ж. (*жауапты шығарушы*)

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2005.
Т. 11: Діни дастандар. — 2005. — 368 бет, суретті.

ISBN 9965-619-16-6

«Бабалар сөзі» сериясының он бірінші томына «Мұхаммед пайғамбар», «Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны», «Қисса Мұхаммед Расул Алланың дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат еткен мәселесі», «Бозторғай», «Қисса Қаһарман», «Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр», «Қисса хазіреті Айшаның тұһматы», «Қисса Мансұр әл-Халаж» атты діни дастандар енді.

Б $\frac{4702250105}{00(05) - 04}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-619-16-6 (т. 11)

© Әдебиет және өнер институты, 2005

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

«Бабалар сөзі» сериясы — ғылыми басылым. Оның негізгі принципі — шығарманың табылған нұсқаларын жүйелеп, өзара салыстыра зерттеп, фольклорлық шығарманың сюжеті мен жанрлық белгілері туралы толық көрініс беретін мәтінді оқырманға ұсыну. Керек болған жағдайда бірнеше варианттары жарияланады.

Әрбір том ғылыми қосымшалармен толығып отырады. Ғылыми қосымшалар томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелерді және олардың табылған варианттары жөнінде мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кіреді.

«Бабалар сөзі» сериясының он бірінші томына кірген шығармалар: «Мұхаммед пайғамбар», «Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны», «Қисса Мұхаммед Расул Алланың дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат еткен мәселесі», «Бозторғай», «Қисса Қаһарман», «Қисса уақиға Кербала үшбүдүр», «Қисса хазіреті Айшаның тұһматы», «Қисса Мансүр әл-Халаж».

Бұл шығармалардың тақырыптары сан алуан. Мысалы, алғашқы үш дастан Мұхаммед пайғамбарға арналған. Солардың ішінде «Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ бол-

ғаны» — діни тақырыпқа арналған өте көркем және көпшілікке кең тараған дастандардың бірі. «Бозторғай» дастанында алғашқы төрт әділетті халифаның бірі хазіреті Әлидің өзінің екі баласы — Хасен мен Хұсайынды кепілге беріп, белгісіз кедей адамды босататыны баяндалады. «Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр» дастанының фабуласына 680 жылы Ирактың Куфа шаһарының маңында, Кербала атты шөлді мекенде өткен тарихи оқиға өзек болған. «Қисса Қаһарманда» мифологиялық, ертегілік, эпикалық сюжеттер мен тұрақты мотивтер мол орын алған. «Қисса хазіреті Айшаның тұһматы» дастанында әңгімеленетін оқиғалар өмірден алынған, ал «Қисса Мансұр әл-Халажда» тарихи фактілер мен ертегілік, фантастикалық мотив, сюжеттер тығыз байланыста баяндалады.


Демек, дастандардың бірі нақты болған тарихи оқиғаларға негізделсе, енді бірі діни аңыз, әңгімелерді арқау еткен, ал тағы бірінің өзегін көне архаикалық және фантастикалық сюжеттер құрайды.

Томды дайындау барысында ХХ ғасырдың басында араб әрпінде басылып шыққан мәтіндерді дұрыс тану үшін оларға мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді. Түпнұсқада қате жазылған сөздер қазақ тілінің жалпыға ортақ жазу нормаларына және контекстке сәйкес түзетіліп отырды, ал кейбір шумақтарда жекелеген сөздер мен жалғаулықтар түсіп қалған жағдайда қажетті сөздер жақшаға алынып берілді.


Томға еніп отырған шығармалардың тілі мен сөз саптау мәнері дастандық эпостың кітаби үлгілеріне тән. Мұнда араб, парсы сөздері жиі кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңында арнайы сөздікте топтастырылды. Сондай-ақ мәтіндерде бірлі-жарым жалпытүркілік формалар да сақталған. Олар түпнұсқалық қалпында берілді.

Томға енген «Мұхаммед пайғамбар» дастаны М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында сақтаулы тұрған қолжазбадан дайындалды, қалған дастандар Қазан төңкерісіне дейін араб әрпінде басылып шыққан кітаптардан еш түзетусіз дайындалып, кирилл әрпінде тұңғыш рет жарияланып отыр.

Томның көлемі — 23 б.т.



Μ Θ Τ Ι Η Δ Ε Ρ



Мұхаммед, пайғамбар

Бисмилла — сөздің нұсқасы,
Баян қылды бір Алла,
Бұл дүниенің қысқасы,
Дүниені шырын қып,
Құдіреттің ұстасы,
Ырысқа иман өзелде,
Өлшеулі қылған күніңді.
Әлемге патша — бір Құдай,
Жаңылдырма тілімді.

- 10 Мұхаммедтің ақтығы
Әлемге мәшһүр білінді.
Күндерде бір күн Мұхаммед
Он екі жасқа ілінді.
Жатсаң-тұрсаң, жақсылар,
Бір Алла болсын тілінде.
Рахым қылып сыйлап жүр
Жетім менен жесірді.
Бұларға қорлық іс қылсаң,
Басыңа салар кесірді.
- 20 Ақырға нұсқа болсын деп,
Мұхаммедтей гауһарды
Жетім қылып өсірді.

Мұхаммед үшін жаратты
Он сегіз мың ғаламды,
Әр ісімнен көрсін деп
Лаух пенен Қаламды.
Адам ата, Хауа ана
Досты үшін бұл һәм жаралды.

- Күллі көпір, мұсылман
 30 Сол кісіден таралды.
 Түсінсін деп, өуелден,
 Түсірді Құран Қаламды.
 Нұрын төгіп достына,
 Білдірді арам-адалды.
- Сол досыңыз басынан
 Көрген жәбір жасынан,
 Қапалық бастан өткізіп,
 Жетім қылып Құдірет,
 Машақат жастан көп көрді.
- 40 Ержеткен соң Мұхаммед
 Кәпірлердің басынан
 Бақ-дәулетін көшірді.
 Келген түні дүниеге
 Шайтан қашып тұра алмай,
 Балға, төсін ұра алмай,
 Кәпірдің отын өшірді.
 Ержетті ақыр тарығып,
 Шариятын жары қып,
 Дариядай толқып басылды*.
- 50 Қаңғыртып ол көпірді,
 Қызыл қанын ағызып,
 Жердің жүзін жасырды.
 Сайыпқыран не ерлер
 Нағып шауып жасырды**
 Әуелі араб дінге еніп,
 Хаққа мойын ұсынды.
 Жиһанда барша көпірлер
 Есітіп жаман шошынды.
- 60 Қай жерге қылса қосынды.
 Сол сияқты досты да
 Ажалға ақыр тосылды.
 Мұхаммедке ақыры
 Жетімдікті шарт қылды.

* Қолжазбада: жасырды. Мағынасына қарай “басылды” деп өзгертілді.

** Қолжазбада осылай жазылған.

Өз ағасы дұшпан қып,
Жүсіпті тірі құл қылып,
 Осыны да сатқызды.
 Перғауын кәпір өулетін
 Жай дарияға аққызды.

- 70 **Әзіреті Мұсаны**
 Тандырға салып жаққызды.
 Оттан аман шығарып,
 Жай дарияға ағызды.
 Шығарып одан саламат,
 Өз анасын тапқызды.
Қүдіреті күшті Құдайдың,
 Дұшпандық қылса біреуге,
 Пәруана қылып біреуге,
 Қолына алып баққызды.
- 80 **Бір жақтан айды туғызып,**
Бір жақтан күнді батқызды.
Жегізіп құртқа Айубты,
 Ақыры мұрат тапқызды.

- Құлақ салғын, айтайын,
Қүдіреті күшті Алланың
Қүдіретімен жаратқан
Діннің аян болғанын,
 Мұсылманның толғанын,
 Жер жүзінде Мұхаммед
- 90 **Әуелі ұрыс қылғанын,**
Бірнеше заман болғанда
 Абат болып дін ислам,
 Басына дәулет қонғанын.

- Әбділда ұлы Мұхаммед
 Он екі жасқа ілінді,
 Сейіл қылып Мұхаммед
 Шығушы еді далаға.
Жүруші еді бас болып
Өзіндей қырық балаға.
- 100 **Үшжам еді патшасы**
 Мәдине, Мекке қалаға.

- Намдар палуан Өмзе еді,
 Омар палуан және бар,
 Ол Үшжамға қараған
 Он сегіз ру ел еді,
Бірме-бірге келгенде,
 Хашимилер көп еді.
 Әуелгі қойған аттары
 Әбділда Хашим дер еді,
 110 Одан соң кеткен атанып,
Жәһілдігі асқан соң,
 Әбужәһіл дер еді.
- Әбужәһіл, Мұхаммед
 Жасынан жүрген қас болып,
Бірімен-бірі өшігіп,
 Көңілдері тас болып.
 Күндерде бір күн Мұхаммед
Жүруші еді сотқар боп,
 Қырық балаға бас болып,
 120 Хат-хауматы қасында,
Өзі он екі жасында,
 Сейілге күнде барады.
 Қырық баласын алады,
 Мұхаммедке нанады.
 Әбужәһіл сол күнде
 Екі жүз бала ертіп ап,
 Мұхаммедке ит Жәһіл
 Жолығысып қалады.
 Мұхаммедтің әскері
 130 Қырық бала болады.
 Қырық баланың ішінде
 Мұхаммедті көреді,
 Әбужәһіл көпірдің
 Ашуы оған келеді,
 Екі жүз бала қасында,
 Қылайын деді зорлықты.
- Әбужәһіл сөйлейді:
 — Екі жүз палуан, кел, — деді,

- Жалаң аяқ жетімше,
140 Менімен қайтіп тең, — деді.
Көтерілген көңілі басылсын,
Жазасын мұның бер, — деді.
Жабылып бәрің ұрыңдар,
Жетімшені аямай,
Барлығын да қырыңдар!
Екі жүз бала палуаным,
Айтқанымды қыл, — деді.
Әбужәһіл бетпақтың
Айтқан сөзі ұнады,
150 Тас кесекпен сабады.
Нөкеріне Мұхаммед:
— Ұрыс! — деп жауап қылады.
Ұрысып кетті Мұхаммед,
Қырық баласы зор беріп.

- Менменнің жүрмес төубесі,
Ақыры көрер қорлықты.
Төкаппарлық кім қылса,
Сол көреді зорлықты.
Осы ұрыста бұлардың
160 Әмма жағын күңіретті,
Таяқ жеп әбден тарықты.
Әбужәһілден бөлегі
Таяқ жеді аң болып,
Қашып кірді Меккеге,
Тұла бойы қан болып.
Қапа боп Әбужәһіл
Жүзі сары болады.
Ешбір жанға көрінбей,
Жасырынып барады.
170 Атаға қарар жүзі жоқ,
Ордасына бара алмай,
Сарайда жатып қалады.
Қырық баласын ертіп ап,
Мұхаммед те жөнелді,
Меккеге қайтып келеді.

- Қырық баласы айтады:
— **Әбужәһіл бұл, мәлім,**
Ертең тағы ұрысар,
Өкіректеген неме еді.
- 180 Қырық балаға Мұхаммед:
«Қорықпа, балдар» дер еді.
Қырық бала сонда сөйледі:
— **Мұхаммед атты шеріміз,**
Қайда жүрсек еліміз.
Ұрыс, жанжал іс болса,
Айналайын, Мұхаммед,
Өзіңнен бұрын өлеміз.
Не де болса көрерсің,
Өкіміңе көнеміз.
- 190 Қырық бейшара баламыз,
Сөзіңе құлақ саламыз.
Арам пейіл залымды
Астына қылыш аламыз.
Қырық жыл қырғын болса да,
Сізбенен бірге боламыз.
Ертең тағы ұрыссақ,
Ауқатты қайдан қыламыз?
Көңіліңе ауыр қыласың,
Бір-ақ ауқат — наламыз.
- 200 Олар бүгін тоқ болды,
Бізде ауқат жоқ болды.
Қырық баланың бұл сөзі
Мұхаммедке оқ болды.
- Бар болса наһар қылар ек,
Жүрек жалғау қылған соң,
Кешке шейін **жарар ек.**
Жатарда қылсақ **бір наһар,**
Ертең тағы, балалар,
Майдан жерге барар ек.
- 210 Қарнымыз тағы ашқанша
Әр түрлі **ұрыс салар ек.**
Ас — адамның арқауы,
Қуаттанып қалар ек.

- Балалардың айтқан сөзіне
Мұхаммед қапа болады.
Қырық балаға білдірмей,
Құпия қылып жылады.
Кедейлігі құрысын,
Не дерін білмей тұрады.
- 220 Жасын төгіп көзінен,
Сандалып түнде шығады.
«Құдайым, өзің жеткіз» деп,
Мінәжат Аққа қылады.
Мұхаммед өзі ойланды,
Лажын таппай тынады,
Ойланып қанша толғанды.
Әбділдамен туысқан
Бірнеше кісі бар еді,
Әбутәліп дер еді,
- 230 Жақсы көрер ағасы,
Әрқашан іске жарарлы.
Сұрауға сонан тамақты
Орнынан тұрып келеді,
Құдайын айтып жөнеді,
Қайғысы тамақ болады.
Келе жатса Мұхаммед,
Іздеп шыққан ағасы
Алдынан қарсы келеді.
Назарын салып ағасы
- 240 Мұхаммедті көреді.
Жүзі сары Мұхаммед,
Болмағандай көңілі шат.
Екі көзі қызарып,
Уайымы көп еді.
Ағасы көрді інісін,
Біледі танып жүрісін.
«Неге қапа болдың?» деп,
Былайша сұрай береді.
- Ағасы сонда сөйлейді:
- 250 — Айналайын, Мұхаммед,
Көрінбей қайда жүр едің?

Амандығың, шырағым,
Бір Алладан тілегім.
Жүзің сары не себепті,
Жайнаған қызыл гүл едің.
Қапаланып, шырағым,
Мұншама неғып жүр едің?
Қатыңқы жаман қабағың,
Тасыған судай өрлеген.

- 260 Мұхаммед айтты: — Жан аға,
Қырық баланы нөкер қып,
Шығып едім далаға.
Ақылымнан адастым,
Ауқат тауып бере алмай,
Қысылды нөкер балалар.
Ертең Алла жеткізер,
Бүгінше лаж бола ма?
Кедейлігі құрысын,
Қолымда жоқ болған соң,
270 Табылмады біздерге.
Бірнеше уақыт табылмай,
Тарылды жаман ниетім.
Іздеп сізге келгенім,
Осы еді, аға, жұмысым.
Осы бір жері болмаса,
Құрбандық жаным дін үшін.
Осыны айтып Мұхаммед,
Көз жасын төгіп жылады.

- Әркім білер өз жайын,
280 Өзгенің несі құрайды.
Берейін десем ауқат жоқ,
Сақтаймын қайтіп бұларды?
Айналайын, жан аға,
Ақылдан сасып адастым.
Қырық балаға үндетпей,
Бір күнше, аға, қарасқын.
Әбужәһіл көпірмен
Бір кезекке таластым.

- Жанашыр менде аға жоқ,
290 Ата бір, ана және жоқ.
Ағажан, сізден болмаса,
Мен жетімге шара жоқ.
Құлақ салғын, ағажан,
Қандай амал қыламын.
Құрып тұр арзу, амалым,
Ауқатын таппай балдардың.
Қолыңда малың болмаса,
Болмайды екен талабың.
Осындай ғаріп күнімде
300 Бір күнше, аға, жарағын.
Айналайын, жақыным,
Бар болса айтқан ақылың,
Атамнан артық көрейін.
Айналайын, ағажан,
Қасымда нөкер баладан
Ұялып әбден барамын.
Алланың өзі сақтаса,
Әбужәһіл не етеді.
Жетім менен жесірдің
310 Осы ма еді ахуалы?!
Құдіреті күшті бір Алла,
Жаратпасаң не етеді?
Біз бейшара жетімбіз,
Болмаса Алла мейірбан,
Кедейлік пен кемшілік,
Көрінді көзге шыбын жан.
Қысылған жерде көрінер
Өздеріңдей қадірдан.
Бізді төмен қаратпа,
320 Айналайын, ағажан.

Ағасы сонда сөйледі,
Жоқшылықтың зарынан,
Бұдан қапа тартады.
Мұхаммедтің жөнінен
Бар болса жанын сатады.
Лажын таппай бейшара,

- Сандалып басы қатады.
— Айналайын, шырағым,
Қандай лаж қылайын.
- 330 Жаныңнан басым садаға,
Болайын құрбан лағың.
Өзім де бүгін аш жаттым,
Табылмады, сұрадым.
Құдіреті күшті Құдайым
Жасымнан алды атамды.
Жүзің сары болған соң,
Біліп едім қапаңды.
Үш күннен бері ауқат жоқ,
Құры сұлде демесең,
- 340 Өлімге жаным тақалды.
Осылай, шырақ, мәнісі,
Қорқақтың һәм жазасы,
Жаманның болмас намысы.
- Бір туысқан жаманнан
Жоқшылық қашық тартқызды.
Құдіреті күшті Жаппар Хақ
Нұх қауымын суға батқызды.
Алланың сүйер данасы
Жүсіпті құл қып сатқызды.
- 350 Біреуін аман тапқызды,
Ніл дарияға батқызды.
Шаң шанаққа кіргізіп,
Ыбраһымды атқа мінгізді.
Жанған айдай тәсілім қып,
Саламат Аққа жеткізді.
Сені мен маған, шырағым,
Аштықтың зарын тартқызды.
- Үйімде жалғыз наным жоқ,
Шырағым, сенің жолыңда
- 360 Аяйтұғын жаным жоқ.
Бірнеше түгіл, шырағым,
Бір сағаттық өлім жоқ.
Берер ем, болса бір наным,

- Үш күннен бері ауқат жоқ.
Алладан тілеп отырмын,
Менен өнер нәрсе жоқ.
Басыңның қамын қыл, жаным,
Үш күннен бері аш болып,
Өшті өлім, дәрменім.
- 370 Амалым жоқ, шырағым,
Алладан сұра мұрадың.
Мен сынсам, сенің сынғаның,
Пендесі қайтіп ұзартар
Алланың шолақ қылғанын,
Ішімде кетті арманым.
Бір Алладан басқадан
Күдер үзіп, ағасы
Айтқаннан соң бұл сөзді,
Алланың бір өзінен
- 380 Тілейді енді жалбарып,
«Жарылқа, — деп, — бізді өзің».
- Қасына балалардың келді қайтып,
Жөнімен кедейліктің қапа тартып.
Бір жерге балаларды жатқызды да,
Қайғысын бір тамақтың тартқызды да,
Өзі бір ағаш таяқ қолына алып,
Әр түрлі қапалықпен қайғыланып,
Сол ағашты бір уақыт жерге шанышты,
Шанышты да тілей берді басын салып.
- 390 Сәждеге қолын қойып қалды жатып,
Қайғының жылай берді дәмін татып.
«Табаққа құдіретіңмен мәуе сал» деп,
Зарлайды мінежат қып сөзін айтып:
- Құдіреті күшті бір Алла,
Көңілім құрсаңт болар ма?
Бір кезеңге таластым
Әбужәһіл арамға.
Қанша айтқанмен болмады,
Жазды бұлар Қаламға.

- 400 Жүз жиырма төрт пайғамбар,
 Бәріңе жылап қылдым зар.
 Тарығып тұрған уақытта
 Ауқат таппай жарандар,
 Ғайыбыңнан жеткізіп,
 Ас беруші біреу бар.
 Осы шанышқан таяққа
 Көгертіп, Алла, миуа сал.
 Қызыр Илияс, біз ғаріптен қабыл ал,
 Біз бейшара жатырмыз,
 410 Ауқат үшін ынтызар.

Жан жараттың, Жаппар Хақ,
 Бір өзіңе жыладым.
 Қасымдағы балдарға
 Жүзімді төмен қылмағын.
 Падиша қыл, бай қыл демеймін,
 Бір күнше ауқат сұрадым.
 Балалардан ұялсам,
 Болды қандай сияғым?!
 Ауқат тауып бермесем,
 420 Нөкерді қайтіп жиямын?!
 Құдай, рақым қылмасаң,
 Бұл жерде қайтіп тұрамын?!
 Әлемге патша бір Құдай,
 Әммасын өзің қыласың,
 Айтайын несін бұ йағын*.

Осындай мінәжат қып жатыр еді,
 Намазда жылап жатып, көз ілмеді.
 Ұйқыдан бір уақытта бедер болып,
 Сарғайып бір жағынан таң білінді.

- 430 Қарады жан-жағына назар салып,
 Алған таяқ түр екен миуа салып.
 Жалтырап көрінеді шоқтары да,
 Көгеріп ағаш таяқтан миуа пісіп.

* Йағын – жағын

Мұхаммед түрегелді көп қуанып,
Балаларды шақырды ұран салып.
Аштықтан ұйықтай алмай жатқан налып
Балалар тұра келді көп қуанып.

Миуаны балалар да көрді барып,
Қасына қуанғаннан келді жүгіріп.
440 Құрмадан «бисмилла» деп алып жеді,
Мұхаммед алып жеді қолын салып.

— Жегін, — деп балаларға жарлық берді,
Бұл құрма сіздер үшін болған, — деді.
Балалар тұс-тұсынан мұны есітіп,
Тойғанша жабырласып жей берді енді.

Әбден жеп балалардың қарны тойды,
Қайғының ішіндегі бәрін жойды.
Әрқайсысы балалардың шері болып,
Жеріне соғыс қылар қадам қойды.

450 Жеріне ұрыс қылар тұрды барып,
Көреді көпірлерді назар салып.
Мұхаммед майдан жерге барып тұрды,
Келеді Әбужәһіл Құдай ұрып.

Ләшкермен Әбужәһіл тұрды барып,
Артынан нөкерлері шыр айналып.
Бұрынғы нөкерлерін тастап кетті,
Қасына үш жүз бала ертіп алып.

Сап тартып Әбужәһіл тұр мақтанып,
Көреді қырық баланы назар салып.
460 Кешегі қырық баласы аштан тұр деп,
Сөйледі Әбужәһіл қаһарланып.

Әбужәһіл анда сөйледі:
— Ау, жетімше, Мұхаммед,
Майдан жерге кел, — деді.
Үш жүз нөкер жаңадан

- Алып келдім мен, — деді.
Күшімді көргін сен, — деді,
Қарсы болсаң менімен,
Өлдің енді сен, — деді.
- 470 Күшімді көрмей, алыстан
Есіріп жүрген сен, — деді.
Қаһарлансам шынымен,
Жоқ болмағың демде енді.
- Мұхаммед анда сөйледі:
— Келе ғой, келсең, талапкер,
Қайратымды келіп көр.
Қой дейтұғын адам жоқ,
Білгеніңді қыла бер.
- 480 Аяма, Әбужәһіл ер,
Майданда көп сөз не дәркер.
Мұхаммед осылай дегенде,
Әбужәһіл ұмтылды.
Екі ләшкер қосылып,
Қырық бала мен Мұхаммед
Араласқан сықылды.
Біреуге жеке табылып,
Біреуге жүзі жабылып,
Жалғанды тұман қаптады.
- 490 Күннің көзі шағылып,
Екеуге екеу, бірме-бір
Төбелесті қылып жүр.
Бірін-бірі аямай,
Тас кесекпен ұрып жүр.
Қаңғалақтап кейбіреу,
Есерлері бұғып жүр.
Мұхаммед қырық баламен
Бір түрлі ұрыс бастады.
Өлтірсе де қашпады
Ертеңнен кешке ұрысып.
- 500 Намаздігер болғанда
Кәпірлер қаша бастады.
Ұрыстары айрылды,
Кәпірлер қашып жөнелді.

- Қапаланып, қайғы жеп,
Әбужәһіл көпірдің
 Үш жерден басы жарылды.
 Үш жүз бала дал болып,
 Шаһарға қашып қайтады.
Мұхаммедтің қасына
- 510 **Жиналды қырық балалар,**
 Қырық баласы саламат.
Әбужәһіл назалы,
Әбужәһіл тараптан
Біреудің сынған аяғы,
Біреуі қолдан айрылды.
 Қырық бала болды шадыман,
 Үш жүз бала қайғылы.
 Қырық бала асығып
Мұхаммед тіккен құрмаға
- 520 **Барамыз деп қайтадан.**
- Мұхаммед ол күні жатып демалады,
 Зар жылап Әбужәһіл қайғыланды.
Есі жоқ таң атқан соң майдан жерге,
 Сап тартып майдан жерге тағы барды.
- Сол күні Әбужәһіл қайғыланып,
 Әр түрлі қапалықпен тағы ойланды.
Бір мың батпан бір тасты
Ап келді майдан жерге өзі барып.
 Қайратын көрсетпек боп көңліне алып,
 530 **Ол тасты келе берді таудан алып,**
 Қойыпты майдан жерге алып барып.
Мұхаммед мұны көріп сөз сөйледі:
 — Келді деп мынау қайдан пайда болып*.
- Бұл сөзге Әбужәһіл жауап берді:
 — Мұхаммед, қайратымды көрдің енді.
 Бұл тасты Құбайыстан алып келдім,
Көтергін, мықты болсаң, көзімше енді.

* Түпнұсқада *пайдаланып* деп жазылған.

- Құбайыстан бұл тасты
Алып келдім мен, — деді.
- 540 Бұ тасымды көтеріп,
Күшіңді білдір сен, — деді.
Меніменен, жетімше,
Боласың қайтіп тең, — деді,
Ажалыңа асығып жүрген сен, — деді.
Неше адамдық әлің бар,
Қарамайсың әліңе,
Сен маған қайтіп тең, — деді.
Шақтамайсың әліңді,
Әр жерің-ақ кем, — деді.
- 550 Арманда болып өлесің,
Қарамайсың шамаңа.
Шаһзадамен тең болып,
Әліңе қара, қу жетім.
Күмәні жоқ өлесің,
Аталық менен көресің.

- Бұған жауап қылмастан,
Үндемеді Мұхаммед.
Қабағат болып түнеріп,
Ашуланып қабағат.
- 560 Ыза болып бұл сөзге,
Қасында қырық жамағат.
Мұхаммед нәрсе демеді,
Құбайыс тауға жөнелді.
Көтеріп келді бір тасты
Үш мың батпан келеді,
Келе сөйлей береді.
— Әбужәһіл, кел, — деді,
Бұл тасты көтер сен, — деді.
Одан соң сенің тасыңды
- 570 Көтеремін мен, — деді.
- Әбужәһіл орнынан түрегелді:
— Әуелгі кезек менікі,
Көтергін тасты сен, — деді.
Мұны есітіп Мұхаммед

- Тұрып, тасқа жөнелді,
Көтермек үшін ол тасты.
Қасына барып Мұхаммед,
Құшақтап алып болған соң,
Ұстаған замат Мұхаммед
- 580 Көтеріп алған сықылды,
Лақтырып [оны] жіберді.
Атқан оқтай зырқырап,
Тас аспанға барады.
Шаң-тозаңы бұрқырап,
Аспаннан қайтып түседі.
Бір қолымен Мұхаммед
Түсірмей қағып алады.
- Мұхаммед анда сөйлейді:
— Тасымды менің көтер тез!
- 590 Әбужәһіл ұмтылды,
Құшақтап тасты жұлқынды.
Үш мың батпан ол тасты
Көтермегі қиын-ды.
Зор беріп қанша қармады,
Айқайлап қанша жандады,
Қас-қабағы түйілді.
«Тасты барып бассын» деп,
Жәбірейілге бір Алла
Әмір етіп бұйырды.
- 600 Жәбірейіл салды салмақты,
Әбужәһілдің сол уақта
Инедей әлі қалмапты.
Қозғалмады ауыр тас,
Құшақтап қанша қармады.
Қабырғасы сөгілді,
Мұрнынан қаны төгілді.
Әбужәһіл көпірдің
Көтеруге әлі келмеді.
Нөкерлерін жиып ап,
- 610 Шаһарға қарай жөнелді.
Әбужәһіл артынан
Мең-зең болып келеді.

- Қырық баламен Мұхаммед
Артынан қуа жөнелді.
Екі жақ та мақтасып,
Мұхаммед палуан дер еді,
Палуан Әбужәһілден
Он есе артық көреді.
Екеуінің қайраты
620 Барлығын да қайырды.
Ұрыс болмай ажырап,
Жайына қайтады.
- Әбужәһіл зар жылап
Атасына айтады:
— Қапа болып жылаймын,
Өзі тиген болмаса,
Кісіге зиян қылмаймын.
Бұл қорлыққа, жан ата,
Қандай қылып шыдаймын.
630 Көп зорлық қылды нөкерге,
Боз шыбық түсті кілемге.
Жалаң аяқ жетімнен
Жарақат түсті етіме.
Падиша түгіл, құл болса,
Бұл зорлыққа көне ме?
Өшігіп қалып соғыста,
Таба алмадым амалды.
Ақсақ, соқыр қып кетті
Үш жүз нөкер баламды.
640 Бір жақты мұны қылғанша
Ойын-күлкі арам-ды.
Жақсы көрсең балаңды,
Мен үшін, ата, той қылып,
Жинаңыз барша адамды.
Тоқтаусыз оны жығамын,
Байқадым өзім күшімді.
Пөлен күні жинал, — деп,
Шаһарға бергін хабарды.

- Үшжам сонда сөйлейді:
650 — Өбутәліп кім, — деді,
Менімен қайтіп тең, — деді.
Мен халыққа тәжідар,
Падиша болсам мен, — деді.
Кедейлермен теңдесіп,
Келмей ме барша ел, — деді.
Шаһзада, жетім Мұхаммед,
Шаһзадасың сен, — деді.
Өз қатары болмаса,
Көрмейді һешкім жөн, — деді.
- 660 Осылай Үшжам дегенде
Әбужәһіл сөйледі.
Қолын қойып көксіне,
Тағы да арыз қылады.
Қайта-қайта өтініп,
Өксіп жылап өкіріп,
Бұл сөзді айтып тұрады.
— Айналайын, жан ата,
Бұл сөзімді қылмасаң,
Қапа боп ақыр өлемін.
- 670 Жылауменен бір күні
Білінбей кетер дерегім.
Бала орнына көрмесең,
Бір тілекті бермесең,
Зар жылап келген балаңды
Бір көзіңе ілмесең,
Жетімнен көріп зорлықты,
Кемшілік осы көргенім.
Көп болар менің, жан ата,
Бұл дүниеде жүрмегім.
- 680 Оздырар деп жылаймын.
Алдыңда жылап тұрғанда,
Бұл мақсатым болмаса,
Оп-оңай менің құрымағым.
Қорлық көріп жетімнен,
Бұл шаһарда тұрмадым,
Арам менің тамағым.

Бұл сөзі баласының қатты батты,
 Ойланып Үшжам патша басы қатты.
 Айтқанын баласының қылайын деп,
 690 Той қылып, барша жұртқа хабар айтты.

Падиша жұрт шақырып тойын қылып,
 Қуанды Әбужәһіл көңілі тынып.
 Меккеде үлкен-кіші, барша халық,
 Бұл тойға бөрі келді хабарланып.

Тойына падишаның жұрт жиналып,
 Қалдырмай тамақ берді барша жанға.
 Мұхаммед бір қиялдан қапаланып,
 Үйінде тойға бармай қалды жатып.
 Тойғызды көп халықты табақ тартып.
 700 «Алып кел Мұхаммедті, күрессін» деп,
 Тұрады Үшжам патша әр сөз айтып.

Меккелік бөрі бірдей хапим, арап,
 Халайық сап тартып тұр екі тарап.
 «Балаңды алып кел» деп, Үшжам патша
 Айтады Әбутәліпке қарсы қарап.

Үшжам анда сөйледі:
 «Әбутәліп, мұны көр,
 Жиналды барша қауым ел».

Падишадан мұны естіп,
 710 Әбутәліп жөнелді,
 Мұхаммедке келеді.
 Бүркеніп жатыр Мұхаммед,
 Жылап жатыр, көреді,
 Мұхаммед жауап береді.
 — Бейшара жетім баламын,
 Белгілі, ата-анам жоқ,
 Жанашыр менде ағам жоқ.
 Жалаң аяқ, жалаң бас,
 Екі көзден ақты жас,

720 Үстімде киім және жоқ.
 Мәдине мен Меккеде

- Менен жаман адам жоқ.
Зарымды кімге айтайын,
Жайымды сұрар адам жоқ,
Жаратқан Егем болмаса.
Оған қылар амал жоқ,
Бейшара жетім баламын.
Сіз болмасаң, жан аға,
Жаны ашымас даланың.
- 730 Үстімде жарар киім жоқ,
Тойға қайтіп барамын.
Менен жаман адам жоқ,
Ағажан, осы заманда.
Осындай азып жүрер ме ем,
Ата-анам болғанда.
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Той іздеуге бола ма.
Келіпсіз, аға, желіктеп,
Жоғалып кетсем далаға,
- 740 Жанашыр жоқ, сұрарым
Іздейтұғын деректеп.
Атам менен туысқан,
Он сегіз ата бар еді,
Қоясыңдар бөлектеп.
Мәртебе болмас сіздерге
Жалаң аяқ барғаным,
Көп ішінде дедектеп.
Халімнен хабар алмайсыз,
Келіпсіз мені керек деп.
- 750 Көзінен жасын шығарды.
— Жылама, жаным, Мұхаммед,
Өр істі Құдай қылады.
Айналайын, шырағым,
Болайын құрбан лағың.
Жаныңнан басым садаға,
Қандай амал қылайын?
Менде де жарар киім жоқ,
Табылмады, сұрадым.
Қолы қысқа кедейдің

- 760 Еш ісі келмес ебіне.
Шырағым, сені бермеймін
Басқаның мырза, бегіне.
Дүние болса қолымда,
Қылар ем сарып жолыңа.
Мені Құдай жоқ қылды
Осындай іске, шырағым.
Мені мен сені еп қылды,
Ақырын берсін Жаппар Хақ.
Көңілімнен кетпес дақ,
- 770 Көз көргенге қол жетпес.
Ішімде арман көп болды,
Жүрмесең, шырақ, болмады.
Келмеді деп Мұхаммед,
Үшжам патша мат қылды.
Ерегіс жерде ер өлер,
Осындай патша кеп қылды.

Мұхаммед сонда сөйледі:
— Барсаң, өзің бара бер,
Бармаймын анда мен, — деді.

- 780 Атам, анам бар болса,
Жүрер едім қуанып.
Өзінде жоқ болса да,
Табар еді сұранып.
Көп ішінде сынағанша,
Аулақ жерде сыналық.
Жалаңаш тойға барғанша,
Үйде жатып жылайық.
Өлді ит үрер өуілдеп,
Бұралқы жатар бұралып.
- 790 Атадан тоғыз тусаң да,
Ынтымақты болмайсың,
Бас-басыңмен лағып,
Қорлықтан басқа көрмеймін.

Бұлар тұрсын мұнымен,
Қадиша деген қатыннан
Бір хикаят қылайық.

- Мұхаммед тойға бармады,
 Мойынынан құшақтап
 Өбутәліп зарлады.
- 800 Көреді екен Қадиша
 Кітаптан бір сөз аңғарып.
 Қадишаның түсінде
 Қойнына бір ай кіреді,
 Жап-жарық болып жан-жағы.
 Еш адамға сыр айтпай,
 Сахарменен тұрады.
 Өзіменен туысқан
 Ораханның баласы
 Нәупілге барады.
- 810 Көрген-білген жұмысын
 Құлағына салады:
 — Бүгін түнде түсімде
 Қойныма келіп ай кірді.
 Көрген адам қорыққандай,
 Түсі суық, айбынды,
 Қорқытып алды зәремді.
 Бір түрлі болып көңілім,
 Үлбіретті денемді.
 Көкірегім сол күнде
- 820 Болмады адал, арам-ды.
 Сәулесіне денемнің
 Жап-жарық болды аспан-жер,
 Теп-тегіс болды ылди-өр.
 Айналайын, жан аға,
 Жақсылыққа жори көр.
- Нәупіл айтты: — Қадиша,
 Түсіңді баян қылайын.
 Бұл түсіңнің жөнінен
 Жарылқар екен Құдайым.
- 830 Қойныңа келіп ай кірсе,
 Пайғамбар болар жұбайың.
 Қорқытып алса зәреңді,
 Боларсыз намлы зор айым.
 Сіздер бибі болған соң,

- Біз болармыз қайыны.
Осылай деп жору бар,
Кітапта оқылған жолы бар.
Қалтыраса денеңіз,
Қызмет қылар, мәнісі,
840 Осылай болды түсіңіздің хабары.
Тәуекел қылып тұрыңыз,
Көп ұзамай жолығар,
Аққа мойынсұныңыз.
Демде-ақ айым боларсыз,
Ықылас дінге қылыңыз.
Осыны айтып Нәупіл
Қадишаны қайтарды.
Мұхаммедтің шырағын
Ақылменен байқады.
- 850 Үйіне келіп Қадиша,
Майсараға айтады:
— Майсара, бері келіңіз,
Үйінде ме екен Мұхаммед,
Тезірек барып көріңіз.
Барғын, жаным, жылдамдап,
Хабарын маған беріңіз.
Майсара құп деп жүгірді,
Әбутәліп үйіне
Асығыстап келеді.
- 860 Әбутәліп, Мұхаммед
Құшақтасып екеуі,
Жылап жатыр, көреді.
Майсара кейін қайтады,
Киімнен қапа болғанын
Расулдың байқады.
«Мұхаммед жылап жатыр» деп,
Қадишаға айтады.
- Қадиша айтты: — Майсара,
Үлкен теңді ақтарып,
870 Ішіндегі боқшаны ал.
Исадан қалған нұсқа бар,

- Қызыл-жасыл құлпырып,
Түрлі нақыл арасы.
Қымбат баға асыл тон,
Бізге түскен таланда,
Бес мың тілла бағасы.
Жүгіріп барып Майсара
Алып келді боқшаны.
Қадиша шешіп боқшадан
- 880 Тілла бір тонды алады.
Қойнына тығып Майсара
Мұхаммедке барады.
Өбутәліп, Мұхаммед
Аң-таң болып қарады.
Ол заманда ондай тон
Ешкім көрген жоқ еді.
Тілла тонды киіп ап,
Мұхаммедтей палуан
Майданға қарай жөнелді.
- 890 Мәдине мен Меккеде
Он сегіз ру ел еді.
Мұхаммедтің тобынан
Бір мыңша адам бар еді.
Мұхаммедті көрген соң,
Шер Әмзе шықты алдынан.
- Құтты болсын тоныңыз,
Ашылар енді жолыңыз.
Асып кетті патшадан
Хашимлердің әулеті.
- 900 Жер-жиһанды сәуле алып,
Күннің көзі шағылар,
Мұхаммедтің сәулеті.
Әмзе айтты: — Шырағым,
Көтерсін Құдай бағыңды.
Мұхаммедті ортаға ап,
Түзегін енді сабыңды.
Келмеді деп отыр кәпірлер,
Мұхаммед назар салады.
Мұхаммедке отыр деп

- 910 Хашимилер ұсынды.
 Біза болып бұл іске,
 Отырмай толқып тұрады,
 Хашимнің тілін алмады.
 Тамашаға жиналып,
 Үйінде адам қалмады.
 Қатын-қыздар бір бөлек,
 Там басына шығады.
 Биіктен қарап Қадиша,
 Бұл нәрсені аңлады.
- 920 Майсараны шақырды,
 Сыбырлап айтты ақылды:
 — Ешкімге айтпа сырыңды,
 Азат қылып қайтарам,
 Қайтармасаң тілімді.
 Кішірек ауыр бір тең бар
 Тамам теңнің ішінде.
 Көтеріп соны алып кел,
 Қор қылмаймын тіріңде.
 — Құп, Қадиша, мақұл, — деп,
- 930 Майсара тұра жөнелді.
 Асығыстап Майсара
 Үш тұрып, үш жығылды.
 Майсара ол боқшаны
 Келеді алып жүгіріп.
 Қадиша ашып көрді қолын салып,
 Бір кілем ол боқшадан келеді алып.
 Аспанға нұры шықты сәулеленіп.
*
- 940 Қайран боп көрген адам жаннан кешкен.
 Жәбірейіл Мекайылмен намы еді,
 Ысрапыл Әзірейілмен жібін кескен.
- Періште мұқарраб тұр, тақалады,
 Көп заман содан бері аталады.
 Аятпен неше түрлі нақышланып,

* Бұл жол қолжазбада қалып қойған.

Құдайдың құдіретімен бітіп еді.
Бір Алла құдіретімен хабар берген,
«Бір кілем достым үшін тоқы» деген.
Бұл кілем тоқылғанда, дүниеге
Адам Ата да тіпті келмеген.

- 950 Жазылған: «Достым үшін тоқылған деп,
Басқа жан отыруға болмайды» деп.
Меккені абашылар талап алған,
Абашы падишасы дінге нанған.
«Мұхаммед достым шығар бұл кілемге»,
Жазылған аят, хадис осылай деп.

Даладан Мекке халқы алды тауып,
Әрқайсысы алсам деген көңілі ауып.
Қадиша қырық мың тілла беріп алған,
Үстіне катталардың сарпай жауып.

- 960 Қадиша сақтап жүрген сатып алып,
Жан түскен қайдан түскен хабарланып.
Береді сол кілемді Майсараға,
«Төсе, — деп, — Мұхаммедке алып барып».

Майсара бұл кілемді алып барып,
Астына Мұхаммедтің берді салып.
Қолына ол қағазды және берді,
Айтады өзі бір сөз құрсантғанып.

Сөйледі сөз Майсара:

- Мұхаммед атты падиша,
970 Сәлем айтты Қадиша.
Үшжам қапа болар деп,
Бұл кілемді таныса.
Қарсылық қылған пәс болар,
Мұсылман болып бір тарап,
Кәпірдің жолы қысқарар.
Сәлем айтты Қадиша,
Мұхаммед, құлақ салыңыз.
Ашық бопты бибіңіз,

- Таураттан шығып намыңыз.
980 Періштелер «әумин» деп,
Құтты болсын бағыңыз.
Бұл кілемді басында
Алла сізге бұйырған.
Ілгері басып бағыңыз,
Өзіңіз оқып көріңіз.
Қағаз беріп жіберді
Ғайыбана жарыңыз.
- Сол уақытта Мұхаммед
Қағазды қолға алады.
990 Бетін ашып қағаздың,
Сөзіне назар салады.
Назар салып қараса,
Былайша екен өлеңі:
— Мұхаммед атты шеріміз,
Таураттан көріп намыңды,
Қуанышпен кеп тұрмын.
Оқып сауат, санаңа,
Ғайыбана сыртыңнан
Бағыштадым тәнімді.
- 1000 Келісті халық жетім деп,
Мен білдім сенің бағыңды.
Жайдан туған боларсың,
Көз көрген ата-анаңды.
Пайғамбар Құда шығарған,
Бәрінен абзал болар деп,
Көпшілік дұшпан болар деп,
Таураттан көрдім хабарды.
Бір түрлі тағы түс көріп,
Жақсылыққа жорыдым.
- 1010 Қасиеті жүдә көп
Кілем менен тоныңның.
Құтты болсын, бара гөр
Патшаның қылған тойына.
Бұл кілемге көп патша
Сауда қылып жүр еді.

- Қуанысып хашимдер
Шат болысып келеді.
Көп заман өтті арада,
Қызылбастың патшасы
- 1020 Меккені келіп қамады.
Қабағат қатты соғыс боп,
Талапсыз ел қалмаған.
Мұсылман болып патшасы,
Қырылып қайта қашады.
Алынған тауып арадан,
Осындай істің боларын,
Тауратта Құдай шығарған.
Әуелі шатты қапа боп,
Күледі ақыр жылаған.
- 1030 Қырық мың тілла пұл беріп,
Алып едім халықтан.
- Құтты болсын, Мұхаммед,
Тоның менен кілемің.
Түсімде көрген жұбайым,
Қуаныш қылып жүремін,
Мұнан басқа ісім жоқ.
Қуантқайсың, Құдайым,
Пайғамбармен бір жүріп,
Ашылғай да шырайым.
- 1040 Жұмысым — сіздің тілегің,
Шүкір Аққа қылыңыз.
Жетімше, жаңа теңелдің,
Жарыла жаздады жүрегім.
Арманым жоқ жалғанда,
Мойныңда сынса білегім.
Алла маған білгізді
Пайғамбарлық дерегін.
Шырағым, маған сен керек,
Алады һәркім керегін.
- 1050 Мұхаммед ол кілемге отырады,
Орнынан Әбужәһіл тұра берді.
Айқайлап айтты Мұхаммедке бір сөздерді:

- Мұхаммед, жетім, түрегел,
 Бұл сөзіме жауап бер.
 Талқан-талқан қыламын,
 Жұтпаса егер қара жер.
 Осыны айтып болды да,
 Өбүжәһіл ақырды:
- Палуан, кел, — деп шақырды.
- 1060 Бір палуаны бар еді,
 Таулардан тас көтерген.
 Ол палуанның інісі
 Ағасынан зор еді,
 Жүруші еді нөкермен.
 Бір зәңгісі бар еді
 Асып туған қайратты,
 Мәдине мен Меккеден
 Өуелгі палуан төуір еді.
 Өбүжәһіл шығады,
- 1070 Намыстанып інісі
 Оны жерге ұрады.
 Күреспекке көңілі ауып,
 Орнынан зәңгі тұрады,
 Өбүжәһіл зәңгімен
 Азырақ күрес қылады.
 Өбүжәһіл қайраты
 Көрген адам қашқандай,
 Өрі-бері күресіп,
 Зәңгіні атты аспанға.
- 1080 Зәңгіні жығып Жәһіл ер,
 Өрбірісі мың батпан
 Көтерді таудай тастарды.
- Өбүжәһіл долданып,
 Мұхаммедке сөйледі:
 — Мұхаммед жетім, кел, — деді.
 Мұхаммед сонда сөйледі:
 — Өбүжәһіл, ақымақ,
 Бүгінше жатқын деміңді ап,
 Бұл деміңнен түсерсің,
- 1090 Медеткер болса Жаппар Хақ.

- Жауырыныңды жазармын,
Өркімге тидің, ұрыншақ.
Жығыласың арманда,
Ұялмастан, ақымақ.
Жалғанда уағда бір, Құдай бір,
Кәпір халқы, қауіп қылма,
Әлі бүгін күрес жоқ.
Әбужәһіл, қамдай бер,
Қамыңды жегін, палуаным.
- 1100 Ертең сахар болғанда
Сенімен күрес қылғаным,
Айналар ұрыс-жанжалға.
Күйіңнің жоғын білмейсің,
Жығылдым дерсің арманда.
Үш палуанмен күресіп,
Көтердің таудың тастарын.
Екі палуан, бір зәңгі
Біріне-бірін қоспадың,
Боп тұрсың мас деміңе,
- 1110 Халықтан күшің асқанға.
Жазым болып сен жықсаң,
Мақтанарсың шынымен.
Егер сені мен жықсам,
Шаршадым дерсің бұрыннан.
Бүгінше жатып, демінді ал,
Сахармен күрес тыңыңнан.
Осыны айтып Мұхаммед,
Әбужәһілге қарады.
— Бас салып тамақ жеп,
- 1120 Демінді алып жат, — деді.
Күрессең ертең келер, — деп,
Бүгінге табың жоқ, — деді.

Әбужәһіл сөйледі:

— Бұл сөзді бекер айтқаның,
Жомарт болсаң, жәдігөй,
Айтқан сөзден қайтпағын.
Менің айбат сұстымнан
Мәлім болды қорыққаның.

- 1130 Балаға қылған қорлығың
Ойыма түсті, **оңбағын.**
Бір күніңе **шыдаймын,**
Уағдаңды сынаймын.
Әр уақта күрессең,
Майда-майда қыламын.
Қайдан алдың, **жетімше,**
Кілем менен **тоныңды?**
Қадан патша бұзар ма
Қуған ата жолыңды.
Он үшіңде **бір мал жоқ,**
- 1140 Қайнатармын сорыңды.
Қоразданып көтерме
Аласа ғана бойыңды.
Өзім болдым шаһзада,
Атам патша, бұ қалай?
Өңкей кедей орынды,
Таныған оң мен солыңды.
Кілем мен тон кімдікі,
Киім тауып кисейші
Өз бойыңа қонымды.
- 1150 Бізге жақын **Қадиша,**
Ол да менің **кілемім,**
Тоныңыз да **біздікі.**
Жаман жарғақ — сіздікі,
Ақылменен таныдым.
Басылар ақыр, жәдігөй,
Көтерілген жүрегің.
Өзіңнен қымбат **кілемді**
Ұялмай нағып төседің.
Кейін екен **қайратың,**
- 1160 Ілгері деп жүр едім.
- Есітіп осы сөзді уәде етті,
Екі жақ жай-жайына қайтып кетті.
Жайына олар барып, қаһар етіп,
Майданға таң атқан соң келді **жетіп.**
Майданға жұрт жиналды таң атқан соң,
Сап тартып барлығы да **өзір болды.**

Қабағат Үшжам патша,
 Қапаланып былайша...
 Үшжам патша көп ішінде тұр сандалып,
 1170 Қандай сөз енді айтамын деп,
 Әр түрлі қапалықпен қайғыланып.

Көңліне ашу кірді ызаланып,
 Сөйледі хашимдерге ашуланып.
 Хашимдерге қол көтерді қарсы қарап,
 Бұл сөзді айтты сонда ауазланып.

Үшжам патша сөйледі:
 — Хашимдері жиналып,
 Палуанға шықты Мұхаммед
 Мәдине, Мекке шаһардан.
 1180 Алтын тауып алғандай,
 Бейшара кедей хашимлер
 Көңілдері шат болып.
 Өңкей кедей жиналып,
 Балаға тон бересің
 Падишаға лайық,
 Кімді кімге еп көрдің.
 Жандарыңа, кедейлер,
 Қанша тілла сап келдің.
 Әркім білер өз жайын,

1190 Шашуына баламның
 Бір қап тілла ап келдім.
 Мұхаммед менің баламды
 Жығады деп ойыңа,
 Балаңыз жықса баламды,
 Не соясың тойына?
 Сенің балаң жығылса,
 Екі жүз қой ап келдім.

Әбутәліп есітіп,
 Төмен қарап мұңайды.
 1200 Үшжам мұны айтады,
 Әр істі қылған Құдай-ды.
 — Үшжам, бекер мақтанба,

- Жұмыстың жөні былай-ды.
 Пенде болсам ықтияр,
 Өзелден Құдай жазылған.
 Жаппар Хақ нені ұнайды,
 Мұның несін айтасың.
 Жұртқа мәлім, кедеймін,
 Алланың өзі жеткізер,
 1210 Күннен бұрын не дейін.
 Пешенемде барымды
 Мен де той қып берейін.
 Айтайын саған, падишам,
 Мұхаммед сенің балаңды
 Жыққанын әуел көрейін,
 Айнып қалсам көрерсің.
 Мұхаммедтің жолына
 Құрбандық болып өлейін.
 Алланың өзі жеткізсе,
 1220 Қыламын үлкен той, — деді.
 Алладан тілеп отырмыз,
 Басқа жоқ бізде ой, — деді.
 Намыстанып сол уақта,
 Үшжам патша «қой» деді.
 Аббас батыр сөйледі,
 Үшжамға қарап ұмтылып,
 Жағасын шешіп жұлқынып,
 Ашуы қысып Аббасты,
 Бір отырып, бір тұрып.
 1230 — Падиша, маған қара, — деп,
 Сөйледі Аббас жұтынып.
 Аббас сонда сөйледі:
 — Үшжам, менен бай ма едің,
 Ілгеріде қайда едің?
 Патша бопсың бұл күнде,
 Ағайынға сай ма едің?
 Нағып шықты есіңнен,
 Емек қана жайда едің.
 Қара ғып Үшжам ойланып,
 1240 Бес атаға іліндің.
 Келесің әлі жалғызда,

- Жүз үйден астық енді біз.
Сенің өзің жалғыз-ақ,
Есіңнен шығып мас болдың.
Түйемді бағып жүруші ең,
Жалаң аяқ зар жылап.
Бір атадан нашарсың,
Неғыласың мал санап.
Қателік еттің өзіме,
1250 Қойып ем өзім патша қып.
- Шүкір Алла Құдайға,
Хашимді деген намым бар.
Ұрыс-жанжал іс болса,
Бір патшалық әлім бар.
Аман болса ағайын,
Тоғыз мыңнан малым бар.
Мал дегенің табылар,
Мал майданға кіре алмас,
Мақтанбағын, падиша,
1260 Жалғыз шыбын жаның бар.
Ағайынға сай болсаң,
Дүние шіркін табылар.
Мұхаммед жықса балаңды,
Қылатын үлкен тойым бар.
Тоқсан батпан күріш пен
Салатұғын сойысым —
Екі жүз түйе, үш жүз қойым бар.
Әр істі Құдай қылады,
Тәуекел етіп, падиша,
1270 Пешенемді сынадым.
Қайсымыз алсақ бәйгені,
Осылай тойды қыламыз.
Қолыңды ап кел, падиша,
Шартнама қылып бұл іске,
Уәдеде тұрамыз.
Малым, жаным садаға
Мұхаммедтің жолына,
Бәтшағар бұны жығар-ды.
Бұл сөздің бәрін тыңласа,

- 1280 Үшжам патша қапа боп,
Ішінен қатты тынады.
Не айтарын біле алмай,
Жан-жаққа иін бұрады.
Халайықтың баршасы
Сөздің шыны осы деп,
Бастарын салып тұрады.
Жауап таппай айтуға,
Біраз тұрды сандалып,
Ешкім сөзін қоштамай,
- 1290 Патшаның көңілі сынады.
- Сол уақытта хашимнің
Зор палуаны Әмзе Шер,
Ғәм атасы қадірден.
Мұхаммед анда сөйледі:
— Батаңызды беріңіз,
Айналайын, Әз аға,
Бір алысып көрейін,
Тәуекел етіп Құдайға.
Алла берсін ақырын,
- 1300 Қысқа қып тілек сұрама.
Медет беріп Жаппар Хақ,
Құдайым өзі сақтаса,
Осы жолғы бір сында,
Жіңішке мен жуанға,
Ақырын берсін әр істің,
Әуеліне қуанба.
Біз — мүсәпір, көпір — зор,
Үміт қылып жайдық қол.
Мұсылман — аз, көпір — көп,
- 1310 Медеткер боп осы жол,
Тілеулес болып тұрыңдар,
Баршаңыз дұға қылыңдар.
Біз бейшара жетімді
Масқара қылма, бір Алла,
Баршаңнан медет сұрайын,
Жүз жиырма төрт пайғамбар.
Әмзе сонда қол жайып,

- Мінәжат қылып Құдайға,
Кәпірлерге сыр бермей,
1320 Құпия қылып жылады.
— Айналайын, Құдай-ай,
Бұл жетімнің жолын аш.
Ешкім мұндай қылмаған,
Өзі жетім, өзі жас.
Бұрынғы өткен пайғамбар,
Бұл жетімге медет бер.
Шынымен ықылас қыламын,
Падишамен күресіп,
Бір кезеңге бердік бас.
- 1330 Шырағым, сені сүйесін
Бабамыз Қызыр Ілияс.
Қолтығыңнан дем берсін,
Бабаңыз нәби Ыбраһым.
Жәбірейіл мен Мекайыл,
Ысрапыл, анда Әзірейіл,
Қабыл болып батаңыз,
Әзір болсын, шырағым,
Ысмайыл, Ысқақ атамыз.
Іркілмей тұрған иіріліп,
- 1340 Салмақты ауыр салғанбыз.
Күліп барып орын қып,
Әбужәһіл қаншықты
Абырой қылып жығып кел.
Дәрғаһынан Алланың
Болып отырмыз үміткер.
Медет сұрап Алладан,
Қорықпай ұста, шырағым,
Болайын құрбан лағың.
Жазатайым іс болса,
- 1350 Болды қандай сияғым.
Талабым осы, бір Алла
Жеткізер сені, мұрадым.
Әзір боп тұрсын жігіттер,
Қатын-қыз там басында.
Биіктен қарап Қадиша,
Ол һәм көз жіберді.

Сыртынан Мұхаммедтің тілеулес боп,
 Қадиша мінәжат қып бірер сөзді
 Жылады мінәжат қылып бір Аллаға,
 1360 «Жан салған махшар күні барша жанға,
 Медет бер бір Алладан Мұхаммедке».
 Қадиша бұл сөзді айтып зарланады.

Қадиша сонда сөйледі:
 — Жаратқан едің, иә, Ахад,
 Жараттың қанша үмбет.
 Бір өзіңнен тіледім,
 Мұхаммедке бер медет.
 Палуанға түсті үмітпен
 1370 Әбділда ұлы Мұхаммед.
 Арманы жоқ пенде жоқ,
 Өулетің, Жаппар, өзің жақ.
 Есірке, Алла, жесірді,
 Жарылқағын сағырды.
 Баста алып ата-анасын,
 Тартқыздың, Алла, жәбірді.
 Мұхаммед жетім — палуан деп,
 Есітті жиһан бұл ерді,
 Бейшара жетім баланы.
 Ашсын Құдай бағыңды,
 1380 Пендеміз, қолдан не келер,
 Құдай жесін қамыңды.
 Медет берсін Жаппар Хақ
 Бір ерден қалған тұяққа.
 Ашсын да Құдай жолыңды,
 Жарамас пенде миятқа.
 Алладан әмір болмаса,
 Ұшырар жетім бір атқа.
 Жетім аты аз емес,
 Өлемге патша бір Құдай,
 1390 Жетімшеңді ұялтпа.

Осыны айтып Қадиша,
 «Әумин» деп бата қылады.
 Ғайыбана сыртынан

- Тілеулес болып тұрады.
Әбужәһіл, Мұхаммед
Майданға қарсы шығады.
Әбужәһіл ұстады,
Мұхаммед қолын созбады.
1400 Әбужәһіл құшақтап,
Олай-бұлай қозғады,
Күлімсіреп Мұхаммед
Қусырған қолын жазбады.
Әбужәһіл ақырып
Үш мәртебе ұмтылды.
Тербелмеді Мұхаммед,
Құшақтап қысып, жұлқынды,
Әбужәһіл еңтігіп,
Шаршап қалған сықылды.
- 1410 Мұхаммед айтты: — Палуаным,
Осы ма батыр болғаның.
Маған пістей болмады,
Құшақтап қанша қармадың.
Маған нәубет беріңіз,
Болмасын әбден жанжалың.
Бір көтеріп көрейін,
Келеді қанша салмағың.
Әбужәһіл айтады,
Әбден шаршап болыпты,
Ақылменен байқады.
- 1420 — Ау, жетімше, кел, — деді,
Алыстым, әлім келмеді.
Сен де ұмтылып көр, — деді,
Берейін нәубет мен, — деді.
Жүгіріп барды Мұхаммед,
Мықыннан қолын салады.
Қаһарланып Мұхаммед
Құшақтап сығып алады.
Әбужәһіл шошаңдап,
Безгек болған адамдай,
1430 Қозғалып кетіп барады.

«Е, Алла» деп, Мұхаммед
Жан-жағына қарады.

Жоғары өрге көтеріп:
— Медет бер, Зұлжалалым,
Біз ғаріпке дұға қыл,
Үлкен-кіші ағалар,
Шаттанып көңлім қатайсын,
«Аллалап» бөрің айқай сал.
Хашимдері жиналып,
1440 Айқай сап дұға қылады.
Шер Әмзенің дауысы
Аспан-жерді жарады.
Жеті дозақ бекітіп,
Сегіз пейіш ашылды,
Үр қыздары қарады.

Сол уақытта Мұхаммед
Әбужәһіл кәпірді
Жерден жұлып алады.
Айналдырып жыраққа
1450 Лақтырып жіберді.
Аяқ-қолы дірілдеп,
Көрінбей көкке барады.
Үшжам патша ақырды:
— Жалғызым көкке кетті, — деп,
Жетімше түпке жетті, — деп.
Секіріп түсті тағынан,
Айырылып дәулет бағынан.
Аяғын жерге тепкілеп,
Патша тақтан секірді,
1460 «Жалғызым» деп өкірді.
Мұхаммедтің қасына
Жүгіріп келген секілді.

Мұхаммед айтты: — Ау, жан аға,
Мінеки, менікі ұрысыңыз.
Ашуланба, падишам,
Уәдеде тұрсаңыз,

- Көрейін сізбен күресіп,
Падишам, талап қылсаңыз.
Үшжам сонда сөйледі:
1470 — Жәдігөйлік қабағат
Жалғызымның жолында
Төгейін қызыл қаныңды.
Қоймаймын сені саламат,
Тас боран қылып жаныңды.
Нағып тұрсың, жамағат.
- Патша осылай дегенде,
Барша адамдар жұмылды.
Бас-басына тас алып,
Тұс-тұсына жүгірді.
1480 Хашимилер ортада,
Кәпірлер сырттан үңілді.
Сол уақытта қаһармен
Әмзе палуан бақырды.
Тітіретті дауысы
Аспан менен жақынды.
Есіткен соң падиша,
Айдаһардай манапты.
— Белгілі, хашим — араб-ты,
Мың кісіге — біріміз.
1490 Ұрысқа талап қылсаңыз,
Үшжам патша, тоқтаңыз.
Қыла бергін, падишам,
Ұрыстан пайда қылсаңыз.
Хашимнің жайын білесіз,
Бабамнан мұрас алады.
Палуандық көрсең менімен,
Меніменен жау боласың.
Күмәні жоқ, өлерсің,
Ойлап қара, падиша,
1500 Қорлықты бізден көресің.
Ағайын болсаң, падиша,
Тағыңа қайта мінесің.
Бұл сөзді Үшжам патша тұр есітіп,
Сандалды қорыққаннан есі кетіп.

«Өлтірмей жалғызымды ұстап бер» деп,
Жалынды Мұхаммедке зар еңіреп.

Жолықты Мұхаммедке қайта барып,
Білмейді не қыларын басы айналып.
Әмзеден қорыққанынан Мұхаммедке
1510 Падиша бұл сөзді айтып тұрды жылап:

— Айналайын, шырағым,
Болайын құрбан лағың.
Жалғызымнан айрылып,
Қайтіп сабыр қыламын.
Өлтірмей ұста, болмайды,
Бір ашуды сұрадым,
Енді ұрысты қоямын.
Менің балам болғанда,
Мұхаммед, сізге ағайын.

1520 Ал болмаса, ағайын,
Дос-дұшпанға бұл айып.
Тас бауыр болмас адамзат,
Өлтірмей ұста баламды,
Жалғызымнан айырылсам,
Көрген күнім қараң-ды.
Лақтырып жібердің
Шыбындай көрмей палуанды.
Ілгері екен күшіңіз,
Түбі бірге тұртпейді,
1530 Бір туысқан кісіміз.
Шырағым, қылғын жақсылық,
Кетпесін шарға ісіміз.

Осыны айтып падиша
Көзінің жасы төгілді.
Кейіншектеп көп адам
Жақын тұрмай шегінді.
Сол уақытта қараса,
Бозторғайдай айналып
Аспаннан Жәһіл көрінді.

1540 Қолын тосып Мұхаммед

Белдіктен алып бір қолын,
Бір қолымен ұстады.
Жоғары, өрге көтеріп,
Түсірмей жерге ұстады.
Падишаға нұсқады,
Үзіліп кетті кемері,
Мұхаммедтің қолынан,
Әбужәһіл салмақпен,
Жерге түсті сонымен.
1550 Байқамай қалды Мұхаммед,
Өзге жері саламат,
Қарайды аяқ-қолына,
Кілемге орап көтеріп,
Падиша қайтты сонымен.

Сол уақытта хашимдер,
Қуанып тойды бастады.
Тоқсан батпан күріш пен
Екі жүз қой, жүз түйе
Апарып сойып тастады.
1560 Екі жүз қой, жүз түйе —
Аббасының қосқаны.
Қадиша және бір табақ
Тілла алып келді шашқалы,
Мұхаммедке қуанып,
Шашу қылып шашқалы.
Әуелі той осы деп,
Жұртты жинап той қылмақ.
Солардан мұрас болады,
Қадиша да шат болады.
1570 Мұхаммед те көңілді,
Ақыры соны некелеп,
Қиылды жолдас өмірі.

Бұл дастанның аяғы,
Күрестің ада болғаны.
Қос асылдан табылар,
Бұл атқарып, қылғаны.
Ұзатыпты бұл дастан,

- Қадишаны некелеп
Мұхаммедтің алғаны.
1580 Есіткен мұны, жақсылар,
Пайғамбардың сөзінің
Болмаса керек жалғаны.
Әзір жасы — он екі,
Он сегізде деп айтады
Қадишаны жақсылар,
Жерге алыс Шамға барғалы.
Он сегізде Қадиша
Мұхаммедке қосылып,
Көңілде қалмай арманы.
1590 Қадишаға нұр жауды,
Алланың болып пәрманы.
Қадиша ана туыпты
Әзіреті Бибі Патиманы,
Үш ұл, төрт қыз болғаны,
Патимаға беріпті
Екі нұр қызыл алманы.
- Мүсәпірге хикаят
«Сайхал» деген кітаптан,
Осылай екен сөз мәні.
1600 Айып көрме қатасын,
Осы сөздің нұсқасын
«Сайхалдан» алып жөндедім,
Арабы сөзін түркі қып,
Түсінікті қып өңдедім.
Алланың болар айтқаны,
Алланың өзі біледі,
Пенденің сөзі жалған-ды.
Он екі жаста Мұхаммед
Қылыпты ұрыс-жанжалды.
1610 Кедейлерді кемсітпек —
Бұрынғыдан қалғаны.
Аштықтың тартқан азабын,
Мұхаммед қылған арманды.
Осындай қылып, жақсылар,
Зорлық қылма, ашынар,

Аз кісіні көпсініп,
Әуелі қуаныш болса да,
Ақыры көрер зорлықты.

- 1620 Нәсіліміз адам болса да,
Бойымызда көп мініміз.
Мұхаммедтің достары
Жақындаған сияқты,
Мұны есіткен жақсылар,
Қол жайып дұға қылыңыз.
Есіткен барша жарандар,
Бәрің тамам қылыңдар.
Кейінге сөз болсын деп,
Жазып мұны, жөннедім.
- 1630 Қадірін білген бұл сөздің,
Дұғаға қызмет қылыңыз.
Айтып-айтып сіздерге
Пайғамбардың дұғасын,
Дұға қалса сіздерден,
Есітіндер, жамағат.
Сөз қадірін, жақсылар,
Айтқызбай өзің білесің.
Тыңлаған барша жарандар,
Сөз қадірін біліңіз.
Шапағат қылсын Пайғамбар,
- 1640 Сол кісіге үмбетпіз,
Бір Құдайдың құлымыз.
Күтемін сауаптар қылса,
Құдай бір болар күніміз.
Пайғамбар сонда дәрғаһы,
Таразыға тартылар
Күнәміздің көп-азы,
Айналар оңға ісіміз,
Айдаса Сират көпірге,
Шапағат етіп Пайғамбар,
- 1650 Болмасын тоқтау жолымыз.
Ғибрат етіп, жақсылар,
Жаннатқа әбден кірген соң,
Ұстасын оң қолымыз.

- Шапағат етсе Пайғамбар,
Жаннатқа нағып кірмейміз.
Болмаса қалып сөзіміз,
Бұл қиссаны есіткен
Барша енді жарандар,
Қайыр қош, аман болыңдар,
1660 Естен бізді шығарма,
Қайратты болсын деніңіз.
Алладан ғапу жеткізіп,
Шат болғай да күніміз.
Мұхаммедтің үмбеті,
Құдайдың құлы — біз,
Қуатты болғай дініміз.
Ақыретке барғанда
Өтірік, жалған сөйлесек,
Ашылар бастан сырымыз.
1670 Алла ғапу етпесе,
Тұта алмас қолдан піріңіз.
Зар жылаймын, Жаратқан,
Ақыретке барғанда
Қандай болар күніміз.
Айналайын, Құдай-а,
Жолдас қылып иманды,
Ақыретте, Құдай-а,
Ақ Расул пайғамбардың
1679 Көрсеткейсің дидарын!

قصه آنحضرت رسول ننگ معراجہ قوناق بولغانی

Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны

Бисмилла, сөз бастаймын, иә, Рахман,
Нұр болып ай менен күн толықсыған.
Айтайын бір қисса — артық сөзден,
Тыңдаңыз, құлақ салып, дін мұсылман.

Қиссаның сөз айтайын сарасынан,
Мұхаммед екі дүние панасынан.
Жазайын Миғражды қисса қылып,
Мәулид пен Бақырғанның арасынан.

10 Бисмилла — тамам сөздің басы дейді,
Бұл сөзім шарифаттың қасы дейді.
Тыңдасаң құлақ салып, мұсылмандар,
Миғражы хазіреттің осы дейді.

Жүреді имандылар әдеп сақтап,
Имандыны періште тұрар мақтап.
Бұл қиссаны шығардым ғибрат үшін,
Мәулид пен Бақырғаннан мұны баптап.

20 Достысын өзге жаннан артық қыпты,
Тапсырған шапағатқа көп үмбетті.
Шақырып Хабибісін Миғражына,
Құдайым «көрсетемін нұрым» депті.

Тыңдаңыз Расулдың Миғражын,
Бейіштен киген екен ләулік төжін.
Миғражға қонақ болып барған жолы,
Достына көп айтыпты үмбет назын.

Періште хабар алған бір Құдайдан,
Нұры артық Мұхаммедтің күн мен айдан.
Көрем деп Мұхаммедтің салтанатын,
Жиылды періштелер әлдеқайдан.

30 Дін ислам Мұхаммедке бас ұрып тұр,
Бейнамаздан дидарын жасырып тұр.
Мұхаммед Мұстафаның шарапатын
Ғаламнан он сегіз мың асырып тұр.
Дос қылған Алла Тағала Мұхаммедті,
Тілепті қыспақ жолда көп үмбетті.
Бір күні өз үйінде Расул Алла
Дүйсенбі күн кешінде ұйықтап жатты.

40 Өр жерде үмбеттерін аяп еді,
Көз жасын үмбет үшін бояп еді.
Нұр төсекте жатқанда шынашақтап,
Көзі ұйқыда, көкірегі ояу еді.

Көріңдер бір Алланың құдіретін,
Қондырды Мұстафаға нұр нәубетін.
«Шақыр!» деп Жәбірейілге әмір қылды,
«Дидарым көрсетем» деп Мұхаммедін.

Жәбірейіл бұл өмірді естіп білді,
Есітіп қол қусырып түрегелді.
«Досы досының дидарын көреді» деп,
Райханда Ризуанға хабар берді.

50 Расул Алла — ғаламға гауһар шырақ,
Осы сөз өзге сөзден артығырақ.
Періште Жәбірейіл келіп көрді,
Оттап жүр Райханда жүз мың пырақ.

Бір пырақ арасында зарлар қатты,
Өзі адам көрікті, нұр сипатты.
Өзге пырақ оттаса, оттамайды,
Басын жерге салмастан зар жылапты.

- Көзінен аққан жасы бір тыйылмас,
Шөбіне Райханның көзін салмас.
Биттей тағат қыла алмай, зар еңірейді,
60 Көзінен тыйылмайды төгілген жас.

Жануар неден бүйтіп зарлар енді,
Қасына Жәбірейіл жетіп келді.
— Не себептен, жануар, қайғырдың? — деп,
Пырақтан Жәбірейіл сұрайды енді.

— Ішінді қайғы отымен жандырасың,
Неліктен жүрегінді қан қыласың?
Қасыңдағы жолдасың бәрі оттап жүр,
Не себептен шөп жемей, зар қыласың?

- Сол пырақ Жәбірейілге берді жауап,
70 Еңкейіп басқан ізін қылды төуап.
— Мұңымды мен айтайын, әй, періште,
Қылығыз, шамаң келсе, маған сауап.

Ішінде періштенің мұқаррапсыз,
Сөзіме құлағың сал, бір қарап сіз.
Қырық мың жылдай Құдайға арыз қылдым,
Бүгін сізді Құдайым келтірді-ай кез.

- Қырық мыңдай маған жыл болды,
Естідім бір жақсы есім-үнді.
«Мұхаммед» деп шақырды айғай салып,
80 Қарасам екі жаһан нұрға толды.

Естідім сол дауысты құлақ салып,
Бойым балқып көп тұрдым, есім танып.
Құдайым ғашық қылды сол дауысқа,
Күні-түні жылаймын көп зарланып.

Құдайым Мұхаммедке ғашық қылды,
Өткердім жылауменен талай жылды.
Армансыз барар едім ғарасатқа,
Үстіме бір міндірсем Хақ Расулды.

Ғашықтық жүрегіме кетті өтіп,
90 Ғарышта және көрдім атты пітік.
Жаппар Ием қабыл қып көзім жасын,
Сүйінер күн бар ма екен соған жетіп.

Жылаймын Аллаға сонан бері,
Хақ Расул екі жаһан кемеңгері.
Қайта-қайта сөйлесем, әй, періште,
Мұңымның осы тамам болған жері.

Жәбірейіл айтты сонда: — Әй, нұр пырақ,
Қайғыңды ішіңдегі білдім, — дейді.
Тілегің берді бүгін Алла Тағала,
100 Қырық мың жылдай бейіште жүрсің жылап.

Беріпті тілегіңді сенің Қадір Алла,
Тарқайды мен сөйлесем ішіңнен дерт.
Ерттеп қызыл жақұт апарамын,
Үстіңе мінбек болды Нұр Мұхаммед.

Үмбеттің тілегені күнәһлары,
Жылайды шапағатқа жанның бәрі.
Үстіңе бүгінгі күн мінбек болды
Он сегіз мың ғаламның хақ сәруары.

Көңіліңнің тарқар енді көп қапасы,
110 Өркімнің рахат болсын көп жапасы.
Үстіңе бүгін түнде мінбек болды
Он сегіз мың ғаламның падишасы.

Пырақтың қабыл болды тілегі енді,
Қырық мың жылдай тақсырды тіледі енді.
Сол пырақ Мұстафаға сонша зарлап,
Тақсырдың абзалдығын біледі енді.

Жаһанда Мұстафаның артық сәні,
Екі дүние шырағы, ол сұлтаны.
Бейіште пырақ ғашық Мұхаммедке,
120 Қалайша шыдар бұған үмбет жаны.

Пырақты алып жүрді мінеді деп,
Тәж ләулік алып жүрді киеді деп.
Пырақты алып жүрді жарқылдатып,
Бұларды киіп, мініп келеді деп.

Пыраққа ер ерттеді қызыл жақұт,
Тізгіні — зүбәржаттан, жүгені — ақық.
Періште Жәбірейіл алып жүрді,
Жетелеп ап келеді жарқылдатып.

130 Бар Құдай Мұхаммедке нұрын құйды,
Ғаламнан он сегіз мың артық сүйді.
Есікте әдеп сақтап пырақ тұрды,
Періште Жәбірейіл үйге кірді.

Толықсып пырақ тұрды нұрға батып,
Гауһардан тізген жалын жаудыратып.
Жәбірейіл періште үйге кіріп,
Сөйлейді Мұстафаны енді оятып.

— Достыңыз сәлем деді, әй, Мұстафа,
Екі дүние шырағы, әй, Нұр сафа.
140 Достыңыз қонаққа бүгін келсін, — дейді,
Он сегіз мың ғаламға, әй, Басафа.

Достыңыз қонаққа бүгін келсін, — дейді,
Хале тонын үстіне кисін, — дейді.
Лаухул Махфуз, Садратул Мұнтаһины
Хабибім сайран қылып көрсін, — дейді.

Достыңыз қонаққа бүгін келсін, — дейді,
Нұр пырақты астына мінсін, — дейді.
Ғаршы Күрсі, Лаухул Қаламды тамаша қып,
Хабибім дидарымды көрсін, — дейді.

150 Жарлықпен періштелер жиылды көп,
Дидарын Мұстафаның көремін деп.
Лаухул Қалам, Садратул Мұнтаһа, Ғаршы Күрсі,
Көруге ынтық болды жер менен көк.

Бар Құдай Хабибінің сүйер өзін,
Сүйікті қылған жұртқа айтқан сөзін.
Сегіз бейіш есігін ашып қойды,
Қызметкерге шығарып хордың қызын.

Осындай әмір қылды Құдауанда,
Бейіштен пырақ алып келдім мұнда.
Жүріңіз, пырақ мініп досыңызға,
160 Сізге дидар көрсетер осы түнде.

Хазірет естіп білді бұл әмірді,
Алланың бұйрығына мойын бұрды.
«Алладан әмір болса барайын», — деп,
Төсектен Расул Алла түрегелді.

Хақ Расул түрегелді орнынан,
Тақсырдың нұр төгілді қойнынан.
«Бисмилла» деп Хақ Расул тысқа шығып,
Пырақтың күн түсіп тұр мойнынан.

Пырақтың ноқтасына көзін салды,
170 Қасына Расул Алла жақын барды.
Пырақтың сипатын көргеннен соң,
Құданың құдіретіне қайран қалды.

Әй, мұсылман, жарандар,
Алып келген пырақтың
Енді жайын айтайын,
Сипатына қараңдар.
Ерні қызыл гауһардан,
Нұрдан біткен иегі,
Сом алтыннан сүйегі,
180 Жауһардан біткен аяғы,
Алтыннан біткен тұяғы.
Жұмақтан келді жаралып,
Дүниеде болмас тұрағы,
Зағыпыраннан еті бар,
Анық нұрдан ұқсасы.
Қызыл күрең сипаты,

- Нұр зағышыраннан жаралған,
Мұқым сүйек мүшесі
Жаралған емші Қанбардан.
- 190 Көрген адам таң қалған,
Анхазірет Расулым
Оны көріп аңғарған.
Райханнан жаралған
Құйрығы мен жалы бар.
Сондай сұлу жануар,
Бес жүз жылдық жол аттар
Аяғының әлі бар.
Сондай еді жүрісі,
Жұпардан еді иісі,
- 200 Өне бойы бөрі абзал,
Бөрі хордың кірісі.
Аттан еді зорырақ,
Әр нәрсесі молырақ,
Екі көзін қарасаң,
Нұрдан жанған шамшырақ,
Толықсиды мол пырақ.
Түйеден еді аласа,
Өне бойы тамаша,
Көзі тоймас пенденің
- 210 Келбетіне қараса.
- Өне бойы нұр еді,
Әдеп сақтап тұр еді.
Пайғамбарды көрген соң,
Әлгі пырақ, жарандар,
Иіліп сәлем береді.
Сәлемін алды Мұхаммед,
Пырақты жақсы көреді.
Айдай нұры ашылып,
Аузынан дүрлер шашылып,
- 220 Құдай досты Пайғамбар
Пыраққа жақын келеді.
Қашты пырақ шегініп,
Жәбірейіл ұрысты зекіріп.
Пырақ зарлап жылайды,

«Тілегім бар» деп бас ұрып.
Расул айтты: — Әй, пырақ,
Айт, — дейді арызын құп сұрап.

— Алланың досты Хақ Расул,
Бүгін көрдім түсінді,
230 Сізге айтайын ісімді.
Сансыз пырақ құрметтеп,
Бәрі сізге қарайды.
Жұмақтың тұрар ішінде,
Нұрдан кежим жабылып,
Зүбәржат тізгін тағынып,
Бәрі сізге қарайды.
Ғарасат қашан болар деп,
Мінерге сізді сағынып,
Естуге ынтық сөзіңді,
240 Көруге ынтық жүзіңді.
Сол пырақтың бөрінен
Бұрын көрдім өзіңді,
Сізге айтайын мұңымды.
Бүгін мені мінсеңіз,
Ғарасаттың күнінде
Тағы мені мініңіз.
Сізге айтқан арызым,
Көңілімдегі сол еді.

Мұхаммед келеді қасына енді,
250 Көзінің рақым қылып жасына енді.
Ғарасатта мінбекке уағда қылып,
Пырақтың білек салды басына енді.

Бар Құдай артық қылды Мұхаммедті,
Тақсырға періштелер қызмет етті.
Пырақ мініп достына жүрмек болды,
Періште Жәбірейіл тізгін тұтты.

Жәбірейіл тізгін тұтып қызмет қылды,
Мекайыл үзеңгісін басып тұрды.

260 Өзірейіл қолтығынан махкам ұстап,
Ысрапыл аяғынан аттандырды.

Хақ Расул мініп алды пырақты енді,
Пырақтың әр тұлғасын сынапты енді.
Басқан сайын жүрісі жүз жылдық жол,
Жүрісін жақсы қылып ұнатты енді.

Хақ Расул енді көкке өрлей жүрді,
Періштелер қызметін қыла берді.
Оң жағынан үн келді «тоқта!» деген,
Пайғамбар бұрылмады, жүре берді.

270 Жеті түрлі ғаламнан өтіп еді,
Періштелер қызметін етіп еді.
Сол жағынан үн келді «тоқта!» деген,
Пайғамбар бұрылмады, кете берді.

Жәбірейіл жүрген екен оң жағынан,
Мекайыл жүрген екен сол жағынан.
Алдында Ысрапыл бастап отыр,
Өзірейіл қызмет қылды арт жағынан.

280 Төрт мұқарраб періште қызмет қылды,
Құрметтеп Пайғамбарды алып жүрді.
Сол сағатта Мұстафа шөлдеп еді,
Төрт қадақпен төрт түрлі шарап келді.

Шараптың бірі хамыр көрінеді,
Біреуі анкабиндай білінеді.
Төрт шарап: біреуі оның — сүттен,
Біреуі шаһд шекер көрінеді.

Хақ Расул төрт шарапты аралады,
Көңіліне екі шарап жарамады.
Сүт пенен шекерді алып ішті,
Хамыр мен анкабинге қарамады.

290 Сол уақытта төрт тон көрді Хақ Расулы,
Жасыл, ақ, қызыл, сары — әрбір түрлі.
Құдайым төрт түрлі тон жіберіпті,
Ғаламнан пешенесі артық түрлі.

Бар Құдай Мұхаммедке нұрын құйды,
Ғаламнан он сегіз мың артық сүйді.
Қызыл тон мен сары тонға қарамады,
Жасыл тон мен ақ тонды алып киді.

300 Сол тонның өне бойы нұрдан еді,
Хабибі Хақ Расулы нұрдан болды.
— Оңды-солды шақырған кім еді? — деп,
Пайғамбар Жәбірейілден сұрайды енді.

— Сіздерді тоқтатайын мұнда, — деді,
Үмбетің тозақ көрсін таңда, — деді.
Иә, тақсыр, бұрылмадың, жақсы қылдың,
Шақырған оң жағыңнан дүние еді.

Бұ малғұн алдайын деп отыр еді,
Алдыңа жас қатын боп келіп еді.
Иә, тақсыр, бұрылмадың, жақсы қылдың,
Шақырған сол жағыңнан жүһүд еді.

310 Мұхаммед естіп білді бұл әмірді,
Алланың бұйрығына мойынсұнды.
Расул Алла пырақты мініп алып,
Мұнда мәсжід Ақсаға барып кірді.

Сонда мәсжід Ақсаға барып кірді,
Жиылған пайғамбардың бәрін көрді.
Бәріне пайғамбардың Расул Алла
Іліп тағзымменен сәлем берді.

320 Пайғамбар сәлем беріп көріс қылды,
Жиылған пайғамбарды көзі көрді.
Бәрінен туған айдай Хақ Пайғамбар,
Ішінде оның нұрдай жарып тұрды.

Жүз жиырма төрт мың пайғамбарлар,
Өзір болды соңғы барған әулиелер.
Бәрі намаз оқуға жамағат боп,
Құрметтеп Пайғамбардан рұқсат тілер.

Жәбірейіл айтты сонда: — Иә, Мұхаммед,
Сол сенсің Хамид уа Махмұд уа Ахмед.
Сізден өзге ешкімге лайық емес,
Жарасар әрне қылсаң, қыл имамат.

330 Мұса айтты: — Иә, тақсыр, Адам ата,
Осыншаның бәрі де сізге бота.
Сіз оқыңыз бұ намазды имам болып,
Бізге имам болмаққа болар қата.

Адам айтты: — Әй, Мұса Кәлим, — дейді,
Көңіліме бір іс келді менің, — дейді.
Мұстафаның қасында имам болмақ
Бізге лайық емес қой, жаным, — дейді.

340 Мұстафа имам болып азан айтар,
Сап тұрды періштелер қатар-қатар.
Екі ракағат намазға имам болып,
Дұғаға қол көтерді Хақ Пайғамбар.

Хақ Расул жарық қылды нұр сарайды,
Нұрына ғашық қылды күн мен айды.
Хақ Расул дұғаға қол көтерді,
«Әумин» деп күллі жаһан қолын жайды.

Нұр пырақ келіп тұрды қасына енді,
Пайғамбар тағы мінді үстіне енді.
Жүрген сайын оралды нұрдан-нұрға,
Көңілі дариядайын тасыды енді.

350 Онан соң әуелінше көкке шықты,
Бір кідірмей жүреді пырақ тіпті.
«Жамалын Хақ Расулдың көреміз» деп,
Жол тосып періштелер көрісіпті.

Болып түр ер кейіп нұрдан өткірірек,
Тақсырдың абзалдығын айту керек.
Екінші аспанға шығып еді,
Көрісті періштелер кезек-кезек.

360 Үшінші қат аспанға шығып барып,
Қарайды жан-жағына көзін салып.
Ғарыш ағланың сипатын көргеннен соң,
Сұрайды Жәбірейілден мұны танып.

Періште айтты: — Бұл тұрған Ғарыш, — дейді,
Мұнымен жаңа болдың таныс, — дейді.
Құданың құдіретімен мұнда тұрған,
Тұрады уағдалы әр іс, — дейді.

Хақ Расул бұл хабарды естіп ұқты,
Төртінші қат аспанға барып шықты.
Төртінші қат аспанға жетіп еді,
Жақия, Иса екеуі көріс қыпты.

370 Иса айтты: — Мұхаммед, айналайын,
Сұрай гөр достыңыздан үмбет жайын.
Жеті түрлі дозақтан азат қылып,
Бейіштің көрсетіңіз кең сарайын.

Бұлармен амандасып айырылыпты,
Бесінші қат аспанға барып шықты.
Алдынан Адам ата, Жүсіппенен
Көрмекке Мұхаммедті Ыдырыс кепті.

380 Жақсы сөз өзге сөзден осы қисса,
Тақсырдың сауап болар, сөзін ұқса.
Алтыншы қат аспанға шығып еді,
Көрісті сәлем беріп хазірет Мұса.

Мұса айтты: — Мұхаммед, әй, перзентім,
Дозақтан аман болсын көп үмбетің.
Он сегіз мың ғаламның падишаһы,
Құтты болсын Миғражы бұ дәулетің.

Айырылды амандасып екі нұр зат,
Аспанға шығып тұрды алтыншы қат.
Кеудесінде басы жоқ періштелер
Көрген соң, қайран қалды Нұр Мұхаммед.

390 Жетінші көкке шықты нұр аспанға,
Көрісті періштелер сол аспанда.
Бәрі де намаз оқып, сөждеде тұр,
Босанбай тұр жөндерін сұрасқанға.

Бір пәресі намазда тұр қатар-қатар,
Жаратқан неше түрлі жан Құдірет Жаппар.
Бір пәре тізе басып рүкүфде тұр,
Бәрі де тәсбихпенен зікір айтар.

Пайғамбар бұған қайран қалды дейді,
Тамаша қып Ғарышқа қарайды енді.
Жетінші қат аспанға тамаша қып,
400 Бойы балқып қызығына тоймайды енді.

Пайғамбар бұны көріп қайран қалды,
Нұрына қайран қылды тамам жанды.
Бойы балқып Ғарышқа қарап тұрса,
Бір нәрсе аузына келіп тамды.

Ол нәрсе келіп тамды шарапатты,
Қардан сұйық, сүттен ақ, балдан төтті.
Үш жүз алпыс тамырын жарып тұрды,
Шыққан жерін сұрасаң нұр сипатты.

Жаратқан бір Алладан әмір келді,
410 «Ғарышқа жылдам жүр» деп әмір қылды.
Құдіретінен хабарды естіген соң,
Көңілі қуаныштан шүкір қылды.

Мұстафа бұл әмірді естіп білді,
Ғажайып, ғарайыштың бәрін көрді.
Садратул Мұнтаһидан ары өтіп,
Афақ деген орынға барып кірді.

Мұнтаһидан көріпті ол Афақты,
Рафраф ахдар төсеп ахат етті.
Аяғының астына **Анхазіреттің**
420 Алтын төсеп, бір Алла құрмет етті.

Жәбірейіл жайды сонда шын сипатын,
Үш жүз алпыс жазыпты һәм қанатын.
Бұл сипатын Пайғамбар екі көрді,
Адам болып келуші еді заһир-батин.

Құданың достына қылған сәні,
Бұл жолда берді артық бес нәрсені.
Бірі — пырақ, бірі — Миғраж, бірі — Рафраф,
Және һәм мініп барды періштені.

Садратул Мұнтаһидан ары өтті,
430 Афақ деген орынға барып жетті.
«Мұнан ары баратын бұйрық жоқ» деп,
Жәбірейіл сол арада тұрып қапты.

— Бұл Афақ — менің орным өзім кірер,
Мұнан ары орын жоқ маған көрер.
Мұнан ары мен барсам Дәрғаһыға,
Иә, Расул, қанатымның ұшы күйер.

Ол жерге нұр пырақ тағы келіп түсті,
Хазірет оған мініп тағы да ұшты.
Ғарыш ағла үстіне шығып тұрып,
440 Қаб қаусайн ауадқа барып түсті.

Жәбірейіл кейін тұрып қылды ишарат,
«Достыңа сәлем бергін, иә, Мұхаммед».
Пайғамбар бір Аллаға сәлем берді,
Сол үшін сәлем бізге болды сүннет.

Көріңдер бір Алланың құдіретін,
Қондырды Мұстафаға нұр нәубетін.

«Аттахийату ли-Ллаһи уас салауату уат
тайибату», — деді Расул,
Сол жерде қонақ қылды Мұхаммедін.

450 Сәлемін достысының әлік алды,
Хақ Расул қол қусырып, шүкір қылды.
Алла Тағала дидарын көрсеткен соң,
Бойы балқып, денесі нұрға толды.

Не қылса Жаппар Алла құдіреті көп,
Тыңдасаң осы сөздің сауабы көп.
— Досты досқа келгенде құры келмес,
Сұрайды: — Достым, маған не ап келдің? — деп.

460 Анхазірет бұ хабарды естіп білді,
Достына сәжде қылып, арыз қылды.
— Төрт нәрсені ап келдім Дәрғаһыңа,
Рузе, намаз, бірі — хажы, зекет, — деді.

Көрсетті достысына Хақ дидарын,
Сондай қылса көрмей ме жанның бәрін.
Дидарын көрсеткені Расулына,
Көр Құранда «Тәнзила» аяттарын.

— Құдіретіңнен, иә, Алла,
Мен жылаймын зар қылып,
Он сегіз мың ғаламның
Падишасы сен едің,
Өз нұрыңнан жаратқан
470 Жалғыз достың мен едім.
Дәрғаһыңа зар қылып,
Мен жылаймын, иә, Алла,
Миғраждың түнінде
Бір тілекті тіледім,
Сөзімді қабыл қылсаңыз.
Көп үмбетім күнәсін
Енді маған берсеңіз.
Фазылың бірлө, иә, Алла,

- 480 Көп үмбетім күнәсін
Кешіре гөр, Иләһим.
Нұрға батты сүйегім,
Қызыққа батты жүрегім.
Оң қолымда ниязым,
Сол қолымда тілегім.
Көп үмбетім күнәсін
Ғафу қылғыл, панаһым.
Көп үмбетім тілермін,
Жарылқа деп жылармын.
Дәрғаһыңа зарланып,
490 Көзімнің жасын бұлармын,
Үмбетімнің күнәсін
Кешіргілі деп сұрармын.

— Тілей бер тілегіңді, иә, Расулым,
Тілейтұғын уағдалы күнің сенің.
Он сегіз мың ғаламның падишасы,
Не тілесең, тілегің қабыл қылдым.

- Жараттым досты қылып өз нұрымнан,
Не тілегіңді аяп ем бұрын сенен.
Күнәһар үмбеттерің, иә, Мұхаммед,
500 Доzaқтың отынан болсын аман.

— Жаратқан Пәруардигар, иә, Құдайым,
Күнәсін үмбетімнің мен сұрайын.
Күнәсін үмбетімнің бағышласаң,
Өзге нәрсе тілеп мен не қылайын.

Безгенмін үмбет үшін ата-анадан,
Көп болар үмбетімде жәһіл-надан.
Тілегім, иә, Иләһи Зұлжалалым,
Доzaқтан үмбетімді қылғыл аман.

- Хақ Расул бір Аллаға көп зарланды,
510 Айтады көңілінде бар арманды.
Басын қойып сәждеде жатып алды,
«Үмбетсіз не қылам, — деп, — бұл жалғанды».

Құданың Дәрғаһынан уахи келді,
Құданың достысына мейірі келді.
— Үмбетіңнің күнәсін бағышладым,
Хабибім, енді басың көтер, — деді.

Күнәсін бағышладым үмбетіңнің,
Тілегіңді беретін күнім менің.
Дәрғаһыма қонаққа шақырған соң,
520 Құрметіңе үмбетің бердім сенің.

Осындай әмір қылды Құдауанда,
Бес намаз дін исламға берді сонда.
«Сегіз бейіш қызығын көрер, — деді,
Бес намаз қаза қылмай келген пенде».

Мұхаммед рахат төжін киініпті,
Басына ләулік төжін ораныпты.
«Әй, Хабибім, сол жағыңа қара!» — деп,
Жеті тамұқ баршасы көрініпті.

Қараса, от жанады дүр-дүр етіп,
530 Шалқиды мың жылшылық жерге жетіп.
Оты жайнап, түтіні бықсып жатыр,
Қорқады Пайғамбардың есі кетіп.

Қараса, әр дозаққа қан қылып тұр,
Оттан күрзі қолға алып, жандырып тұр.
Бейшара күнәсі көп пенделерді
Көрмеген азаптарға көндіріп тұр.

Бір түрлі адамдарды «малғұн» десіп,
Еңіретіп азап қылып тұр ернін тесіп.
Кей жанның желкесінен тілін тартып,
540 Кей жанды шыңғыртып тұр отқа басып.

Иманды мұсылмандар «Алла» дейді,
«Имансыздың қасына барма» дейді.
Бір дозақта ата мен анасы тұр,
Таныған соң баласын зар еңірейді.

«Әй, перзентім, ата-анаң мұнда жатқан,
Еңіретпей, шығарып кет бізді оттан».
Ата-анасын Хақ Расул көргеннен соң,
Көңілі шаттықтан ренжу тартқан.

550 — Жараттым өз нұрымнан, Мұхаммедім,
Анаңнан үш күннен соң қалдың жетім.
Екі тілек сыймайды бір көңілге,
Хақ достым, бір тілекпен болғын дедім.

— Құдай-а, көп үмбетім тілегін бер,
Күн сайын жақсылығын асыра гөр.
Ата-анамның күнәсін тілемеймін,
Көп үмбетім күнәсін кешіре гөр.

Жылаңыз осы сөзге көңіл бұзып,
Бұрылды оң жағына мойын созып.
Сегіз жұмақ сарайы көрініпті,
560 Көз айырмай тұрғандай бәрі қызық.

Келеді Расул Аллаға нұры тасып,
Сап тұрды хор қыздары есік ашып.
Қатар-қатар келеді хор қыздары,
Басына дүр уа маржан, інжу шашып.

Құдайым пырақты қылған күшті,
Анхазірет оған мініп тағы да ұшты.
Төрт мұқарраб періште құрмет қылып,
Мешіт Харам жанына келіп түсті.

570 Атың жақсы, Мұхаммед,
Айналайын атыңнан,
Нұрдан болған затыңнан.
Ғарасаттың күнінде
Үмбетің ерер артыңнан.
Қиямет күн болғанда,
Жан жиылып толғанда,
Сиратқа айдап барғанда,
Көп үмбетің не болар.

- Періштелер ергенде,
Кей адамдар өтеді,
580 Кей адамдар кетеді.
Күнәсі ауыр пенделер
Қияметте не етеді?
Өз нұрынан жаратып,
«Хабибім» деп ат қойды,
Аузына жанды қаратып,
Ол Мұхаммед Мұстафа
Қонақ болған достына.
Сегіз қат көктен ары өтіп,
Достысынан тілепті
590 Көп үмбеттің күнәсін.
Неше мың мәртебе зар етіп,
Ата менен анасын,
Тілемеді баласын,
Кеше гөр деп тілепті
Көп үмбеттің күнәсін.

Сұбхана әлләзи асра би ғабдиһи лайлан минал-масжидил-
Харам илал масжидил Ақса.

- Расулды мейман қылған Аллаға аян,
Аш деді сегіз бейіш нұр сарайдан.
Таң атып бамдат намаз оқыған соң,
Миғражын жұртына қылды баян.
- 600 Қаратты тамашаға дін сабазын,
Оқып болғаннан соң таң намазын.
Әбужәһілге айтыпты елден бұрын
Анхазірет Расул Алла Миғражын.
- Тыңдады құлақ салып Әбужәһіл,
Ол өзі кәпір еді діннен ғапыл.
— Әй, Мұхаммед, тек отыр, көп сөйлемей,
Мұнша өтірік айтқаның емес мақұл.
- Көріңдер, әй, жарандар, Мұхаммедті,
Айта ма ұялмай-ақ насихатты.

610 Өгірікші мұндай жан болар ма? — деп
Айғайлап, тысқа шығып күлді қатты.

— Жарандар, Мұхаммедтің тыңда сөзін,
Пайғамбармын деп жүр ғой елге өзін.
Сиқыршы, жалғаншыны ел бұзғызбай,
Онан да жоғалтсайшы мұның көзін.

Аспанға шықтым дейді атқа мініп,
Бұған да ел шынымен жүр ме сеніп.
Ғаршы Күрсі бәрінен қабат өтіп,
Миғражға келдім дейді қонақ болып.

620 Мұсылман міне қашып, жасыған ба,
Шынымен нана ма екен осыған да.
Осыған ерген адам оңбайсың, — деп,
Әбужәһіл айтады барша жанға.
Мұсылмандық діндері жарық болды
Расулдың Миғражына нанған адам.

Кей пасық Әбужәһіл тіліне ерді,
Хақ Расул мұсылманға үгіт берді.
Көп адамның көңілі айныған соң,
Құдайдан пәрменменен аят келді.

630 Әбубәкір айтады: — Әй, жарандар,
Бекер тұрған аспанға бір қараңдар.
Мұғаллақ бұл аспанды қылған Құдай,
Олай болса неш нәрсе ойламаңдар.

Пайғамбар, шаһариардың келді кәрі,
Ойпаң-тойпаң болған соң жанның бәрі.
Шаһариар «иә, Алла» деп атқа мінді,
«Қырамыз, — деп, — нанбаған адамдарды».

Төрт жар, сахабалар атқа мінді,
«Қырамыз, — деп, — нанбаған адамдарды».

640 Алланың өз күдіреті айтқаннан соң,
Күмән қылмай мұсылман бәрі нанды.

Мұсылманды Құдайым жарылқады,
Күмән қылған бір адам еш қалмады.
Дін исламға Құдайым қуат беріп,
Сөзі өтпей Әбужәһіл назаланды.

Қор болды Әбужәһіл сөзі өтпей,
Ешкімді жаратқан жоқ Мұхаммедтей.
Мұсылманды азғырам деген кәпір
Тыныш жүрді онан кейін үміт етпей.

- 650 Қор болды кәпір болып күлген адам,
Расулға үмбет болды білген адам.
Жамағат, қол көтеріп бір дұға қыл,
Бұл қисса осылайша болды тамам.

Пенде жоқ бұл дүниеде мендей болған,
Жақсыдан жаман туып әуре болған.
Ақылдан бос шайтанға досты болып,
Есепсіз күнә қылып ғаріп болған.

- Бір күні ғарасат деп жар шақырса,
Адамнан туған жанның бәрі барса.
660 Жақсы-жаман баршадан жауап алып,
«Күнәһар, қайдасың?» деп мені апарса.

Қорқамын көзімнен қан аға ма деп,
Жылаймын жалбарынып «иә, Алла» деп.
Рахмат дарияң жетеді бұл ғаламға,
Үмітім бір тамшысы тама ма деп.

Мұхаммед — Тәңірі досы, хақ Мұстафа,
Таңда шапағат қыласың үмбетіңе.
Жан біткеннің ішінде мен күнәһар,
Жылатып сонда мені құр тастама.

- 670 Құдайым досым деген хақ Мұхаммед,
Жолыңа, аруағыңа мың салауат.
Шапағат қыл, күнәһар шермендемін,
Салауат қайта-қайта бес жүз қабат.

Қалдырма жақсылардан, Жаппар, Ғани,
Күнәһым хадден асқан, жоқ-дүр саны.
Махшар халқы алдында рәсуа қылма,
Сөз айтып мен пендеңнің жалбарғаны.

Иә, Алла, қабыл әйла бұ қажетім,
Жетеді бұл ғаламға Рахман атың.
680 Иә,Рахими, махшарда рақым қылып,
Күнәсін кешіре гөр пенделердің.

Өмірім өтті, білмедім шерменде боп,
Көңілімді харам қылдым, нәпсі — мәрдуд.
Қылғанымға қарасам — уайымым көп,
Фазылыңа қарасам — үмітім көп.

Һәркімге ғибрат үшін жаздым мұны,
Жайымыз қандай болар махшар күні.
Иә, Алла, рахматы көп, жарылқағыл,
Ғафу қып мен ғасының күнәһыны.

Мұны жазған, сұрасаң, қожа затым,
Жақсылар, айып етпе жазған хатым.
Әкем аты Шайхыслам қожазада,
Жүсіпбек мұны жазған — менің атым.

Көңіліме жаздым Құда салғаныны,
Ақын қожа деуші еді һәркім мені.
Қата болса оқыңдар өзің түзеп,
697 Ғалат боп айып қылма қалғаныны.

قصه مصد رسول الله نك دار الفنادين
دار البقايه رصلت ايتكان مسئله سي
Қисса Мұхаммед, Расул Алланың
дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат
еткен мәселесі

Хамду бейхадди, биадад айттым сәна,
Лил халиқ арду, самаһ қадым дана*.
Өзіңе жалбарынып сөз сөйлейін,
Мендей ғаріп құлыңа болғыл пана.

Иә, Алла, жәрдем бергіл, қағаз жазсам,
Түзу жолға бастағыл, жолдан азсам.
Сен бермесең һидаят, тауфиқ, илһам,
Шығар ма йаза бүйе** жерден қазсам.

Иә, Алла, тауфиқ бер дінімізге,
10 Рахмат қыл өлі менен тірімізге.
Пайғамбардан аз қисса сөз сөйлейін,
Иә, Рахман, медет бергіл тілімізге.

Өзіңе жалынамын, Қадір Жаппар,
Қайтемін жалынбасам, халім нашар.
Пәруардигар, өзіңе жалынғанда,
Медет, илһам берер деп үмітім бар.

Дастан қып Хақ Расулдан сөз бастайын,
Басқа сөз арасына һеш қоспайын.
Екі дүние сәруары — Расул Алла,
20 Мақтамай шамам келсе тастамайын.

Жиырма үш атасы сушы болған,
Жәбірейіл оларға елші болған.

* Түпнұсқада осылай берілген.

** Түпнұсқада осылай берілген.

Садикул уағди атанған ол Ысмайыл,
Келеді Расул Алла тап солардан.

Мұхаммед — Құдай досы, оның әсілі,
Артық-дүр бұл ғаламнан оның нәсілі.
Екі дүние сәруары — Расул Алла,
Шек келтірген оларға жарамас-ты.

30 Расул Алла — ғаламға бір бөйтерек,
Ұзыны көкке жетер сондай биік.
Алланың хақ, Хабибі Расулдың
Бек мақтап сипаттарын айтсам керек.
Расул Алла — ғаламның паналары,
Жапырағы сая-дүр, бал татыр миуалары.
Кәлима шаһадатты жары қылған,
Шапағат, үміт қылар жанның бөрі.

Әуелі Пайғамбардың нұрын етті,
Он сегіз мың ғаламнан бұрын етті.
Алла Тағала өзіне досты қылып,
40 Онан соң оған берді көп үмбетті.

Баршадан артық қылып достым деген,
Дос болған соң Құдайға көп үмбеттің қамын жеген.
Сипаты рахмату лил ғаламин-дүр,
Ләулік ләмме халақатил әфлак тәжін киген.

Достым деп Қадір Алла беріпті тәж,
Құдайға достығымен барған Миғраж.
Шек келтірме, жігіттер, Пайғамбарға,
Өзімен бір Алланың айтысқаны рас.

50 Достым деп Қадір Алла зейнет берді,
Күнәһар үмбетіне шапағат қылды.
Жарандар, құлақ салып тыңдасаңыз,
Хазірет Расулдан бір сөз келді.

Не іс болса Жәбірейіл хабар берген,
Ғарыш шығып достығымен дидар көрген.

Екі дүние сәруары, шапағатшы,
 Һеш пенде қор болмайды оған ерген.

Сөз сөйлейін Расулдың турасында,
 Жәбірейіл елші болған арасында.
 60 Пайғамбарға иланбаған кәпір болды,
 Һеш күмән жоқ бұл сөздің расында.

Бір күні Жәбірейіл келді жетіп,
 — Сәлем айтты Алла құрмет етіп,
 Бұл опасыз дүниеде көп тұрмасын,
 Рахат көрсін мехнаттан сапар етіп.

Хабибім, шын дүниеге келсін, — дейді,
 Шапағат мұбах қылдым, білсін, — дейді.
 Мехнат, қайғы, жападан құтылады,
 Разы болып жан ғазизін берсін, — дейді.

Хақ Расул Жәбірейілден хабар білді,
 70 Хақ сәлемін естіп күлімдейді.
 «Мен кеткен соң, үмбетім не болады?!» деп,
 Аһ ұрып, үмбеті үшін қайғы жейді.

Сол уақытта алпыс үшке келген еді,
 Өтерін бұрыннан-ақ білген еді.
 «Құдайым не етсе де, разымын» деп,
 Рұқсат сонда тақсыр береді енді.

Пайғамбар кетпек болды бұ дүниеден,
 Шапағат несіп қылсын о дүниеден.
 Хақ Расул мұны естіп жатқан түні
 80 Түс көрді сегіз кісі Мәдинеден.

Түс көріп ертең ерте Сыдық* келді,
 Әдеппен Хақ Расулға сәлем берді.
 — Үстімде киген жейдем жерге түсті,
 Тақсыр-ау, бұ не түс? — деп сұрайды енді.

* Сыдық /а/ — шыншыл, шындықты айтушы. Мұхаммед пайғамбардан кейін бірінші халифа болып сайланған Әбубәкірдің теңеуі, лақабы.

Сол түсін Хақ Пайғамбар жорыды енді,
Қаратып бір өзіне жори берді.
— Үстінде киген жейдең жерге түссе,
Сапары бізге ақырет жақын, — дейді.

90 Онан соң хазірет Омар жетіп келді,
— Мен дағы бір түс көрдім, Расул, — дейді.
Қолымдағы мөрім екі айырылып,
Мөрім жерге түсіп, ғайып болды*, — [дейді].

Онан соң бір түс көріп Оспан келді,
Нәбиге қол қусырып сәлем берді.
— Құраным қолымдағы жерге түсіп,
Қағазы пара-пара болды, — дейді.

100 — Оспаным, бізге ажал келер екен,
Сахабаға көп қайғы толар екен.
Мен көшіп, бұ дүниеде сіздер қалып,
Асхабым бөлек-бөлек болар екен.

Онан соң Әли келді сәлем беріп,
Таң қалды жылағанын көзі көріп:
— Тақсырлар, не себептен жыладыңыз,
Бізге дағы білдірші хабар беріп?

— Ғажайып әрқайсымыз көрдік түсті,
Құдайым бізге салды қиын істі.
Баршасы — Расул көшпек нышанасы,
Онан соң бәрі жылап қайғы жесті.

110 Қайғырды Пайғамбардың шаһариары,
«Сіз кетсеңіз, қайтеміз» деп қылды зары.
«Құданың бұйрығына амал жоқ» деп,
Күңіренісіп отырды баршалары.

Әли айтты: — Мен де бір түс көріп едім,
Боларын бір сұмдықтың біліп едім.

* Түпнұсқада Пайғамбардың жауабы жоқ.

Сауытым өзім шешпей жерге түсті,
Мәнісін сізден сұрай келіп едім.

- Әли балам, бұл дәурен өтер, — деді,
Бізден өтіп Сыдыққа жетер, — деді.
120 Сауытың киіп тұрған жерге түссе,
Бабаңыз бұл дүниеден кетер, — деді.

Мұны естіп батыр Әли жылайды енді,
Көл қылып көзі жасын бұлайды енді.
— Күшім, халім, қуатым, иә, жан баба,
Сіз кетсеңіз, не лаж қылам, — деді.

— Бұл дүние баяны жоқ, бекер екен,
Бұл ажал һәркімдерге жетер екен.
Күш-қуатың менде еді, Әли балам,
Мен кеткен соң қуатың кетер екен.

- Бұлар мұны естіп жылайды енді,
130 Бір түс көріп Расулға Айша келді.
— Басыма қара шадыр салыппын, — деп,
Тағбірін Хақ Расулдан сұрайды енді.

Расул айтты: — Мағшұғым, мейірбаным,
Тәнімнен сапар қылар ғазиз жаным.
Біз өлсек, қара күндер түсер екен,
Басыңа қара шадыр салынғаның.

- Сол уақытта Фатима келді жөне,
Бір түс көріп ішіне болған сәна.
— Түс көріп сізге айта келіп едім,
140 Рұқсат болар ма екен, тақсыр баба.

Расул айтты: — Айтыңыз, жаным балам,
Фатима айтты: — Тыңдаңыз, жаным бабам,
Түсімде киген күртем дал-дал болып,
Жағасынан айырылып кетті тамам.

— Бөрімізді жаратқан Жаппар Құда,
Ғазизім, көзім нұры, жаным пида.
Жағасы күртеңіздің айырылғаны,
Ғаріп болып бабаңнан, болдың жүдә.

150 Хасен келді: — Мен бір түс көріппін, — деп,
Тамаша, ғажайып іс көріппін, — деп.
Баста — бөркім, аяқта кебісім жоқ,
Табаныма тас батып жүріппін, — деп.

Мұны естіп Пайғамбар жылады зар:
— Мен өтіп көп дұшпандар зорлық қылар,
Қабырғасы қайысып басын сипап, —
Қайтемін, жәрдем болсын Пәруардигар.

160 Хұсайын айтты: — Түс көрдім, бабам, — дейді,
Бір тақыт зейнеттеген тамам, — дейді.
Сол тақытқа сіз мініп ғайып болдың,
Келмеді бір ұстауға шамам, — дейді.

— Бұл дүние енді бізден қалады екен,
Біздегі жан аманатын алады екен.
Түсіңде таққа мініп көкке ұшсам,
Бабаңыз енді дүние салады екен.

Баршасы мұны естіп зар жыласты,
Көзінен қан аралас төкті жасты.
«Тақсыр-ау, сіз кеткен соң қайтеміз» деп,
Сол жерде Хақ Расулмен амандасты.

170 Ол түні аман-есен жатты сонда,
Азанды тақсыр Біләл айтты сонда.
Хақ Расул сахабамен, бәрі келіп,
Мешітте таң намазын етті сонда.

Оқыды парыз бенен һәм сүннетін,
Есіне алып жылайды көп үмбетін.
Мінберге шығып отырып Расул Алла,
Айттылар асхабына насихатын:

- Тыңдаңыз, насихатым, асхабтарым,
Жасымнан жолдас болған шаһариарым.
Бизарурат қоймаңыз сүннетімді,
180 Қаза қылма рузе, намазыңды.
- Тілеңіз жақсы жайды о дүниеден,
Жидырып тамам жанды Мәдинеден.
Өлім деген Құданың бір парызы,
Көшетін уақытым болды бұ дүниеден.
- Арыздасты: — Қош, аман қалыңыз, — деп,
Көзіңді ғаріптерге салыңыз, — деп.
— Ақыретке барайын қарыз қылмай,
Бар болса менде хақың, алыңыз, — деп.
- «Ғеш хақымыз жоқ» дейді жанның бәрі,
190 Қасында бірге отырған шаһариары.
Ішінде бір сахаба үндемеді,
Шулады онан басқа баршалары.
- Жидырды Мәдинеде асхабтарын,
— Ойлаңыз ақыретте азап барын,
Берейін хақыңызды осы күнде,
Ұялмай-ақ айта бер хақың барың.
- Үндемеген сахаба Акаша атты,
Сахаба дәулеті үлкен, салтанатты.
— Барғанда бір сапарға ұрып едің,
200 Тақсыр, сізде сол хақым бар, — деп айтты.
- Өрқашан уағдада тұрғансыз сіз,
Мойныңды үмбет үшін бұрғансыз сіз.
Сүйкеніп менің түйем түйеңізге,
Сонда маған бір қамшы ұрғансыз сіз.
- Біз дағы ақыретке барсақ керек,
Сіздерден ренжімей қалсақ керек.
Сіздерден ақыретке қарыз қылмай,
Берсеңіз ол қамшыны, алсақ керек.

- 210 Сол жердегі отырған жамағат көп,
Ешбірі айта алмады «қойыңыз» деп.
Пайғамбар Акашаға рұқсат берді,
«Болса да қанша хақың, алыңыз», — деп.
- Қамшыны алып келші, Біләл, барып,
Акаша разы болсын өшін алып.
Пайғамбар айтқаннан соң барды дағы,
Қамшыны Біләл келді қолына алып.
- Қамшыны сонда Акаша қолына алды,
Жиылған жанның бәрі қайран қалды.
«Берейін бір жүз теңге, кешіңіз» деп,
220 Сол жерде Әбубәкір Сыдық жалынады.
- Акаша, сөз айтайын, тыңдап тұрғыл,
Азырақ сабыр қылып мойның бұрғыл.
Досына бір Құданың қарыз қылмай,
Жүз қамшы бір қамшы үшін маған ұрғыл.
- Мен жала бекер жанға қылғаным жоқ,
Мойнымды жаман іске бұрғаным жоқ.
Ұрмаймын сізді бекер, Әбубәкір,
Сіз мені өміріңізде ұрғаның жоқ.
- Омар айтты: — Көңіліңе сабыр сал, — деп,
230 Сабыр қып ашуыңнан кейін тұр, — деп.
Маған ұр бір қамшы үшін он бес жүзін,
Разы болып Расулмен тату қал, — деп.
- Акаша айтты: — Пенденің бәрі де өтер,
Адамды қаза жетсе алып кетер.
Керек десе бір ауыз сөз айтпадың,
Алланың бұйрығына мойын бұрғын.
- Оспан айтты: — Акаша, тыңдап тұрғын,
Алланың бұйрығына мойын бұрғын.
Құданың достысына қарыз қылмай,
240 Өлшеусіз тойғаныңша алтын алғын.

— Мойнымды жаман іске бұра алмаймын,
Хақымды алмай бұл жерде тұра алмаймын.
Бермегенде қарыз боп кете берсін,
Қарыз қып бір тиынды ала алмаймын.

Әли айтты: — Көңіліңе сабыр салғыл,
Разы болып Расулмен тату қалғыл.
Бір қамшы үшін маған ұр бес мың қамшы,
Мың мысқал тағы менен алтын алғыл.

— Ғешкімнен өшім алмай тұрман, — дейді,
250 Мойнымды жаман іске бұрман, — дейді.
Керек десе тиген жоқ қатты сөзің,
Күнәсіз, тақсыр, сізді ұрман, — дейді.

— Ашудан қайтпаған жан жақсы болмас,
Қайтпасаң ашуыңнан хайла болмас.
Құданың сүйер досын ренжітсең,
Өзіңе ақыретте пайда болмас.

Расул айтты: — Акаша, өшіңді алғын,
Бермедің тілегіне жанның бәрін.
Акаша, разымын ұрғаныңа,
260 Мойныма қарыз қылмай ашуларың.

Акаша айтты: — Ғапылдар дінін күтпес,
Бір қамшы ұрғанына еш нәрсе етпес.
Жалаңаш мені, тақсыр, ұрып едің,
Киіміңнің сыртынан көңілім бітпес.

— Бермедің сұрағанға күніменен,
Дұшпанның ерегеспе тіліменен, —
Сахабаның бәрі де шуылдайды, —
Акаша, ұрамысың шыныңменен?!

Акаша айтты: — Сіздер неге қайғы жерсің,
270 Пайғамбар мен пақырдың хақын берсін.
Киімін шешіп еңкейсін маған таман,
Ұрғаным, ұрмағаным көзің көрсін.

Мүбәрак Расул сонда төнін ашты,
Бұрын, сірә, көрген жоқ жалаңашты.
Пайғамбар «ашуыңды ал» деп еңкейгенде,
Жер мен көк, Ғаршы Күрсі, Лаух Қалам тітіресті.

Мүбәрак хақ Пайғамбар ашты төнін,
Неге ұрсын ер Акаша Пайғамбарын.
Мөрін көріп жауырынан сүйіп алды,
280 Бұрыннан біледі екен мөрі барын.

Жамағат жауырында мөрін көрді,
Данышпан ер Акаша асқан ер-ді.
Көргенге дозақ оты харам екен,
Мөрінен сүйіп алған соң қоя берді.

Көрмекке бұрыннан ол ынтызар-ды,
Көңліне салды Құдай осындайды.
Көргенге дозақ оты харам болып,
Құдайым бәрін бірдей жарылқады.

Мөрін ер Акаша сүртті көзге,
290 Һешкім білген жоқ екен мұнан өзге.
— Күнәмді мен ғаріптің кеше көргіл,
Бір талай сөз қайырдым, тақсыр, сізге.

Қалған жоқ Һеш адамда өшіңіз, — деп,
Байлаулы мен пендеңді шешіңіз, — деп.
Аяғын Пайғамбардың құшақтайды,
Күнәмді, тақсыр, менің кешіңіз, — деп.

Қуаныш Акашаның тапты жаны,
Ол жерде жарылқады Тәңірім оны.
Ол қылғанын көңліне кек ала ма
300 Он сегіз мың ғаламның мейірбаны.

Мешіттен сонан үйіне қайтып келді,
Жанына ауруы батып келді.
Бұрын мөрін көрмеген халайықтар
Расулдың мөрін көріп айтып келді.

Құдайым Өзірейілге жарлық етті:
 — Досыма сәлем айтып барғыл, — депті.
 Досы досқа келетін уақыты болды,
 Рұқсатсыз кірмегейсің, барсаң, — депті.

310 Құдай айтса Өзірейіл тұрсын нағып,
 «Сөйлес» деп жауап қылды есік қағып.
 Фатима қарсы шықты сөйлескелі,
 Есікте кім екен деп көрді бағып.

Сонда тағы Жәбірейіл келді дейді,
 Есікте Өзірейілді көрді дейді.
 «Бұл жерге не себептен келдіңіз?» деп,
 Жәбірейіл Өзірейілден сұрады дейді.

320 Өзірейіл айтты сонда: — Хақ пәрманым,
 Бұл жерге мен айтайын келген мәнім.
 Расулға рұқсатсыз кіре алмаймын,
 Алармын рұқсат болса ғазиз жанын.

Мұны естіп Жәбірейіл қылды зары,
 Жылады періштенің баршалары.
 Жәбірейіл даусы қатты шығып еді,
 Есітті адамнан басқа жанның бәрі.

Жылады құрт-құмырсқа, жер менен көк,
 Тау мен тас, су мен ағаш, жануар көп.
 Құданың барша мақұлықтары қылды зары,
 «Пайғамбар жер жүзінен кете-дүр» деп.

330 Мұнан соң Жәбірейіл үйге кірді,
 Расулға жылап келіп сәлем берді.
 Жылап келіп сәлемді бергеннен соң,
 — Неге жылап келдіңіз, достым? — деді.

— Сіз үшін көп әңгіме құрамын, — дер,
 Мойнымды сіз тарапқа бұрамын, — дер.
 Дүниеде жыламаған жан жоқ екен,
 Мен қайтіп тағат қылып тұрамын, — дер.

Қараса, үш адам түр сөйлес қылып,
Фатима сәлем берді оны көріп.
Бәрінің жүзі көркем, қайран қалды,
340 «Кімсіздер?» деп сұрады қарсы келіп.

— Біз келдік Пайғамбардың әулетіне,
Қарайды Фатиманың келбетіне.
Мекайыл, Ысрапыл мен ол Өзірейіл
Көрінді бір жақсы адам суретінде.

Үшеуі сонда тұрып әлік алды,
Сөйлейді қуанышты, жақсы халді.
— Пайғамбар Құдай досты қайда екен, — деп,
Көргелі келіп ек, — деп айтып салды.

— Жарқыным, құлағың сал мына сөзге,
350 Құп, тәуір көрінесің көзімізге.
Расулдың көңілін сұрай келіп едік,
Кірірге рұқсат бар ма енді бізге.

Тағы да айтты: — Біз келген ағрабимыз,
Алыс жерде болады тұрағымыз.
Хақ Расул рұқсат берсе енді бізге,
Көңілін сұрап қайтатын бейшарамыз.

Фатима айтты: — Бейшара, төзіңіздер,
Сабыр қылып тұра тұр, бабам ренжір.
Алыс жерден келдің бе, ағрабилер,
360 Деміңді алып бұл жерде тұра тұрғыл.

— Тіліне бекер жанның ермегенбіз,
Расулды көптен бері көрмегенбіз.
Жүзін көрмей қайтуға әмір жоқ-ты,
Бұйрықсыз біздер бекер жүрмегенбіз.

Фатима мұны естіп қайтып келді,
Расулға жылдам барып хабар берді.
«Үш адам көңіліңіз сұрап келген екен,
Рұқсат сұрап тұр» деп айтып келді.

- Жәбірейіл Пайғамбарға айтты сонда:
370 — Мен келгенде түр еді есігіңде.
Сізге қызмет қылғалы келіп еді,
Әзірейіл, үш періште осы күнде.
- Әй, балам, ағраби емес, Құдай білер,
Біз білсек, үшеуі де періштелер.
Мекайыл, Ысрапыл мен ол Әзірейіл,
Бөрі де бір Құдайға жұмыскерлер.
- Әй, балам, есік ашқыл, үйге кірсін,
Пақырдың жай-мәнісін көзі көрсін.
Досыма әрне қылса разымын,
380 Құдайым не қыларын өзі білсін.
- Үшеуін шақырған соң келді кіріп,
Отырды хақ Расулға сәлем беріп.
«Бір Алла сәлем дейді» дегеннен соң,
Фатима ішін тартты мұны көріп.
- Бір Алла сәлем дейді, тақсыр, сізге,
Барғыл деп бұйрық қылды үшеуімізге.
Хабибім үмбеті үшін қайғырмасын,
Келді деп айып қылма енді бізге.
- Естіп сонда Расул жылады зар:
390 — Үмбетіме рақым қыл, Пәруардигар.
Атасы өліп, үмбетім жетім қалды,
Тапсырдым бір өзіңе, Қадір Жаппар.
- Әзірейіл дейді жылап Пайғамбарға:
— Бір ажал келмей қалмас баршаларға.
Падишаһым, сізге бар деп әмір қылды,
Әмірін тұтпай тұруға амал бар ма?!
- Құданың қарсылық жоқ пәрманына,
Жеткермес кейбір жанды арманына.
Пендеге ажал осы жақын келсе,
400 Һешкімнің қарамайды дәрменіне.

Құданың бұйрығына амал қанша,
«Баршаның жанын ал» деп әмір қылса.
Сізге келіп тұрғаннан жылдамырақ,
Тіптен оңай аламын дем алғанша.

Расул айтты: — Разымын сізге, — дейді,
Құданың әмірі болмас өзге, — дейді.
Иә, асхаб, жараныма зарласайын,
Рұқсат болар ма екен бізге, — дейді.

410 Әзірейіл айтты: — Хақ Расул Құдай досты,
Сізге рұқсат қылғанша көп жұмысты.
Еш армансыз зарлас қып асхабыңа,
Сізге рұқсат бермесек жарамас-ты.

Сонда Айша жылайды мұны біліп,
Расулға арыздасты жақын келіп:
— Құдайдан үшбу сағат пәрмен болды,
Кетіңіз мен ғаріпке разы болып.

420 Мағшұғым, мейірбаным, төнде жаным,
Не қылам сіз кетсеңіз жайым менің.
Құдайым сізді бізден құдіретімен
Айыратын бола ма, Зұлжалалым?

Расул айтты: — Құдайдан болды пәрмен,
Құдай пәрмен қылған соң, не-дүр дәрмен.
Алланың бұйрығына еш шара жоқ,
Дүниенің баяны жоқ, қылма арман.

— Біз қалсақ, сіз кетсеңіз дүние салып,
Артыңда не боламыз жесір қалып.
Тым болмаса қалмады бір мирасқор,
Соны қайғы қыламын есіме алып.

430 Әли мен Фатима келді түн ішінде,
Айша зар жылап тұр үй ішінде.
Бұлар көріп бұл халді зар жылайды,
Расулдың кім жыламас күйігінде.

Бұлар келіп тағы да жылайды көп,
Бәрі де Расул үшін уайым жеп.

— Артыңда біздер қалып не боламыз,
Сіз кетіп жетім болып қалам-ау, — деп.
— Аман-есен қалыңыз, шырағым, — деп,
Фатиманың жүзіне қойды жүзін.

Көрісіп Фатимамен зар жыласты,
440 «Құдайға тапсырдым» деп бақұлдасты.
«Дүниеде енді бізге жүрмек жоқ» деп,
Көзінен қара наркес төкті жасты.

Фатима айтты: — Тірі боп жүрем нағып,
Зар жылап Әли батыр тұрды бағып.
Фатиманың көзінен аққан жасы
Расулдың беттеріне тұрды ағып.

Әли айтты Фатимаға: — Жылама, — деп,
Көл қылып көзің жасын бұлама, — деп.
Расулдың беттеріне тамып кетті,
450 Расул айтты: — Жыласын, сұрама, — деп.

Фатима одан бетер жылады зар,
Қалмады бабасы үшін сабыр-қарар.
«Құданың жарлығына шара жоқ» деп,
Сөйлейді Тәңірі досты хақ Пайғамбар.

Хасен менен Хұсайын кіріп келді,
Боларын бір сұмдықтың біліп келді.
Көзінен жасы ағып, зар еңіреп,
Балқыған қорғасындай еріп келді.

Қасына шақырып ап, сүйді бетін,
460 — Бұлардан қалар менің жұрағатым.
Сіздерден менің нәсілім болар, — дейді,
Сыйлаңыз екеуінің асыл затын.

Қалыңыз, екі ұлым, аман-есен,
Бұл екеуін күтіңіз, мені десең.
Кім бұларды күтпесе, разы емеспін,
Бұларға сиыныңыз, қайғы жесең.

Бұлар жылап отырды, таң кеп атты,
Білел тұрып «салауат» деп азан айтты.
— Әбубәкір имам боп оқысын, — деп,
470 Сахабалар ұйысын, — деп жарлық етті.

Мешітке сахабалар жүрді дейді,
Сыдық имам болғалы тұрды дейді.
Қараса, хақ Расул жоқ өз орнында,
Қарасып сахабалар көрді дейді.

Сыдықтың бөрі келді қастарына,
Мешітті шулап көтерді бастарына.
Бөрі жоқтап Расулды «қайда екен» деп,
Бетін жуды көзінің жастарына.

Расул мұны естіп білді дейді,
480 Есітті фариад қылған елді дейді.
Әли мен ибн Аббас екеулері
Көтерісіп мешітке келді дейді.

Асхабқа Расул сонда болды имам,
Отырып намаз қылды хайрул әнам.
Сахабалар жыласып ұйып тұрды,
Қысқа-қысқа сүремен қылды тамам.

Көтеріп тағы үйіне келді алып,
Амандасты асхабын жиып алып.
Мәдинеде ұрғашы-еркек, бөрі зарлап,
490 Есігінің алдында тұрды налып.

Баршасы зар жыласып төкті жасты,
Сахаба сол уақытта жаман састы.
Сүйікті сахабаның бөрі келіп,
Расулмен кезек-кезек амандасты.

Барша жұрт сол уақытта жылады зар,
 Ұшқан құс, жүгірген аң, жан-жануар.
 Жиылып Мәдинені төңіректеп,
 Жайылып шөп жеместен тұрды олар.

Сонда Расул сөйлейді насихатын:
 500 — Құлақ салып тыңдаңыз, ей, үмбетім!
 Сыдыққа айтты: — Сәлем де үмбеттерге,
 Үлкен-кіші, кәрі-жас, жамағатым.

Үмбет болса, Хақ өмірін тұтсын, — дейді,
 Парыз, уәжіп һәм сүннет етсін, — дейді.
 Кім сүннетін тұтпаса, үмбет емес,
 Дінін күтіп, мұратқа жетсін, — дейді.

Зорлық қылып кісі хақын алмасын, — деп,
 Ақыреттен ғапыл боп қалмасын, — деп.
 Рузе, намаз, тағаты қабыл болмас,
 510 Аузына харам асты салмасын, — деп.

Падишалыққа тапсырды шаһариарын,
 Олар да қимай жылады Пайғамбарын.
 — Жалғаннан ақыретке сапар қылдым,
 Тапсырдым бір Аллаға баршаларың.

Тәнімді бұрын ашқан Әли жусын,
 Ибн Аббас құманмен суды құйсын.
 Өзге қалған шаһариар, асхабтарым
 Иман айтып тұсымда қарап тұрсын.

Онан соң сөйлемей дүние сөзін,
 520 «Үмбетім, үмбетім» деп жұмды көзін.
 Дүниенің ғауһар шамы өшіп кетіп,
 Зар қылды үмбетіне басқан ізін.

Сол уақытта бұ дүниенің кетті сәні,
 Он сегіз мың ғаламның мейірбаны
 Оң қолымен көтеріп жүзін сипап,
 «Уа, дариға, үмбетім» деп шықты жаны.

- 530 Пайғамбар алпыс үште сапар қылды,
Дүниенің опасызын өзі білді.
«Өлім деген Құданың парызы» деп,
Алланың тағдырына мойынсұнды.
- Расулды Әли Арыслан өзі жуды,
Ибн Аббас үстіне суды құйды.
Ай мен күн һәм жұлдыздар жарық болмай,
Бір айдай қараңғы боп күйіп тұрды.
- Хақ Расул сапар қылды дүйсенбі күн,
Күйігіп білінбеді күн менен түн.
Сонан бері дүниеге бәле толды,
Пайғамбар жер жүзінен кеткеннен соң.
- 540 Жылады сахабалар қылмай ирам,
Жас ақты көздерінен тарам-тарам.
Пайғамбар жер жүзінен кеткеннен соң,
Дүниеге бәле толып, болды қараң.
- Қам-қайғыға толтырды сахабасын,
Ағызды қасіретпенен көзден жасын.
Періште бұ дүниеге сыймай кетті,
Оқысты Хақ Расулдың жаназасын.
- Жаназасын оқысып, көрге қойды,
Топырағы бұйырған жерге қойды.
Расулға дүр уа маржан, жауһар шашып,
550 Бейштен хор қыздары қылды тойды.
- Аяғы бұл қиссаның болды тамам,
Салауат дұға қылар білген адам.
Һәр кітаптан көрдім де өлең қылдым,
Мұнан артық сөйлеуге келмес шамам.
- Екі қисса шығардым Пайғамбардан,
Құдай безер уағдадан тайғандардан.
Құда, рақым, Пайғамбар, шапағат қыл,
Көп құған күнә ісін мен бір надан.

- 560 Аралап тұзын таттым талай жердің,
Кітаптан әуелі оқып нұсқа көрдім.
«Бастыруға Қазанға жібергін» деп,
Ахмет Кәрім ноғайға жазып бердім.
- Әуелі кітаптардан көрдім ізін,
Расулдың қисса қылдым екі сөзін.
«Пайғамбарды өлең қып жазамын деп,
Ғасы болдым ба» деп қорқам менің өзім.
- Расулдан шапағат тілеп, жаздым мұны,
Бар шығар мендей ғасы неше құлы.
Рахман, Рахим, ғафу қып күнәһымды,
570 Иә, Расул, шапағат қыл махшар күні.
- Нұсқасын һәр кітаптан көріп едім,
Көңілім оқығанда беріп едім.
Арлы-берлі өлең қып жазып алып,
«Бастыр» деп Ахмет Кәрімге беріп едім.
- Тамам қып бұл сөзімді болған жерім,
Расулдың Миғражы мен өлген жерім.
Оқыған жан, маған да дұға қылғыл,
Обал-сауап арасын білгендерің.
- Жазғалы бұ қиссаны қалам алдым,
Жақсылардан мен дұға тандап алдым.
Шайхыслам ұғлы Жүсіпбек деп,
582 Оның үшін кітапқа атым салдым.

Бос Торғай

Бозторғай

Қиын жол қияметтің тар-ды дейді,
Бір жағы су, бір жағы жар-ды дейді.
Өзірет Әли Пайғамбар заманында
Маңайында бір мүсәпір бар-ды дейді.

Көңілінде ол мүсәпір аласы жоқ,
Ерді-қатын екеуі, баласы жоқ.
Жарлығы Жаратқанның сондай қатты,
Бір жалғыз тым болмаса қарасы жоқ.

10 Құдай береді екен есіне алып,
Асы жоқ ішеріне жазған кәріп.
Күнінен амалы жоқ ол бейшара
Суға жүреді екен қармақ салып.

Ұшқан құс, жүгірген аң — бәрі тамақ,
Шәкірті ұстазынан алар сабақ.
Өзі де күнде қармақ салса дағы,
Ілінер қармағына жалғыз шабақ.

20 Ол жарлы қармақ салып қайтады екен,
Кедейлік мүсәпірге батады екен.
Екеуі бір шабақты қорек қылып,
Сонымен екі байғұс жатады екен.

Ол жарлы бұрынғыдай бола алмады,
Қөңілі күндегідей тола алмады.
Бір күні күніменен қармақ салып,
Еш нәрсе қармағымен ала алмады.

Қиын жол қияметтің тар-ды дейді,
Бір жағы су, бір жағы жар-ды дейді.
Ол күн аш болған соң жазған кәріп,
Кәпірге тамақ сұрай барды дейді.

30 Жоқтықта қинар нәпсі кәріп жанды,
Көреді ол мүсәпір атпас таңды.
Не берсін тегін тамақ ол кәпірдар,
Бір теңгенің тамағын қарызға алды.

Пайғамбар бізден бұрын өтті дейді,
Кәмелеге тілеулі арыстан жетті дейді.
Пәлен күні кепіл тауып беремін деп,
Бір күнде бұлар айтып кетті дейді.

40 Ол жарлы бұрынғыдай бола алмады,
Көңілі күндегідей тола алмады.
Болжаукүні болғанда барып еді,
Берерге жалғыз тиын таба алмады.

Жоқтықта қинар нәпсі кәріп жанды,
Көреді ол мүсәпір атпас таңды.
Күнінде ол теңгесін өтей алмай,
Енді жарлы мойнына өсім салды.

Жоқтықта қинар нәпсі кәріп жанды,
Көреді ол мүсәпір атпас таңды.
Күнінде ол теңгесін өтей алмай,
Мың қылып бір теңгесін хатқа салды.

50 Жарлыға мың теңге ақша түсті дейді,
Кедейлік бәрінен де күшті дейді,
Ақшасы мыңға жетіп кеткеннен соң,
Жарлыны «ақшам бер» деп қысты дейді.

— Қайдан тауып берейін саған, — дейді,
Аз ғана аял берші маған, — дейді.

Саған берер бір тиын еш нәрсем жоқ,
Барайын Мұхамбетке* тамам, — дейді.

Ол жарлы бір Аллаға тілеп келді,
Қоймасын ол кәпірдің танып келді.
Өзінен берер нәрсе жоқ болған соң,
60 Сасқаннан Мұхамбетке алып барды.

Енгенде Мұхамбетке күліп келді,
Болғанын бір сұмдықтың біліп келді.
Мұхамбет сахабалармен отырғанда,
Ол жарлы сәлем беріп кіріп келді.

— Уағалейкүмассалам, мүсәпір,
Бұл қалай, қасыңдағы сенің кәпір.
Екі көзің жылауда, ей, мүсәпір,
Қай жаққа алып сені бара жатыр?

— Сиынсаң бір Аллаға бұрын сиын,
70 Іс өткен соң сиыну болар қиын.
Бар еді бұл кәпірдің мың ақшасы,
Берерге таба алмадым жалғыз тиын.

— Жаратқан бәрімізді бір Құдай-ды,
Жаратты жарық қылып күн мен айды.
Өзіңнен беретұғын бір тиын жоқ,
Мұны үзгелі барасың енді қайда?

— Жаратқан бәрімізді бір Құдай-ды,
Жаратты жарлық қылып күн мен айды.
Он сегіз мың әлемнің патшасысыз,
80 Бір пайдаңыз тиер ме екен осындайда.

Өзіне мал жимады ол Пайғамбар,
Малы көп сахабалар бейілі тар.
Жан-жағынан отырған сахабалар
Қараса, Мұхамбетім жерге қарар.

* Түпнұсқада Пайғамбардың есімі осылай берілген.

Ашуы ер Әлидің енді келді,
Көңілін жаратқан шалқар көлдей.
— Бабам жерге қарайды, — деп өзірет Әли,
Батаң бер, мен үземін, — деп түрегелді.

90 «Батаң бер, мен үземін» деп түрегелді,
Ашуы ер Әлидің қатты келді.
Адамның бойына біткен түгі
Киімнен найзадай боп шыға келді.

Ол Мұхамбет пайғамбар бата берді,
Әлидің айтқан сөзін қабыл көрді.
Бабасынан бата алып, өзірет Әли
Ертіп ол мүсәпірді алып келді.

100 Шүкір қылдым Құдайының бұл ісіне,
Тағы тәубе қылайын әр ісіне.
«Ақша бар ма кәпірге бергелі» деп,
Үйінің ішін тінттірді бұл ісіне.

Аузына пұлы жоқ деп ала алмады,
Көңілі күндегідей бола алмады.
Үйінің ішін ақтарып қараса да,
Берерге жалғыз тиын таба алмады.

Қайғысыз өзірет Әли ер-ді дейді,
Берер нәрсе таппады енді дейді.
«Бұл ақшанды мен тауып үземін» деп,
Екі ұлын кепілге берді дейді.

110 Асан менен Үсенді алды дейді,
Қуанып ол үйіне барды дейді.
Екі етегін беліне түріп алып,
Өзірет Әли бір сапарға жүрді дейді.

Жолында өзірет Әли жалғыз жүрді,
Жалғыз жүріп далада бір мола көрді.
Ол моланың басына келді жетіп,
Отырып өзірет Әли дұға қылды.

Молада бір торғай отыр, көзін салды,
Торғайды көремін деп көңіліне алды.
Ер Әли айналдырып көріп еді,
120 Сол жерде көріскеніне қайран қалды.

— Ұстап алып торғайды көрсем, — деді,
Асан менен Үсенге берсем, — деді.
Еріккенде ермек қылып жүрер еді, —
Ер Әли ұстайын деп еңкейді енді.

Не күшті бұл дүниеде, Құдай күшті,
Аузыма айтып едім Құдай түсті.
Шап етіп аяғынан ұстап еді,
Торғай құс жұдырықтай алды, ұшты.

Ер Әли бір Аллаға нанып кетті,
130 Болғанын бір сұмдықтың танып кетті.
Маған енді не бар деп жүрген Әли,
Жұдырықтай торғай құс алып кетті.

Жаратқан жер мен көкті жөксенбі күн,
Қараңғы өлгендерге болады түн.
«Өзірет Әли, торғайдан айырылма» деп,
Артынан ащы дауыс, шығады үн.

Ол торғай аспанға кетті, қайырылмады,
Сөйтсе де өзірет Әли қайғырмады.
Серілікпенен торғай тұтты әуел,
140 Ақырында еркінен айрылады.

Хайла қылып өзірет Әли саспайды енді,
Бір жолға Құдай Тағала бастайды енді.
Ол торғай аспанменен алып келіп,
Әлиді бір сапарға бастайды енді.

Ер Әли бұрынғыдай күле алмады,
Қалды жаяу, астына ат міне алмады.
Әлиге уайым енді түсті,
Қайсы жақтан келгенін біле алмады.

- Ер Әли тәубе қылып күлді дейді,
150 Болғанын бір сұмдықтың білді дейді.
«Иә, Құдай, өзің оңда» дейді дағы,
Жаңа келген жағына жүре берді.

Жүре-жүре бір асқар белге келді,
Өзі тауып келмеген елге келді.
Әр жолға Құдайымның өзі бастар,
Бір көп жөнсіз елге келді енді.

- Ер Әли елге қарай жүрді дейді,
Бір шәрдің ішіне кірді дейді.
Өңкей-ақ ұрғашы бар, еркегі жоқ,
160 Бір кішкене қараша үйге келді дейді.

Келді де қараша үйге сөйлес қылды,
Сөйлес қылса, бір жаман кемпір келді.
— Кемпір, тірі еркегің еліңде жоқ,
Сұраймын жөніңді, не елсің? — дейді.

— Айтайын жөнімізді сізге, батыр,
Сұрасаң, жөніміздің өзі — көпір.
Бар еркегі жиылып тойға кетті,
Патшамыз осы жақта той қып жатыр.

- Әлидің ауады енді тентек ойы,
170 Кемпірдің қозғалды енді тұла бойы,
— Қимылдаған еркегіңнің бәрі кетіп,
Ол қылғаны патшаның ненің тойы?

— Бір жерге тамам кісім құралатұғын,
Мойнын бөтен жаққа бұрмайтұғын.
Патшаның мәжілісі бар жұма сайын,
Сауық қылып, кеңес қылып жырлайтұғын.

- Кетіпті тірі еркегің тамам, — дейді,
Не болды онда бармай саған, — дейді.
Мұсылманның дініне кіргізейін,
180 Ол тойды тура сілте маған, — дейді.

— Барар болсаң, көп тұрма мұнда, — дейді,
Менің айтқан сөзімді тыңда, — дейді.
Сонау шәрге барғанда дауысы шығар,
Той қылып дауыстап жатқан сонда, — дейді.

— Бір жақсылық қылайын, кемпір, — дейді,
Тіліңді кәлимаға келтір, — дейді.
Мұсылманның дініне кіргізейін,
«Лә иләһа илла Алла», келтір! — дейді.

190 — Дінімді бермен, тілімді берсем дағы,
Көңілім бермен, сөзіңе ерсем дағы.
Тілімді кәлимаға келтірмеймін,
Өз дінімнен шықпаймын өлсем дағы.

Сонан соң әзірет Әли састы дейді,
Кемпір жаман ол қорқып қашты дейді.
Кемпірдің бір ашуын алды дейді,
Кемпір пақыр тырайып қалды дейді.
Екі етегін беліне түріп алып,
Ер Әли тойға қарай жүрді дейді.

200 Сол тойға келді жаяу Әли батыр,
Бұрынғы пайғамбардың бәрі батыр.
Самсаған сары қолға келді жетіп,
Той қылып шуылдап жатыр тамам кәпір.

Әзірет Әли сол тойға келді жайнап,
Кәпірлер шуылдап жатыр күліп-ойнап.
Кіріп барып отырды ортасына,
Сансыз құлдың бәрінің көзін байлап.

210 Сиынды әзірет Әли Алласына,
Кіріп барып отырды ортасына.
Мас болған арақ ішіп, сауық қылып,
Енді кеңес айттырды молдасына.

Кәпірлер өз есінен шықты дейді,
Бір-біріне арақ беріп жықты дейді.

Сол азан салдырған соң молдасына,
Басына мұнаның шықты дейді.

Жігіттер, ал тыңдайық, кідіріңізші,
Тыңдасаңыз құлақ салып «е» деңізші.
Мұнаның басына шыққаннан соң,
Азанды айтатұғын не деңізші?!

220 Боқтады ораза, намаз, әуелі иман,
Боқтады тағы онан соң кітап Құран.
Жүз жиырма төрт пайғамбардың бәрін боқтап,
Қоймады боқтамаған әулиеден.

Ол молда бұрынғыдай бола алмады,
Көңілі күндегідей тола алмады.
Айтайын деп ентігіп келсе дағы,
Үлгіден бір ауыз сөз таба алмады.

230 Аруағы ер Әлидің күшті дейді,
Молда бақыр көтінен пысты дейді.
Күндегі айтқан сөздің біреуі жоқ,
Молданы тамам көпір қысты дейді.

— Қиын жол қияметтің тар, білемін,
Төрт шәриар, пайғамбар бар, білемін.
Күндегі айтқан сөзім біреуі жоқ,
Бір адам пайғамбардан бар, білемін.

Молданың көңілі болды күпті дейді,
Бір ауыз сөз таппады тіпті дейді.
«Пайғамбардан кім бар екен?» деп,
Көпірлер түс-түс жақтан тінтті дейді.

240 Ол молда бұрынғыдай күле алмады,
Көңілі күндегідей бола алмады.
Көпірлер түс-түс жақтан тінтсе дағы,
Әлиді ішіндегі таба алмады.

Ер Әли ортасында отыр жайнап,
Кәпірлер дулап жатыр күліп-ойнап.
Әлиді ішіндегі қайдан тапсын,
Бәрінің қойғаннан соң көзін байлап.

Аруағы Әлидің күшті дейді,
Молда батыр көтінен пысты дейді.
«Сен өтірік айтасың, адам жоқ» деп,
250 Молданы өлтіремін деп қысты дейді.

Ойласам, бисмилланың бірі тәуір-ді,
Көңілге бисмилладан себеп кірді.
«Пайғамбардан кейінгі мен бармын» деп,
Ер Әли ерлігімен түрегелді.

Әулиенің үлкені ашуланады,
Қиямет қайым болғанда тас жанады.
«Мінеки, мен бармын» деп түрегелді,
Жиылған тамам кәпір бас салады.

Ер Әли бір Аллаға налыс қылды,
260 Бір сұмдықтың болғанын танып білді.
«Өзі жаяу бір адам жүр екен» деп,
Ертіп оны патшаға алып келді.

Қылышын жасауылдар қайрайды-мыс,
Мылтығын жасауылдар сайлайды-мыс.
«Бұл кісіні қалай қылып өлтіремін» деп,
Патша молдаменен ойлайды-мыс.

Молда айтты: — Жүр екен мұны қылып,
Төлкектеп өлтірейін ыза қылып.
Бұл кісіні Аллалап өлтірейік,
270 Бойына бір нәрсені күнә қылып.

— Иә, молда, сіз айтсаңыз олай қылып,
Құдайым берді бізге ыңғай қылып.
Бұл кісінің міндетін сізге бердім,
Сіз мұны өлтірерсіз қалай қылып?

Бір адам әлдеқалай қылышты кез,
Жігіттер, шамаң келсе қимылда тез.
— Тапсаң сен, таба алмасаң өлтірейік,
Жұмбақ қылып айтайық он ауыз сөз.

280 Молда айтты Әлиге: — Нанармысың,
Менің айтқан тілімді алармысың?
Жұмбақ қылып айтамын он ауыз сөз,
Бір аузын қалдырмай табармысың?

Әли айтты молдаға: — Нанармысың,
Менің айтқан сөзімді алармысың?
Тапсам таптым, таппасам өлемін ғой,
Тапсам, үш ауыз сөз айтайын, табармысың?

— Сөйлейін, сөйле десең, Жаппар Құдай,
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.
Өлтірермін, ойламай тапшы жылдам,
290 Біреу, екеу болмақ жоқ, оның қалай?*

— Сөйлейін, сөйле десең, Жаппар Құдай,
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.
Дереу басын кесермін, тапшы жылдам,
Екеу, үшеу болмақ жоқ, оным қалай?

— Үндерде не үн жақсы — Құран үні,
Түндерде не түн жақсы — Қадір түні.
Ол неге үшеу болсын, кәпір дұшпан,
Жаратқан бір Құдайдың ай мен күні.

— Сөйлейін, сөйле десең, Жаппар Құдай,
300 Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.
Өлтірермін, ойламай тапшы жылдам,
Үшеу, төртеу болмақ жоқ, оным қалай?

— Айтайын білгенімді, жиылған көп,
Мен айтсам осылай қып, болар ма деп.

* Әлидің бірінші сұраққа берген жауабы түпнұсқада жоқ.

Ол неге төртеу болсын, кәпір дұшпан,
Құптанның аяғында отыр уәжіп.

— Сөйлейін, сөйле десең, Жаппар Құдай,
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.
Өлтірермін, ойламай тапшы жылдам,
310 Төртеу, бесеу болмақ жоқ, оным қалай?

— Төрт шәриар: екеуі — Омар, Оспан,
Біреуі — әзірет Әли елден босқан.
Біреуі Әбубәкір Сыдық болар,
Ол неге бесеу болсын, кәпір дұшпан.

— Сөйлейін, сөйле десең, Жаппар Құдай,
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.
Өлтірермін, ойламай тапшы жылдам,
Бесеу, алтау болмақ жоқ, оным қалай?

— Шырақтың алды менен арты болмас,
320 Кітаптан шыққан сөздің қалты болмас.
Дәретімен бес уақыт намаз болар,
Шұнамыр құл, осы бесеу, алтау болмас.

— Сөйлейін, сөйле десең, Жаппар Құдай,
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.
Өлтірермін, ойламай тапшы жылдам,
Алтау, жетеу болмақ жоқ, оным қалай?

— Қияметтің қыл көпірі қиын жер ме,
Бсрапыл, сірә деген, қызыл жел ме?
Ол неге жетеу болсын, кәпір дұшпан,
330 Жаратқан имандыға алты кәлима.

— Сөйлейін, сөйле десең, Жаппар Құдай,
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.
Өлтірермін, ойламай тапшы жылдам,
Жеті, сегіз болмақ жоқ, оным қалай?

— Сенің айтқан сөзіңнің бәрі анық,
Менің айтқан сөзімді қылма танық.
Ол неге сегіз болсын, кәпір дұшпан,
Қылмысты құл орыны тұр — жеті тамұқ.

340 — Сөйлейін, сөйле десең, Жаппар Құдай,
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.
Дереу басыңды алармын, тапшы жылдам,
Сегіз, тоғыз болмақ жоқ, оным қалай?

— Қылмыссыз құлға — ұрмақтан тақ,
Он екі имам көңілімде болады нақ.
Ол неге тоғыз болсын, шұнамыр құл,
Қылмыссыздың орны тұр — сегіз ұрмақ.

350 — Сөйлейін, сөйле десең, Жаппар Құдай,
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.
Өлтірермін, ойламай тапшы жылдам,
Тоғыз, он болмақ жоқ, оным қалай?

— Ай, кәпірлер, мен айтайын сөздің жайын,
Пайдасы жоқ сөзінді не қылайын?
Ол неге он болсын, шұнамыр құл,
Тоғыз ұлды пайғамбар Ыбраһым.

— Сөйлейін, сөйле десең, Жаппар Құдай,
Шарапаты Мәдиненің тұрар былай.
Өлтіремін, ойламай тапшы жылдам,
Он, он бір болмақ жоқ, оным қалай?

360 — Жеті қабат жер мен көктей әлем,
Бар дейді пейіште қылмыссыз адам.
Ол неге он бір болсын, шұнамыр құл,
Он ай құрсақ көтерген ұрғашы адам.

Ол дүние бұл дүниеден қатты дейді,
Қызығы бұл дүниенің тәтті дейді.
Ол молда он ауыз сөз айтып еді,
Бір аузын қалдырмай тапты дейді.

Әли айтты: — Тіліме нанармысың,
 Менің айтқан тілімді алармысың?
 Он ауыз сөз айтып едің, бәрін таптым,
 370 Мен үш ауыз сөз айтайын, табармысың?

— Көп сөзің бар ішінде сенің, — дейді,
 Ашуыма көп тимеші менің, — дейді.
 Әли, не деп айтасың маған, — дейді,
 Ол сөзіңді айтпаймын сенің, — дейді.

Әруағы ер Әлидің күшті дейді,
 Көтінен молда бақыр пысты дейді.
 «Бұл айтқан соң, [сен] неге айтпайсың» деп,
 Молданы тамам көпір қысты дейді.

— Қоймадың, е, падиша, халімізге,
 380 Келді бір зор қайғы шәрімізге.
 Мұның айтқыш үш сөзін мен де айтармын,
 Мен айтсам, айтармысыз бәріңіз де.

— Өтерсің бір нәрсені көңіліңе алып,
 Таппасаң, байғұс молда, болдың кәріп.
 Сенің айтқан сөзіңді біз де айтармыз,
 Бұл жерде не болармыз сізден қалып.

— Айтайын солай болса мен, — дейді-міс,
 Менің айтқан сөзіме көн, — дейді-міс.
 Айтатұғын сөзіңізді сөз еді,
 390 Сөзіңді айтшы, білейік, сен, — дейді-міс.

— Ойласам, бисмилланың бірі затты,
 Болғанда тілім сәждеде, көңілім қатты.
 Бұл сөзімді ойламай, жылдам тапшы,
 Ұжмақтың есігінде не жаратты?

— Қияметте қыл көпір жол бар, — дейді,
 Ұзындығы мұның жылдық мол бар, — дейді.
 Ұжмақтың есігінде, есіткенім,
 «Бисмилла рахманир рахим» — сол бар, — дейді.

- Ойласам, бисмилланың бірі затты,
400 Болғанда тілім сәждеде, көңілім қатты.
Бұл сөзімді ойламай, тапшы жылдам,
Ұжмақтың тап төрінде не жаратты?
- Қияметтің қыл көпір жолы бар, — дейді.
Ұзындығы мұның жылдық мол бар, — дейді.
Ұжмақтың тап төрінде, есіткенім,
«Лә иләһа илла Алла» — сол бар, — дейді.
- Ойласам, бисмилланың бірі затты,
Болғанда тілім сәждеде, көңілім қатты.
Бұл сөзімді ойламай тапшы жылдам,
410 Ұжмақтың миуасында не жаратты?
- Қыл көпір қияметте жол бар, — дейді,
Ұзындығы мұның жылдық мол бар, — дейді.
Ұжмақтың миуасында, есіткенім,
«Лә иләһа илла Алла» — сол бар, — дейді.
- Ол молда үшеуін білді дейді,
Тілдері кәлимаға келді дейді.
Молданың айтқан сөзін бәрі айтып,
Бәрі бірдей мұсылман болды дейді.
- Бәрі бірдей діндерін берді дейді,
420 Тілдері кәлимаға келді дейді.
— Бәрімізге ұстаз болып имам болдың,
Не аларсыз біздерден енді, — дейді.
- Жеткізген мұнда мені бір торғай құс,
Мені үйден шығарған жарлы байғұс.
Не берерсіз біздерге, не бермессіз,
Керек еді біздерге алтын-күміс.
- Тамам көпір мұсылман болды дейді,
Шайтан қашты, періште толды дейді.
Алтын менен күміс жидылар,
430 Үлкендігі бір таудай болды дейді.

Ер Әли енді ойлайды ойды дейді,
Алтын менен күміске тойды дейді.
Арқасына көтеріп салып еді,
Ер Әли көтере алмай қойды дейді.

Ер Әли бір адамға налып кетті,
Болғанын бір сұмдықтың танып кетті.
Екіншіде арқадан көтергенде,
Бозторғай құс оны алып кетті.

Ер Әли сабыр қылып саспайды енді,
Алла Тағала бір жолға бастайды енді.
Ол торғай аспанменен алып кетіп,
Әлиді өз үйіне тастайды енді.

Алып келіп кедейге берді дейді,
Кедей байғұс қуанып алды дейді.
Кедей көпірдің борышын төлеп,
446 Жарлы байғұс сонымен қалды дейді.

قصه قهرمان

Қисса Қаһарман

Жаратқан барша жанды Алла Тағалам,
Жаралған Ғаршы Күрсі, Лаух Қалам.
Жарандар, сал құлақты үшбу сөзге,
Бастаймын бір азырақ Қаһарманнан.

Естісең, көз жетпейді амалына,
Салдылар тамам диюды табанына.
Қаһарман, Қатыран деген ер өгіпті
Бұрынғы Ұшан патша заманында.

- Жөн болар не қылса да Құдай ісі,
10 Құдіреті, әмірі көп, келер күші.
Қаһарман, Қатыран деген екі балуан,
Бұрынғы Нұх пайғамбар немересі.

Дүниеге Қаһарманды Құдай берді,
Перілер кітап көріп атын білді.
Жетпіс жыл бұрын кітаптан атын біліп,
Жиылып кеңес қылып зар еңіреді.

- Қаһарман біздің үшін туар, — деді,
Біздерге белін махкам буар, — деді.
Дүниеде ол туған соң күн көрмейміз,
20 Біздерді бұ мекеннен қуар, — деді.

Қырық балуан перілерге әмір қылды,
Туғанын Қаһарманның аңдыды енді.
Жетпіс жылдай Қаһарман неш тумайды,
Сарғайып сол қайғыдан зар жылайды.

Сөйлейді Екуал патша тіл мен жақтан:
— Күн көрер сол Қаһарман біздің жақтан.
Кітаптан оқып атын көміл білді,
Шаһарында туар, — деп, — Ағанақтан.

30 Перілер қырық балуан мұнда келді,
Шаһарын Ағанақтың аңдыды енді.
Жетпіс жылдай Қаһарман һеш тумайды,
Перілер мәжнүн болып зар еңіреді.

Оқыпты көп перілер күнде қағаз,
Еркелеп тірі жанға қылмайды наз.
Күнде аңдып бұ шаһарға келеді екен,
Шешесі Қаһарманның болды буаз.

40 Жаратты барша жанды Жаппар Құдай,
Перілер болып жүрді сұмырайдай.
Дүниеге Қаһарманды Құдай берді,
Анасы буаз болды жетпіс айдай.

Тамаша табылар ма, сірә, мұндай,
Перілер аңдып жүрді күні-түндей.
Тууы Қаһарманның болып еді,
Шешесі толғатыпты жетпіс күндей.

Дүниеге Қаһарманды Құдай берді,
Анасының қарнынан шығады енді.
Һәр сағатта он кезден шығады екен,
Болғанда жеті сағат өрең келді.

50 Осылайша туыпты қамқор бала,
Қаһарманды жаратты Алла Тағала.
«Тазалап бұ баланы аламыз» деп,
Жетпісі алып кетті дарияға.

Алтын кілем орады ортаға алып,
Көргендер бұ сипатқа қайран қалып.
Жетпіс қатын көтере алмай, жұрты келді,
Бәрісі алып барды өзер талып.

Жиылып төрт жүз шаһар бәрі келді,
Ұлық-кіші, жамағат, кәрі келді.
Құндаққа жас баланы орап қойып,
60 Жиылған көп жамағат ойнап-күлді.

Көп тамаша жамағат ойын етті,
Ойнап тұрып азырақ ұйықтап кетті.
Сәмән деген дию үлкен балуан
Таңға жақын болғанда аңдып кепті.

Сәмән таңға жақын үйге кірді,
Ұйықтаған жамағатын көзі көрді.
Орнына ақсақ, соқыр пері тастап,
Қаһарманды көтеріп жөнелді енді.

Ойнаған көп жамағат қалды ұйықтап,
70 Жөнелді Қаһарманды [Сәмән] бастап.
Қуанысып перілер алып кетті,
Орнына ақсақ, соқыр пері тастап.

Таң сарғайып сол уақытта сабах кірді,
Анасы емізгелі түрегелді.
Құндағына баланың барып еді,
Құндақта ақсақ, соқыр пері көрді.

Анасы оны көріп жылайды зар,
Жүректері тітіреп тысқа шығар.
Ұшан патша намаздан келеді екен,
80 Дауысқа зарлаған құлақ салар.
Ұшан келді «мәнісін білейін» деп,
Дауысқа зарлаған қайран қалып.

— Айырылдым шырағымнан, тақсыр ханым,
Құндағынан жоғалды Қаһарманым.
Білмеймін қарағымды кім алғанын,
Жетпіс ай зая болды қиналғаным.

Ұшан патша сол жерде әмір қылды,
Төрт жүз шаһарға «жиыл» деп хабар берді.

90 Мұсылман өңкей балуан, бәрі дана,
Аң-таң қалып жылағанға бәрі келді.

Салады Ұшан көңілін сары белге,
Иә, Алла, тура сілте ұзын жөнге.
«Ерамбағы шаһардан іздеймін» деп,
Шеберлерге қылдырды төрт жүз кеме.

Келді батыр «барамыз» деп көп жамағат,
Өңкей балуан жиылды жүз мұсылман.
«Қаһарман соғысында өлеміз» деп,
Төрт жүз шаһар ішінде жан қалмаған.

100 Жүз мұсылман адамның бәрі батыр,
Төрт жүз кеме үстінде төрт жүз шатыр.
Амандасып жұртыменен айырылысып,
Дүние айналған мұхитпенен бара жатыр.

Арада жеті жыл тағы да өтті,
Қаһарман жеті жасқа сонда жетті.
Қырық балуан жақсылық қызмет етіп,
Бір күні суға келіп шомылыпты.

110 Таң қаларсың Құдайдың құдіретіне,
Киініп бала шықты су шетіне.
Бетін көріп дарияға түсіп келіп,
Таң қалды өз-өзінің келбетіне.

— Енді мен Күңкірден сұрайын, — деп,
Мәнісін нәсілімнің білейін, — деп.
Күңкір маған мәнісін неш айтпаса,
Не болса да сол арада болайын, — деп.

Жүгіріп Күңкірге Қаһар келді,
Қол қусырып алдынан сәлем берді.
— Нәсілім менің сізден бөлек болды,
Иә, Күңкір, менің затым кімнен? — деді.

120 Жөн болар не қылса да Құдай ісі,
Құдайдың һәр нәрсеге келер күші.

— Сенің затың біздерден бөлек емес,
Сенің атаң Екуалдың немересі.

«Барайын» деп Қаһарман суға кірді,
Суға салып нәсіліне көз жіберді.
«Жасырып Күңкір маған айтпады» деп,
Қаһарман ашуланып жүгірді енді.

- Айтыңыз жасырмай-ақ, Күңкіреке,
Өтірік айтпай, шындығыңыз сөз мереке.
Егер де осы жерде шын айтпасаң,
130 Тамам жұрттан бөлек өлдің өзің жеке.

Күңкір сонда тұрып ашуланды,
Қызарып екі көзі оттай жанды.
«Қайта-қайта сұрайсың, әдепсіз» деп,
Қаһарманды келді де, салып қалды.

Қаһарман сонда келіп ашуланды,
Қызарып екі көзі оттай жанды.
«Уахид уа әл-Қаһар» деп ұрып еді,
Биік таудай бөлді де құлап қалды.

- Ойына Қаһар алды бір Құдайды,
140 Күңкірдің бас сүйегі бұрқырайды.
Миы ағып, жерге таман бұлақ болды,
Оты шығып көпір дию шырқырайды.

— Қаһарман, бұзылды ма мінезіңіз,
Сол өліп қалды хайуан Күңкіріңіз.
Миы ағып бір шұңқырға жиылғанда,
Дөңгелек көз жеткісіз болды теңіз.

- Тамам дию балуандар мұны көрді,
Жүгіріп Екуалға хабар берді.
— Қаһарман өзін көміл біліп,
150 Енді бізді қырар, — деп еңірейді.

— Жоқ екен Қаһарманнан балуан зор,
Перілер, құтылмасаң, боласың қор.

Енді бізді тағы да шапшай тұрып,
Өзінің мекеніне жеткізе көр.

Қаһарман өзін білсе дым қоймайды,
Перінің қанын ішіп һеш тоймайды.
Тоқсан мың өңкей балуан алып кетті,
Тітіреп Екуал ғаріп зар еңірейді.

160 Тоқсан мың өңкей балуан ортаға алып,
Көтере алмай бәрі қалды есі кетіп.
Арада отыз күн алып ұшып,
Абхаят теңізіне барды жетіп.

Жаратқан осылай қылып Құдірет-ті,
Үш айда бұ теңізден әрең өтті.
Онан соңғы дария Қылзам еді,
Қылзамға шуылдасып барып жетті.

170 Үш айда бұ Қылзамнан аман өтті,
Мұхитқа дүние айналған жаңа жетті.
Алты айда Мұхиттан әрең өтіп,
Сахара жапан түзге тастап кетті.

Сәмән дию Қаһарманмен амандасты,
Көзінен қан аралас төкті жасты.
«Қайтып келсең, маған қас қылма» деп,
Ат үстінен дос болып құшақтасты.

Сөйледі ер Сәмән тіл мен жақтан:
— Қайтіп дәурен сүресің біздің жақтан.
Атам Ахмед Ұшанның уәзірі еді,
Шаһары туып едің Ағанақтан.

180 Қаһарман заманында болды батыр,
Мұхит суын жағалап келе жатыр.
Үш күн, үш түн арада жүріп еді,
Су ішінде келеді алтын шатыр.

Бұларға Құдай тілеуін берген екен,
Баяғы төрт жүз кеме келген екен.

Қаһарманның о да көрді сипаттарын,
Ұшанның қарауылы көрген екен.

Патшаға көрді дағы хабар берді:
— Екі ені екі таудай біреу, — деді.
Нәсілін айтуға тілім келмес-ті,

190 Көргеннен ғаріп жүрек тітіреді.

Ыза болып ер Ұшаннан шығады тер:
— Бәріңді жұтып кетсін сұм қара жер,
Айдалада құр қорқып келгеніңше,
Біреуің жылдам барып хабарын біл.

Боз арғымақ мінді де біреу келді,
Алдынан қол қусырып сәлем берді.
Қаһарман перілерше тіл сөйлейді,
Ыза болып тілін білмей ұмтылды енді.
Келбетіне шыдамай зәресі ұшып,

200 Алдынан топырақ болып өліп қалды.

Көк арғымақ мінді де біреу келді,
О дағы адамзатша сәлем берді.
Тағы да тілін білмей ер Қаһарман,
Оны да жалғыз ұрып өлтірді енді.

Ішінде Қардан, Кашан екі батыр,
Өз ағасы Қатыран келе жатыр.
Бұ үшеуі періден сабақ алған,
Неше түрлі періше жауап сөйлер.

«Барамыз» деп патшадан өмір алды,
210 Үшеуі атқа мініп шығып барды.
Үшеуі перілерше сәлем берді,
Іші жылып Қаһарман қабыл алды.

Өз ағасы Қатыран сөз сөйлейді,
Бәр түрлі насихаттап көп сөйлейді.
— Кім сен, ақылың жоқ ашуланшақ,
Екі уәзірді өлтірдің, — деп сөйлейді.

— Қасымда жолдасым жоқ жүрген жанмын,
Адасқан ақылымнан мен бір далмын.
Шаһарымды Ағанақ деп айтып еді,
220 Жас күнде пері ұрлаған Қаһарманмын.

Өз ағасы Қатыран аттан түсті,
«Қарағым, Қаһарман» деп құстай ұшты.
Қаһарман да құшағын жая берді,
Үшеуі үш жағынан құшақтасты.
Төртеуі қойдай шулап зар жылапты,
Дария айналып қара жер тітірепті.

Бұлардың жылағанын Ұшан көрді,
Төрт жүз кеме көшіп туған келді.
«Қарағым, Қаһарманым, бар ма» деп,
230 Жүз мұсылман жер көшіп күңіренді.

Көштей [боп] жүз мұсылман өңкей адам,
Жан қалмас көріскенде таң қалмаған.
Жер-көк аралары күңіреніп тұрды,
Он үш күнде көрісіп болды тамам.

Қырық күндей той қылыпты Ұшан патша,
Көңілі қатты қуанды сол уақытта.
Қуанып Ұшан патша сөз сөйлейді,
«Қарағым, Қаһарманым» деп сөйлейді.

Отырды Ұшан патша алтын таққа,
240 Мінгізді Қаһарманды арғымаққа.
— Қарағым, Қаһарманым, арысланым,
Жүресің талап қылып қайсы жаққа.

Сөйлесе Қаһар ердің тілі майда,
«Құдай-ай» деп бір жылайды осындайда.
— Жас күнде құндағымнан өуре қылған
Менің дұшпаным Екуал патша қайда?

Кеудесі Ұшан ердің сондай зерек,
Қап тауы дүние айналған дөп-дөңгелек.

- Қарағым, сапар қылсаң бізден дұға,
250 Өзіңе неше кісі жолдас керек?
- Жөн болар не қылса да Құдай ісі,
Құдіреті, әмірі көп келер күші.
Қардан, Кашан, Қатыран ағамды алып,
Соныменен керек маған тоғыз кісі.
- Кей сопылар жолының қамын жесін,
Кей балуан осылайша «Алла» десін.
«Үш теңізден аман-есен өтеміз» деп,
Қардан, Кашан ойлайды осылайша.
260 Осы кемені ойына Құдай салды,
Үш күнде бұл кемені қылып алды.
- Қаһарман Ұшанмен амандасты,
Көзінен қара нәркес төгіп жасты.
«Есен болсам, он жылда келемін» деп,
Он жылға уағда қылып сөз байласты.
- Жөнелді кеме салып дарияға,
Амандасып айырылды қарияға.
Рас ерлік қыспаса осылай болып,
Адамзат өз жұртынан айырыла ма.
- Ішінде Мұхит теңізі үш ай жүрді,
270 Күркіреп бір үлкен жайын келді.
Кемені жұтайын деп келген екен,
Суды талқан қылды да, ұмтылды енді.
- Жайын келді кемені жұтайын деп,
Тоғыз жолдас қорқады есі кетіп.
Қаһарман қарсы барды заһар шашып,
Жайын кетті бұрылып кейін қашып.
- Бұрылғанда құйрығынан ұстай алды,
Кемені жайын сүйреп ойран қылды.
«Қоя бер, кеме суға жығылар» деп,
280 Қасындағы тоғыз кісі зар жылады.

Өз ағасы Қатыран және келді,
«Шырағым, қоя бер» деп ұмтылды енді.
Ағасының көңілін қайтармай-ақ,
Босатып Қаһар балуан қоя берді.

Он екі айда үш теңізден аман өтті,
Қап тауының жиегіне барып жетті.
— Мен келгенше кемеден шықпа, — деді,
Шыныменен ұйықтап жатсаңыз, — деді.

Кемеден шыға көрме мен келгенше,
290 Қадамды баса көрме өле-өлгенше.
Судан шықсаң, перілер қағып кетер,
Он жылда бір айналармын көргенше.

Қаһарман сөз айтады ақыл тауып,
Кемені желімдейді бетін жауып.
Алаң-бұлаң шам намазы болған екен,
Кіреді Қап тауына жаудай шауып.

Бұ келген жалғыз жерге көрім деді,
Жалғыздықтан алаңдап көз жіберді.
Қаһарман болса өлең айтып келе жатыр,
300 Бір үйде жеті әйнек көрінеді.

Қаһарман бұл әйнекке жақын барды,
Ішіне сыналап көзін салды.
Жеті дию әңгіме құрып отыр екен,
Сөзіне тыңдай қалып құлақ салды.

— Патшамыз өз-өзінен қатты састы,
Қаһарманнан хабар жоқ, қара басты.
Қаһарман келіп әлек салады деп,
Қап тауының басынан әрмен асты.

Қаһарман сонда тұрып қаһарланды,
310 «Уахид уа әл-Қаһар» деп айғай салды.
Қап тауы солқылдайды өрім талдай,
Жеті диюдың үстіне там құлады.

Құлаған тамға қарай Қаһар келді,
Көтеріп бір қолымен бұлай салды.
Су бүркіп баршасын тірілтіп алып,
Онан соң сәлем беріп жалынды.

Жеті дию сәлем беріп түрегелді,
«Нұх — нәби Алла» деді де, дінге кірді.
Тимеді өз дініне кіргеннен соң,
320 Өлтірмей жеті диюды қоя берді.

Келтірді жеті диюды бір Құдайым,
Көңіліме бір дұшпаным болды уайым.
Диюға айтты: — Қанатың бар ұшатұғын,
Қап тауынан асыратын бар ма жайың?

— Біз дағы ұшайық деп тауға бардық,
Үш айда ортасына жете алмадық.
Қап тауының жиегінде дөнеме жоқ,
Әуре болып аса алмай мұнда қалдық.

— Басайын аяғымды қадам-қадам,
330 Дұшпаннан құтылды ма пері надан.
Жетеуің, ақылдасып жөнін әйла,
Енді мені асырар қандай адам?

— Бар, — деді, — мына жерде Самұрық құс,
Сіз барып Самұрықпенен болыңыз дос.
Самұрық өзі мықты, өзі ұшқыр,
Тау басынан келеді ертелі-кеш.

Сен бізді дос десеңіз, тіл аласың,
Тіл алмай шықсаңыз қиналасың.
Жасырынып бір айдаһар жылда-жылда
340 Ұядан жеп кетеді үш баласын.

Жүгіріп құрма ағашқа Қаһар келді,
Ұясы үлкен таудай көрінеді.
Үш балапан ойнақтап ұяда жүр,
Тау басынан ауыз ашып жылан келді.

Қаһарман жақын келді маң-маң басып,
Үш балапан қорқады шуылдасып.
Өрмелеп бәйтерекке бара жатыр,
Үш балапан қорқады шырылдасып.

350 Қаһарман жақын барды тұра келіп,
Айдаһардың құйрығынан ұстай алып.
Қап тауына көтеріп ұрып еді,
Айдаһар талқан болып қалды өліп.

Қойыпты Қаһарманды Құдай мақтап,
Құбыладан бұлт шықты көзді байлап.
Бұлттың екпіндері қатты тиіп,
Құрма ағашы солқылдайды сандырақтап.

360 Самұрық келе жатып ерді көрді,
Ілемін деп Қаһарманды ұмтылыпты.
Қаһарман сирағынан ұстай алды,
Қаршыға деп қолына қондырыпты.

Самұрық түрегеліп сәлем берді:
— Сирағымды аз босат, тақсыр, — деді.
Қаруың тамам жұрттан бөлек екен,
Жөніңді айт, мықты кімсің? — деді.

— Қасымда жолдасым жоқ, жүрген жанмын,
Адасқан ақылымнан мен бір далмын.
Екуал атты періні білесің бе?
Адамзаттың балуаны Қаһарманмын.

370 — Екуал сізден қорқып таудан асты,
Зәресі ұшып сізден қашты.
Бұ жақта сипат қылып тұра алмай,
Қап тауынан ұшып әрмен асты.

— Айтамын, құс Самұрық, азғана дат,
Қап тауы адамзатқа болар қымбат.
Ер едің құс та болсаң жұрттан асқан,
Біздерді асырарға бар ма қуат?

- Қап тауы дүние айналған дөп-дөңгелек,
Өзіңнің һәр нәрсеге кеудең зерек.
Мойынға мойныңды байлап алар едік,
380 Перінің сіңірінен сегіз жүз құлаш арқан керек.

Қаһарман жеті диюға және барды,
Ақылдасып айтады арқандарды.
«Өлген пері Ерамбақта жатыр толып,
Кесіп, есіп алайын» деп қабыл қылды.

Ерамбағы шаһарына бұлар барды,
Өлген пері сіңірін кесіп алды.
Жеті дию ақылдасып, сегіз күнде
Арқанды тамам қылып есіп алды.

- Көтеріп Самұрыққа алып барды,
390 Самұрық мұны көріп қабыл алды.
Мойындарын бір-бірінің қатты байлап,
Қап тауының басына қанат салды.

Құдай қуат беріпті мұндай ерге,
Тамашаға жүреді һәрбір жерге.
Күні-түні сегіз ай әрең ұшып,
Жер-аспанның жетті бұлар кезең жерге.

- Қап тауынан асуға барды жаңа,
Қаһарман сонда тұрды қайран қала.
— Ай, достым, екі аяғымнан мықтап ұста,
400 Төмен қарай ұшамын қанат қаға.

Қаһарман екі аяғын байлап алды,
Самұрық қалай ұшарын біліп алды.
Төмен қарай ұшқанда әлім кетер,
Тәуір қылып ұшарын ойлап алды.
Құнысқанда болды тұрымтайдай,
Қаһарман қона салды Самұрыққа-ай.

Сегіз күнде түбіне барып жетті,
— Жауырынымнан жерге түс, достым, — депті.

Ар жағыңда алтын шаһар көрінеді,
410 Іздеген перілерің мұнда, — депті.

Екеумізді дос қылған бір Құдайым,
Үш күнгеше осы жерде мен тұрайын.
Үш күнгеше келмесең, мен кетейін,
Кешіксең, саған, достым, қарамайын.

Қаһарман заманында болды батыр,
Аяңдап сол шаһарға келе жатыр.
Жақындап бұ шаһарға келіп жетті,
Алдында тігулі тұр алтын шатыр.

Шатырға ер Қаһарман келіп еді,
420 Алты аяқты байлаулы атты көрді.
Сол атты шешіп алып кірді қайтып,
Бір аяқ сусын тұр, мұны көрді.

Сол атты ғайыптан Құдай берген,
Қылышты қанжығада және көрген.
Қылышты оң қолымен ұстап алып,
Аяңдап шаһарына жүре берген.

Намазшамда шаһарға Қаһар келді,
Бұ сағатта екі дию мұны көрді.
430 Біреуі қарағанда тани салып,
«Қарағым, жан достым» деп жүгірді.

— Келдің бе есен-аман, Қаһарманым,
Қиналды сіз кеткен соң ғаріп жаным.
Келгелі бұ жерге үш ай болды,
Кешігіп мұнша, тақсыр, не қылғаның?

Қаһарман адамзаттан шыққан ері:
— Түгесілді ме Екуалдың өз жері.
Есен бе білдің бе, Сәмөн достым,
Жиылды бұ шаһарға қанша пері?

Сәмөн дию бұ сөзге қайран қалған,
440 Сол жерде қисабын есіне алған:

— Он күннен бермен білмей қалдым,
Онан бұрын төрт жүз миллион.

Қаһарман сонда тұрып ашуланды,
«Уахид уа әл-Қаһар» деді де айғай салды.
Қап тауы солқылдайды қышқырғанда,
Тәсбиғын періштелер таңдады.

Қаһарман заманында болды батыр,
Қылышын екі қолдап келе жатыр.
Алтын үйдің сыртынан қылыш тиіп,
450 Ішіндегі перілер өліп жатыр.

Шошымай ат тұра алмас қызыл қаннан,
Алаңдап жан-жағына көзін салған.
Сәмән дию ер қасына жақын барып,
Жетелеп бұ шаһардан алып барған.

— Екеумізді дос қылған Жаппар Құдай,
Сәмән дию, мен сөйлеймін, мұны тыңда.
Жан достым, хабарын білдің бе екен,
Бұ өлімнің ішінде Екуал бар ма?

— Екуал бұ мекеннен бұрын қашты,
460 Зәрелері қалған жоқ, жаман састы.
Дария ішінде бар еді жын шаһары,
Барды да со перілерге араласты.

Сол сағатта тоқсан дию балуан келді,
«Нұх — нәби Алла» деді де, дінге кірді.
— Тоқсан дию, жақсы көріп дінге кірдің,
Дарияға кіргізші мені, — деді.

Тоқсан дию бұ сөздерді қабыл алды,
Тоқсан диюдың терісін сойып алды.
Дарияның ішінде жын шаһары,
470 Қаһарман мұны көріп қайран қалды.
Таң қалды тамаша ғып Қаһарманым,
Ішінде тоқсан дүкен бар базары.

Дария толқып, перілер кетті қашып,
Су астында бір нәрсе аузын ашып.
Бар екен бір денесінде жетпіс басы,
Қаһарманым қорқады қаны қашып.

Мойнынан Қаһарманың ұстай алды,
Қаһарман мойнын үзіп тастай салды.
Қылышпенен көтеріп салып еді,
480 Қолы үзіліп салбырап, мойны қалды.

Бір жалмауыз жылда-жылда келеді екен,
Перілер келер күнін біледі екен.
Он екі айда періні қағып салып,
Қорек қылып жалмауыз жүреді екен.

Жалмауыз су астына қайтып кетті,
Тоқсан дию мұсылмандарына кетті.
Өлген месін басына кигізіп алып,
Қап тауына алып тағы жетті.

— Құдай деп бір айтады осындайда,
490 Баяғы қас дұшпаным Екуал қайда?
Мұның жөнін білдің бе, Сәмөн достым,
Жанымды тапсырамын бір Құдайға.

— Екуал бүгін сізден қашайын деп,
Есі шығып кетіпті сасайын деп.
Тақсыр, Қап тауына көзіңді сал,
Ойлап жүрмін қалайша асайын деп.

Қаһарман саспаймын деп жетіп барды,
«Уахид уа әл-Қаһар» деді де айғай салды.
Қап тауы піл-піл болып қимылдайды,
500 Қанаттары сынып, диюлар жерге құлады.

Екуал перілерді жиып алды,
Һәммалары мұсылман болып қалды.
Төрт жыл жүрді Қап тауының ар жағында,
Һәр шаһарға медресе, мешіт салды.

— Қаһарман, көп адамнан кеудең зерек,
Қап тауы өзі биік, дөп-дөңгелек.
Бұ мекен енді бізге мекен болмас,
Қап тауынан асуға ақыл сізден керек.

510 Қаһарман сонда тұрып тауға барды,
«Уахид уа әл-Қаһар» деді де айғай салды.
Қап тауының ортасы сытыр етіп,
Омырауға көтеріп алып барды.

Бір Құдай Қаһарманға берген дауыс,
Қап тауы көтергенде болды қуыс.
Әмір қылды періге «жөнел» деді,
Шұбырып көп перілер қылды жүріс.

520 Үш күнде перілер өтіп, болды тамам,
Ар жағында Қаһарман өзі қалған.
Екі қолдап көтеріп Қап тауларын,
Өзі де есен-аман өтіп барған.

Өткен соң Қап тауларын қоя берді,
Үш күннен соң жерге сонда тиді.
Көкше мұздай сол заман жер қайысып,
Зақымы көк өгізге барып жетті.

Жер астында көк өгіз шыр айналған,
Шайқалып құлайтындай болып талған.
Жәбірейіл алып келіп шашқан екен,
Бұл айналма сиырға сонан қалған.

530 Ераспағы шаһарға және келді,
Түзеттіріп перілерге әмір қылды.
Көшелерін түзеттірді меруерт тастан,
Шаһарларын қылдырды гауһарлардан.

Һәрбір жерден шеберлерден іздеттірді,
Бұрынғыдан зиада түзеттірді.
Жетпіс мың мешітті бұған салып,
Есігін тоқсан диюға күзеттірді.

- Диюларға «алып жүр» деп әмір қылды,
Тоғыз жолдас кемеге және келді.
Есен-аман ұйықтап жатыр екен,
540 Қаһарман келген соң түрегелді.
- Перілерге Қаһарман амандасты,
Көзінен қара нәркес төкті жасты.
«Мен барған соң, сіз келіп қонақ бол» деп,
Қол ұстасып жұртымен уағдаласты.
- Үш айда үш теңізден аман өтті,
Ағанақ шаһарына жақын жетті.
Бір малшы көрді дағы, қуанғаннан
Патшаға «сүйінші» деп жүгірді.
- Ұшан патша жұртына хабар берді,
550 Төрт жүз шаһар жиылып енді келді.
Қаһарманға жиылып жамағаттар,
Алдынан қойдай шулап бұлар келді.
- Өз анасы зар жылап бұрын келді,
Кемесінен Қаһарман жүгірді енді.
Алдына анасының келіп еді,
Оң емшегін басына сүйей салды.
- Алдынан бала келді «шешекелеп»,
Қисайып жата кетті бір еркелеп.
Тамағынан иіскеп «қарағым» деп,
560 Емізіп отыр баласын көлеңкелеп.
Көңілі атасының бұзылыпты,
Емшегі анасының созылыпты.
Үш иіскеп Қаһарманның тамағынан,
Анасы ғаріп-міскін үзіліпті.
Жаназалап анасын көміп салды,
Қонақ бола дию және келді.
- Қаһарман заманында болды батыр,
Перінің қырып-жойып дәмін татты.
Көз жетпейді Қаһарманның жүрісіне,
570 Қиссасы түрлі-түрлі болып жатыр.

قصهء واقعهء كربلا اوشبو در

Қисса уақиға Кербала үшбү=дүр

Әлхамду ли-Ллаһи саған, Шаһжиһан*,
Бәрі әшкере өзіңе қанша пінһан.
Бір өзіңе лайық-дүр әли затың,
Жылаймын зарлықпенен күнде саған.

Жоқ еді, бар қылдың бұл әлемді,
Асырадың ризық беріп барша жанды.
Ерте-кеш һәрне қажет көңілге алсам,
Медет қыл, Рахман Егем, Жаппар Ғани.

20 Заһир, Батин, Ақыр сен уа һәм Өзел,
Хаиу, Қадір, Қадим сен уа ләм Йөзал.
Ғаршы Күрсі жараттың, Лаух Қалам,
Иләһи, мен құлыңды түз жолға сал.

Құдай-а, жын жараттың адамменен,
Ғалым, әділ жараттың наданменен.
Он сегіз мың ғаламға ризық берген,
Медет, илһам тілеймін, Тәңірім, сенен.

20 Арду-самаһ жараттың, Алла Тағала,
Тау, тас, дария жараттың, жапан дала.
Иләһи, өзің медет әйла маған,
Ақылым кем, қылған ісім бәрі шала.

Күллі мақұлық жалынады бәрі саған,
Мен құлыңның жете ме зары саған.

* Алла Тағаланы бүкіл әлемнің әміршісі ретінде атап отыр.

Хақы үшін ұлық атың, ариғ затың,
Рахман Алла, рақым қыл енді маған.

Біреуге лағынет жүзбен қылсаң назар,
Ібілістей рәсуа болып жолдан азар.
Өзің жәрдем қылмасаң, иә, Зұлжалал,
Мен құлың халім бар ма қағаз жазар?!

30 Алланың жалғыз досты анхазірет,
Арман не, хақ Пайғамбар десе үмбет.
Мұсылмандық, пенделік ойлаған жан,
Парыз, сүннет қылыңыз, қылмай міндет.

Ол Мұхаммед — Рахмату лил ғаламин,
Бахыр фазылың мауж ұрып тасты һөмин.
Шашы уәлләйлу, жамалы уаддуха,
Исми — Ахмад, Махмұд, Таһа уа Иасин.

40 Расул Алла дариясы — бахыр Оман,
Ол дариядан татпаған болар жаман.
Шарифаты бал-шекер, тәтті жеміс,
Шапағаты, саясы білсең, һөман.

Жапырақты бұтағы — шаһариары,
Һәм имамул мұттақин — жарандары.
Расулдың бал-шекерін татқан жанның
Ауызынан кетпейді һеш дәмдері.

Шаһариар Пайғамбардың сүйеуі еді,
Хазірет Осман, Әли мен күйеуі еді.
Фатимадан екі ұл туған екен,
Хақ Расул Пайғамбарым «нұрым» деді.

50 Расулдан соң халифа болды Әбубәкір,
Әміріне мұтиғ болған қанша батыр.
Андан соң хазірет Омар падиша болды,
Тәртібі осылайша келе жатыр.

Андан соң халифа болды молда Осман,
 Сұрасаң ғалымдығы жаннан асқан.
 Қара қылды қақ жарған әділ еді,
 Олардай неш болмады бір данышпан.

- Андан соң халифа болды Әли арыстан,
 Имандық нәсіліне құп жарасқан.
 Ақайдта сөйлейді үшбу сөзді,
 60 Рази Алла Тағала* қылдым дастан.

Расул айтты: — Әділдер солар, — деген,
 Уақытында дүние бұстан болар, — деген.
 Орыныма отырып бұл төртеуі,
 Отыз жыл падишалық қылар, — деген.

Хақ Расул айтып кеткен өсиетін:
 — Мен кеткен соң не болар көп үмбетім.
 Хан мен сұлтан бұзылып, андан кейін
 Олардай қыла алмайды әділетін.

- Пайғамбар осылай деп уағда қылған,
 70 Төрт жардан соң бұзылды мына жалған.
 Ынтымақ, бірлік кетіп асхабтардан,
 Күшпен жеңіп Мағауия патша болған.

Құлақ сал, зейіні бар кемеңгерлер,
 Сөйлейін мәселесін өткен ерлер.
 Инжу-маржан, жауһарды мен тізейін,
 Медет қыл, Пайғамбар мен шаһариарлар.

- Тыңдаса ықыласпен һәркім мұны,
 Пайғамбар шапағат қылар махшар күні.
 Хасен, Хұсайын сөйлейін хикаясын,
 80 Хақ Расул Пайғамбардың екі нұры.

Пәниден бәрі кетті бақи жайға,
 Нанбаған ғасы болар бір Құдайға.

* Алла Тағала разы болсын.

Асыл сөздер кез келсе жазуына,
Жүсіпбек ерінбейді осындайға.

Жарандар, тыңдап тұрсаң Кербалада,
Хұсайын шаһид болған шаһизада.
Төрт жардан соң у ішіп Хасен өлген,
Жас кетті тоқтамастан бұ пәниде.

Ол — сағадат раузасының гүлдері,
90 Ол — гүлістан сафаның бұлбұлдары.
Көрмеділер дүниеден һәр кез опа,
Жаннатқа барды төні һәм жандары.

Пайғамбар, шаһариардың бәрі кетті,
Хасен мен Хұсайынға нәубет жетті.
Біріне-бірі серік болып жүрген,
У ішіп, дүниеден Хасен де өтті.

Уағдасы Құдайымның шаһид қылмақ,
Біреуден өлерінде себеп болмақ.
Пайғамбарым перзентін сүйген еді,
100 Сол күні уағда қылған Жаратқан Хақ.

Хасенді сүйген еді ауызынан,
Хұсайынды сүйіпті бұғағынан.
Жәбірейілді жіберді сонда Алла,
Достына ұлын сүйген жазығынан.

«Достыма айтқыл, — депті, — дұғай сөлем,
У ішеді аузынан сүйген балаң.
Бұғағынан сүйгені үшін Хұсайынды,
Желкеден қылышпенен шаһид қылам!»

Бұ сөзді Алла Тағала уағда қылған,
110 Расул Алла зар жылап төубе қылған.
Балалары ол уақытта төрт жасында,
Үшбу іс бұрын бопты неше жылдан.

Мағауия хан болды сонда Шамға,
Тағында үкім қылған талай жанға.
Бар еді жалғыз ұлы Йазид атты,
Туғаннан-ақ боялды қызыл қанға.

Көп жыл Шамға хан болды дәурен сүріп,
Әлименен таласты сонда тұрып.
Сафиянның ұлы ол Мағауия
120 Әлимен ұрыс қылды бірге жүріп.

Бір күні Мағауияға ажал келді,
Дүниеден тағдыр жетіп о да өтті.
Йазидке артындағы жалғыз ұғылы
Сұлтанат патшалығы мирас қалды.

Йазид Димашық шаһарына үкім етті,
Үкімі атасынан асып кетті.
Меккедегі тұрғанын Хұсайынды,
Қасында жолдасы жоқ деп есітті.

Хұсайын Меккеде түр жалғыз өзі,
130 Ерте-кеш хамду сәна айтқан сөзі.
Күндіз рузе, түнімен намаз оқып,
Бабаларым осы деп жүрген ізі.

Шамның Йазид хан болды қаласына,
Қас болды Пайғамбардың баласына.
Хауаридің бектерін жиып алды,
Өзінің жеткен жерден шамасына.

Қас қылды мұсылманмен Тәңірім оны,
Тамұқты жақсы көріп шыбын жаны.
Өзінен соң Куфаның шаһарына
140 Нұғманды және имам, қылды ханы.

Нұғман хан болды Куфа шаһарына,
Тұһмат салып екінің баһарына.
Әділетсіз болған соң осы Нұғман,
Сүннилер шыдамады қаһарына.

Ғұбайдолла хан болды Басыраға,
Егес-қастық көп кірді осы араға.
Ғұбайдолла Зияттың баласы еді,
Қас болды сүннилермен бейшараға.

150 Сүйікті сахабаның балалары,
Қуфаның шаһарында болды бәрі.
Өңшең ғалым, мүсәпір, мұсылмандар,
Данышпан, діні асыл тазалары.

Қуфада сол уақытта бір ер бар еді,
Өзі ишан, дін үшін көп жар еді.
Аты оның деуші еді Шархи қазы,
Нұғманға Қуфадағы сол пар еді.

160 Қуфада онан өтер жан жоқ еді,
Өзі ғалым, малы да һәм көп еді.
Өзі қазы данышпан, өзі әділ,
Шариғаттың жолына һәм бек еді.

Бір күн түнде жиылды өңшең батыр,
Сол қазының үйіне келе жатыр.
Бір күні «аз мәслихат, кеңес бар» деп,
Баршасы бір сарайға кіріп жатыр.

Қазыға сонда келіп айтты бәрі,
Үлкен-кіші, жиылған жас пен кәрі.
Нұғманнан қатты зорлық көрдік дейді,
Мұны айтып жылайды баршалары.

170 — Құтыламыз, — деседі, — не іс қылсақ,
Шақыртып Хұсайынды мұнда айтсақ.
Құтылар ек, — деседі мұны айтып,
Әулетін Пайғамбарымыз патша қылсақ.

Егер ол асылзада мұнда келсе,
Тіпті тыныш болар ек, Нұғман өлсе.
Қазы айтты: — Қойыңдар бұл кеңесті,
Келіспес бұларыңызды Нұғман білсе.

Тіл алсаңдар шақырма Хұсайынды,
Залымдар естімесін бұл жайыңды.
Мұны білсе көрсетер Нұғман қорлық,
180 Жүре бер сүйеу қылып Құдайыңды.

Ғаруш ұғлы Ғауаф деген тағы бір ер,
Данышпан еді өзі, шын кемеңгер.
Сол айтты: — Бұл ақылды қылыңдар, — деп,
Жасырын бір кісіден қағаз жібер.

Сол қағазға жазыңдар бар мұңыңды,
Қол қойып, мөр басып айт шыныңды.
Көп кісі боп жиылып бара алмайсың,
Азырақ ойланыңдар осынымды.

Елшімен жіберіңдер нама жазып,
190 Пайғамбар — мұсылманға алтын қазық.
Пайғамбардың перзенті шаһзадаға,
«Қылма, — деп, — хауарижге бізді азық».

Мақұл көрсе келеді әскер жиып,
Жегізбес хауарижге елін қиып.
Онан соң құтылар ек бұл залымнан,
Хұсайын келе қалса Құдай иіп.

Бұл сөзге бәрі ұнады мақұл көріп,
Жібермекке біреуді қағаз беріп.
— Мұнда келсең, падиша қыламыз, — деп,
200 Барша жұрт жүрер едік соңына еріп.

Тұрамыз сіздің қарап жолыңызға,
Бұл арыз тисе егер қолыңызға.
Әміріңізден тартпаймыз басымызды,
Күні-түні оң менен солыңызға.

Сүннилер қарап түр бәрі сізге,
Бір мархабат қыла көр, тақсыр, бізге.
Залым Нұғман қолынан алсаң бізді,
Жүзімізді сүртер едік ізіңізге.

- Мұны айтып хат жазып, мөрін басты,
210 Бұ кеңес жақсы сөз деп ақылдасты.
— Хауариждің қорлығы өтті бізге,
Дұшпанға жегізбе, — деп, — қарындасты.
- Сізді тілеп тұрады сүннилерің,
Жасы кіші інің мен ағаларың.
Хауариждің бектері болды залым,
Мұңын көңілдегі айтты бәрін.
- Салих деген біреуден берді хатты,
Көп жылап сәлемдерін айтты қатты.
Бірнеше күн ол Салих сапар жүріп,
220 Меккенің шаһарына келіп жетті.
- Әкеліп Хұсайынға хатын берді,
Арызын жазған хатқа ашып көрді.
Куфадан Салих қағаз әкелгенін,
Бұ Мекке шаһарының бәрі білді.
- Хатты көріп Хұсайын жұртын жиды,
Күллі жұртқа сияпат берді сыйды.
— Куфалықтар шақырыпты «кел» деп мені,
Бұған ақыл, жігіттер, айтшы, — деді.
- Кейбіреуі: — Бұл жерден кетпе, — дейді,
230 Біздерді мұнда тастап кетпе, — дейді.
Шақырғанға бар, — дейді кейбіреуі,
Ибн Аббас: — Бұл сөзге бітпе, — дейді.
- Ибн Аббас айтты: — Бұған сіз нанбаңыз,
Қойыңыз, осы сөзді дос санамаңыз.
Мен қорқамын, ей, тақсыр, осы жолдан,
Тілімді алсаң, Куфаға сіз бармаңыз.
- Олар қатты қорқады хауарихдан,
Йазид тағы алады хабар сізден.
Естісе келеді деп хауарихдер,
240 Әскер алып шықпасын алдыңыздан.

Сізді естісе ел жияр Нұғман, Йазид,
Өзі ақымақ хауариж, бөрі де ит.
«Жарақсыз жауға барма» деген сөз бар,
Көп артық сізге, тақсыр, тап осы жұрт.

Хұсайын айтты жауап сонда тұрып:
— Жанды қайда сақтаймыз қорып жүріп.
Ажалдан құтылмайды нешкім қашып,
Құдайым салса егер тура құрық.

250 Онан да бір кісіні жіберейін,
Өтірік пе, рас па, мен білейін.
Шақырып жазған хаты рас болса,
Не болсам да кідірмей жөнелейін.

Бұл қағаздың жауабы болса бекер,
Біліп келсін, оған біздің неміз кетер.
Санатты бұл жауабын жолдастарға,
Жұрт айтты: «Ақыл жоқ, — деп, — мұнан өтер».

260 Хұсайын айтты: — Оған кім барады,
Біздің сөзді кім тура апарады.
Біреуің кідірместен біліп келсең,
Бұ кеңес Құдай білер, құп жарады.

Атасы Мүслім ердің Ақыл екен,
Әлимен ағайынды жақын екен.
— Бұған мен барайын, — деп Мүслім айтты,
Бұл ісің мен баруға мақұл екен.

Мүслімді жіберді рұқсат беріп,
Ұнатты жұрттың бөрі мақұл көріп.
Мүслім келді Куфаның шаһарына,
Арада бірнеше күн сапар жүріп.

270 Сағит деген бір ерді және қосты,
Ер еді екеуі де дінге дос-ты.
Сағит пенен Мүслім екеулері
Шаһарға келгеннен соң дем алысты.

Шаһарды аралады атқа мініп,
Тұрмады һешбір жерде тағат қылып.
Көшеде бара жатқан бір адамнан
Сонда жауап сұрады тоқтап тұрып.

— Ей, жігіт, бері таман келші, — дейді,
Сабыр қып бізге жауап берші, — дейді.
280 Ғарушұлы Ғауафтың үйі қайда,
Білсеңіз, бізге баян қылшы, — дейді.

Әлгі жігіт көрсетті Ғауаф үйін,
Қалмайды көргеннен соң іште түйін.
«Сөйлес» деп шақырады тыста тұрып,
Басшысы сүннилердің Ғауаф биін.

Ғауафтың өзі сонда үйден шықты,
Білмекке жөн-жайларын сұрасыпты.
Жөн-жайларын сұрасып білгеннен соң,
Құшақтасып, жыласып көріс қыпты.

Сұрады: — Келмеді ме, шаһым қайда?
290 Біз зорлық көріп тұрмыз осы жайда.
Сау-саламат жүр ме екен тақсыр шаһым,
Ғажурдан құтқармай ма осындайда.

Мүслім айтты: — Жарандар, біліңіздер,
Осы істі жасырын қылыңыздар.
Алла Тағала жәрдемін берсе егер,
Хауариждан кегінді алыңыздар.

Жасырын болсын айтқан кеңесіміз,
Жиылып өз бойларың теңесіңіз.
Алла Тағала жәрдемін берсе егер,
300 Шаһзаданың ақ жүзін көресіңіз.

Сүннилер осы жерге болсын жиын,
Аллаға өздеріңіз махкам сыйын.
Қанша жан екенсіңдер көрін маған,
Болып жүрер қапыда арты қиын.

Жетпіс екі балуан екен бұлар,
Бөріне сүннилердің хабар қылар.
Мүслім сонда жатты он бес күндей,
Баршасы сүннилердің жиылдылар.

310 Мүслім жатты жиырма жеті күндей,
Әскерлер келіп жатыр күн-түн тынбай.
Сүннилердің адамы Қуфадағы,
Баршасы әскер болды екі мыңдай.

Ер Мүслім айтты сонда ол халыққа,
— Біз енді мұнда бекер жатпалық та.
Сәйіздада шаһымызға қағаз жазып,
Бір кісі жіберуге лайықта.

320 Сәлем хат шаһзадаға Мүслім жазды,
Сағитқа берді бүктеп ол қағазды.
Шаһзадаға жүз қайта құлдық айтып,
Жұрт ықылас қылғанының бөріні жазды.

Хатты алып Меккеге Сағит қайтты,
Сәлемін Хұсайынға келіп айтты.
Шаһзада алып көрді жазған хатын,
— Қарады, — депті, — бөрі уәлаятты.

Жұрт жиылып алдыма келді, — депті,
Сүннилер бөрі ықылас қылды, — депті.
Жетпіс екі балуан ішінде бар,
Әскері екі мыңдай болды, — депті.

330 Сүннилерің жалынып, келсін, — дейді,
Жиып жұртын қолына алсын, — дейді.
Мұндағы хауариждің ақымақтарын,
Жолына шарифаттың салсын, — дейді.

Жазған хаттың жауабын көрді оқып,
Отырды көңіліне ақыл тоқып.
Жұртқа хабар салады одан кейін,
Қуфаға жүрмек болып жарақ тұтып.

- Еліне айтты: — Қуфаға жүрем, — дейді,
Тәңірінің не салғанын көрем, — дейді.
Көп жалынып шақырды сүннилерім,
340 Шақырған мен соларға барам, — дейді.

Алтау еді сол жерде туысқаны,
Бір кісінің баласы жуысқаны.
Солармен ақылдасып жүрмек болды,
Ойламады болса да көп дұшпаны.

Жүрмекке даярлады азық-түлік,
Үйіне келді сонда жұрт жиылып.
«Жүремін» деген сөзін естіген соң,
Бәрі шулап жылады жұрт қиылып.

- Алты күндей тоқтатты тобыменен,
350 Жер күңіренді жылаған үніменен.
— Хақ Пайғамбар, тақсыр-ай, айналайын,
Бір белгі қалмады ма шыныменен.

Жұрты қимай сәйд көп жылады,
Пайғамбар еске түсіп бек жылады.
«Қиямет күндерінде жолығайық,
Шаһзада, аман болғын» деп жылады.

- Мекке халқы жылады бәрі шулап,
Айрылғанда жүрегі кетті тулап.
«Кетесіз бе, шынымен, шаһизада» деп,
360 Фариад қылды алдында бәрі жылап.

Сөйлейді шаһизадаға жанның бәрі,
Арыз қып үлкен-кіші, жас пен көрі.
«Бү Меккеден неліктен кетесіз?» деп,
Жылап тұрды қия алмай баршалары.

Шаһизада жауап берді сонда тұрып,
Жылаған халайыққа мойын бұрып.
— Сүннилерім сәлемменен шақырады,
Қуфада хауариждан зорлық көріп.

Шақырған соң бармасам жарамайды,
370 Обалға залым адам қарамайды.
Жылаған сүннилердің сөзін естіп,
Бойыма ішкен асым тарамайды.

Шаһизаданың бұл сөзін жұрт естіді,
Сағиттың әкелгенін сәлем хатты.
Хауариждан жүр екен екі кісі,
Солар естіп еліне қайтып кетті.

Ол екі адам еліне қайтып барды,
Естіген-білгендер айтып барды.
«Енді сен сақтанбасаң өлесің» деп,
380 Қорқытты Нұғман атты пейілі тарды.

— Он күннен соң Хұсайын келер, — дейді,
Тағыңызды қолыңнан алар, — дейді.
Сүннилер бәрі оған хат беріпті,
Сізді енді табанына салар, — дейді.

Есітіп бұ жауапты састы Нұғман,
Адасып ақылынан қашты Нұғман.
Йазидке сәлем қағаз жібермекке,
Айласының ауызын ашты Нұғман.

Патшасына хат жазды сәлем айтып,
390 «Жау таянды маған» деп сәлем айтып.
«Хұсайын мені алмаққа келе жатыр,
Жалғыз мен ұрысам, — деп, — оған қайтіп?

Бұл Қуфаны алмаққа келе жатыр,
Халім кетіп, мен бүгін болдым пақыр.
Әуелі келіп Қуфаны алғаннан соң,
Өзіңді де, тақсырым, алады ақыр».

Мұны айтып хат жазып, мәрін басты,
Нұғмаңды қорыққаннан қайғы басты.
Хат беріп шапқыншысын жібереді,
400 Мініп алып бедеуге қамшы басты.

Куфа, Димашық арасы он күндік жол,
«Жібергін, — деп тіледі, — көп әскер қол».
Он күншілік жолына үш күн жүріп,
Бедеу атпен сәскеде жеткені сол.

Кіріп келіп Йазидке хатын берді,
Қағазды Йазид сонда ашып көрді.
Жапырақтай тітіреді қорыққаннан,
Ашу қылды қырмаққа сүннилерді.

Йазид сонда бір хатты жазды өзі,
410 Қорыққаннан жалтырап екі көзі.
Басыраға жіберді қағаз беріп,
Сәлем қылып Ғұбайдоллаға айтқан сөзі.

«Ғұбайдолла сен нағып тұрсың,
Жаудың келе жатқанын білмей жүрсің.
Куфа халқы қарапты Хұсайынға,
Аз тұрсаң, өлгеніңді көзің көрсін.

Тез кідірмей аттанып шыққын дейді,
Менің бұ әмірімді ұққын дейді.
Көп әскермен бар дағы, Хұсайынды
420 Өлтіріп, бір шұңқырға тыққын дейді.

Қор боласың, тез енді бармай қалсаң,
Әскерге бас болып бар, тілімді алсаң.
Бұдан да артық дәреже, орын берем,
Өлтіріп Хұсайынды, кегімді алсаң.

Тез барып Нұғыманға сіз бергін көмек,
Әскерді бір жағынан тұрғыл демеп.
Дұшпанымды өлтіріп, кек әперсең,
Сізден өзге жан болмас жанға себеп».

Бұ сөзін ол Йазидтің естіген жан,
430 Лағынет десін жанына екі жиһан.
Пайғамбардың өулетіне дұшпан болса,
Кімде-кім рахмат көрмес ондай адам.

Ғұбайдолла Йазидтің хатын көрді,
Кідірмей жиып алды он мың ерді.
«Жан қалмастан артымнан келіңдер» деп,
Он мың ермен аттанып жүре берді.

Куфаға тез аттанып кетті ләшкер,
Күн-түн жүріп он күнде жетті ләшкер.
Бұ жағынан Йазидтің жібергені,
440 Қосылды сол арада екі ләшкер.

Ғұбайдолла Нұғманға қонды барып,
Сөйлейді шаһар халқын жиып алып:
— Куфаның шаһарының адамдары
Баршасы келсін, — дейді, хабар салып.

Шаһар халқы жиылып келді сонда,
Екі хан елді қаһарға алды сонда.
«Хұсайынды неліктен шақырдың?» деп,
Шаһарға салауат салды сонда.

Куфа халқы жиылып келді бәрі,
450 Шақырған біз емес деп танды бәрі.
Қорқады бұқаралар жаман қатты,
Сонда Шарих қазыдан басқалары.

— Біз естідік уағда қылғандарың,
Қарадық Хұсайынға депсің бәрің.
Мүслім деген бір жансыз жүр дейді ғой,
Қайда, — дейді, — сақтаған адамдарың?

Мүслімнің жан білмеді қайда екенін,
Көрген кісі білмеді һәм мекенін.
Мүслім естіп, ол дағы жаман қорықты,
460 Екі ханның бірігіп іздегенін.

Мүслім қорқып қазыға қашып келді,
Хандардан қорыққаннан сасып келді.
Хауариждер жиылып Мүслімді іздеп,
Қазының үйін бәрі басып келді.

Жасырып қойды қазы Мүслім ерді,
Хауариждер ақтарып қарай берді.
Таба алмай хауариждер кетіп қалды,
Мүслім тұрып қазының қасына келді.

470 Ол Мүслімнің бар екен екі ұлы,
«Аманат» деп қазыға тапсырды оны.
— Екі ұлымды тапсырдым сізге қазы,
Бұл жайға хауариждер қоймас мені.

Ұлым — сізге, Аллаға — сіз аманат,
Көбейді дұшпан залым бек қабағат.
Білмеймін өз халімнің не боларын,
Сіздерді қылсын Алла сау-саламат.

480 Мен енді бұ шаһарға тұра алмаспын,
Бүгіннен соң сіздерді көре алмаспын.
Бір Аллаға тапсырдым екі ұлым,
Қосылып сіздерменен жүре алмаспын.

Екі ұлымен қоштасып Мүслім енді
Жүрмекке «иә, Алла» деп атқа мінді.
Шаһардан түнде шығып кетейін деп,
Дарбазаның аузына жетіп келді.

Аузына дарбазаның барды жетіп,
Жүз кісі дарбазаны түр күзетіп.
«Өзі келді, жібермей ұстандар!» — деп,
Жүз кісі жабылады шу-шу етіп.

490 Сол жерде ұрыс қылды күзетшімен,
Жалғыз өзі ұрысты жүз кісімен.
Іштегі жүз кісіні қырып салып,
Аянбай соғыс қылды бар күшімен.

Дарбазадан қарғытты арғымағын,
Шықса әскер қамап түр арғы жағын.
Бес жүз кісі түр екен орта есікте,
Шыққан жерде ұрысты қылды тағын.

Бір қатын жылап отыр там үстінде,
 Жылап айтты: — Бұ күйге сен түстің бе?
 Жылап тұрған қатынды көрді Мүслім,
 500 Су сұрап жетіп барды сол уақытында.

Бір аяқ су береді қатын алып,
 Шөлдеуі қанды, суды ішіп салып.
 Суды ішіп, ат мойнын бұрғанынша,
 Біреу келіп шоқпармен қалды салып.

Қолындағы таяғы түсіп кетті,
 Қалқаны басындағы ұшып кетті.
 Қатар келіп он шоқпар қабат тиіп,
 Қалжырап ер Мүслімнің күші кетті.

Біреуі атты шоқпармен қалды салып,
 510 Ат жығылды тоңқая жерге барып.
 Қылыш, күрзі, найзамен қатар тиіп,
 Атыменен жығылды бірге барып.

Қылышпенен жабыла шапты келіп,
 Өлтірді ер Мүслімді шаһид қылып.
 Басын кесіп, аяғын, қолын кесіп,
 Тастады сол арада төрт-бес бөліп.

Мүслім ер тағдыр жетіп шаһид болды,
 «Мүслім өлді» деп хандарға хабар келді.
 Мүслімнің өлгенін көргеннен соң,
 520 «Балаларын тапқын» деп әмір қылды.

— Мүслімнің балаларын әпкел, — деді,
 Кетірмей бұ шаһардан тапқыл, — деді.
 «Не тілесе, берем, — деп, — тапқан жанға»,
 Ғұбайдолла бұлайша үкім қылды.

Осы жауап қазыға есітілді,
 «Не қыламын бұған» деп ой ойланды.
 Өзінің сарайынан шығарып ап,
 Жетімдерді бір жерге алып келді.

Жүз ділдө берді екеуінің қолдарына,
530 Шығарып салды Меккенің жолдарына.
Қоштасып қазы үйіне қайтып кетті,
«Рақым қыл, — деп, — Құдай-а, халдарына».

Түнімен жүрді сонда екі пақыр,
Таң атып бір жағынан келе жатыр.
Бір суға кеп адасып тұйықтады,
Жол мәнісін біле алмай жылады ақыр.

Енді жолдан адасты бейшаралар,
Таба алмады, өткел жоқ һеш аралар.
Жолдың қайсы екенін біле алмады,
540 Таса жері жоқ екен һәм паналар.

Жылап-жылап екеуі сандалады,
Көрген адам бұларға таң қалады.
Суға келген бір қатын көріп мұны,
«Кімсіңдер?» деп бұлардан сөз сұрады.

Қатын айтты: — Балалар, қайдан жүрсің?
Не себептен далада жылап тұрсың?
Балалар айтты: — Біздер — жетім, ғаріп,
Ей, ана, бұ шаһарда өзің кімсің?

Меккеге барамыз деп шығып едік,
550 Адасып жолымыздан мұнда келдік.
Жол көрсетіп жібергіл біз ғаріпке,
Адасқан соң жетімдер қайғы жедік.

Қатын айтты: — Рас айт сөздеріңді,
Жаспенен толтырыпсыз көздеріңді.
Мүслімнің балалары екенсіз ғой,
Көрмесем де мен білдім өздеріңді.

Үш күн болды іздеп жүр ел сіздерді,
Шаһар менен аралап һәм түздерді.
Өлтіреді хауариждер тауып алса,
560 Мұны естіп «Жасыр, — деді, — сіз, біздерді».

Бұ сөзді естіген соң жылайды енді,
 Көл қылып көздің жасын бұлайды енді.
 «Біздерді айтпағыл» деп көп жалынып,
 Қатыннан екі ғаріп сұрайды енді.

— Бізді көрсе кеседі басымызды,
 Жылатып ағызар көз жасымызды.
 Ей, ана, бізге рақым қылсаң егер,
 Құдайым ұзын қылсын жасыңызды.

570 Сонда қатын мұны естіп «жүргін» дейді,
 Ертіп кеп аулақ үйге «кіргін» дейді.
 Өзіне тамақ беріп қатты сыйлап,
 «Енді сіздер осында тұрғын» дейді.

Хауарихдің үйі екен осы үйі,
 Қатынның жақсы болды қылған сыйы.
 — Кешке байым келген соң айтам, — дейді,
 Мархабат қылар сізге, түссе күйі.

580 Көңілі келсе сіздерді азат қылар,
 Ұстаса [жаман ойы], азап қылар.
 Азап қылса тағдырға разы болғын,
 Жақсылық қылса тағы көзің көрер.

Ақшам уақытында қатынның келді ері,
 — Шаршадым, — деді, — әбден түннен бері.
 Мүслімнің балаларын іздеп жүрміз,
 Жабыла, — дейді, — һәмма жанның бөрі.

Тапқан жанға екі хан көп мал берер,
 Өзгеден жақсы сыйлап артық көрер.
 Ғұбайдолла, Нұғманның жарлығы осы,
 Болмаса өз қасына уәзір қылар.

590 Қатын айтты: — Бір арыз айтайын мен,
 Шын көңілмен сөзімді тыңлағын, сен.
 Шайтанның тіліне еріп, қор болмағын,
 Өлгеніңде имансыз кетесің сен.

Құдайға құл болайын десең егер,
Ол сөзді айтып жаныңа қылма зарар.
Ібілістің уәсуасына рәсуа болып,
Имансыз кетіп, болма тозақ барар.

Байы айтты: — Қатын, мен жақсы кісі,
Жамандықпен жақсының болмас ісі.
Жаман болса ол істі қылмайын мен,
600 Қандай жанның өзіне жетпес күшті.

Жаман болса ол істі қойдым, — дейді,
Ханнан алып олжаға тойдым, — дейді.
Тағам ішіп жаттылар төсегіне,
Мүслімнің балалары ұйықтады енді.

Ұйықтап жатып үлкені түс көреді,
Оянып кішісіне «жоры» дейді.
— Түсімде хауариждер бізді өлтіріп,
Апарып су түбіне жібереді.

Тыңдап түсін жориды ол інісі,
610 — Көреді екен бізді бұл үй иесі.
Төгеді екен бас кесіп қанымызды,
Рақым етпес біздерге нешбір кісі.

Сонда екеуі жылады құшақтасып,
Құшақтасты екеуі һәм қоштасып.
Үй иесі оянды дауысымен,
Тұрғанында екеуі зар жыласып.

Оянған соң «жылаған бұл кім?» деді,
«Көрген жан әлдекімнен хүкім» деді.
Қатыны айтты: — Қай жақтан шығады өзі?
620 Байы айтты: — Тап біздің үйде, — деді.

Шамын жағып төсектен тұрды бұлар,
Дауыс шыққан потбалға жүрді бұлар.
Кіріп келсе жылап тұр екі адам,
Көрген соң «кімсіңдер?» деп сұрады бұлар.

— Жылап тұрған екі адам, кімсің? — дейді,
Не іздеп бұл потбалдан жүрсің, — дейді.
Қайдан жүрген адамсың, жөніңді айт,
Құшақтасып, зар жылап тұрсың, — дейді.

630 — Мүслімнің баласы едік біздер, — дейді,
Өлтірем деп іздеген сіздер, — дейді.
Қуфадан қашамыз деп жол адастық,
Бұдан басқа һеш сөз жоқ сөйлер, — дейді.

Залым айтты қуанып: — Жақсы келдің,
Адасып жүргеніңді анық білдім.
Басың кесіп апарып екі ханға,
Кесірі жоқ бірталай инғам алдым.

Екеуің, енді ойлама өлмеймін, — деп,
Не қылса да үкіміне көнбеймін, — деп.
Енді тірі жүрем деп ойламаңдар,
640 Қуфаны неге қаштың көрмеймін, — деп.

Сонда екеуі жалынды қатты жылап,
— Құл болайық өлгенше, бұ сөзге бақ.
Жанымызды қисаңыз құл болайық,
Бұ сөзге күә болсын Жаратқан Хақ.

Жанымызда жүз ділдә бар, оны да ал,
Бізді сатсаң, аласың тағы көп мал.
Һеш болмаса тірі апар екі ханға,
Құдайдан үміт қылсаң, мейірің сал.

650 Ғұбайдолла өлтірмес деп ойлаймыз,
Біз сізге жалынуды һеш қоймаймыз.
Тап осыдан өлтірмей, тірі қойсаң,
Өле-өлгенше сізді де біз сыйлаймыз.

Екі қолын байлады тыңдамай-ақ,
Қатыны жалынады баланы аяп.
Қатын келіп айтады көп насихат,
Өлтірем деп тұрғанда қылыш таяп.

Қатын айтты: — Бұ істі қойғын, — дейді,
Көңіліңнен ақымақтықты жойғын, — дейді.
Соңыра жүрерсіз көп қатты ұялып,
660 Мұсылмансың, тіліме көнгін, — дейді.

Мархабат қыл, мұсылман болсаң егер,
Өлтіргін, дін исламнан қайтсаң, мәкар.
Өзі ғалым, екеуі жетім бала,
Кім бұған қас қылғанды Құдай табар.

Қанша сөз айтты қатын, неш болмады,
Қатынның сөзі оған кәр қылмады.
Есіл қатын байғұстың айтқан сөзі,
Құлағына біреуін неш ілмеді.

Екеуін бір шұңқырға алып келді,
670 Ібілістің уәсуасы ғалиб келді.
Екеуінің сол жерде басын кесіп,
Шаһид қылып жәннатқа салып келді.

Бұ екеусін қылды ол малғұн шаһид,
Лағынет Алла әләл Йазид.

Сол жерде шаһид болды екі бекзат,
Ғешкім жоқ ол арада қылатын дат.
Қан төгілген қайнады жер топырағы,
Құдайым ол залымға қылып лағынет.

Хауариж жолға кірді басын алып,
680 Көрсетпекке ханына алып барып.
Алып барып көрсетті ханға басын,
Сүннилер зар жылады қайғыланып.

Ғұбайдоллаға алып келді екі басты,
Сүннилердің көргені зар жыласты.
Әкелген басты көріп Ғұбайдолла
«Мұның кімнің басы?» деп жауаптасты.

Ол хауариж сөйледі ханға сөзін,
 Ханға жақын қылмаққа өзі-өзін.
 — Йазид сізді қолдаушы болсын, тақсыр,
 690 Мүслім ұлын ізде деп айттың өзің.

Жұрт жиылып қарадық неш жер қоймай,
 Тапсам деп үйге бардым ойлай-ойлай.
 Қайтып барсам, екі адам үйімде отыр,
 Жылайды бостан-босқа салып ойбай.

Мүслімнің балалары, сұрап білсем,
 Армансызбын, ей, тақсыр, бүгін өлсем.
 Дұшпанның әкелдім басын кесіп,
 Кіргізбес ең, алдыңа бекер келсем.

Өлтіремін дегенде көп жалынды,
 700 «Тым болмаса ханға апар» деп жалынды.
 «Ғұбайдоллаға құлым деп сатқын» деді,
 Аяғымды құшақтап бек жалынды.

Жалынса да қылмадым оған рақым,
 Жыласа да салмадым неш құлағым.
 Екеуінің де әкелдім басын кесіп,
 Ей, тақсыр, енді менің бергіл ақым.

Ғұбайдолла айтты: — Ой, залым, ақымақ,
 Саған да оңай болды ма пайда таппақ.
 Тапқан жан өлтірсін деп қашан айттым,
 710 Бұйрықсыз қалай саған қылыш шаппақ.

Тірі әкелсін, — деп едім, — тапқан адам,
 Жаны-тәні пәк еді асылзадам.
 Сен де рақым қылмапсың оған әр кез,
 Саған да рақым қылмас, болды жазаң.

Ғұбайдолла бек жаман ашуланды,
 Шыдамай өмір қылды «шап мұны» деп.
 Жендетке өмір қылды «шап мұны» деп,
 Сүйретіп бір жендет кеп ап жөнелді.

— Көп қина, тез өлтірме, мұны, — дейді,
720 Бекзаданың бітпейді құны, — дейді.
Қол-аяғын кесті де суға салды,
Қиналсын ақымақтың жаны, — дейді.

Қол-аяғын кескен соң қаны шықты,
Суда жатып тұншығып жаны шықты.
Арамсынып лақтырды сол далаға,
Итпен жатып далада төні бітті.

Екі ұғланның бастарын тәуап етті,
Жуғызып, жаназалап, кебіндетті.
Хатым Құран қылдырып рухтарына,
730 Зияратты жеріне дәпіндетті.

Ей, жарандар, тыңдағын хикаятым,
Кербаланың сөйлейін уәлаятын.
Сайрайын тоты құстай бір азырақ,
Жаратқан салса маған ғинаятын.

Тыңдаған жан күнәсі төгіледі,
Жаны ашып, қабырғасы сөгіледі.
Шын иманды пенделер мұны естісе,
Көз жасы көлдей болып егіледі.

Осы сөз риуаяты — «Қағбал ахбар»,
740 Оқиғасын Кербаланың қылған хабар.
Әлиұғлы сөйлейін Хұсайыннан,
Құлақ салып, жамағат, тыңдаңыздар.

Куфаға шықты аттанып шаһ Хұсайын,
Енді айтар келді кезім оның жайын.
Ұрғашы-еркек барлығы сексен кісі,
«Тәуекел, өзіңе, — деп, — бар Құдайым».

Жөнелді жұртыменен амандасып,
Қимай тұр Мекке елі зар жыласып.
Жалғыз шырақ айрылып Хұсайыннан,
750 Қайғымен қалды қара тұман басып.

Амандасып жылады Мекке елі,
Сынғандай боп көрінді діннің бөлі.
Суалғандай көрінді жұрт көңіліне
Дария ағып жатқан шалқар көлі.

Меккеден шықты тақсыр кідірместен,
Күні-түні бірдей жүрді мүдірместен.
Арада дариялардан өтті кешіп,
Аң аулап, тамаша қып тау мен тастан.

760 Бір өзен су бар сол арада,
Бір күн, бір түн дем алды ол арада.
Куфадан келе жатқан бір топ керуен
Бәрі келіп сәлем берді шаһзадаға.

Амандасып жүз сұртті аяғына,
Дінге шырақ сүйенген таяғына.
Ішінде керуен басы Заһир деген
Әлидің мұриттері екен баяғыда.

770 Хұсайын айтты: — Сөйле енді, Заһир,
Куфадан, — деді, — бізге берші хабар.
Нұғман қандай еліне іс қылып тұр,
Залымдық қылып тұр ма әлі зарар?

Заһир айтты: — Ей, тақсыр, айналайын,
Сұрама, менен енді оның жайын.
Бәлекет толып жатыр алдыңызда,
Қорқытып жолдастарыңды не қылайын.

Куфаға түс-түс жақтан жау жиылды,
Қисабы жоқ әскерлер қау жиылды.
Залымдықпен көрсетіп көп машақат,
Адамы сүннилердің көп қырылды.

780 Көрсетті мұсылманға жаман тарлық,
Ұлық-кішік балалар тартты зарлық.
Мүслім ерді өлтірді екі ұлымен,
Ғұбайдолла Нұғманмен қылып жарлық.

Тілімді алсаң Куфаға барма, тақсыр,
Алдыңда толып жатыр аю, қасқыр.
Тіпті хан бола алмайсыз осы жолы,
Ғұбайдолла кеп жатыр қара басқыр.

Осы жерден қайтыңыз, тілімді алсаң,
Қор боласыз, бұл жолы бара қалсаң.
Бұ жерге келгеніңді естісе егер,
790 Қор болмаймын деменіз, маған нансаң.

Бұ жерге келгеніңді естісе егер,
Алдыңнан әскер қаптап қарсы шабар.
Шаһарға кіргізбестен ұрыс қылса,
Көрерсіз Кербалада қатты зарар.

Тілімді алсаң бұ жерден қайтқын деймін,
Тыныш барып Меккеге жатқын деймін.
Қатын менен баланы үйге тастап,
Қайтып кеп хауарижді шапқын деймін.

Хұсайын айтты сонда: — Қайтпан, — дейді,
800 Бұ жолдан атым басын тартпан, — дейді.
Не қылса Қадір Мәуле ықтияры,
Ғешкімге обалымды артпан, — дейді.

Бұрылып бір жағынан жүрелік біз,
Куфаның ар жағынан кірелік біз.
Әскері бергі жақта жатқан шақта
Шаһардан бері қаптай жүрелік біз.

Ей, Заһир, не қылса да Құдайымда,
Тарыдай пайда болмас уайымда.
Құдайымның тағдыры солай болса,
810 Бұ жалғанды басыма орайын ба?

Хауариждер бұл күнде болды ғой қас,
Тоқтау сөзге көңілім, сірә, толмас.
Сайыпқыран Шерінің ұлы болсам,
Құдайымның тағдыры өзге болмас.

Ей, Заһир, басшы болғын енді бізге,
Һәрқашан медет қылсын Тәңірім сізге.
Жолдасыңмен жіберіп көшіңізді,
Жүріңіз жолдастасып бізбен бірге.

820 Заһир айтты: — Құп, тақсыр, барайын мен,
Тәңірімнің не салғанын көрейін мен.
Жаным-төнім жолыңа құрбандықпын,
Баламды үйге бар деп жіберейін.

Заһир өзі екі түйе, екі ат алды,
Баласы жолдасымен кетіп қалды.
Заһирды басшы қылып шаһизада,
Бір қисық жалғыз аяқ жолға салды.

830 Керуендерде бар екен бір хауариж,
Ол имансыз Куфаға жөнелді тез.
Ғұбайдолла ханына жетіп барып,
Айтады әлгі залым, есітіңіз.

Барып айтты: — Ей, тақсыр, тыңда, — дейді,
Мұнда жатып ғапылдық қылма, — дейді.
Хұсайынның келгенін көріп келдім,
Аттанғын енді, тақсыр, тұрма, — дейді.

Ғұбайдолла естіді мұның сөзін,
Сасқанынан тер батып өзі-өзін.
Нұғманға айтты: — Не қылып жатырсың,
Жау келіпті, оянып ашқыл көзін.

840 Ей, Нұғман, амалын тап мұның, — дейді,
Не айтқаның болсын енді сенің, — дейді.
Өз көңіліңе келгенін қыла бергін,
Билігіме қоймағын менің, — дейді.

Нұғман айтты: — Алдынан біз баралық,
Қайда бара жатқанын аңғаралық.
Өзінен бұрын барып, алдын алып,
Бастарына машақат іс салалық.

Хора деген бар еді бір балуаны,
Ғұбайдолла шақыртып алды оны.
Он екі мың балуанды қосып беріп,
850 «Хұсайынға барғыл» деп бұйырды оны.

— Хұсайынға әуелі насихат қыл,
Тіліңді алса, не қылсаң өзін білгіл.
Тіліңді алмай егер де жаулық қылса,
Қол-аяғын тас байлап алып келгіл.

Он мың ермен Йазидтің ұғылы шықты,
Өз құрбынан балуан артық мықты.
Екеуі екі әскерге басшы болып,
Алдынан шаһзаданың іздеп шықты.

Кербалаға бет қойып келе жатыр,
860 Жиырма мың ергені өңшең батыр.
«Құдай-а, шаһзадаға медет қыл» деп,
Сүннилердің баршасы жылап жатыр.

Шаһзаданың бар еді бір балуаны,
Жолында құрбан еді шыбын жаны.
Хатиманың баласы Қасым деген
Қызмет қып бек сыйлайды шаһзаданы.

Хауариждер әскері келеді енді,
Елсізде топ қараны көреді енді.
Хауариждің әскерін көргеннен соң,
870 Қасымға сәйд рұқсат береді енді.

Қасымға сәйд айтты: — Тұрғыл, — дейді,
Кідірмей тез атыңа мінгіл, — дейді.
Мынау келген қай жұрттың ләшкері екен,
Хабарын шапшаң барып білгіл, — дейді.

Сонда Қасым жөнеледі атқа мініп,
Жөн сұрады әскерге жетіп келіп.
Қасымға қарсы келіп сәлемдесті,
Ол әскерден бір атты шауып шығып.

Қасым бұрын Хораға сәлем берді,
880 Екеуі жауаптасып жақын келді.
Бұрынғы-соңғылардан хикаят қып,
Һәр түрлі насихаттар сөйлейді енді.

— Әй, Хора, қорқамысың Құдайдан сен,
Болмасаң, сөзім тыңда, ақылы кем.
Пайғамбардың шапағатын харам қылып,
Өзіңе-өзің қылған осының нең?

Сен бұлайша қылмағыл ғапылдықты,
Егерде мүмін болсаң дінге мықты.
Өлмеймін деп жүрмісің бұ дүниеде,
890 Бұ дүние талайды алдап жерге тықты.

Қас болма Пайғамбардың нәсіліне,
Қарасаңшы сөзімнің әсіліне.
Әуелі Хаққа ғасы боласың ғой,
Өз жаныңа өзіңіз қастық қылма.

Құдайдан қорықсаң, Хора, қойғыл мұны,
Пайғамбар шапағат қылмас махшар күні.
Жаһаннамға кетесің мұнафиқ боп,
Жалған үшін ұмытпа о дүниені.

Дін жолында жаныңды пида қылғыл,
900 Ақымақтықты мойныңнан жүдә қылғыл.
Сен менің тілімді алсаң, замандасым,
Жұр мұнда, Хұсайынға қызмет қылғыл.

Қасымның Хора мақұл көрді сөзін,
Зар еңіреп жаспен жуды екі көзін.
— Ер Қасым, айтқаныңның бәрі де рас,
Көремін Пайғамбардың қайтіп жүзін.

Сәлем де барып менен шаһзадаға,
Неге келді демесін бұ араға.
Өлгенімше сіркедей қастығым жоқ,
910 Болмасын келмеді деп аслан нала.

Бәрі кейін мал-мүлкім, ұл мен қызым,
Сәйдітің тәуап қылам басқан ізін.
Хауариждің ішінде қалды бәрі,
Бір кетсем көрмеймін ғой балам жүзін.

Хора ғазы бұлайша сөздер айтты,
Мұны естіп ер Қасым кейін қайтты.
Хораның айтқан сөзін бірін қоймай,
Шаһзадаға келді де баян етті.

Шаһзада бір жайға кеп қонып жатты,
920 Кеш болып, ол арада һәм күн батты.
«Бір Алланың пәрмені енді бізге,
Бұ жерде ажал, — дейді, — жақындапты».

Шаһзада ақыреттің қамын жейді,
«Бұ жерде бітеді екен дәмім» дейді.
Жалғыз өзі біледі өлетінін,
Қатын-бала, жолдасқа білдірмейді.

Ғұбайдолла әскерін жиып алды,
Әскерін жиып алып жарлық салды.
— Хұсайынды кім байлап алып келсе,
930 Қисапсыз берем, — дейді, — оған малды.

Әскерін жиып алып жар шақырды,
Алдына жиып алды он батырды.
«Ақысына берем, — деп, — он мың ділдә»,
Дауыстап жан-жағына үш ақырды.

Сол уақытта Ғамири деген біреу
Төбесі келді болып көкке тіреу.
Сүннилердің ішінде белгілі еді,
Сол келді боламын деп ханға сүйеу.

Ғамири нахис келді ол арыз қылып,
940 — Мен беремін, — деді ол, — байлап келіп,
Осы жерде қылсаңыз әскербасы,
Қасыма қырық мың ләшкер қосып беріп.

Ғамири не тіледі әскербасы,
Шаһзаданы өлтірмек оның қасы.
Қасына қырық мың ләшкер қосып берді,
«Кез келсе де сындыр, — деп, — таудың тасы».

Ғамири қырық мың ләшкер қасына алды,
Дінін беріп дозақты сатып алды.
Ғамиридің хауариж болғанына
950 Сүннилердің барлығы қайран қалды.

Ол күні қонды ләшкер күн кеш болып,
Тағам ішіп жаттылар ойнап-күліп.
«Ұрысамыз, әскерім, тұрғыл», — деді,
Ғамири таң атқан соң атқа мініп.

Бір жатқан Хора шықты атқа мініп,
Айтады Ғамириге жетіп келіп.
«Ап келейін, — дейді, — сол Хұсайынды»,
Азырақ насихатпен ақыл қылып.

— Бәлкім ол, ғажап емес, мұнда келүр,
960 Сіздердің хүкіміңе разы болүр.
Онан соң өкпең жоқ қой, қайтып кетсе,
Біреуін екі сөздің қабыл қылүр.

Хұсайынның қасына келді Хора,
Жығылды аяғына жүзін ұра.
— Еліңізге кідірмей қайтқыл, — дейді,
Меккедегі өзіңнің елің сұра.

Болмаса бұ хандарға бол, қара бол,
Бұ жерге жүріп кепсіз сіз бірталай жол.
Екі сөздің қылмасаң бірін, тақсыр,
970 Өлесіз, жаным ашып айтқаным сол.

Хауарижден жиылды жүз мың адам,
Өлесіз бері, тақсыр, бассаң қадам.
Құмырсадай қыбырлап келе жатыр,
Қарағым, пірім, ұлы шаһизадам.

— Осы ма қорқытқаның, Хора, мені,
 Пайғамбардың үмбеті деп ем сені.
 Құдайға құл, бабама үмбет болсаң,
 Уайым қылма, асла, бұ дүниені.

980 Ақыр кетер бұ дүние күтсең дағы,
 Құдайға мөрдуд болма, кетсең дағы.
 Қатын-бала, мал-мүлкің ақыр қалар,
 Жанды қинап тәрбие етсең дағы.

Дүние үшін уайым қылма, Хора,
 Ақыретке өлсең де кеткін тура.
 Бір-екі күн дүниенің қызығы үшін
 Құдайға қара жүзді болма, сірә.

Хауарижге Құдайдың лағынеті бар,
 Түбінде жаһаннамның мекені нар.
 Бір-екі күн дүниенің ғишраты үшін
 990 Күнінде ғарасаттың боласың зар.

Мұны естіп Хора көзден төкті жасын,
 Жығылып аяғына қойды басын.
 — Ұл-қызым, мал-мүлкім сіздің жолға,
 Құрбандық, пида қылдым, — деді, — һәммасын.

Келеді ақыр бүгін бізге қаза,
 Болғанда ғарасатта йаумул жаза.
 Пайғамбарға көрсеткіл үмбетің деп,
 Хауарижге сіз бенен қылсам ғаза.

1000 Ғамири нахис қасына барайын мен,
 Хауариж болды ақымақ, ақылы кем.
 Құдайдан қорқып егер қабыл қылса,
 Қасыма жолдас қылып алайын мен.

Хора барып Ғамириге сөз айтады,
 Қорқытып шарифатпен көп айтады.
 — Дүние үшін дініңнен айрылмаңыз,
 Қор болма ақыретте, — деп айтады.

— Басыңа ажал сенің бір күн келер,
 «Лимәнал мүлкул йаум ли-Ллаһи
 уахидил қаһари» күні болар.
 «Фи нари жаһаннам халидин фиһа,
 әбәдан» деген қане,

1010 Тәубе қылсаң Құдайым рахмат қылар.

Өлген соң періштелер сауал сұрар,
 Ғарасат майданына айдап барар.
 «Йауму йус хабуна фин нари
 әлә ужуһиһим» деген аят,
 Күнәлі құлын көріп тозақ қайнар.

Ғарасаттың күнінде келүр намаң,
 Дін жолынан айрылма, келсе шамаң.
 «Йауму йатазаккарул инсану ма саға»—
 Көңіліңе бәрі сонда түсер тамам.

Әй, Ғамири, бір жаныңа қылғыл пайда,
 1020 Жарылқар қайтсаң Тәңірім осындайда.
 Бұ дүние пәни жалған бір күн кетер,
 Барғанда өкінерсің бақи жайға.

Ғамири айтты: — Ей, Хора, тек жүр өзің,
 Құлағыма кірмейді айтқан сөзің.
 Енді көп сөйлей берме, тыңдамаймын,
 Кісі сөзін көтермес осы кезім.

Мұнан өзге һешбір сөз сөйлемеді,
 Ақыреттің қорқынышын ойламады.
 Ғамириден түңілген соң Хора ғазы
 1030 Енді басын ол жерге байламады.

Екі ұлы мен екі түйе, екі ат алды,
 Қатыны, бір ұл, бір қыз үйде қалды.
 Хұсайынның қасына барды енді,
 Үй-жайын, бәрін тастап, жиған малды.

Хауариж көрді Хора кеткеніні,
Сәйдже барып байғат еткеніні.
Қайта шауып ұрысты хауарижбен,
Қыра берді қолының жеткеніні.

1040 Хауарижге ер Хора қылыш шапты,
Нешесі жаһаннамнан орын тапты.
Ол күні кешке шейін ұрыс қылып,
Хауарижден үш мыңды қырып сапты.

Күн батқан соң қосына қайтып барды,
Үш мың кісі өлгенін айтып барды.
Хаиндер кеңес қылды ол хауариж,
«Бір күнде мұнша кісі жатып қалды».

1050 Сол арада бар екен екі бұлақ,
Су ағар әрбірінен бір-бір құлақ.
Су жібермей, тас байлап алды жолын,
Сүннилер көргеннен соң тұрды жылап.

Сүннилер жылағанын сәйд көрді,
Жолдастарын жиып ап [жауап] сұрды.
— Біздерге қайғы-қасірет жапа болұр,
Хауариждер тас байлап алды суды.

Жарандар бәрі шөлдеп өлер енді,
Бастарыңа машақат келер енді.
— Ренжімеңдер, сіздерге рұқсат бердім,
Обалдарың мойныма болар енді.

1060 Бұл арада тұрайын жалғыз өзім,
Шөлдесеңдер жалындар екі көзің.
Сонда қатты жаныма батып кетер,
Шөлдеумен қырылдық деп шықса сөзің.

Хауариждің айтайын мен мүддесін,
Кеспекке мақсұды бар менің басым.
Сендерді де қырады бірің қоймай,
Ақырында Құдайым жарылқасын.

Сіздердің бәріңізге рұқсат бердім,
Тәуекел, не де болса өзім көрдім.
Қандарыңыз қалмасын мойынымда,
1070 Көңілің тілегенің жүре бергін.

Жолдастар мұны естіп қылды фаған,
Зар еңіреп көздерінен атқылар қан.
— Сізден қалып, тақсыр-ау, не боламыз,
Мал-мүлік түгіл, құрбандық бір шыбын жан.

Ақыр бір күн өлерміз ажал келсе,
Арманымыз не, бір Құдай иман берсе.
Пайғамбарым махшарда шапағат қып,
Разымыз, Құдайым «пендем» десе.

Ғарасат таразысы құрылады,
1080 Күнәлілер күрзімен ұрылады.
Періштелер намасын қолға беріп,
Ісіміздің бәрі де сұралады.

Сиратқа тағы айдар үш мың жылдық,
Тақсыр-ау, қызметіңе жүз мың құлдық.
Сол уақытта қолдан алсаң біз разы,
Жолыңа басымызды құрбан қылдық.

Бұ жерде жараспайды жалғыз қалсаң,
Бізден қалып бұ жерде шаһид болсаң.
Дүние үшін сізден біз айрылмаймыз,
1090 Біз разы, ғарасатта қасыңа алсаң.

— Олай десең, жарандар, сөзім тыңда,
Шапағатшы болғанда бабам таңда.
Тірілікте біздерге жолдас болсаң,
Тап осындай боласыз тағы анда.

Тірілікте кім бізбен бірге жүрсе,
Жақсы-жаман сұхбатқа бірге кірсе,
Жолдас болып жаннатта бір жүресіз,
Кімде-кім Пайғамбардың қасына ерсе.

- 1100 Науан деген бар еді Мұқтадұғлы,
Өзі балуан, мол еді һәм ақылы.
— Ғамириге барғыл, — деп соған айтты,
Насихат қыл Құдайдың болса құлы.
- Бұ дүниеге алданып қор болмасын,
Рахматтан нәумез қалып, зар болмасын.
Байғат етсін бабамның хақ жолына,
Дінінен рәсуа болып айрылмасын.
- 1110 Онан соң Ғамириге барды Науан,
— Дүние үшін қылма, — деп, — дінді жаман.
Біздерменен бұ күндері қастас болып,
Тамұқты мекен қылып алма һөман.
- Сөзіме жауап бергіл, ей, бейопа,
Ұлына дұшпан болдың хақ Мұстафа.
Ғарасатта бір жүріп көпірлермен
Өкініп, сол уақытта болма қапа.
- «Йәләйтәни күнту турабан» дерсің сонда,
Қас болсаң дініңменен бүгін мұнда.
Пәни жалған, бес күндік баяны жоқ,
Қара жүзді болмағын Расулыма.
- 1120 Ғамири кетті сонда жауап бермей,
Насихат айтқан сөзге көңілі ермей.
— Ғапылдарға бұ дүние қандай қызық,
Жөнел, — деп шауып кетті, — сөйлей бермей.
- Ол күні ұрыспады, күн кеш батты,
Екі әскер екі жақта қонып жатты.
«Құдай-а, Пәруардигар, не қылам» деп,
Хұсайын қайғыланып жылап жатты.
- 1130 Шаһзада жылап жатып ұйықтап кетті,
Түсінде хақ Пайғамбар жетіп кепті.
Шақырып Хұсайынды жанына алып,
«Нұр дидарым, перзентім» деп қолын өпті.

«Жігер-күшім, қайғырып қам жемегіл,
Тағдырға разы болып сабыр қылғыл.
Сізді мен бек сағынып тұрмын қатты,
Кешікпей өз қасыма шапшаң келгіл.

Келіп едім бір хабар алайын деп,
Хош хабар шаһидтарға салайын деп.
Перзентім, амандаса келіп едім,
Тірлігінде бір көріп қалайын деп».

- 1140 Шаһидтардың ішінде патшаһи — сен,
Жүмлә ғирфан аһлының һәмраһи — сен.
Тәж ғиззат басыңа енді Хақтан,
Жаннаттағы хор, ғұлман һәм маһи — сен.

Шаһид болмай жігітке рахат болмас,
Дүниеде тұрғаныңа көңілім толмас.
Сыртты сыр зейнеттенген күшк құсұр,
Мұнтазир бөрі сізге сабыр қылмақ.

- 1150 Оянып ұйқысынан тұрды шаһзада,
Шүкір қылып көңілінен шықты қасірет.
Бабасының бұ сөзін естіген соң,
Көңілі сонда шаттанды бек қабағат.
Кірділер сен боласың иужаһ мақам,
Әйла шоқ лағынет Йазид сабах-шам.

Рухына салауат қыл Пайғамбардың,
Тілі күймес тозаққа айтқандардың.
Шаһзаданың сөйлесем қайғыларын,
Тыңдаған жан, шыдамас һеш жандарың.

- 1160 Жарандар, таза тыңда мына сөзді,
Екі әскер қонып жатты ол күн-түні.
Таң атқан соң жүмләсі атқа мінді,
Жұманың күні екен тап сол күні.

Ол күні ұрыс қылмақ болды енді,
Екі әскер жүмләсі атқа мінді.

Хұсайынның қасына жолдас болған,
Бурма хәкім дейтұғын бай бар еді.

Соған айтты: — Сіз мұнда тұрма, — деді,
Алаңдап көңіліңді бұрма, — деді.
Жас балалар көп еді үйіңізде,
Сіз бұ жерде ұрысты қылма, — деді.

1170 Бес түйе берді оған жүгін артып,
Қоштасып, көп жыласып кетті қайтып.
Рұм, Бағдад, Мекке мен Мәдинеде
Жіберді мұсылманға сәлем айтып.

«Хұсайынның қасында жолдасынан
Құтылған бір кісі жоқ өзгесінен.
Хұсайынның қалғанын баян етті,
Келдім деп, Кербалада өз қасынан».

1180 Сәйдзада шақырды жолдастарын,
Ағызып көздерінен қан жастарын.
Жар-жолдасы қоштасып, бақылдасып,
Өлімге байлап тұрды өз бастарын.

— Су ішпедік, — деседі, — екі күндей,
Шөлдемесек, қырар едік бірін қоймай.
Күн ыстық, ішер су жоқ, не лаж деп,
Зар жыласып айтады, — уа, дариға-ай.

Сол уақытта шілде түсіп, тамыз болды,
Бәріне шөлдеген соң қайғы толды.
«Отырмалық далада құр шөлдеп» деп,
Қарады шаһизада оңды-солды.

1190 Жетпіс екі кісі еді бар нөкері,
Жүз он үш мың хауариж әскерлері.
Шаһзада жолдасымен атқа мініп,
Тік жүріп хауарижге келді бәрі.

Хауариждар мінді атқа шуылдасып,
Келеді көңілдері судай тасып.
Майдан жерге жақындап келгеннен соң,
«Жекпе-жекке» деседі дауыстасып.

Шаһзаданың көңілінде — дін таласы,
Хауариждер, мал-дүние — **оның қасы.**
Шаһзаданың қасында бұрын жолдас,
1200 Бар екен Мүслім ердің бір баласы.

Ғабдолла еді аты, діні камал,
Балуан еді, өзі — сақыпжамал.
Қылышын алып қолына, атқа мінді,
Ұрыстан білуші еді түрлі амал.

Ғабдолла шықты қылыш қолына алып,
Атасының қысасын **көңіліне алып.**
«Майданға шығайын, — деп, — жекпе-жекке,
Рұқсат бер» деді аттан түсе қалып.

— Шаһзада, рұқсат бергіл маған, — деді,
1210 Жар болса, медет қылып бабам, — деді.
Ғинаят қылса маған Қадір Алла,
Атамның қанын бұ күн алам, — деді.

Шаһзада қол көтеріп дұға қылды:
— Жалбарар бір өзіңе мүмін күллі,
Жаратқан, Рахман Алла, иә, Иләһи,
Тапсырдым, иә, Зұлжалал, сақта, — деді.

Ғабдолла айтты сонда: — Иә, шаһзада,
Мыңға келсе бір тұрмас бұ дүниеде.
Әйтеуір не қылса да бір өлмек бар,
1220 Қылыппыз жолыңызға жанды пида.

Мұны айтып майданға кетті шауып,
— Өлемін деп сіркедей қылмай қауіп.
«Жекпе-жек» деп майданда дауыстайды,
Қылыш алып, басына қалқан жауып.

Дауыстап айғай салды «жекпе-жек» деп,
Бір мүфсид Санам деген келді беттеп.
«Мәрдуд болып дініңнен айрылма», — деп,
Насихат Санамға айтты сонда ептеп.

1230 Тыңдамастан Ғабдолланы ұрды Санам,
«Мен неге, — деп, — сөзіңе құлақ салам» .
Ғабдолла ол ұрғаннан аман қалды,
Сақтады құдіретімен Алла Тағалам.

Ғабдолла Санамға айтты: — Тыңда, — деді,
Сен мұнда ақымақтық іс қылма, — деді.
Дүниенің қызығы үшін рәсуа болып,
Қаражүзді болмағын, тыңда, — деді.

1240 Тыңдамастан шоқпармен тағы ұрды,
Санамды діннен шығып Құдай ұрды.
Ғабдолла ашуланып шыдай алмай,
Қылышын қолына алып қарсы тұрды.

«Ұрайын» деп ол Санам келді тағы,
Ғабдолла да қылышын алды тағы.
Қылышпенен Санамды шапты белден,
Атта кетті салбырап екі аяғы.

Кеудесі жерге түсті, көті — атта,
Хауариждердің әскері бақты атқа.
Сүннилердің көңілі шадыман болып,
Шүкір қылып тұрысты жалғыз Хаққа.

1250 Ол Санамның бар еді жалғыз ұғлы,
Оның атын деуші еді жауыз Кәмли.
Атасының өлгенін көргеннен соң,
Майданға шығайын деп атқа мінді.

Қалқан ұстап сауытын киіп алды,
Қаһарын бойларына жиып алды.
Атына міне салып шауып келіп,
Мүслімнің баласымен соғыс салды.

Қылышпенен Ғабдолла шапты оны,
Қақ жарылып басынан ақты қаны.
Толқып барып құлады жерді құшып,
1260 Жаһаннамның түбіне кетті жаны.

Сол күні жекпе-жекке жетеу келді,
Мүслімнің баласынан бөрі де өлді.
Жекпе-жекке шыға алмай жалғыз адам,
Екі жүз қаптап кетіп соғыс қылды.

Ғабдолла ұрыс қылды екі жүзге,
Қашырды бірін қоймай айтар сөзге.
Екі жүзден қырылып жетпіс кісі,
Майданға жан шықпады мұнан өзге.

Сол уақытта Ғабдолладан кетті қуат,
1270 Шөлдеген соң хал кетті бек қабағат.
Қасына Хұсайынның қайтып келіп,
— Шөлдедім, қайтем, — дейді, — әй, шаһизат.

— Сусағаным бір қанса осы күнде,
Лаж тап деп айтамын енді кімге.
Хал-ахуалым қалмады сусаған соң,
Үнім бітіп барады келмей демге.

Шыдай алмай ұрады қаны қашып,
Хұсайын тұр басында жаны ашып.
Үсті-басы жаралы, өзі сусап,
1280 Құдайым қылды сонда ажал нәсіп.

Хора ғазы мінеді атын жабдып,
Келмекке майдан жерді қызыл қан қып.
Майданға барып сонда айғай салды,
«Хауарижден келіңіз балуан» деп.

— Кел, — деді, — жекпе-жекке, хауариждер,
Шапшаң шық кідірместен, мүбөриздер.
Өлтірді алпыс кісі Хора ғазы,
Қамалды қорыққаннан соң енді ләшкер.

- Жекеге барған кісі өле берді,
1290 Тамаша қылды күшін Хора ерді[ң].
Жекпе-жекке барғаннан алпысы өліп,
Қызыл қанға бояды майдан жерді.

Мынау іс хауарижге жаман батты,
Қорқып қалды Хорадан жаман қатты.
Жүз кісі бәрі қолға мылтық алып,
Жабылып бәрі келіп мылтық атты.

- Жауған қардай мылтықтың оғы келді,
Сонда дағы Хорадан тоғызы өлді.
Қарсы алдынан атқан оқ беттен тиіп,
1300 Есі ауып шаһзадаға қайтып келді.

— Жаралы болды, тақсыр, барша төнім,
Судай болып төнімнен ақты қаным.
Қатты сусап барамын, халім құрып,
Қиналды, — деді, — тақсыр, шыбын жаным.

Соны айтып, жығылып жатты сабаз,
Сусағаны жанына батты сабаз.
Тілі байланып азырақ талып жатып,
Шаһид болып дүниеден өтті сабаз.

- Кірділер сен боласың Әли мақам,
1310 Лағынет әйла ол Йазидке сабах-шам.

Салауат Пайғамбарға жіберейін,
Қиссасын Хұсайынның келтірейін.
Қайғы-қасірет, көп жапа көргендерін
Сіздерге осы жерде білдірейін.

Екі кісі майданға барған екен,
Бірісі Мұқтадтың ұғланы екен.
Ерлікпенен дұшпаннан қан ағызды,
Бірісі Сағиттың құлдары екен.

- Екеуі қан ағызды майданынан,
1320 Талай кісі өлділер хауарижден.
Екеуі тізе қосып ұрыс қылып,
Шаһид болып сол жерде берділер жан.

Қасым атты Жағыпар Садық баласы бар,
Тең келмес Рүстемдей балуандар.
«Жанымды пида қылдым сіз үшін» деп,
Әдепшен шаһзададан рұқсат тілер.

- Қарағым, рұқсат бердім, майданға бар,
Сіздер үшін Құдайға қыламын зар.
Залымдығын тигізбей хауариждің,
1330 Басыңа жәрдем болсын Пәруардигар.

Рұқсат алып майданға барды сонда,
Ақырып арыстандай тұрды сонда.
Қасымның қаһарына жан пар келмей,
Есебі жоқ балуанды қырды сонда.

Қасымдай жан пар болмас асқан ерге,
Өзі балуан, баһадүр кемеңгерге.
Ұрысып жүргенінде батыр Қасым,
Атының оң аяғы кірді жерге.

- Сонда аты жығылды жерге барып,
1340 Хауариждер оқ атты ұрыс салып.
Тұс-тұс жақтан жабылып, көптігімен
Тақсырды шаһид қылды ұстап алып.

Жағыпар ұлы Тәліпке нәубет келді,
Ішіне ол майданның барады енді.
Аянбай шыбын жанын соғыс қылып,
Тәліптен жетпіс екі кісі өлді.

- Бір заманда сусады халі құрып,
Қайтып келді атының басын бұрып.
«Иә, ата, бір ішім су тапшы», — дейді,
1350 Алдында Хұсайынның жылап тұрып.

— Сусаған соң кетті ғой хал-дәрменім,
Көзім көрмей барады, құрып қаным.
Атасы айтты: — Су жоқ қой жетер жерде,
Бар болса аяймын ба суды сізден.

Қарағым, айналайын көзіңізден,
Бар болса аяймын ба суды сізден.
Бір Алладан болмаса медет-жәрдем,
Хал кетіп тұр, қарағым, бүгін бізден.

1360 Мұны естіп майданға қайта кірді,
Кез келгенін қылышпен қойдай қырды.
Хауариждер жабылып ұстап алып,
Кескілеп ол Тәліпті тағы өлтірді.

Хұсайын ұлы ер Қасым көрді оны,
Шыдамай ашып кетті оған жаны.
Хұсайынға келді де дәстүр тілеп,
— Жібер, — деді, — майданға бүгін мені.

1370 Хұсайын рұқсат берді Қасым ерге,
— Бар, — дейді, — тәуекел деп майдан жерге.
Жігерімнің парасы, жаным Қасым,
Келмей тұр аузым сізге баршы дерге.

Тапсырдым бір Аллаға, барғыл енді,
Хауарижбен соғысты салғыл енді.
Иләһи Рахман, Рахим, иә, Зұлжалал,
Қолынан ер Қасымның алғыл енді.

Қасым сонда майданға жетіп барды,
Мінәжат бір Тәңірге етіп барды.
«Иә, Алла, қырғаның ба сусатып» деп,
Зар жылап көзден жасы кетіп барды.

1380 Барды да: — Хауариждер, келгіл, — дейді,
Ажалың бұрын келіп өлгіл, — дейді.
Ұрысуға қорыққаның жеріңе қайт,
Менің атым — ер Қасым, білгіл, — дейді.

Хауариждан бар еді Арзақ атты,
Төрт баласы бар екен діні қатты.
Үлкен ұлы Арзақтың жетіп келіп,
Қасымды күрзіменен салып қалды.

Құдай аман сақтады ер Қасымды,
Хауариждің көңілі бек басылды.
Хұсайын да алыстан дұға қып тұр,
1390 «Иә, Алла, қабыл қыл, — деп, — көз жасымды».

Екеуі олай-бұлай қағысты енді,
Ұруға айла қылып бағысты енді.
Екеуі қылыштарын қолына алып,
Ақырын бірін-бірі шабысты енді.

Хауариждер Қасымнан көрді күшті,
Басы сонда көпірдің жерге түсті.
Оған төте бірі кеп ұрыс қылып,
Ағасының үстіне бірге түсті.

Төртеуі кезек-кезек келе берді,
1400 Бір шапқаннан бәрі де өле берді.
Төрт баласы бір жерде біткеннен соң,
Майданға Арзақ өзі келеді енді.

Арзақ келіп майданға нағыра ұрды,
Көрсетем ерлігім деп қарап тұрды.
«Балаларымды өлтірген батыр келсін,
Өшімді аламын» деп жылап тұрды.

Қасым қосқа сол уақытта келіп еді,
Сусаған соң жүрегі жанып еді.
«Аузыма балшық толып, үнім бітіп»,
1410 Сөйдіке «өлдім ғой» деп зар еңіреді.

— Уа, дариға, сусадым, не қылайын,
Мәнім болмай барады кетіп жаным.
Мұны естіп Хұсайын зар еңіреді,
«Не лаж қылам, — дейді, — айналайын».

Менің берген қайратым сабыр қылмақ,
Не қылса да тағдырына разы болмақ.
Айуб нәби бәлеге сабыр қалған,
Алланың қылған ісін мойынға алмақ.

1420 Тағдырына қылалық біз де сабыр,
Сабырсыздық, ғасылық жанға зәбір.
Алланың тағдырына разы болып,
Қарағым, бұ майданға бар, қайта кір.

Қасым сонда атына мінеді енді,
Тәңірінің тағдырына көнеді енді.
«Шапшаң шық» деп ақырып айғай салған,
Қасына хауариждің келеді енді.

1430 Арзақ сонда басына қалқан жапты,
Қасым қалқан сыртынан қылыш шапты.
Қалқанымен тастады екі жарып,
Тамұқтан Арзақ барып орын тапты.

Жекеге шыға алмады бұған шақтап,
Екі мың хауариждер кетті қаптап.
Көп хауариж ортаға алғаннан соң,
Қылышын сілтей берді екі жақтап.

Жабылып хауариждер ұра берді,
Ер Қасым кез келгенін қыра берді.
Жан аямай соғысып кешке дейін,
Алты жүз отыз екі кісі өлтірді.

1440 Денесіне отыз үш жара тиді,
Намаздігер уақыт та жақындапты.
Бар денесі жаралы, өзі сусап,
Сол уақытта атынан құлап кетті.

Есі ауып атынан түсті талып,
Хауариждер жабылды түсе қалып.
Қасымның басын кесіп алған шақта,
Зілзала болып кетті жер шайқалып.

Жер шайқалып, тұтылды ай менен күн,
Тау мен тастар жарылып, шықты түтін.
Күннің бәрі қараңғы түндей болып,
1450 Қайғырып назаланды жаһан бүтін.

Ол Қасымның бар еді бір інісі,
Қасымды көріп оның кетті есі.
«Уа, дариға-ай, ағам» деп жылап еді,
Бәрі бірге жылады тұрған кісі.

Ғинаятолла еді оның аты,
Қалмады зар еңіреп тап-тақаты.
Сөйдітен рұқсат алды ағасы үшін,
«Бар, — дейді, — бұл дүниенің не қажеті».

Майданға барды діннің ол сәруары,
1460 — Хауарижден балуан болса келсін бері.
Дүниеде неше ғұмыр көрсең дағы,
Бір күні ажал келсе қалмас тірі.

Дініңді дүние үшін бердің, — дейді,
Хақ Расулдың әулетін қырдың, — дейді.
Сөзіне шарифаттың құлақ салмай,
Шайтанның уәсуәсіне ердің, — дейді.

Һәр іске разымыз Құдай салса,
Дүниені не болмайды көңілге алса.
Дозаққа өздеріңді байладыңдар,
1470 Көермін ғарасаттың күні болса.

Ғамири айтты: — Біреуің майданға бар,
Бұ бала өзі сусап қылып тұр жар.
Жекпе-жекке шығуға һешкім бармай,
Атқа мініп екі мыңы жабылдылар.

Екі мыңы жабылды Ғинаятқа,
Хауариждер кез болсын ғаламатқа.
Атына қамшы басып «иә, Алла» деп,
Бір мыңды қырып салды үш сағатта.

- 1480 Өзгесі шыдай алмай қашып кетті,
Бірін-бірі қиратып басып кетті.
Ішек-қарыны салбырап кейбірінің,
Жаралысы қандарын шашып кетті.
- Хауарижде бір балуан аты Ожаж,
Ғамири: — Барғыл, — дейді, — соған біраз,
Екі мың өңкей жаман түк қылмады,
Сен барып көңілімнің қысасын жаз.
- 1490 Атқа мініп қылышын алды қолға,
Қайратты көрсетем деп осы жолда.
Ғинаятты қылышпен шапты келіп,
Аман-есен сақтады Қадір Алла.
- Бір емес үш қайтара шапты қылыш,
«Тәуекел» деп Ғинаят тұрды тыныш.
— Енді маған тұр, — дейді, — нәубет беріп,
Тамаша көрсетейін саған бір іс.
- Ол Ожаж нәубет беріп тұрады енді,
Қылышпенен Ғинаят ұрады енді.
Қылышпенен шапқанда жерге түсті,
Жаһаннамнан жай алып құлады енді.
- 1500 Ожаждың баласы бар батыр Тарық,
«Атамның кегін алам, — дейді, — барып».
Зар еңіреп шыдамай атасына,
Ақырады дауысы жерді жарып.
- Ғинаят, келді өлім бұ басыңа,
Ағаңа жіберейін, кел қасыма.
Мұны айтып ол Тарық келгенінде,
Хауарижге күрзі ұрды арқасына.
- 1510 Күрзісі Ғинаяттың тиді күшті,
Тарықтың басы құстай аспанға ұшты.
Таяқпенен бір салған бөденедей
Бөксесі басыменен бірге түсті.

Шүкір қылды Ғинаят мұны көріп,
 Қайтып келді атының басын бұрып.
 «Үнім шықпай барады сусаған соң»,
 Сөйдке арыз қылды жылап тұрып.

Хұсайын сонда тұрып бек жылайды,
 Ғинаятты құшақтап көп жылайды.
 «Айналайын, қарағым, бауырым-ай,
 Неге аяймын су болса» деп жылайды.

Естіді ағасынан мына сөзді,
 1520 Енді суды іздеуден күдер үзді.
 Мінәжат қылды Хаққа зар жылап,
 Көзінен қатра-қатра жас ағызды.

— Иләһи, салдың маған қандайын іс,
 Сусаған соң бойымнан кетті ғой күш.
 Кербалада кез болып бұ жапаға,
 Бір қасық су біріміз етпедік нұш.

Хауариждер біздерге қылды жапа,
 Бір қасық ұрттатпай қылды қапа.
 Мұндай қасірет көрмесін неш мұсылман,
 1530 Кез болды рақымсыз жұрт бұл бейопа.

Жолына Хұсайынның басты бердік,
 Мал түгіл, жаннан кешіп соңына ердік.
 Иә, Алла, бұ не деген болды қасірет,
 Кербалаға келгенде мұны көрдік.

Хауариж неге өшікті бізге мұнша,
 Бұларға тұһмат қылдық біздер қанша?
 Иә, Алла, сусынымды бір қандырсаң,
 Қырар ем бірін қоймай дем алғанша.

Мұны айтып атына қамшы басты,
 1540 Ағызып тұр көзінен қанды жасты.
 «Далада ақыр сусап өлермін» деп,
 Тұтып жатқан әскерге араласты.

Қылышын оңды-солды ұра берді,
Кез келгенін қойдай қыра берді.
«Бір су ішсе тірі жан қоймас екен,
Еш көрмедік, — деседі, — мұндай ерді».

1550 Тамаша қылды Ғамири Ғинаятты,
Қылыш шауып майданда жүрді қатты.
Екі мың төрт жүз кісі өлтіріпті,
Өліктер төбе-төбе болып жатты.

Қашқанын құтқармады, қуып жетті,
Хүкімі хауарижге тым-ақ өтті.
Мылтықпенен біреуі атып еді,
Атының мойнынан өтіп кетті.

Аты барып жығылды омақасып,
Хауариждер жабылып қалды басып.
Қылышпенен шапқылап үш-төрт бөлді,
Ол хаин хауариждер жабырласып.

1560 Сол жерде Ғинаятты шаһид қылды,
«Өлтірдік» деп хауариж бәрі күлді.
Мұны көріп майданға шыдай алмай,
Әлидің бір баласы Ғауан келді.

Нағыра ұрып майданға келді жетіп,
Атына қамшы басып екпіндетіп.
Бір бөлек топ әскерге араласып,
Бір сағатта қырылды бәрі бітіп.

1570 Бетіне ешбір адам қарамады,
Ғауанмен ұрысуға жарамады.
Енді Ғауан ақырып тұрса дағы,
Хауарижден ешбіреу бара алмады.

Ғамири: — Ақыртып қойма, — дейді,
Қорқысып көңіліңді жойма, — дейді.
Жекпе-жекке баруға қорықсаңдар,
Бәрің бір-ақ жабылуға ойла, — дейді.

Жабылды хауариждің сонда бөрі,
Беттерінде болсайшы биттей ары.
Ғауан батыр ақырып араласты,
Ләшкердің дал-дал болды аралары.

1580 Қырады Ғауан батыр арыстандай,
Қашады хауариждер жарысқандай.
Хауарижден қырыпты алты мыңдай,
Ақымақтар, сірә, болмас данышпандай.

Ғауан батыр хауарижді қаһарға алды,
Ғауанға жетпіс жерден жара салды.
Осындай қатты қырып жүрсе дағы,
Жібермей көптігімен байлап алды.

1590 Ұстап алып Ғауанның кесті басын,
Ағызды нидематта көзден жасын.
Жаннат ағла бейішті нәсіп қылып,
Құдайым ақыретте жарылқасын.

Шаһзаданың қалыпты бір інісі,
Әли ұғлы өзінің бір жынысы.
Бірге келген туысқан бәрі бітті,
Жалғыз-ақ қалған еді осы інісі.

Сәйдтің бұ інісі аты — Аббас,
Өзі абзал кемеңгер, баһадүр хас.
Шаһзада айтты соған: — Мін атыңа,
Енді сіз бармасаңыз, сірә, болмас.

1600 Отырма, енді атыңа мін, шырағым,
Құдай үшін бір шелек су сұрағын.
Хауариждер бір шелек суды берсе,
Жаннаттың бағыштадым хор пырағын.

Сонда Аббас атына мінді дейді,
Хауарижге бет алып жүрді дейді.
— Пайғамбардың перзенті Хұсайынға
Бір ішім су бергін деп сұра, — дейді.

Шуылдап жылап отыр балалары,
 Бір ішім су сұрайды соның бәрі.
 Он күн болды біздер су таппағалы,
 1610 Жас балалар бек өтті қылған зары.

— Оларға су беріңдер сусап отыр,
 Сусаған соң нешеулері өліп жатыр.
 Пайғамбардың әулетіне су беріңдер,
 Діні жоқ болмасаңдар таза тақыр.

Хауариждер шелекке суды құйды,
 Алып келіп анадай жерге қойды.
 — Өзің ішіп қанған соң шелекті бер,
 Өзгеңе беретұғын су жоқ, — дейді.

«Сәйд су ішпегелі он күн болды,
 1620 Мен ішуге рауа болмас енді», —
 Мұны айтып шелекті ала қашты,
 Атына қамшы басып оңды-солды.

Аббас батыр шелекті қолына алды,
 Атының басын бұрып қайта салды.
 Шелекті ала қашып жөнелгенде,
 Жауған қардай мылтықтың астына алды.

Ғамириге бір адам айтты барып:
 — Қашып Аббас барады суды алып.
 Мұны естіп Ғамири жарлық қылды:
 1630 — Неге беріп тұрсыңдар құры қалып?!

Он жеті мың балуан атқа мінді,
 Отқа өртеп, харап қылып есіл ерді.
 Аббасты орта жолда қуып жетті,
 Қосына жеткізбестен ұрыс қылды.

Хауарижден өлтірді жүз отызын,
 Бір хауариж мылтықпен атты өзін.
 Оғы барып мылтықтың дөп тиіп,
 Ашуға келмеді әлі екі көзін.

Есі ауып жығылмай атта тұрды,
 1640 Хауариждер күрзімен жабыла ұрды.
 Атынан ұрып жығып, басын кесіп,
 Шуылдап мақтанысып қайта жүрді.

Хұсайын өзі қалды баласымен,
 Іні, жолдас таусылды ағасымен.
 Алланың тағдырына разы болып,
 Бетін жуды ағызған көз жасымен.

Ғамири айтты: — Қалыпты жалғыз өзі,
 Табылмас біраздан соң басқан ізі.
 Хауариждер Хұсайынға қарсы жүрді,
 1650 «Өлетін келді ғой, — деп, — мұның кезі».

Жалғыз өзі ләшкерге қарсы тұрды,
 Ұлына «ат ертте» деп бұйырды.
 Хұсайынның үлкен ұғлы егарлап,
 «Ләшкерге барайын» деп рұқсат сұрды.

Әлиасқар екен ол баланың білсең аты,
 Ғеш адамның келместей салтанаты.
 Жүздерін көрген кісі бір талатын,
 Қаһарман, Рүстемдей сиясатты*.

Сол күнде жасы келген он сегізге,
 1660 Сипаты періштедей көрер көзге.
 Көрген жан нұр жүзінен таяр көзі,
 Ақыл-қайрат өлшеусіз мұнан өзге.

Нұр жүзінен қараса түседі күн,
 Сипат қылсам, пар келмес жиһан бүтін.
 Солардың да басынан көшіп кетті,
 Баянсыз пәни жалған, дүние шіркін!

Өзі жомарт, өзі ер, әділетті,
 Ақылын Пайғамбарға жетті депті.

* Сиясатты /а/ — ақылды, өнерлі; айбатты, дұшпанға үрей көрсететіндей.

Сипатын айтып тамам қыла алмаймын,
1670 Айтайын онан дағы өзге кепті.

— Ей, ата, маған рұқсат бергін, — дейді,
Азырақ соғысқаным көргін, — дейді.
Жолыңызға басымды құрбан қылдым,
Артымда дұға қылып тұрғын, — дейді.

Айтады: — Саған рұқсат бермеймін, — деп,
Қорқамын жүзіңізді көрмеймін, — деп.
Көзім нұры, шырағым, Әлиасқар,
Ойлаймын бірақ мен де тұрмаймын, — деп.

Белде қуат, сүйенішім, ай-а, Әли,
1680 Не болады ата-анаң ғаріп халі.
Бір сағат жүзің көрмей тұра алмаушы ем,
Қайтіп тұрар ата-анаң шыбын жаны.

Хауариждер естіді сәйід сөзін,
Толтырды қанды жаспен екі көзін.
Хауариждің нешеуі жиылып кеп,
Ғамириге, тыңдашы, айтқан сөзін:

— Жаман істер қылдыңыз адам қылмас,
Мүміндер Пайғамбарға қасты болмас.
Пайғамбардың перзентін қырып салып,
1690 Малғұн болып Ібіліске болдық жолдас.

Аббас деген бұлайша жауап айтқан:
— Хаққа дұшпан болдық қой діннен қайтқан.
Ақыретті ойламай, діннен шығып,
Жан болмады күнәға біздей батқан.

Мұнда келген өлімен бар тіріміз,
Мұсылман болмадық қой һешбіріміз.
Жаһаннамның түбіне кеттік түсіп,
Құдай сүйер қалмады һеш жеріміз.

Аббас сөзін тыңдады ол Ғамири,
1700 Ішіне қорқу түсіп қашты түрі.
Бұ сөзден қатты қорқып тұрғанында
Қасына хауариждің келді бірі.

— Ей, Ғамири, не ойлап тұрсың, — дейді,
Бұл арада не іздеп жүрсің? — дейді.
Егер де сіз қойсаңыз, барша елің
Ғаскер боп Хұсайынға кірсін, — дейді.

Басында бүйтерің бар, неге келдің,
Хандармен қол алысып уағда қылдың.
Азғырды шайтан болып Шәмир деген,
1710 Обалына қалдың деп тамам елдің.

Шәмир келіп бұ сөзді айтып салды,
Қорқып тұрған Ғамири қайтып қалды.
«Бізге келіп Хұсайын нөкер болса,
Сонда су берейін» деп көңіліне алды.

Ғамири айтты: — Бізге кеп нөкер болсын,
Байғат етіп алдыма қызмет қылсын.
Егер қабыл қылмаса бұ сөзімді,
Қолынан не келеді, өзі білсін.

Шыдай алмай мұны естіп келді Әли,
1720 Естідің бе хауариж сөзін әні.
Бізді енді хауариждер мазақ қылды,
Құдай үшін құрбандық пенде жаны.

Анасы білді Әлиасқар кететінін,
Хауарижбен соғысты өтетінін.
Барған адам біреуі сау келген жоқ,
Ойлады дүниеден өтетінін.

Баласы анасына келді зарлап:
— Қарағым, ілінді ме саған қармақ,
Көзімнен жарты сағат таса болсаң,
1730 Шыдамай болушы еді тағатым тақ.

Қарағым, бұл майданға барамысың,
Хауарижден кегінді аламысың?
Егерде жазатайым болып кетіп,
Анаңды жанған отқа саламысың.

Уа, дариға, мен мұнда келмесемші,
Қасіретін Кербаланың көрмесемші.
Айрыларым білмедім мен сіздерден,
Меккеден сізді алып жүрмесемші.

Шаһзада айтты сонда қатынына:
1740 — Көп сөйлемей, түс, — дейді, — ақылына.
Әлиасқардан неге сен күдер үздің,
Ықтияр бол Алланың мақұлына.

Һәрне қылмақ өзелден тағдыр — Құда,
Баһри хал, өміріне болғыл риза.
Жіберіңіз, майданға барсын бүгін,
Қылмасын оны бізден Тәңірім жүдө.

— Ей, ұлым, келді бізге кезек, — дейді,
Тұрмағын енді көңіл тежеп, — дейді.
Не айтайын, қарағым, қош-аман бол,
1750 Қасірет оғын келді ғой безеп, — дейді.

Құшақтады ұлының мойынынан,
Жас толды көзден аққан қойынынан.
Бір талып, бір жиып ап тұрды есін,
Ақымақ пәни жалғанның қиынынан.

Кидірді баласына жау жарағын,
«Шаһидтардың тоны, — деп, — бұл, қарағым».
Қатты жылап көзінен қан жас ағып,
«Әлуадағ» деп орады қасірет дағын.

Атасы: — Тұр, атыңа мінгін, — дейді,
1760 Тәуекел деп майданға кіргін, — дейді.
Бір Тәңірге тапсырдым, Әлиасқар,
Алдымда ілгерірек жүргін, — дейді.

Майданға барып жеке кіргін, — дейді,
 Мен — Хұсайын ұғлымын, білгін, — дейді.
 Тәңірі досты Мұхаммед, тақсыр, бабам,
 Медетті бүгін маған бергін, — дейді.

Зар жылайды көзінен жасы ағып,
 Мінежат қылды сонда Хаққа бағып.
 — Жаратқан, Пәруардигар, Зұлжалал,
 1770 Біздерді ғажиз қылдың бүгін нағып.

Хауариждер қырды бар жолдасымды,
 Қайғыменен төкті ғой көз жасымды.
 Жаратқан Ием, Кәрім Пәруардигар,
 Жолыңа пида қылдым бұ басымды.

Он күн болды кішкене жас балалар
 Сусаған соң, су іздеп зары иғлар.
 Халдеріміз біздердің мүшкіл болды,
 Иә, Алла, күнің бар ма рақым қылар?!

Йазидке ақымақ болып ерді олар,
 1780 Біздерді үлкен дұшпан көрді олар.
 Дін иманнан айырылып дүние үшін,
 Пайғамбардың тұқымын қырды олар.

Дүние үшін жанына кесір қылды,
 Қатын-бала, мал-мүлік жесір қалды.
 «Тәуекел бір өзіңе, иә, Алла» деп,
 Жылап тұрса көпірден біреу келді.

Ол келген хауариждің аты — Тариқ,
 Өнері көп білетін талай парық.
 Қолына қалқан ұстап Әлиасқар
 1790 Кәпірге қарап тұрды қарсы барып.

«Тәуекел» деп қозғалмай тұрды бала,
 Қылышпен Тариқ ұрды келе сала.
 Қылышпен қаһарланып шапты Тариқ,
 Сақтады тақсыр ерді Алла Тағала.

Ғеш нәмерсе қыла алмады қылышпенен,
 Жеңбеді тақсыр ерді бұл іспенен.
 Қылыш, күрзі, қарулар — бәрі бітті,
 Һәр түрлі хайла қылып ұрыспенен.

1800 Ол бала шыдап тұрды бойын безеп,
 Әншейін жан екен деп көңілін тежеп.
 Бұл Тариқтың нәубәті біткеннен соң,
 Әлиасқар қимылына келді кезек.

Әлидей қаһар келді батыр шерге,
 Өзі балуан, баһадүр кемеңгерге.
 Ат үстінен берік ұстап жағасынан,
 Тариқты көтеріп ап ұрды жерге.

1810 Жұлып ап бөденедей ұрды Әли,
 Тамаша хауариждер қылды оны.
 Басы кетті жұлынып сілтегенде,
 Жаһаннамның түбіне кетті жаны.

Бар екен Тариқ ұлы Талха деген,
 Атасын көргеннен соң қайғы жеген.
 «Атам өліп кетті-ау, — деп, — қапияда»,
 Майданға шыдай алмай ол да келген.

Келе жатып жүрегі қызыл қан боп,
 Хауариждер Әлиге тұрды таң боп.
 Зар еңіреп келеді атасы үшін,
 Далада ойбай салып тас-талқан боп.

1820 Келе жатыр қылышпен салайын деп,
 Атасының қысасын алайын деп.
 Әлиасқар басына қалқан шапты,
 «Тәуекел, бір өзіңсің панаһым» деп.

Хауариж шапты қылыш қатты айғайлап,
 Құтырған қасқырдай боп көзі жайнап.
 Қылыш, күрзі, найзаның бәрін ұрды,
 Ер Әли қарап тұрды «иә, Құдайлап».

«Иә, Алла» деп қылышын алды Әли,
Талханы тас төбеден салды Әли.
Қақ жарылып түседі екі жаққа,
1830 Жаһаннамның түбіне жіберді оны.

Құтылмады нешбір барған адам,
Баруға енді қорықты қалған адам.
Хауариждер көзіне Әлиасқар
Перідей боп көрінді уа Аллаһу ағлам.

Жекеге енді адам келе алмады,
Әлимен келіп соғыс сала алмады.
— Жекпе-жекке келуге қорықсаңдар,
Бөрің келіп жабыл, — деп айғайлады.

Таң қалды ер Әлидің қайратына,
1840 Шыдамады ақырған айбатына.
Қасына он мың кісі жолдас алып,
Нәубал деген бір батыр мінді атына.

Жүз-жүзден келе жатыр бөрі он топ,
Жабылды бір кісіге осындай көп.
Әулеті Пайғамбардың — сөйдзада
Қырып жүр жалғыз өзі қасқырдай боп.

Аямай жалғыз жанын ұрыс қылды,
Екі жүз сексен алты кісі өлтірді.
Хауариждер быт-шыт боп кеткеннен соң,
1850 Қасына атасының қайтып келді.

— Сусадым, — деді, — аузыма тілім сыймай,
Халім құрып барамын есім жимай.
Уа, дариға, бір татсам суды егер,
Қырар ем, хауариждің бірін қоймай.

Құрып кетіп барады хал-дөрменім,
От боп жанып барады барша тәнім.
Таңдайыма жабысып қалды тілім,
Қиналды-ау, — деді, — сусап шыбын жаным.

1860 Құшақтады Хұсайын ұлын көріп,
Іші-бауыры елжіреп кетті еріп.
Жүзіне-жүзін қойып құшақтап тұр,
Жылап тұрып сөйлейді қайрат беріп.

Күн шыжып тұр тағы да аспан қайнап,
Бұларды алып келген ажал айдап.
Аузындағы балшығын қолмен алды,
Сонда ұлы есін жиды «иә, Құдайлап».

1870 Аузына шаң-топырақ толған екен,
Атасы оны қоймай алған екен.
Есін жиып ала сап атқа мініп,
Майданға тағы қайтып барған екен.

Қайтып барды қолына қылыш алып,
Әскерге араласты айғай салып.
Аянбай ұрыс қылып жүргенінде,
Қалышты қырық бір жері жараланып.

Қайтып келді қосына есі ауып,
Тағы өлтірді жетпісін қылыш шауып.
Аттан өзі түсе алмай құлай кетті,
Атасы сүйей берді бетін жауып.

1880 Бір уақытта есін жиып көзін ашты,
Атасына бір қарап төкті жасты.
Атасының тізесінде жатыр екен,
Өзінің қанын көріп халі қашты.

Атасының тізесінде дүние салды,
Енді өзі Хұсайынның жалғыз қалды.
Құдайым ажал тағдыр берген жерде,
Қасынан жерді қазып көме салды.

1890 Мұны істеген лағынет айт Ұазидтерге,
Жаны ашыған мұсылман, Пайғамбарға,
Әуел Құдай, Пайғамбар хақы үшін
Қосады шарифат та лағынеттерге.

Кіші ұлы анасынан су сұрады,
 «Су бер» деп сусаған соң зар жылады.
 Жас баланы анасы жұбата алмай,
 Анасы қайғыланып аһ ұрады.

Сөйд айтты: — Жылаған ол кім? — дейді,
 Анасы айтты: — Ыбраһым ұлың, — дейді.
 Сөйд келіп баланы қолына алып,
 Хауариж әскеріне жөнелді енді.

1900 Дауыстады: — Тәңірінің хақы үшін,
 Нәрестеге су бергін бір-ақ ішім.
 Күні-түні көз ашпай жылай берді,
 Өзгемізге бермегін, бала ішсін.

«Жылаған жас балаға су бер», — дейді,
 Қайназар атты хауариж жетіп келді.
 «Қане, балаң көрсет!» — деп жақын келіп,
 Аузына садақпенен тартып қалды.

1910 Аузынан кірген оғы өтіп кетті,
 Анасына қайта алып жетіп кепті.
 Анасының алдына қойған жерде,
 Шариф жанын жас бала төслім етті.

Хұсайын белге тақты зұлпықарын,
 Жау-жарақ түгел алды саймандарын.
 Хамза ағасы қалқанын қолына алып,
 «Медет қыл, — деді, — Жалғыз Бір уа Барым».

Қасында келіні мен қатын, қызы,
 Жалынып зар еңіреді әрбірісі.
 «Тақсыр-ау, айналайын, сұлтаным» деп,
 Шулады ұрғашылар, жас-кәрісі.

1920 — Толған айдай көрінуші ең бәрімізге,
 Жас бала, үлкен-кіші, кәрімізге.
 Жазатайым боп кетсең бұ майданда,
 Хауариждер қарамас арымызға.

Бұ майданға, сұлтаным, сіз бармаңыз,
Біздерді жесір тастап, зар қылмаңыз.
Хауариждер, залымдар ислам білмес,
Біздерді дұшпаныңа қор қылмаңыз.

Көзімізден қанды жастар шашылар,
Әдеп қалмай абыройымыз ашылар.
Дұшпан, залым хауариж біз мазлұмды
1930 Басымыздан қасиетімізді қашырар.

Патшаһым, телміреміз біздер кімге,
Қас болды хауариждер бәрі дінге.
Тақсыр-ау, жақсы жайға өзің кетіп,
Барасыз ба біздерді бастап жемге.

Сәйід айтты: — Ол Кәрім уа ләм йазел,
Осындай болмақ бізге тағдыр өзел.
Тағдырда Қадір Алла қалай жазса,
Лә журум, болар ақыр сол инфисал.

Бұ істің ең абзалы сабыр қылмақ,
1940 Тәңірінің қазасына разы болмақ.
Әрине, тағдыр Тәңірі бір өзінен,
Һәммасын осылай деп анық білмек.

Тапсырдым бір Аллаға мен сіздерді,
Айтпаңдар уайым қылып жоқ сөздерді.
Өлемін бе, келемін бе, Құдай білер,
Тоқтатпаңдар бұ жолдан сіздер бізді.

Не қайтып, не мұнда тұрғын бәрің,
Көресіз қайда болсаң Хақ тағдырын.
Тірі пенде дүниеде не көрмейді,
1950 Һешкімге айтқан емес Тәңірім сырын.

Тәңірім жүдә қылсын бізден сізді,
Ұғыңдар таза тыңдап осы сөзді.
Енді тұрмай барайын бұ майданға,
Тәңірге тапсырыңдар енді бізді.

Мұны айтып атқа мінді шаһ-имам,
Емес қой олар һәркез дүние жиған.
Ат үстіне мінген соң бек қуанып,
Жылаған көздің жасын сонда тыйған.

1960 Мінәжат қылды Хаққа шаһизада,
Жалғыз қалып шықпастан болды сада.
— Жаратқан Пәруардигар, иә, Зұлжалал,
Қимайтын һеш нәрсем жоқ бұ пәниде.

Бұ қауым хауариждер қара жүзді,
Мұнша күн-түн біздерге су бермеді.
Құдай-а, құдіретіңнен айналайын,
Мұндай қасірет, жапаны жан көрмеді.

1970 Құдай-а, салдың бізге бұ ғаламат,
Су іздеп қатын-балам тартты қасірет.
Бір сағат қастарында тұра алмадым,
Шуылдап жылай берді бек қабағат.

Шуылдап, сусап қатын-балаларым,
Естіп тұра алмадым қылған зарын.
Зейнелғабиден артымда жалғызымды,
Сақтағын соны аман, Бір уа Барым.

Әулеті Хақ Расулдың қор болды ғой,
Менен өзге жолдасым бәрі өлді ғой.
Зар-гәриан қайран боп, бәрі сусап,
Мал-мүлкін бәрі тастап қырылды ғой.

1980 Ғамири нахисқа айтады: — Әй, бейопа,
Сен қылдың бізге мұнша жәбір-жапа.
Өзің мені хат жазып шақырып алып,
Уағдаңнан танып бүгін, қылдың қапа.

Шақырдың қағаз жазып мені өзің,
Басында осылай ма еді айтқан сөзің.
Дүниенің бес күншілік қызығы үшін
Жаһаннамға айдадың өзіңді-өзің.

- Өзіңе лайық істі қылмадың ғой,
Арты зиян екенін білмедің ғой.
Сабырсыздық қылам деп отқа түстің,
1990 Хақ Расул бабамды еске алмадың ғой.
- Мұны айтып қолына алды зұлпықарын,
Мінәжат қылды Хаққа қайғы-зарын.
«Иә, Алла» деп ақырып араласып,
Хауариждің қыра берді әскерлерін.
- Бұлайша жүрді жалғыз қырғын салып,
Құдай берген қайратқа қайран қалып.
Рас қатты қырғаны сол емес пе,
Аттар жүр төрт аяғын қанға малып.
- Хауариждер қырғынға қалды батып,
2000 Қашып жүр қызыл қанды шалпылдатып.
Жаман қатты қырылып қалды ләшкер,
Жұсаған қойдай болып жатып-жатып.
- Күн батқанша алты мыңды қырып салып,
Аттан түсті қосына қайтып барып.
Үстіндегі жараларын байлаттырып,
Қосына түнеп шықты дамыл алып.
- Қосына түнеп шықты дамыл алып,
Заман қалай болар деп қайғыланып.
«Бір Тәңірге тапсырдым сені», — дейді,
2010 Зейнелғабиден перзентін қасына алып.
- Тәніне жара түскен жеті жерден,
Сонда да күш кеткен жоқ тақсыр ерден.
Аллаға жалғыз ұлын тапсырады,
«Бір тұқым қалғызғын, — деп, — Әли Шерден».
- Сол күнде келген екен жеті жасқа,
Қарамас сусадым деп сусын-асқа.
Фатиманың нәсілінен жалғыз осы,
Еркек тұқым қалған жоқ мұнан басқа.

- Артымда қалсын жалғыз тұяғымыз,
2020 Шалғысы қанатымның қияғымыз.
Зейнелғабиденді көрсетпе тірі жанға,
Кетеді бұл өлген соң сияғымыз.

Бақылдасты ұғылы, қыздарымен,
Үмітін тағы үзіп өздерінен.
Һәрқайсыны бауырына бір-бір басып,
Сүйеді ұл-қыздарының көздерінен.

- Ұл-қызы, жұфұтларымен амандасты,
Төгісіп бәрі көзден қанды жасты.
Енді майдан жеріне барайын деп,
2030 Атына мініп алды, қадам басты.

Сөйд имам майданға келе жатыр,
Хауарижден бөлінді қырық мың батыр.
Төрт бөлініп төрт жаққа шығып алып,
«Жабылып ұсталық» деп ойлады ақыл.

Төрт бөлініп, төрт жақтан айғай салды,
Ортада сөйд имам жалғыз қалды.
Бұларды көріп атқа қамшы басып,
Оңды-солды қылыштың астына алды.

- Күрзі ұрып, хауарижге қылыш шапты,
2040 Талайы жаһаннамнан орын тапты.
Бұ күні түс қайтқанша ұрыс қылып,
Төрт мыңды хауарижден қырып сапты.

Дүниені тұман басып, шаң боп кетті,
Ат басып жүрген жерлер қан боп кетті.
Адасып көре алмады бірін-бірі,
Адамы хауариждің таң боп кетті.

- Қараңғы болды дүние тозаң басып,
Хауариждер қырды өзін-өзі басып.
Қырылғанмен хауариж таусылмайды,
2050 Сөйдтен қуат кетті халі қашып.

Халі қашып төнінен кетті дәрмен,
Сусыным бір қанса деп қылды арман.
От жасылды боп кетті екі көзі,
Жабысқан өне бойы қып-қызыл қан.

Өне бойын қызыл қан кетті жауып,
Жүре алмай тұрды атқа есі ауып.
Бір орнынан қозғалмай тұрғаннан соң,
Хауариждер тұс-тұстан келді шауып.

2060 Күрзі ұрып, жабылып найза салды,
Аттан түсіп, сонда есінен танып қалды.
Хайуан да болса жолдас жануары,
Ат қасында қозғалмай тұрып қалды.

Ғешкім батып қасына бара алмады,
Аттың тағы үстінен ала алмады.
Мылтықпенен жабылып атқылады,
Түтінінен сәйдті көре алмады.

2070 Мылтықтың оғы кетті қардай жауып,
Хұсайын сұлап жатыр есі ауып.
Аты келіп аузынан иіскеп тұр,
«Мінуге хал бар ма» деп ауық-ауық.

Бір уақытта басын жерден жұлып алды,
Үстіне бедеуінің мініп алды.
Жанталасып атына мінсе дағы,
Нысана адым жер бармай түсіп қалды.

Ат шапқан соң жүре алмай түсіп қалды,
Ат шығып сол бойымен қосқа барды.
Ат босқа келгеннен соң қатындары
Қара киіп, шаштарын жайып салды.

2080 Қатын-қыздар шулады зар жыласып,
Бәрісін кетті қиқу, тұман басып.
«Халіміз енді біздің не болады» деп,
Мүсәпірлер ақылдан кетті адасып.

Хауариждің сәйідке келді бәрі,
Әскербасы Ғамиридiң ләшкерлері.
Шуылдайды «өңгеріп алып жүр» деп,
«Өлтіреміз» деседі бағзылары.

Шаймір залым қолына семсер алды,
Басына Хұсайынның салып қалды.
Хұсайын сонда айтты: «сөз тыңда!» деп,
2090 Шаймірі «шапшаң айт!» деп құлақ салды.

— Бір су бер, — дейді, — маған алып келіп,
Саған қаным кетейін халал қылып.
Махшар күні шапағат етейін мен,
Ақыретке барайын шаһид болып.

Шаймір айтты: — Енді сен сөйлемегін,
Асла су береді деп ойламағын.
Мен отырмын өзіңді өлтіргелі,
Меніменен қалжыңдап ойнамағын.

Сонда аяғын Хұсайын көтереді,
2100 Ол хауариж су берсе не етер еді?!
Құдай несіп қылмай тұр жақсылықты,
Су берсе оған шапағат етер еді.

Қараса, су ағып тұр аяғынан,
Келгенін біле алмады қай жағынан.
Қардай суық, сүттей ақ, балдан тәтті,
Көргізді хауариждің ақымағынан.

Сәйід айтты: — Су бізге дәркер емес,
Ей, малғұн, көргін, ислам білмес.
Осындай қылмақ Тәңір уақыты еді,
2110 Шын пенде дүние үшін қайғы жемес.

Сен өзің жан екенсің рақымың жоқ,
Иншалла, шаһидпін, көңілім тоқ.
Көкірегіңді көрсетші маған ашып,
Көзіме көрінерсің қабандай боп.

Көкірегінді көрсетші маған ашып,
Құдайдан қорықпай келдің қаһар шашып.
Бабам айтқан нышаны рас па екен,
Ажалдан құтылмасын, сірә, қашып.

2120 Не бар деп көкірегін ашып тұрды,
Ашқан соң сөйдзада бағып көрді.
— Қатасыз шын айтыпсыз, тақсыр бабам,
Айналайын, жан бабам, мұны, — дейді.

Сонда Шаймір айтады: — Ей, Хұсайын,
Ол сөзіңнің білдірші маған жайын.
«Шын айтыпсыз» дегенің немене сөз,
Мағынасын баян қылшы, есітейін.

2130 Сонда жауап сөйлейді сөйд оған:
— Айтқан еді басында бабам маған,
Ей, лағин, құлақ салып тыңдап тұрғыл,
Айтайын жауабымды енді саған.

Өлтіреді деп еді сені біреу,
Қас болар жоқ нәрсені қылып іреу.
Төсінде сегіз емшек, қара бауыр,
Төрт көз ит сипатты боп келер дереу.

Болар деп айтып еді себеп сонан,
Басың тартпа деп еді келсе онан.
Айнымай келіп тұрсың осы күнде,
Айтқан сөзі Хақ Расул тақсыр бабам.

2140 Шаймір айтты: — Басыңды алам, — дейді,
Басыңды алып хандарға барам, — дейді.
Хаққа мойыныңды ұсынып, иманыңды айт,
Басыңа енді қылыш салам, — дейді.

Хұсайын жатты сонда оң жанымен,
Шайміри бауыздады қанжарымен.
Үшке шейін қанжары бір кеспеді,
Қанжарын шапса дағы қаһарымен.

Сәйд айтты: — Ей, Шаймір, дін дұшпаны,
 Етбетімнен әуелі жатқыз мені.
 Бұғағымнан сүйген еді Расул бабам,
 2150 Діннен айдап шығарды шайтан сені.

Бабам сүйген жерінен қылыш кеспес,
 Сендерге Алла Тағала рақым етпес.
 Желкемнен шап, қылышың өтсін десең,
 Басымды кесіп алсаң, кегің кетпес.

Шаймір келді етбетінен салайын деп,
 Басын кесіп ол малғұн алайын деп.
 Қолынан сәйдтің кеп ұстағанда,
 Жатыр еді ақылынан танайын деп.

Дүние тітіреп кетті, жер шайқалып,
 2160 Періштелер жылады қайғыланып.
 Күн тұтылып, қараңғы болды дүние,
 «Бұ қалай» деп жұрт қорықты қайран қалып.

Еңкейтіп, желкесінен шапты қылыш,
 Өлтіріп хауариждер тұрды тыныш.
 Су ақпай, жер шайқалып, күн тұтылды,
 Жер мен көк, тартты бәрі көп күйініш.

Сәйдтің басын Шайміри кесіп алды,
 Шаһид болып сол жерде дүние салды.
 Басын кесіп Шайміри алып кетті,
 2170 Өзге тәні сол жерде жатып қалды.

Қалу инна ли-Ллаһи уа инна иләйһи ражиун. Аллаһу акбар!
 Һәркімнің ауали Хұсайынға шапағатты, ғашық илә айтсын ол
 Йазидке лағынетті.

Басын кескен жерінен төгілді қан,
 Жер айырылып, зар еңіреп, қылды фаған.
 «Құдай-а, бұ не қасірет, ғаламат» деп,
 Жер мен көк бәрі тітіреп, болды қайран.

Ғаршы Күрсі жылады, Лаух Қалам,
Жер мен көк арасында жүмлө ғалам.
Жер күңіреніп, шайқалып, тұман басты,
Жаһанда қайран болды барша адам.

2180 Қараңғы болды дүние тұман басып,
Адамдар ақылынан кетті адасып.
Жеті күндей дүниеден су ақпады,
Жер-көк сонша күйінді қайғы басып.

Сол арада бір тастан шықты бір қол,
Шаймірді мойынынан ұстады сол.
Һешбір адам көрмеді қараңғымен,
Сол жерде шынжырлаулы қалыпты ол.

2190 Бір мезгілде дүние жарық болды,
Хауариждер сәйіттің қосына келді.
Тірі қалған ұрғашы, өлген еркек,
Бәрінің де киімін тонап алды.

Сәйіттің өліп қалған бар жолдасын,
Бәрінің де алады кесіп басын.
Өліктің басын тегіс кескеннен соң,
Әйелдері көзінен төкті жасын.

Шәһарбан атты сәйіттің қатыны,
Екі қызымен һәм тонап алды оны.
Үммігүлсім, Зейнеп пен қарындасын,
Тағы да тонап алды ол екеуін.

2200 Жүмлө әйел сол жерде жиырма бір,
Руаяттар баршасы осылай дер.
Жиып алып баршасын қайтты әскер,
Қуанғаннан қалмады көңілде кір.

Һәр басты бір найзаға шаншып алды,
Һәрқайсысын бір хауариж қолына алды.
Әйелдерін түйеге мінгізіп ап,
Куфаның шаһарына қайта салды.

Хауарижде бар еді бір түйеші,
Елуге келген еді оның жасы.
Шаймір мен екеуі не болғанын
2210 Мен айтайын, жамағат, ал тыңдашы.

Әскерден жалғыз өзі қалды лағин,
Өліктерді тонамақ болды тағын.
Жарар нәрсе бар ма деп қарап жүрді,
Лағынет Алла әләйһим ажмағин.

Жарар нәрсе бар болса, бәрін алды,
Хұсайынның қасына жетіп барды.
Өзге киім һәммасын алған екен,
Жалғыз қалған ыштанға көзін салды.

Өзге киім, бәрін де алған екен,
2220 Жалғыз ыштан бұтында қалған екен.
Ыштанды әлгі малғұн алмақ болса,
Оң қолымен ұстады бауын бекем.

Хауариждің ұстады қолын тағы,
Ыштанды ала алмады сыңар жағы.
Сөйдтің оң қолын кесіп алды,
Сол қолымен ұстады және тағы.

Неткен ақымақ хауариж Құдай атқан,
Басы жоқ, құр бөксе бұл өліп жатқан.
Ыштанға сонша өшікпей кетсеші енді,
2230 Бұтында абыройын жалғыз жапқан.

Әлгі малғұн сол қолын тағы кесті,
Енді барып ыштанның бауын шешті.
Шешейін деп ыштанға қол қойғанда,
Ақырған есітеді бір дауысты.

Жалт қараса, бір жігіт келе жатыр,
— Оның не, — дейді, — ақымақ, малғұн, көпір.
Қорыққаннан бұғады бір кеудеге,
Сасқанынан тұра алмай құлап жатыр.

2240 Бұғып жатып қарайды ол малғұн ит,
Келді Хұсайын қасына әлгі жігіт.
Ұзын бойлы, нұр жүзді, көк тоны бар,
Басы жоқ кеудесінде жатыр сәйд.

Ол жігіт келе жатыр қаһары қатты,
Ол малғұн көрінбестен бұғып жатты.
Құшақтап Хұсайынды алдына алып,
Омырауын иіскеп көп жылапты.

Жылады Хұсайынды алдына алып:
— Мұндай күнге салды ма, Жаппар Халиқ.
Қайран, бауырым, қор болып, қазақ жетті,
2250 Күйдірдің қайғыңменен отқа салып.

Дүниеде мұратыңа жетпей кеттің,
Осынша несін алдың малғұн иттің.
Кербаланың шөлінде шаһид болып,
Көрде жатқан бауырыңды зар еңіреттің.

Құр кеудең мұнда жатыр, басың қайда,
Алладан қазақ жетті мұндай жайда.
Өлген соң рұқсат жоқ тірілуге,
Жаныңа қылар едім біраз пайда.

«Аһ, дариға» деп бауырына жылап тұрды,
2260 Көздерін қанды жасқа бұлап тұрды.
«Алланың жазуына шара жоқ» деп,
Зар еңіреп ғаріп жігіт қарап тұрды.

— Жаннатта орның даяр, ол кәусары
Ап келіп ішірүр саған хор қыздары.
Махшарда шаһидтердің басшысы сіз,
Саған ғашық хорлардың баршалары.

Хауариждің орны тамұқ, білгін анық,
Ішерсіз аб кәусар[дан] әбден қанып.
«Қайран менің бауырым» деп зар жылады,
2270 Түйеші қарап тұрды қайран қалып.

Бір патша тағы келді айғай салып,
Зарлайды Хұсайынды алдына алып.
Кесілген қолын басыменен көріп,
Ол адам ақылынан кетті танып.

— Перзентім, мұндай күйге нағып түстің,
Қайғысы өтті маған мынау істің.
Жалаңаш, қолың, басың кесілгесін,
Өртенбей не қылайын, отқа түстім.

2280 Ғаріп болып өлдің бе, асыл қозым,
Шөлдегенде төрт болды-ау екі көзің.
Сол уақытта Құдайым жібермеді,
Жанымды өртеп күйдірді айтқан сөзің.

Қарағым, шөлдеген соң кетті шамаң,
Зұлпықармен қырар ем бәрін тамам,
Бар Құдай рұқсат беріп сол уақытта
Бү жерге келе қалса ғаріп бабаң.

2290 Қайтейін, Құдай салды, амалым жоқ,
Бұрынғы тірліктей заманым жоқ.
Дүниеде мұратыңа жетпей өлдің,
Жалғыз-ақ ғарасатта көңіліме тоқ.

Қолдарыңды кім кесті сенің, — дейді,
Үстіңнен кім тонады тоның? — дейді.
Мұндай қорлық кім қылды айтшы маған,
Жазасын мен берейін оның, — дейді.

— Мұны қылған хауариж насыр, — дейді,
Жазасын сіз беріңіз ақыр, — дейді.
Кесіп еді қолымды, киім тонап,
Ол ақымақ анау жерде жатыр, — дейді.

2300 Шаһимардан хауарижді ұстап алды,
Жанына неше түрлі қинау салды.
Қаһарын тақсыр ердің көргеннен соң,
Сөйлейтін ол хауариж тілден қалды.

— Ұлымды неге мұндай қылдың, — дейді,
Шыдамай күйгенімнен келдім, — дейді.
Дініңді дүние үшін өзің саттың,
Бір доңыз, мұрдар лағин болғын, — дейді.

Суреті сол арада доңыз болды,
Білмеді барар жолын оңды-солды.
Құдайымның лағынеті тигеннен соң,
2310 Өзіне-өзі ол малғұн лағынет дейді.

Жүр дейді осы күнде әлі өлмей,
Шөлдеген соң жүруге халі келмей.
Бетін жауып кекілі салбырап жүр,
Қарайып жүр не екенін адам білмей.

Уәйс деген әулие «көрдім» дейді,
— Кекілін ашып, бет-аузын көрдім, — дейді.
Сипаты доңызға ұқсап келген екен,
Бір түкіріп лағынетін бердім, — дейді.

Доңызға ұқсап кетіпті оның жүзі,
2320 Осылай риуаяттар айтқан сөзі.
Бір ит болып кетіпті Шаймір малғұн,
Білмейді екеуі де өзін-өзі.

Шаһидтер берді Хаққа ғазиз жанын,
Кетірді хауариждер оның сәнін.
Киімін тонап тастап, жалаңаштап,
Айтайын сонан кейін не болғанын.

Түн болса нұр түседі әлгі жерге,
Хұсайынмен бірге өлген шаһидтерге.
Сыртынан көрген ойлайды «өрт жанған» деп,
2330 Жарығы кетуші еді күндік жерге.

Елу күн бұл арада өтті дейді,
Түн болса нұр жарқырап кетті дейді.
«Не қылған жарық екен, білелік» деп,
Бірталай адам соған кепті дейді.

Қараса, өліп жатыр бірталай жан,
Хұсайын нұры бөлек өзгесінен.
Өзгелері «мынаның қолы ғой» деп,
Ойласты тақсыр ердің денесінен.

2340 Өзгесін көмді қазып бір-ақ жерге,
Таң қалды «патша ғой» деп Хұсайын ерге.
Тақсырдың өзін жалғыз, бөлек көмді,
Білмейді кім екенін пәлен дерге.

Хауариждер бастарын алып кетті,
«Дұшпанды мұқаттық» деп қуаныш етті.
Һәр найзаға шаншып ап һәрбір басты,
Қуфаның шаһарына келіп жетті.

2350 Ғамири залым үйі екен жолға жақын,
Хауариж ойламады Тәңір хақын.
Сәйіттің басын ап келді өз үйіне,
Жоғары жерге қойды байғұс қатын.

Қатыны мүмін еді ықыласты,
— Ей, Ғамири, неге кестің мұнша басты?!
Сұрады: не қылды деп бұлар саған,
Мұны айтып ағызады көзден жасты.

Ғамири айтты: — Патшаға дұшпан болған,
Өздерін көп ләшкермен жолға салған.
Мынау бас — патшасының басы, — дейді,
Өлтіріп біздің ләшкер кесіп алған.

2360 Мұны айтып төсегіне жатты барып,
Біраз ояу отырды қатын ғаріп.
Қараңғы нұрға толып үйдің іші,
Бір уақытта күндізгідей болды жарық.

Бірталай келді қатын жүзі айдай,
Толықсып келіп жатыр сары майдай.
Қолына басты алып кезек-кезек,
Шуылдап «перзентім» деп салды ойбай.

Баршасы «перзентім» деп зар жыласты,
Төгісіп көздерінен қанды жасты.
Бірі сүйіп бетінен, бірі көзін,
2370 Құшақтап жылап жатыр әлгі басты.

Ішінде бір қатын бар шыққан күндей,
Сол айтты: — Нағып болдың, балам, мұндай?
Өлтіргендей бұ елге не қылып ең,
Жиһанда жан бар ма екен болған сендей?!

Басың мұнда әкеліпті, төгіп қаның,
Қиналды шөлдегенде ғазиз жаның.
Басыңды көрейін деп келіп едім,
Қай жерде қалды, балам, өзге тәнің?

Аһ, дариға, дүниеде кім өлмейді,
2380 Ажал келсе неш адам бөгелмейді.
Өртеді жүрегімді қылған зарың,
Махшарда саған нешкім тең келмейді.

Перзентім, дақ тимей-ақ жүруші едің,
Бұ сапар жан көрмеген қорлық көрдің.
Бабаң көшіп кеткен соң бұ дүниеден,
Ғаріп боп хауарижге басың бердің.

Заманы жоқ бұ күнде Әли шердің,
Қайғырды екі арасы аспан-жердің.
Мың ләшкер бір кісідей көрінбейтін,
2390 Дене жоқ, басы жатыр қайран ердің.

Бір қатын осылайша деп жылады,
Аһ ұрып қайғыменен көп жылады.
«Қайтейін, Құдай ісі, амалым жоқ»,
Қасындағы әйелдер бек жылады.

Ол қатындар бұ басты ортаға алды,
Қатыны Ғамиридің көзін салды.
«Сипатына қараса ай мен күндей,
Бұ не қылған адам» деп, қайран қалды.

Ол қатын қайран қалып тұрды бағып,
2400 Көңілі елжіреп, көзінен жасы ағып.
— Кімсіздер, бұ бас тағы кімдікі? деп,
Сұрады, — Келдіңіздер, — деп, — мұнда нағып?

— Бұ үйге бұ уақытта келдіңіздер,
Көп зарлық бұ бас үшін қылдыңыздар.
Хормысыз, адамбысыз, перімісіз,
Бұ басты кімдікі деп білдіңіздер?

Біреуі айтты: — Сұрасаң, айталық біз,
Құлақ салып сөзімді есітсеңіз.
Мынау тұрған — Хадиша, Айша, — дейді,
2410 Мынау тұрған — бұрынғы Мәриям қыз.

Мынау тұрған — Фатима, Зейнеп, — дейді,
Бейіште жүруші едік ойнап, — дейді.
Шаһариарлар, сахабаның қатындары,
Бұ бас келді біздерді айдап, — дейді.

Мынау жатқан — Хұсайынның басы, — дейді,
Көзден аққан қызыл қан жасы, — дейді.
Хауариждер қас болып шаһид қылып,
Біздердің келгеніміз осы, — дейді.

Ол басқа миск ғанбари шашты дәрі,
2420 Мұны естіп ол қатын қылды зары.
Түн ортасы болғанша жылап-жылап,
Онан соң ғайып болды баршалары.

Ол қатын Хұсайынның алды басын,
Тарады сақал-мұртын, шаш пен қасын.
Құшақтап алдына алып баласындай,
Көзінің таң атқанша төкті жасын.

Қатын айтты: — Ей, Ғамири, бұ бастарың
Ағызып неге кестің көз жастарын.
Мынау бас — Пайғамбардың перзенті екен,
2430 Бірін қоймай қырдың ба жолдастарын?

Өлтіріпсің Пайғамбардың жұрағатын,
Мұнафиқ, маған тиер кесапатың.
Махшарда жүзің қара болар сенің,
Болмаймын енді тіпті саған қатын.

Хұсайынды өлтіріп, болдың залым,
Бұ істен дінсіздігің болды мәлім.
Бес күндік дүние үшін дінің саттың,
Саған қатын болуға келмейді әлім.

2440 Мұны айтып үйден шығып жүре берді,
Қатын үйден шыққанын Ғамири көрді.
Қуа шығып қараса ол қатынын,
Қайда кетіп қалғанын біле алмады.

Онан көшіп Куфаға жақын келді,
Һәр найзаға шаншылған басты көрді.
Біреуі Ғұбайдоллаға «сүйінші» деп,
«Ей, тақсыр, мұқаттық, — дер, — дүшпан елді».

2450 Хауариждер қуанышты болды сонда,
Көңілі бұ дүниеге толды сонда.
Бар қалған әскерімен Ғамири залым
Ғұбайдолла ханына келді сонда.

Шаншып ап, һәр найзаға һәрбір басты,
Ағызып көздерінен қанды жасты.
Сәйдтің жесір қылып әйелдерін,
Әкелді қатын-қыз бен қарындасын.

Ғамири хан алдына отырдылар,
Мақсатын өздерінің бітірділер.
Сәйд басын бір алтын табаққа сап,
Алдына Ғұбайдолланың келтірділер.

2460 Сәйдтің басын Ғұбайдолла қолына алды,
Гүл жүзі солған екен, қайран қалды.
«Қалайша қып өлтіріп ап келдің» деп,
Тізесінің үстіне басын салды.

Ғамири залым ханына құлдық қылды,
Алдына жиып алды тамам елді.
Кербаланың шөлінде не қылғанын
Ғамири залым ханына айтады енді.

— Ей, тақсыр, мұнан шығып бардық, — дейді,
Болған соң, тақсыр, сізден жарлық, — дейді.
Әуелі Мүслим ұғлы майданға кеп,
2470 Біздерге қатты қылды тарлық, — дейді.

Көрмедік, тақсыр, ондай ерді, — дейді,
Қызыл қанға бояды жерді, — дейді.
Шөлдеген соң қосына қайтып барып,
Сол жерде жанын өзі берді, — дейді.

Онан соң Хора кетті бізден қашып,
Хұсайынға жолдас болды жаны ашып.
Қисабы жоқ әскерді қатты қырды,
О да өлді, жүрген екен қаны тасып.

Жағыпарұғлы һәм Хасен ұғылдарын,
2480 Ерлігі мен сөйледі пиғылдарын.
Қисабы жоқ балуандарды солар қырды,
Айтады сусағанда қылған зарын.

Келіп Аббас батырдың су алғанын,
Жалғыз өзі ләшкерге ат салғанын.
Қисапсыз адамдарды қатты қырып,
Ақырында су ішпей құр қалғанын.
Тағы Қасым батырдың қылған ісін,
Бітпеген һеш пендеге ондай пішін.
Бірін қоймай сөйледі Ғамири залым,
2490 «Кестік, — деп, — ақырында оның басын».

Һәм Хұсайын ғазының балаларын,
Нұр сипатты, ақылды даналарын.
— Шөлдеп жүріп, әй, тақсыр, ерлік қылды,
Су ішкенде көрмедік шамаларын.

Айырылды сөйтiп жүрiп жолдасынан,
Су берсек ала алмас ек ол басынан.
— Шөлдеп қатын-баласы шуылдады,
Жылаған қан ақтылар көз жасынан.

2500 Хұсайын жолдасы өлiп жалғыз қалды,
Ләшкерге екi күндей қырғын салды.
Мұндай балуан дүниеде көре алмадық,
Шөлдеп жүрiп талайдың басын алды.

Жiбердi көп ләшкердi отқа жағып,
Қайраты сыйып жүрген iшке нағып.
Хұсайынның сөзiне келгенiнде,
Тiзесiне қан тамды бастан ағып.

2510 Оқ тигендей киiмнен өтiп кеттi,
Тоқтамастан санына барып жеттi.
Етi шiри бастады тиген жердiң,
Болар ма деп һәр түрлi дәрi еттi.

Һешбiр дауа болмады қылған дәрi,
Денесiне жайылды оның зәрi.
Тұла бойы сасыды iсiп-кеуiп,
Жаны шықты, тәнiнiң шiрiп бәрi.

Сонан соң көрге көмдi алып барып,
Тағы шықты далаға жердi жарып.
Қайта көмiп қояды тас бекiтiп,
Тағы кеттi далаға көрден қарғып.

2520 Сонан соң таластырып итке бердi,
Өлтiрткен жазасы деп асыл ердi.
Арамсынып көмген жерге лақтырды,
Өзiнiң қылған iсi нелер едi?!

Қуфаның кеңес қылды адамдары,
Бұлардың естiлмесiн қылған зары.
Мұнда тұрса шаһарды ойран қылар,
Қорықты оны көрiп баршалары.

Ғамириге сүннилер айтады сөз:

— Бұ басты сіздер кесіп ап келдіңіз.

Жесірлердің көрсетпе жылағанын,

2530 Йазидке тезірек енді апарыңыз.

«Мақұл» деп бұлар алып жүрді дейді,

Қасына көп әскерлер ерді дейді.

Орта жолда бір жүһүд бай бар еді,

Қонаға сол жүһүдке келді дейді.

Жүһүдке қонды бәрі қонақ болып,

Сәйдтің басын үйге берді қойып.

«Бастарды біреу алып шықпасын» деп,

Кәрі жүһүд отырды күзет қылып.

Ол жүһүд күзет қылып отырады,

2540 Бірталай әлгі жүһүд кеп көреді.

Үйдің іші жарық боп күндізгідей,

Көп адам кіріп келіп тік тұрады.

Кезек-кезек сәйдтің басын алды,

Басты алып баршасы көп зарланды.

Басты алып бұлардың жылағанын,

Жүһүд көріп бұларға қайран қалды.

Жүһүд көріп бұларға аң-таң қалды,

Олардың зарларына құлақ салды.

Зарына бойы балқып есі кетіп,

2550 Олармен сөз сөйлесіп жауап алды.

— Әй, адамдар, сөйлегін, бірің, — дейді,

Жаннан бөлек көрінер түрің, — дейді.

Мынау бас кімнің басы, сіздер кімсіз,

Маған баян қылыңыз, сырың, — дейді.

Әбубәкір қарияға берді жауап:

— Ей, байғұсым, бірталай таптың сауап,

Ол — Мұхаммед пайғамбар нұрлы жүзі,

Көрдің бе, барша жандар қылды тәуап.

Сұрасаң, Адам ата — анау тұрған,
2560 Өне — Ысмайыл, өне — Ыбраһым қылған құрбан.
Бірі — Нұх, бірі — Мұса, бірі — Иса,
Баршалары бұл іске мойын бұрған.

Лұқпан — анау тұрған кәрі, — дейді,
Шиш нәби, Дәуіт, Сүлеймен бәрі, — дейді.
Ысқақ, Жақып, Жүсіп пен хәм Илияс,
Бұ келген пайғамбардың бәрі, — дейді.

Айтайын қайсыбірін, бәрін тамам,
Санап айтып айтуға келмес шамам.
Сап-сап болып тұрғандар — періштелер,
2570 Бұ үйге айдап келді Алла Тағалам.

Әнбие, әулиелер өткен бұрын,
Бұлардың көрдіңіз бе артық нұрын.
Бәрі де бір Құдайдың достылары,
Бейіштен өлгеннен соң алған орын.

Анау-дүр ләулік төжін киген, — дейді,
Сарғайып үмбет үшін күйген, — дейді.
Ата-ана хәм перзент, мал мен мүлкін,
Пида қып жалғыз үмбет сүйген, — дейді.

Мұхаммед — ақырзаман Пайғамбары,
2580 Бұған тәуап қылады жанның бәрі.
Қызының баласының басы мынау,
Біз — оның қасындағы шаһариары.

Қахаф ұлы Әбубәкір, — дейді, — мені,
Бастады бір нәрсеге Тәңірім сені.
Хауариждер өлтірген шаһид қылып,
Ерүшті бір Құдайға ғазиз жаны.

Есітіп бұ сөздерді енді білді,
Әбубәкір айтқан соң көңілі тынды.
— Ей, тақсыр, маған иман үйретіңіз,
2590 Қаладым мұсылмандық, ислам дінді.

Сонда иман үйретті Әбубәкір,
Көңіліне иман орнап әлгі пақыр.
Кәлима шаһадатты жары қылып,
«Күнәмді кеш» деп Құдайға жылап жатыр.

Ағызды шын ықыласпен көздің жасын,
Хұсайынның мүбәрак жуды басын.
Бір алтын легенге сап, жақсы істеп,
Отырды сақал-мұртын, тарап қасын.

Отырды таң атқанша ізет қылып,
2600 Бір уақытта таң атты жарық болып.
Көргенін бастан-аяқ бәрін айтып,
Ғамириге басты берді алып келіп.

Тағы көшіп Халаф шаһарына келді олар,
Сұрасып шаһар халқы білді олар.
Найзадағы Хұсайынның басын танып,
Ішіндегі мұсылман қылады зар.

Сонда ләшкер бір жерге қонып жатты,
Шәһарбан жүкті екен, ұғыл тапты.
«Мұхсин» қойды аттарын ол баланың,
2610 Бір күн тұрып ол бала дүние салды.

Онан көшіп Димашыққа келді жетіп,
Хауариждер жүр сонда қуаныш етіп.
Көзінен қан ағызып мұсылмандар
Жылайды, басты көріп шу-шу етіп.

Димашықтың шаһарына келді олар,
Йазидке «сүйінші» деп берді хабар.
Мұны естіп қуанып Йазид дінсіз,
Кернейлетіп алдынан шықты олар.

Сөйдтің қатын-қызы, қарындасы,
2620 Жалаң аяқ, киім жоқ, жалаң басы.
Өлмеген соң келділер шыбын жаны,
Көздерінен қып-қызыл аққан жасы.

Йазидтің жаман-жаман айтқан сөзі,
Құтырғандай алақтап екі көзі.
Дүниені жалғыз қолмен ұстағандай,
Көрінді Йазид лағин өзіне-өзі.

Хауариждер қарайды қайран қалып,
Түйе мінген жесірге көзін салып.
2630 Мұсылмандар бұларды көрген шақта,
Адасып ақылынан кетті талып.

Йазидтің сарайына ап келділер,
Әйелдерді бір үйге ендірділер.
Қайназар Ғамиримен екі залым
Йазидтің алдына кеп бас ұрдылар.

Бір жігіт Рұм қайсардан келген екен,
Елші боп Йазидке хат берген екен.
Найзаға шаншып келген басты қарап
Таныды, Хұсайынды көрген екен.

Ол жігіт шаһ Йазидке айтты сөзін,
2640 Жасартып қайғыменен екі көзін.
— Жесірлер кім ап келген, бас кімдікі,
Мұсылман дінін тұттым дейсің өзің?

Әй, Йазид, өзіңізді кім жаратты,
Дінің не, Пайғамбарың кім? — деп айтты.
Пайғамбарыңа оқ атып, қылыш шауып,
Мәз болып қуанасың жаман қатты.

Мен жасымда саудамен жүрдім, — дейді,
Керуен боп һәр шаһарға кірдім, — дейді.
Сауда қылып Мәдине шаһарына кеп,
2650 Патшасы кім-дүр? деп сұрадым, — дейді.

Сонда айтты: — Мұхаммед — мұның ханы,
Пайғамбарлар хатымы ол, сұлтаны.
Екі дүние патшасы Расул Алла,
Құдайдан тілегені — үмбет жаны.

Алдына есігінің барып тұрдым,
Кіруге өз алдына рұқсат сұрадым.
«Кір» деді, үйге кірдім қол қусырып,
Отырып патшасының жүзін көрдім.

2660 Келдім, — дедім, — бір арыз айтайын деп,
Зекет беріп патшаға қайтайын деп.
Рұқсатнама хат алып қолыңыздан,
Біраз күн сауда қылып байқайын деп.

Жүзіне тұрдым сонда қарай алмай,
Айтуға өзге көп сөз жарай алмай.
Нұрына масты болып тіке тұрдым,
Қайырып басқа сөзін сұрай алмай.

Сөйледі сонда маған: — Ғарібім-ай,
Қылармын, — деді, — балам, көңілің жай.
Әуелі бір Аллаға нанғын, — деді,
2670 Айтқан сөзін тыңдасам шекер-балдай.

Ғарібім, мына жерге отыр, — деді,
Көңіліңе иман нұрын толтыр, — деді.
Мен Құдайдың Расулы, Пайғамбармын,
Тілімді алсаң иманды келтір, — деді.

Ей, балам, иман келтір жалғыз Хаққа,
Жаннат — харам мүшрік пен мұнафиққа.
Мүмін болып дүниеден өткен жандар
Жаннатта отырады алтын тақта.

2680 Сөздері құлағыма балдай тиді,
Жүрегім қақ жарылып ішім күйді.
Алдында иман айтып дінге кірдім,
Маған айтты: — Сені, балам, Құдай сүйді.

Аз насихат айтайын — деді, — саған,
Намаз оқы, рузе тұт — деді маған.
Сол уақытта жиырмаға келген едім,
Қажы қыл — деді, — бір мәртебе, келсе шамаң.

Сонда біреу есік қақты тыста тұрып,
Хақ Расул «келгін» деді рұқсат беріп.
Әдеппен сәлем беріп, қол қусырып,
2690 Бір-екі шаһизада келді кіріп.

Есікте тіке тұрды кіргеннен соң,
Құп сәлем әдеппен бергеннен соң.
Сұлулығы Жүсіптей екі бала,
Шақырды Хақ Расулым көргеннен соң.

Екеуіне орын қылды екі тізесін,
Кезек-кезек жүзіне қойды жүзін.
Кезек-кезек екеуін құшақтайды,
Сипады екеуінің басы-көзін.

«Перзентім, — деді — менім жігер-күшім,
2700 Артымда қалатұғын қайрат-күшім.
Жұрағатым, нәсілім, перзентім» деп,
Пайғамбар айтқанында кетті есім.

Мен танысам, осы бас — соның басы,
Көзінен аққан қалай қанды жасы.
Үмбетпіз деп айтасыз Пайғамбарға,
Үмбеті емес екенсіз, діннің қасы.

Өлтірдің асылзатын нағып қиып,
Көрген соң жанып кеттім, ішім күйіп.
Қылған ісің шайтаннан жаманырақ,
2710 Айтпасам болмай кетті, ішке сыйып.

Йазид сонда бұ сөзге ашуланды,
Шыдамай ашуынан оттай жанды.
Жендеттерге өлтіртті қылыштатып,
Мұны көрген мұсылман есі танды.

Бір жүһүд ол сарайға келіп кірді,
Зар жылаған қыздарды көзі көрді.
— Не себептен жылайды бұ қыздар? — деп,
Йазидтен әлгі жүһүд жауап сұрды.

Йазид айтты: — Бар еді бір дұшпаным,
2720 Ол жеңсе ішер еді менің қаным.
Мұнда келе жатқанда қарсы шықты
Алдынан көп ләшкермен балуаным.

Мына жатқан дұшпаның — соның басы,
Қатын-қызы, жесірлер, қарындасы.
Өздерінде қалмады бір еркегі,
Сол себептен ағады көзінің жасы.

Ол жүһүд сонда білді Хұсайынды,
— Ей, патша, қалайсыңыз қайсы дінді,
Қылғаның мұсылманға ұқсамайды,
2730 Пайғамбар деп айтасыз енді кімді?

Пайғамбардың дінінде өзің, — дейді,
Тіпті жаман қарасам сөзің, — дейді.
Адамнан бері өтіпті қырық үш ата,
Бір сөйлейтін келіп тұр кезім, — дейді.

Мұқаттың, ислам діннің болдың жауы,
Дін исламның шыдай ма бұған жаны?
Жүһүд құрлы болмады қылған ісің,
Бетіңнің жоқ екен ғой биттей ары.

Ғаламның Расул Алла ханы, — дейді,
2740 Өткелі қырық жыл жоқ қой әлі, — дейді.
Шапағат тілеймісің Пайғамбардан,
Сіздерде мұсылмандық, қані, — дейді.

Мен — жүһүд, басты көріп күйді ішім,
Жанын пида қылғандай көрсе түсін.
Дүниеде ұқсатпасын саған Құдай,
Барабар шайтанменен қылған ісің.

Мұны айтып көзінің төкті жасын,
«Аһ, дүние, опаң жоқ» деп, шайқап басын.
Сол жерде мұсылман боп иман айтты,
2750 Қараңыз, бір Құдайың жарылқасын.

Ол байғұс мұсылман боп иман айтты,
Көңіліне иман орнап жылап жатты.
«Осынша жаның неге ашиды?» деп,
Ашуланып қылышпен шапқылатты.

Оны Йазид өлтіртіп қаһарланды,
— Тік сөйлесе қойман, — деп, — тірі жанды.
Ұғылын Хұсайынның алып кел» деп,
Шақырып Зейнелғабиденді қасына алды.

Йазидке шақырған соң келді бала,
2760 Жас та болса ақылға еді дана.
Мұсылмандар қорықты өлтірер деп,
«Иә, Алла, болғайсың, — деп, — өзің пана».

Сол уақытта Зейнелғабиден жеті жаста,
Еркек тұқым қалған жоқ онан басқа.
Йазидке айтты: — Шақырдың мені неге,
Ұқсаған жан екенсің қара тасқа.

Йазид айтты: — Сөйлегіл, қане, балам,
Ойлашы, қайда кетті ата-бабаң?!
Патша болам деп еді елге атаң,
2770 Хан болуға келмейді сенің шамаң.

Бү күнде айтқан сөзің болды жалған,
Болмады атаң ісі көңілге алған.
Атаңның мынау жатқан басын көргіл,
Мақтанып хан болам деп дүние салған.

Зейнелғабиден сөйледі сонда жауап:
— Қылдым деп отырмысың үлкен сауап.
Бү дүниеге мақтанып ақымақ болып,
Сөйлеме мұндай сөзді, әй, найынсап.

Мақтан қылып сөйлейсің малыңызды,
2780 Шаһид болып Хаққа бердік жанымызды.
Күнәһсіз мұндай жапа қылдың бізге,
Көрермін қиямет күні халіңізді.

Бізден өлген — шаһид боп жаннат барды,
Сізден өлген — көреді тамұқ-нарды.
Пайғамбардың нәсіліне қастық қылып,
Қылған ісің шайтанмен барабар-ды.

Баланың мына сөзі тиді қатты,
Ашуланып жендетке «кел» деп айтты.
«Тілін менен тартпады, өлтір жылдам!»
2790 Жендеттер ап жөнелді асылзатты.

Үммігүлсім жендетке барды жетіп,
Көргендер тұра қалды тағзым етіп.
— Күнәһын бұ баланың айтшы маған,
Қай жаққа барасыңдар алып кетіп?

— Сұрасаңыз, айталық, — дейді, — сізге,
Жас бала түк қылған жоқ тіпті бізге.
Патшамыз дарға ас деп әмір қылды,
Сұрасаңыз береді өзіңізге.

Үммігүлсім сөйледі сонда зарлап:
2800 — Ей, Йазид, іс қылсаңшы түбін ойлап.
«Пайғамбардың тұқымын құртқыл» деп,
Құдайым тудырған ба сені арнап?

Бәдпиғыл неткен жансың залым, — дейді,
Жас балаға жетті ме өлің, — дейді.
Қылған ісің аз еді мұнан бұрын,
Бір болар ақыретте мәлім, — дейді.

Бұ күнде патша болдың мұсылманға,
Әділетсіз боядың қызыл қанға.
Осы ісің мақұл ма өз көңіліңе,
2810 Насихат айтатұғын өзің жанға.

Татып едің Расулдың тұзын, — дейді,
Естіп едік насихат сөзін, — дейді.
Жеті жасар тұқымын өлтіруге
Қияды нағып сенің көзің, — дейді.

Хан болған мұсылманға, бегім Йазид,
Рақымсыз мәжуси ма тегің, **Йазид**.
Әулетін Пайғамбардың құртамын деп,
Көңіліңнен кеткен жоқ па кегің, **Йазид**.

2820 Бұ дүние баяны жоқ, әлі-ақ өтер,
Тәж-тақыт, мал-мүлкің бәрі кетер.
Ақыретті бұ күнде ойламадың,
Пұшайман өз басыңа сонда жетер.

Хауариждер естіді мына сөзін,
Мұсылмандар жас қылды екі көзін.
Халайықтың бәрі де шуылдайды,
«Ей, тақсыр, ойлашы, — деп, — мұны өзің».

2830 Шекер-балдай шығады айтқан сөзі,
Бір данышпан жан екен мұның өзі.
«Әй, тақсыр» деп жалынды жанның бәрі,
Беретін бұ ашуды келді кезі.

Йазид айтты: — Ашуды бердім, — дейді,
Бергенді бәрің жақсы көрдің, — дейді.
Не тілегің бар болса, тағы сұра,
Сөзіңді, балам, қабыл көрдім, — дейді.

Бала айтты: — Көзімнің көрсең жасын,
Атамның өз қолыма бергіл басын.
Үстіне киім кигіз хәм азат қыл,
Атамның қатын, қызы, қарындасын.

2840 — Ей, балам, шер қылмағыл жүрегіңді,
Үшке дейін берейін тілегіңді.
Бұ сөзіңнің бәрін де қабыл қылдым,
Тағы сұра, бар болса, керегіңді.

Бала айтты: — Тілегімді қабыл көрсең,
Разымын бір жолы тіліме ерсең.
Мінберіне бір шығып Хақ Расулдың,
Жұмада хұтпа оқуға рұқсат берсең.

Йазид айтты: — Арызыңды қылдым қабыл,
Хатирыңды қош қылғыл, болма малул.
Бейсенбі күн айтысты осы сөзді,
2850 Екеуі уағдаласып алысты қол.

Түнде жатып, таң атып болды жарық,
Муәзин азан айтып тұрды барып.
Жұма намаз сүннетін оқыған соң,
«Уағдаң қане» дейді бала ғаріп.

Йазидтің уәзірі бар Маруан атты,
Өзі залым кісі еді, кесапатты.
Сонда Маруан Йазидке көзін қысты,
Талайға қылған еді ғаламатты.

Сонда Йазид ойлайды «бұ қалай?» деп,
2860 Үндемей менмендік көңіліне кеп.
Маруанменен екеуі жас баланы
Мінберге шығаруға көрмеді еп.

Йазид, Маруан мешітке келді дейді,
Баланың айтқан сөзін білді дейді.
«Мінберге шықпай оқы хұтпаны» деп,
Жауапты Йазид сонда берді дейді.

Зейнелғабиден тұрады оттай жайнап,
Ішінде қайғы-қасірет жатыр қайнап.
Әуелі «Таухидті» айтып бір Құдайдан,
2870 Хұтпа оқып бұлбұлдайын тұрды сайрап.

Андан соң Хақ Расулды қылды баян,
Мақтап Расул сипатын айтты аян.
Пайғамбарды жоқтады осы жерде,
Онан соң шаһариарды етті пайам.

Онан соң Хұсайынның айтты сөзін,
Жасартып қайғыменен екі көзін.
Кербаланы сөйледі жылап тұрып,
Жиылған халайыққа білдірді өзін.

- 2880 Йазид айтты: — Уақыты қалды ғой аз,
Бұ бала хұтпа оқымай, сөйлейді наз.
Андан соң муазині қамат айтып,
Жамағат сапқа кіріп қылды намаз.
- Сүннилер үлкен-кіші, кәрі-жасы
Мешіттен шықты, көзден ағып жасы.
Кеңестілер «бір сойқан қылайық» деп,
Йазид лағин екен, — деп, — діннің қасы.
- Мынау іске шыдаймыз, — дейді, — нағып,
Біздерге патша болып тұрған бағып.
Хұсайынды өлтірген бұ ақымақты
2890 Ұстап алып жіберелік отқа жағып».
- Ішінде бұ уәдені тұрды сақтап,
Патшаның жүрмек болды ойын жақтап.
Сол уақытта Құдайдың құдіретімен
Бір бұлт қараңғы боп кетті қаптап.
- Қараңғыдан һеш адам жүре алмады,
Тұрғандар бірін-бірі көре алмады.
«Болды ма екен, — деп айтты, — қиямет күн»,
Жел соққанда һеш нәрсе тұра алмады.
- Күндізгі күн қараңғы түндей болды,
2900 Тас-топырақ аспанға ұшып жүндей болды.
Жаңбыр-бұршақ аспаннан қатты жауып,
Бірін-бірі көрместей күндер болды.
- Соғып тұр жауындатып бір қатты жел,
Таудан ағып шаһарды қаптады сел.
Шаһардың қақ жарымы суға батып,
Үй бұзылып, суға ақты бірталай ел.
- «Бір пәле келді, — десті, — бір Құдайдан,
Сол себептен болдық, — деп, — зар-гөриан».
Шаһар халқы қорқысты жаман қатты,
2910 Бұл іске Йазид жылап, болды қайран.

Маруан айтты Йазидке: — Ханым, — деді,
Шумлығын білдіңіз бе оның, — деді.
Ол баланы шығарғыл бұ шаһардан,
Мұнда тұрса төгеді қаның, — деді.

Құтылмай ол баладан, сірә, болмас,
Бұ жерде бала тұрса көңілім тынбас.
Бұ шаһарды бүлдірер осы бала,
Өлтірмей екеуімізді тірі қоймас.

2920 Жетінші күн ол Йазид шақырды елін,
Маруанның қабыл қылып айтқан тілін.
— Қай шаһарда тұрасың, балам, — дейді,
Қалаған шаһарыңа жіберемін.

Тілегің болса айтқыл маған, — дейді,
Берін тауып берейін саған, — дейді.
Бала айтты: — Мал-дүние керек емес,
Сөйлеме алдап сөзді, надан, — дейді.

2930 Құддыс деген шаһарға жібер бізді,
Басалық сонда барып көңілімізді.
Йазид айтты: — Сөзіңді қабыл қылдым,
Өзірлеп жіберемін, — дейді, — сізді.

Бала айтты: — Тілегім бар-дүр менің,
Берем деген сөзің бар, Йазид, сенің.
Мінберде Хақ Расулдың басқан орнын
Бір шықсам бітер еді көңілім менің.

Жұмада мінбер күтейін мен,
Хақ Расулға бір дұға етейін мен.
Бір мәртебе хұтпа оқып сол мінберде,
Сонан соң өз жолыма кетейін мен.

2940 Йазид айтты: — Қабыл қылдым бұ қажетің,
Естілік мінбердегі мінәжатың.
«Мақұл» деп, уәде қылып қойды тағы,
Қарап тұр бұ баланың кереметін.

Бар еді бір саудагер қожа затты,
Сол күні бұ шаһарға қонып жатты.
Бай еді дәулеті асқан бұ жиһанда,
Хұсайынды естіп көп жылапты.

Бұл дағы шөбере еді Әли шерге,
Саудамен барып кепті талай жерге.
Жабағат деген ұғыл немересі,
2950 Бір Алла әбүйір берсін ошал ерге.

Төрт жүз құлы бар еді, бөрі балуан,
Ат-түйесі, мал-мүлкі дүниені алған.
Хұсайынның өлгенін естіген соң,
Бір уақта жылап жатып ұйықтап қалған.

Сол қожа түс көреді ұйықтап жатып,
Қиямет күні болыпты таңы атып.
Неше түрлі ғаламат бәрін көріп,
Байғұс қожа қызыққа жүрді батып.

Құрылған таразы мен Сират көпір,
2960 Неше адамды қуып жүр опыр-топыр.
Бірнеше адам қуанып көңілі тасып,
Бірнеше адам қайғырып жылап отыр.

Бірнешені барады бейішке алып,
Бірнешені айдап жүр жолға салып.
Бірнешенің қолына кітап беріп,
Оқып жатыр намазын қайран қалып.

Кейбірінің мойнына шынжыр тағып,
Жіберді зар еңіретіп отқа жағып.
Кейбіреу — хале киген жүзі айдай,
2970 Бұларға қайран қалып, тұрды бағып.

Ішінде бір адам жүр жүзі көркем,
Һәркімге шапағат қып жүрген екен.
Таниды Хақ Расулды көргеннен соң,
Ойлайды «соған таман жетсем екен».

Кісі жоқ онан шапағат сұрамаған,
Оңбай жүр Пайғамбарым қарамаған.
Дауысын кей адамның естімейді,
Ол адам үмбеттікке жарамаған.

2980 Түсінде Пайғамбарға келді жақын,
«Иә, Расул, қыл, — дейді, — шапағатың.
Мен ғаріп үмбетің» деп жыласады,
Асылы, бір естімеді мінәжатын.

Бұ байғұс онан жаман жылады көп,
Шапағатты не пиғылымнан қылмадың деп.
Хақ Расул қарамады зарланса да,
Қожа жылап сөйлейді, уайым жеп.

— Сөзімді менің айтқан білмедіңіз,
Көзіңе мен ғаріпті ілмедіңіз.
Күнәһыма төубе қылсам болар ма екен,
2990 Шапағат не себептен қылмадыңыз?

Білмеген ісім болса, еске салсаң,
Күнәһым кешірер ме төубе қылсам.
Жарамайтын пиғылымды айтып маған,
Болмаса шапағат қып қолымды алсаң.

Қожаның сонда естіді айтқан сөзін,
Жауап айтып, қожаға бұрды жүзін.
— Сол себепті сөзіңді тыңдамадым,
Өлгенін Хұсайынның көрді көзің.

3000 Хұсайын — көзім нұры, жігер-күшім,
Перзентім, артымдағы сүйенішім.
Үмбетпін деп сұрайсың шапағатты,
Лайық па үмбеттікке қылған ісің?

Қасыңда төрт жүз балуан құлдарың бар,
Мешітте Зейнелғабиден жылап тұрар.
Йазид алдап, пиада ғаріп боп жүр,
Бар дағы ол залымнан оны құтқар.

Үмбет болсаң, басыңды көтер, — дейді,
 Қызметіңді маған қылсаң, жетер, — дейді.
 Құтқармай перзентімді ол залымнан,
 3010 Шапағат сұрағаның бекер, — дейді.

Расулдан бұ сөзді естіп қылды нала,
 Ағызып көздің жасын мысал зала.
 «Сөзіңізге жанымды пида қылдым,
 Қайда, — деп, — жеті жасар жетім бала».

Оянды ұйқысынан мұны айтып,
 Қараңғы үйі тұрған екен нұрға батып.
 Біраз ойлап отырды көрген түсін,
 Бармай қарап тұрады енді қайтіп.

Шақырды көп құлдарын өз қасына,
 3020 Қайран болды қожаның көз жасына.
 Көргенін бастан-аяқ бәрін айтты,
 «Бір қайрат қылыңдар» деп жолдасына.

Таң атқан соң намазға тұрды бөрі,
 Асынды қару-жарақ саймандары.
 Түс болғанда мешітке жетіп келсе,
 Жұмаға жиылыпты баршалары.

Йазид, Маруан екеуі келді дейді,
 Жиылған тамаша етіп елді дейді.
 Зейнелғабиден мешітке кіріп келсе,
 3030 Мұсылман көп екенін білді дейді.

Сонда бала сөйлейді айғай салып,
 Мұсылмандар тыңдады қарай қалып.
 — Хақ Расулдан шапағат тілеймісіз,
 Үмбетпіз деп жүресіз көңілге алып.

Жарандар, Хақ Расулға нанбаймысыз,
 Құр тілмен үмбетпіз деп алдаймысыз.
 Ғарасат таңда, махшар мизанында
 Алдына шапағат деп бармаймысыз?!

3040 Іс қылғыл Хаққа лайық осы бастан,
Өкемнен жетім болып қалдым жастан.
Біреу қызмет бұ күнде қылмағандар,
Шапағат сұраймысыз ұялмастан.

Өкемнің ғаріп болып шықты жаны,
Далада жапан түзде қалды төні.
Мүмін болсаң, біреуің ойлар едің,
Сіздерде мұсылмандық дейді қані?

3050 Ішімде толып жатыр от пен жалын,
Өкемнің естідіңдер жайы-халін.
Өкемді өлтіргеннің басын кесіп,
Нағып тұрсыз, үлесіп алғыл малын.

Бү сөзді естіп мұсылман тұрды сонда,
Мешітте үлкен майдан құрды сонда.
«Ой, бауырым» деп зар жылап қожа пақыр,
Талқан қып хауарижді қырды сонда.

Сонда Йазид мешіттен шыға қашты,
Адасып ақылынан жаман састы.
Төрт жүз балуан жабылып қуып еді,
Жығылып бір құдыққа қара басты.

3060 Ол құдықтың суы жоқ, іші жаман,
Ішінде толып жатыр боқ пен сабан.
Йазид пенен Маруанның басын кесті,
Хауариж ақымақтарға бермей аман.

Шаймірің төрт көз ит боп Кербалада,
Жүр дейді әлі сусап, құр далада.
Ғамири мен Қайназардың басын кесті,
Мұсылман ұстап алып сол арада.

3070 Бақ берді мұсылманға Құдай қалап.
Соғысты аз кісісін көпке балап.
Йазид, Маруан екеуін өлтірген соң.
Мал-мүлкін мұсылмандар кетті талап.

Шәһарбан мен Үммігүлсім болды науқас,
Сәйдті ойлап көзінен ағады жас.
Екеуі де сол жерде дүние салды,
Бұ сөзді қысқартпасақ, енді болмас.

Зейнелғабиден Мәдинеге кетті қайтып,
Өзіне керегінше қазына артып.
Сәйдтің қыздары мен қарындасы
Таусылмас қалғандарын бәрін айтып.

3080 Мәдиненің қарсы шықты адамдары,
Сәйдті жоқтап жылады, қылып зары.
Зейнелғабиденді құшақтап кезек-кезек,
«Сабыр қыл» деп жылады баршалары.

Жылады мұсылмандар көзін жастап,
Бұ жерде бәрімізді кетті тастап.
«Тағдырға табдил болмас» деген осы,
Құдайым жүрген екен өзі бастап.

3090 Жылайды мұсылмандар үш күн тынбай,
Көздерінен жас ағып күндіз-түндей.
«Әлхүкму ли-Ллаһил жәлил» дейді,
Махфузда Алла Тағала жазған солай.

Ол адамдар — Құдайдың шын пендесі,
Біз, ғасылар, дүниенің шермендесі.
Келіспесе, жарандар, айып етпе,
Жүсіпбектің қолынан келгені осы.

Жаза берсем аяғы ада болмас,
Қас қылған Пайғамбарға, сірә, оңбас.
«Құдай ұрған оңалар фазылы көрім,
Аруақ ұрған адамға дауа болмас».

3100 Түйеші — доңыз, Шаймір ит боп кетті,
Оларға Қадір Егем лағынет етті.
Риуаяттар «дүние құрығанша
Екеуі сол Кербалада жүрер» депті.

Бұ сөзді кітабынан өлең қылдым,
Ыстамбұл тілінше екен, әрең білдім.
Сөйлей берсем аяғы ұзап кетер,
Аяғын үшбу жерде тамам қылдым.

Нәсілі едім Хұсайынның менің өзім,
Көргенде жылай бердім һәрбір сөзін.
Бабаларым сол көрген мехнатына
Жылай-жылай қызарды екі көзім.

Бұ кітап өзі — пақыр, сөзі — нәзік,
Бітірдім ыстық күнде зорға жазып.
Маған да дұға қылғыл, оқыған жан,
3114 Күнәһті көп қуып ем жолдан азып.

قصه حضرتى عائشه نناك تهمتى

Қисса хазіреті Айшаның тұһматы

Һәр түрлі халық жаратқан Хақ Тағала,
Бірі бүтін болғанда, бірі — жара.
Бірі — бай, бірі — пақыр адамзаттың,
Біреудің сырты — жарық, іші — қара.
Біреудің мәжнүндердей ақылы зағип,
Кей пенде зейіні көп, болар дана.
Пендені алаламай құрметтейді,
Пұлына кей пенденің жетпес баға.
Ақылын кей пенденің адам білмес,

- 10 Сөзі бірге болса да, көңілі ала.
Шариғат айтсаң дағы тыңдамайды,
Наданға пайымы кем не-дүр шара.
Халалдан да харамға құмар болып,
Неңдейін білімпаздар жейді пара.
Сузан, тұһматтан сақтанайық,
Өлшеулі ғұмыр бітпей, келсе шама.
Алдыңғының көрген соң ғибратын,
Кейінгі нағып оңсын туған бала.
Өзінде қанша айып тұрса дағы,
20 Біреу аттан жығылса қылар таба.
Тұһматтың жаманын біраз айтсам,
Кіші іні, ұнатсаңдар, үлкен аға.

Ғалымның кеудесінде қазынасы көп,
Молданы надан адам көреді жек.
Аят, хадис сөзінен ғибрат жазса,
Қаламы мазлұмлардың кетпейді тек.
Муафиқ тақлидыға қылған ісі,
Бағзының иманынан қыламын шек.

Шариғаттың жолынан хабар берсең,
 30 Надандар ғұмырынша қылады кек.
 Ғалымның айтқан сөзін есіне алмай,
 Өзінің надандығын көреді еп.
 Пасықтарды еркіне қоя берді,
 Тыятын бір жақсы жоқ «бұ қалай?» деп.
 Харам менен халалда парық болмай,
 Пасықтар үшбу күнде көбейді бек.

Екі орын — жеті ұжмақ, сегіз тамұқ,
 Бұларды жүрген жан жоқ есіне алып.
 Бұ күнде қарап тұрсаң, осал жан жоқ,
 40 Бағзының қабырғасы мұңсыз жабық.
 Молдалар да күндейді бірін-бірі,
 Ашуланса, шығарар сөзін ірі.
 Антпен айтып тұрса да иланбайды,
 Мағлұм бір-біріне болып сыры.
 Бірі көптік айтқан соң, бірі байлық,
 Күннен-күнге көбейер көңіл кірі.
 Біреу ғайбат айтады, біреу — тұхмат,
 Адамзатты көрмейді жүрсе тірі.

Ғайбат ойыменен қылар кеңес,
 50 Ғайып болжау пендеге дұрыс емес.
 Әлденешік болумен жұмысы жоқ,
 Ғапылдар иманды ойлап қайғы жемес.

Тұхматсыз бұ күнгі халық тұра алмайды,
 Қауіп етіп бір Алладан ұялмайды.
 Ықыласпен Хаққа құлдық қылу керек,
 Махшарда ата-тектен сұралмайды.

Сузан қылар пенде көрмей көзі,
 Надандар ойлап-ойлап біледі өзі.
 Һәркімнің өз көңіліне ұнаған соң,
 60 Ғалымның қабыл болмайды айтқан сөзі.
 Қисықты оқтай қылып түзейтұғын,
 Жоғалды жақсылардың құрған тезі.

Бұ күнгі адам қорыққанынан қойдай ықтар,
Қолмен қылар қайрат жоқ, сөзбен мықтар.
Тұһмат себебінен жапа тартса,
Айтушы Тәңірі алдында жылап-сықтар.
Біз түгіл, Айша менен Расулды да
Қаншама тұһмат қылған мұнафиқтар.
Құдайдан қорықпағандар өсек қылды,
70 Ғайбат қылмай пәк тұрды діні құптар.

Ғалымның ақылдыға қаламы бал,
БІнсапты хас мүміндер, құлағың сал.
Молдалар шарифаттың сөзін айтса,
Пасықтар түсініспей болады дал.
Расул менен Айшаның тұһматының
Мазмұнын көрсетейін қадірі хал.

Егер де келістіріп біз айта алсақ,
Махшарда жанымызға болады жал.
Өз ақылың жетпесе, пақыр Йазид,
80 Арланбай білімдіден ғибрат ал.

Бір-бірін пенде құмар жамандауға,
Харам болса кірмейді халалдауға.
Мыңнан бірін айтсам да тыңдаңыздар,
Олардың сөзін хал жоқ тамамдауға.

Олардың кім айта алар уәсіфін тегіс,
Тыңдаушылар құп көрер болса келіс.
Сонымды халыққа шашып қампаямын,
Азырақ хабарым бар еміс-еміс.
Кетпейді таңдайымнан ләззаты,
90 Расулдың шежіресінен татсам жеміс.

Қорқамын сөзім шала жетпей қалса,
Кәміл болса ләззаты татыр болса.
Бұ сөзден қасірет шегіп қапаланбас,
Тұһмат қылушылар ғибрат алса.

Кәміл айтсам, ләззаты балдай татыр,
Қатасы қарағанға толып жатыр.
Қатасын айып етпей оқыңыздар,
Оқу аз, ақыл қысқа біз бір пақыр.

100 Ғалымның ғибрат қалар жазған хаты,
Ақылдыға мағлұм сөздің заты.
Бұл менің айтамын деп іздегенім —
Шаһуәли Рахматулла риуаяты.

Тақсырдың хашиесінен көрді көзім,
Олардың сауап болар айтсам сөзін.
Хал-қадар тыңдаушыға баяндайын,
Ғинаят берсе жәрдем Сұбхан Ізім.

Айтыпты Шаһуәли Рахматулла,
Риуаяты мағлұм оң мен солға.
Тамаша сайран үшін Айша ананы
110 Бірге алып шығады екен сапар жолға.

Талай соғыс сапарына алып жүрген,
Тамаша сайран үшін барып жүрген.
Соғысқа хас мұсылман құмар болып,
Жасырынып мұнафиқтар қалып жүрген.

Айша да шапағатшы ерген жанға,
Ықыласын Хақ жолына берген жанға.
Пақыр менен міскінге үлестірет,
Қуанбайды олжа болып келген малға.

Жаратқан батырларды майдан үшін,
120 Расулды шапағатшы қайран үшін.
Айшаны һәр сапарға алып жүрген
Көңілін шаттандырар сайран үшін.

Қылмаған кемелдік толысына,
Дұшпанды ойлап тыныш жатпас қонысына.
Айшаның үшбу шыққан сапар жолы
Бәни әл-Мұсталықтың соғысында.

Тынышталды іздеп барған жауын алып,
Мұсылманмын дегенге шаттық салып.
Қуанып палуандар келіп ойнап,
130 Бір жерге шатыр тігіп қонды барып.

Не қиын өңшең батыр кемеңгерге,
Шаттық берер мүмінмін дегендерге.
Қаза хажат үшін хазіреті Айша
Халыққа көрінбейтін барды жерге.

Батырлар көшіп жатыр шеру тартып,
Түйеге сыйғанынша олжаны артып.
Қаза хажат жұмысын бітірген соң,
Айша ана түйесіне келді қайтып.

Мұның ерте пәнттенген нәпсі жауы,
140 Харирменен байлаған омырауы.
Қолыменен омырауын сипап көрсе,
Алжапқыштың үзіліп қалған бауы.

Бір ұшын байлайды екен шүйдесіне,
Ілінбей бау үзілген түймесіне.
Қызметкер түйені айдап жүріп кетті,
Айшаны мінді ғой деп күймесіне.

Хазірет Айша орнына қайта барған,
Жоқ бауын іздеп жүріп тауып алған.
Тауып алып орнына қайтып келсе,
150 Қызметші түйені айдап кетіп қалған.

Қызметкерді Айшаны күт деп берген,
Жұрт асып кетіп қалған сары белден.
Бүркеніп жұртта жалғыз отырады,
Кісі жоқ қалды ғой деп іздеп келген.

Бұл сөзі риуаяттың бекер емес,
Ғешқайда жаяу жүріп кетер емес.
Қарасы қараса да көрінбейді,
Соңынан жаяу жүріп жетер емес.

- Адам жоқ, жалғыз жұртта қалды жаяу,
160 Қалдым деп көңіліне түспес қаяу.
Қанша тау, неше белден аса көшіп,
Жеріне қонатұғын келді таяу.

Айшаны жоқтамайды соған шейін,
Білмеген қызметшіге мен не дейін.
Ілгері жалғыз қадам баспас еді,
Қалғанын Айша ананың білсе кейін.

- Қонған соң біреу іздеп келер, — деді,
Тастаған құл жазасын берер, — деді.
Жазылмыш әміріңменен қалдым мұнда,
170 Бір Алла, құдіретің шебер, — деді.

Қайтып келсе, түйесін кеткен айдап,
Отырды төуекелге белді байлап.
«Екі көш бізден кейін келіңіз» деп,
Расул Сафуанды қойған сайлап.

Сафуан Пайғамбардан бұйрық алған,
Көрсө хабар беруге һәрбір халден.
«Әбден қарап, қалдырмай алып кел, — деп,
Жолда түскен нәрсені, жұртта қалған».

- Сафуан һәрбір іске жарайды екен,
180 Кейін қалса ішкені тарайды екен.
Расул Алла бұйрық бергеннен соң,
Тексеріп жолмен жұртты қарайды екен.

Хазіреті Расул бұйрық берген өзі,
Құрметтенген өзінен шыққан сөзі.
Жолды қарап Сафуан жұртқа келсе,
Хазіреті Айшаны көрді көзі.

- Тірлікте кітапқа көз салайын да,
Тақсырларды ауызға алайын да.
Бұ сөзім халыққа ұнап ғибрат қылса,
190 Бір үлкен мол сауапқа қалайын да.

Жұрттың бәрі жөнеліп кетіп қалған,
Айшаның жалғыз жан жоқ маңайында.

Шошиды «біреу талап алды екен» деп,
«Бір машақат басына салды екен» деп.
Көңіліне һәрбір қиял ой келеді,
«Бү нешік жалғыз жаяу қалды екен» деп.

Тапсырған олар өзін иесіне,
Дүниенің тозаңданбас күйесіне.
Сафуан сасқанынан сөз сұрамай,
200 Өзі түсіп мінгізді түйесіне.

Сафуан сөз сұрауға бата алмайды,
Айша да басқаға сөз қата алмайды.
Түйені өзі жаяу қатты айдайды,
Далада дамыл алып жата алмайды.

Түйесін қатты айдайды, өзі жаяу,
Ойы жоқ қызметінен жанын аяу.
Мұнафиқ, дін дұшпаны ғайбат қылды,
Бұлардың көңілінде жоқ һешбір қаяу.
Қалжырап жаяу жүріп әбден шаршап,
210 Қонған жерге жақындап келді таяу.

Қызметші бір мүсәпір пақыр екен,
Айшаның қалғанынан ғапыл екен.
Қонған жерге түскенде жоғын біліп,
Жаңа іздеуге қамданып жатыр екен.

Сафуан Мұғәкілұғлы — адал кісі,
Бұзық ойлар емес, надан кісі.
Адалдықпен Расулға қызмет қылып,
Бұрын өсек-ғайбаттан аман кісі.
Хазіреті Айша күймеде жоқ болған соң,
220 «Бү қалайша» десіпті тамам кісі.

Айшаның жоқтығына таң қалысты,
Тексеріп бір-бірінен аңғарысты.

«Айшаны бұ тұһматтан халалда» деп,
Сахабалар Аллаға зарланысты.

«Бұл Айша күймесінен түскен қалай,
Мұнан бұрын көшуші ек талай-талай.
Жалғыз жұртта қалды екен не себептен,
Қалған мәнін білмейді мына малай».

230 Сафуан түйені айдап келді бірге,
Айшаның із-топырағын қылып сүрме.
«Қалуда бір уақиға бар ғой» десіп,
Мұнафиқтар жорыды һәрбір түрге.

Түйені айдап Сафуан аттай желді,
Қуады бұрын көшіп кеткен елді.
Жұрт сасып жаңа іздейін деп жатқанда,
Сафуан Айшаны алып жетіп келді.

240 Расулға Сафуан әуел болған көмек,
Жолда түскен нәрсені жүрген төлеп.
Біреуі ақтап, бір жағы тұһмат қылып,
Сондағы жұрт партия болды бөлек.

Бір айдай басылмастан болды ғауға,
Сүттен ақ Сафуан байғұс қалды дауға.
«Жұртта жалғыз қалды, — деп, — не себептен?»
Мұнафиқтар алады омырауға.
Аят бар жаһаннамдық болғанына,
Ғайбат қылған үшін басы сауға.
Күнәлі болуға тұһмат қылды,
Әуелден олар берік нәпсі жауға.
Бұл тұһматқа байланбас еді хазірет,
250 Айналмаса үзіліп қалған бауға.

Сафуанның көңілі — хақ, діні — берік,
Жұртта қалған нәрсені жүрген төлеп.
«Таза» деп көп таласты мұсылмандар,
Өсегі мұнафиқтың кетті кеңіп.
Хазірет Айша есітіп бұл тұһматты,

- Шатылған қасіретті жүрді жеңіп,
Сенімді кісі еді Сафуан батыр,
Қызмет қылып Расулға жүрген еріп.
Жамандық қылмақ түгіл Пайғамбарға,
260 Жанын пида қылады ықылас беріп.
Расулдың басқан ізін тәуап қылып,
Талай қиын жерлерде болған серік.
- Мұнафиқтар байлады жамандыққа,
Мұсылмандар жүреді амандыққа.
Ойыменен білсейші халалдығын,
Мұнафиқтар жеңдірді надандыққа.
Алланың пәк жаратқан сәруар көлін,
Не қылып жүреді екен арамдыққа.
- Сафуанның жол қарауын «жалған» деді,
270 Ол жұртқа Айшаны іздеп барған деді.
Бұрын айтқан уағда сөзі болып,
Сол үшін жұртта жаяу қалған деді.
- Жалғыз неге қалады онан басқа,
Жасырынып қалыпты биік таста.
Мұнафиқтар көбейтті күннен-күнге,
Бұл сөзді жаймақ үшін дос пен қасқа.
- Мұнафиқ дін дұшпаны деді былай,
Айша жүр ақтығына жылай-жылай.
Ақтығы өз көңіліне мағлұм болып,
280 Расул бұл тұһматқа жүрді шыдай.
Жәбірейіл арқылы аятпенен
Ақтығын білдіріпті Жаппар Құдай.
- Айшаны дін дұшпаны не демейді,
Пайғамбар не десе де елемейді.
Хазіреті Айша секілді саф гауһарды
Ақырын, байқау айту керек еді.
- Мұнафиқ қорықпай кірді жамандауға,
Мұсылман көп таласты адалдауға.

290 Әуел пәк қып жаратқан Хақ Тағала,
Ауызы нағып барды екен харамдауға.

Бұ жалғанда тоя ма жасқа кісі,
Нү тұрса, паналамас тасқа кісі.
Хақ жазған пайғамбарлар несібіне
Қол созып ұстай алмас басқа кісі.

Мұнафиқ қайдан білсін мұндай жайды,
Өзіне-өзі қас қылып жолдан тайды.
Ғайбат, өсек Айшаны қылмақ түгіл,
Кәпірлер бір Алланы танымайды.

300 Айтсақ та мұның бәрі Құдай ісі,
Минутта өзгертуге жетер күші.
Расулға еріп жолдас боп жүрсе дағы,
Бұл тұста талайының шықты мысы.
Тәңірі пәк қып жаратқан хазіретті,
Харамдыққа жүрер ме білген кісі.

Батырлар ол заманда жаһан кезді,
Жау іздеп сайран қылды жапан түзді.
Бұрын білмей жүріпті хазіреті Айша,
Бір айдан соң естіпті үшбу сөзді.

310 Бір айдан соң естілді үшбу хабар,
Сөз қылған мұнафиқты Тәңірі табар.
Дем алмай, ұйықтамай, тағам татпай,
Үш күндей хазіреті Айша жылады зар.

Бек қатты ақ болған соң қайғыланды,
Жалын болып іші-тысы күйіп-жанды.
«Көрсет, — деп, — бір ғаламат кәпірлерге»,
Ренжіп хазіреті Айша назар салды.

— Ақ болсам бір ғаламат көрсет, Алла,
Қара болсам, азап қыл шыбын жанға.
Жасырын құдіретіңе һеш нәрсе жоқ,
320 Әуре қылдыр мұнафиқты һәрбір халге.

Мағлұм құдіретіңе істің бөрі,
Қара болсам, сөз қылсын мұнанда әрі.
Ақтығым аян болып тазартпасаң,
Мұнафиқтың зораяр тұһматтары.

Мұнафиқ жала жапты сау басыма,
Антым бар нәпсі жаққа аумасыма.
Бишемен-қайғыменен күнім өтер,
Тазартып шығармасаң тау басына.

330 Расулда шүбһа жоқ зәрре-қадар,
Мағлұм өз көңілінде хақтығы бар.
Мұнафиққа жүруге жөн табылмас,
Бір Алла құдіретімен қылса қаһар.

Һәркімге ерік берді ғой жалғанда,
Қысым қылса болмайды кім шерменде.
Кім жақсы, кім жаман сонда көрер,
Жиылып ғарасатқа жұрт барғанда.

340 Бұл күнде еркіменен күйе берді,
Айшаны пәк дегендер ұжмаққа енді.
Ғайбат қылған адамдар тамұқтық деп,
Айшаның ақтығына аят келді.

Он сегіз аят енген бұл хақында,
Көріне азап келмеді тым жақында.
Ықтияр дүниеде бос жіберді,
Мағлұм болашақ-дүр іс ақырда.
Көріне азап келсе залымдарға,
Көп пайда болар еді біз пақырға.

350 Сабырлы әділ патша асықпайды,
Мазлұмды жаламенен жасытпайды.
Тауфиқты иманы көп төубелілер
Көңілін һеш нәрсеге тасытпайды.

Айшаның аят келді ақтығына,
Кірі жоқ зәрре-қадар сафтығына.

Оларға нәпсі, шайтан жақын бармас,
Бұрыннан көзі жеткен сақтығына.

Көңілін дауалады аят еніп,
Жәбірейіл оқыған соң алып келіп.
Қара жүзді болыпты мұнафиқтар,
Мүміндер әуелден-ақ жүрген сеніп.

360 Ақтағандар ұжмақтық болды дейді,
Мұнафиқтың жаһаннам орны дейді.
Айшаны ренжіткен кәпірлердің
Тамұқта хинзирге ұқсар порымы дейді.

Сүйікті бір Алланың олар досы,
Пәктік-дүр достарына артқан қосы.
Есітіп Жәбірейілден аят сөзін,
Айшаның сонда келді көңіл-қошы.
Өтірік жала жапқанмен кір жұқты ма,
«Аққа зауал болмайды» деген осы.

370 Айшаның қабыл қылды мінәжатын,
Мансұқ қып мұнафиқтың ғайбатын.
Қанша кісі айтса да үндемейді,
Пайғамбар білгенінше хақиқатын.

Хақтығын білдіріпті патша Құдай,
Пәктанғанша Айша да жүрген жылай.
Алладан анық хабар келгеннен соң,
Достарының болыпты көңілі жай.

380 Расулдың көңілінде қастық бар ма,
Ізгілік тегіс қылар асхабтарға.
Әгарда көңілінде қысас болса,
Бөддұға қылар еді діні қарға.

Ақтады аятпенен Жаппар Құда,
Иманнан мұнафиқтар болды жүде.
Көңіліне кінә тұтып қастық қылмас,
Қылмайды дұшпанға да жауыз дұға.

Өкпесін күнә қылмай кешіп еді,
Қандай тар жер бұларға есік еді.
Дос пенен қас күмәнді тұрған шақта,
Байлауын аят келіп шешіп еді.
390 Пайғамбардың кешерін білмей халық,
Бір азап келер бұған десіп еді.

Мұнафиқтың болды ғой ісі жаман,
Бір қиын азап келіп бермес аман.
Дүниедегі жазасын ғафу қылды,
Ақыретте болар деп ісі тамам.

Бір қатты азап келсе керек еді,
Расул үшін сақтады Хақ Тағалам.
Пайғамбар қысас алам деп тіленсе,
Кәпірдің болар еді күні қараң.

400 Қас қылмас Расулдың үмбетіне,
Даяр ғой онан басқа міндегіне.
Мол қылар шапағатын махшар күні,
Құлшылық дәйім қылсақ сүннетіне.

Әуелі Айша қайғымен бұзған түсін,
Мұнафиқтың ауырлап қылған ісін.
Мұсылманнан мұнафиқ болып кетті,
Бір Алла, һәрне қылсаң жетер күшің.
Бір үлкен қатты азап келмек еді,
Сақтады Расул Алла құрметі үшін.

410 Бұл ғайбат ақталмаса салмақ еді,
Қайғы боп қияметке бармақ еді.
Расулдың болмаса мархабаты,
Айша қысас кәпірден алмақ болды.
Жазаға азап келсе уақытында,
Бізге де мирас болып қалмақ еді.

Кім көнбес Тәңірі салған қазасына,
Жаза жоқ жүрсек жолдың тазасына.
Дем алмай үш күн ұдай жылағанда,

- Айшаның жан күйінді назасына,
Расул Алла үмбетім қорқады деп,
420 Күнбе-күн азап келсе жазасына.
- Ғайбатын һеш пенденің айтпа бетке,
Ғайыптан пәктер түсер қасіретке.
Айыбы болса дағы айтпа деген,
Істің бәрі мағлұм Құдіретке.
Қорқып пенде тиылып жүрер еді,
Ұзап жаза тартпаса қияметке.
Осыдан да ғибрат алмаймыз ба,
Тұғмат қылған кәпір шықты шетке.
- Біз білмейміз қолма-қол бермеген соң,
430 Көрініп күнә артыңнан ермеген соң.
Арық, семіз екенің мағлұмданар,
Махшарда әділ Патша тергеген соң.
- Бұл күнде ауыздыға сөз бермейміз,
Күнә үшін азапқа кез келмейміз.
Қандай іс болатыны алдымызда,
Бұ күнде бір сипаттан өзгермейміз.
Өлген жаннан ғибрат алар едік,
Не болса да қабірде біз көрмейміз.
- Бой бағып жай жүргенді мырза көрдім,
440 Жақсыны әшкере емес сырда көрдім.
Тұғматшылар азапта жүзгенінде,
Сөзін тыйған пендені қырда көрдім.
Айшаның бұ мәселе хикаясын
Құранда сүре «Нұрда» көрдім.
- «Фауaid» тәпсірінен көзім көрген,
Танитын аз ғылымдық Тәңірім берген.
Мұсаннифтер жазыпты үшбу сөзді,
Тәпсірге ие болып інжу терген.
Хазіреті Айшаның ақтығына
450 Дәлел болып он сегіз аят енген.

Анық хабар келген соң бір Алладан,
Мұнафиқтың жолдастары сонда сенген.

Аятын өлең қылып жаза алмадым,
Жай сөзін хал келгенше ажарладым.
Мәскеу мен Макаржиге шамам келмей,
Жақын жер жәрмеңкесін базарладым.
Қар суын қанағат қып іше бердім,
Құдықты терең жерден қаза алмадым.

460 Ұнаса, басып жібер жұртқа жайып,
Тәртіпсіз болса жасыр, қылма айып.
Есіткен зейіні көптер пайымдаса,
Бір ғибрат тамашаға қалар басып.
Аятын қорыққанымнан жаза алмадым,
Кірем деп бір зұлматқа кетсем тайып.
Ғайбатшы сөз жорытушы адамдарға
Айтуға кеңес қылып бек лайық.

470 Аятын өлең қылып айта алмадым,
Қаламды батырлық қып тарта алмадым.
Оқу таяз, өнер аз болғаннан соң,
Жел соқса да дариядан шайқалмадым.
Бел байлап бір ниетке кіргеннен соң,
Тәуекел сапарынан қайта алмадым.
Аятты қорыққанымнан жазбасам да,
Шамамша жай сөзіне байпандадым.

Жалған жоқ бұл кеңесте, сөзге сенсең,
Нанбаған тұнматшының соңына ерсін.
Дәлел болған он сегіз аяты бар,
Нанбағандар Құраннан оқып көрсін.

480 Бұ қисса осыменен болды тамам,
Бір қисса тағы жазам келсе шамам.
Хұсайынов, мұны тағы бастырыңыз,
Бұ сөзім бара қалса есен-аман.
Хош көрсеңіз, жіберем тағы жазып,
Қайырлы ғұмыр берсе Хақ Тағалам.

Көңіліме аза салмаса, көзге мақтап,
Қиссамды ұнататын көрген адам.
Сұрасаңыз, атым — Йазид Қонайұлы,
Мұндайды жазып жүрген неше заман.
Уәзифа келіп тұрса сізден бізге,
Қиссаға кірісермін болмай алаң.

Бір қисса жіберіппін мұнан бұрын,
Уәзінге алып қараңыз сөздің түрін.
Не болған бір хабарын естігем жоқ,
494 Баспашылар, салдың ба көздің қырын.

قزاقچه قصهء منصور الحلاج

Қисса Мансұр әл-Халаж

Бисмиллаһир рахманир рахим

Бастайын бір Алланың атыменен,
Түзеткей өз құдірет затыменен.
Бихамдулла, біздерді қылды инсан,
Жайылар біздей құлдар хатыменен.

Алланың заты — пәк, әуелі жоқ,
Интаһа-ахирының өлшеуі жоқ.
Біздерді адам қылып иман берді,
Шүкір Алла, бұл жері көңілге тоқ.

10 Бір қатра нұр жаратты Тәңірім бұрын,
Сол деп айтар білгендер Досты* нұрын.
Ошал нұрдан жаратқан бұ ғаламды,
Өзі айтпаса кім білер Құдай сырын.

Әуелі нұр жаратқан Алла өзі,
Он сегіз мың ғаламның жалғыз ізі.
«Нұр Мұхаммед» ат қойған Тәңірім оған,
Құранда мағлұм болды халыққа сөзі.

Жаратты Хабибісін Азим Рахман,
Екі ғалам үстіне сәруар қылған.
«Уа ма арсөлнака илла рахматин лилғаламин» деп,
20 Рахматын өзіменен бірдей қылған.

* Мұхаммед пайғамбарды айтып отыр.

Бір жайға қойды Тәңірім ошал нұрды,
Қойды да рахмат жүзбен оны көрді.
Нұр ұлғайып, тер тамды жеті қатра,
Бойынан жаратыпты аспан-жерді.

Төрт тамған тер шаһариар жаны болды,
Дүнияға онан кейін ғылым толды.
Бесінші — жанды-жансыз, реңі-түрі,
Тағы да алтыншысы беренж болды.

Жетіншісі — иманы мұсылманның,
30 Аһл сүннет, жол мазһаб ұсынғанның.
Солардың баршасына иқрармыз,
Дініміздің қорғаны жол салғанның.

Әуелі имам Ағзам дін қалғасы,
Бұларсыз келіспейді сөздің басы.
Шафиғи, имам Ахмед, имам Мәлік,
Әбу Жүсіп, Ыдырыс жан жолдасы.

Бұлардан соң сөйлейін бір хикаят,
Рухтарын әулиелер қылайын жад.
Үшбу қисса хақиқат ерлер сөзі,
40 Оқыса ерлер көңілі болады шат.

Бұ қисса бұрын нәшір парсы еді,
Бір күні назым бопты хорезм тілді.
Қазақи-түркімен жазайын деп,
Жүсіпбектің көңіліне және келді.

Бұ қисса шейх Мансұр хикаяты,
Мекені Мысыр шаһары, уәлаяты.
Жүсіпбек сөз қозғасын ер Мансұрдан,
Алланың болса әғар ғинаяты.

Шейх Мансұр жас жігіт,
50 Көзге жастау болса да,
Ақыретке бас жігіт.
Дайым Хақтан қорқады,

Екі көзден жас төгіп,
Тағат қылұр Аллаға,
Қағба сарыбас қойып.
Тағаттан ғапыл қалам деп,
Ұйқысы келсе әгарда,
Басына жатар тас қойып.

- Қарындасы бар еді,
60 Атын Әнал дер еді.
Әйел болып туса да
Дініне махкам ер еді.
Шілтендерге қызмет қып,
Қатты қорқып Алладан,
Ақырет қамын жер еді.
Кеш болса әгар күн батып,
Шыбын жаннан кешеді.
Кетеді екен түн қатып,
Шілтендерге қосылып,
70 Шараба таһур ішеді.

- Жүзін көрсең мысал хор,
Заманында бітпеген
Ғеш пендеге ондай түр.
Қараңғы түнді жарық қып,
Инесін тауып алады,
Жарқыраған жүзі нұр.
Күндіз көрген жігіттер,
Бәрі ғашық болады.
Түнде қалса таба алмай,
80 Жүздері гүлдей солады.
Дүние бірлән ісі жоқ,
Ақиқат ерге барады.
Кеткенін қайда біле алмай,
Іздегендер қалады.
Жүзін көрген Әналдың,
Шұғыласына жарық еткен,
Ұялып көзі талады.
Патшалар, бектер баласы
«Сұлу деген Әнал қыз»

- 90 Баршасы хабар алады.
Түндегі ісін есітіп,
Жаман жолда жүр ғой деп,
Көңілдері қалады.
- Әналдың жайын есітті
Мысырдың бүтін қаласы.
Әналды түнде аңдиды
Өңшең бектің баласы.
Атасы үлкен Әналдың,
Бар еді анасы.
- 100 «Әгар бүгін тағы да,
Достына кетсе Әнал қыз,
Айталық, — десті, — Мансұрға,
Бос қалса орынханасы».
Ғашықтық түскен шаһзаттар
Әналды бәрі аңдиды.
«Көрінсе кетіп бара жатқанда,
Өлтірелік тіке» деп,
Қаруларын жайлайды.
Аңдып бәрі отырып,
- 110 Айырылып қалып Әналдан,
«Бұ қалай?» деп дағлиды.
Айырылып қалып Әналдан
Жігіттер іші күйеді.
«Білмедік-ау, деседі,
Өлдекімді сүйеді,
Бар екен деп бір досты»,
Жігіттер ішке түйеді.
Таң атқан соң Мансұрға
Жиылып келіп жігіттер,
- 120 Баланы таудай оятты.

— Ей, Мансұр, жақсы, — дейді, — қарындасың,
Батпайды, ісін айтсақ, ішкен асың.
Түн болса кетіп қалар ойнасына,
Бұл қоймаса, қор болар сенің басың.

Сыртынан өзің аңды енді, — дейді,
Бұл айтқан, рас білсек, ел-ді, — дейді.
Жұрттың айтқан сөзіне шыдай алмай,
Ашуы ер Мансұрдың келді дейді.

130 Әналдың білуші еді Мансұр сырын,
Ойлаушы еді сір жолға хақ деп бұрын.
Көп жұрттың шағымына шыдай алмай,
Қызартып, ашуменен бұзды түрін.

Ойлады аңдиын деп Әналды енді,
Қоймады ықтиярға, көп ел жеңді.
Мансұр аңдып отырса, ел жатқан соң
Әнал қыз орнынан тұрады енді.

140 Алтын шашбау шашына байланады,
Шәлі бүркеніп жүруге сайланады.
Әнал жүрді, артынан Мансұр ерді,
Бір тынырық мұрын тастан айланады.

Сайды өрлеп жүре-жүре тауға кірді,
Қарасын көре-көре Мансұр жүрді.
Жеті қабат таулардан асқан шақта,
Бір бітеу тастан соққан үйді көрді.

Әнал барып ол тасқа кіріп кетті,
Мансұр дағы есікке келіп жетті.
Әнал кіріп барды да, ғар ішінде
Сәлем қып шілтендерге тағзым етті.

150 Есіктің Әнал іштен құлпын салды,
Сығалап Мансұр батыр тыста қалды.
Әнал қызмет қылады шілтендерге,
Анықтап Мансұр бәрін көріп алды.

Шілтенге қызмет қылды Әнал кіріп,
Әналды құрмет қылды шілтен тұрып.
Дүр-жауһар қолында кеселер бар,
Есікте Мансұр тұрды бәрін көріп.

- Хас әулие Әнал қыз тапқан сауап,
Қыларсыз мұндай жанның ізін төуап.
— Күндегіден үш сағат кейін келдің,
160 Неге кеш келдіңіз? — деп сұрады жауап.

Әнал айтты: — Айтайын кеш қалғаным,
Мәлімет дұшпандардың іс салғанын.
Сол істерді біліпті кереметпен,
Халайық жала қылған сөз жалғанын.

Дұшпандар ұйықтасын деп кешке қалдым,
Басымды көп машақат іске салдым.
Шілтендер айтты сонда: — Исі келді
Көңілі харам ойлы бір адамның.

- Шілтендер айтты: — Әнал, бұ қалай? — деп,
170 Мынау иістің келгені, не деген кеп.
Ешкім саған бұ жолда кез болды ма,
Сізді сөзге қоспаймыз тап солай деп.

Әнал айтты: — Тәңіріге жолым халал,
Қылған жоқ, иншалла, ешкім залал.
Есік ашып тысқары қарап еді,
Мансұрды сол уақытта көрді Әнал.

- Мансұрды көріп Әнал қайтып кірді,
«Бір жетім тыста тұр» деп айтып кірді.
«Далада жылап отыр үйге кірмес»,
180 Деп айтып инандырды шілтендерді.

Шілтендер айтты: — Оған да несібе бер,
Құдай айдап келген-дүр, ахуалын көр.
Әуелі өзімізге бергін, — деді,
Құры қалса, ол біздерді әлдене дер.

Әнал берді шілтенге шараптарын,
Шарап беріп қандырды шілтендерін.
Бұрын түгел жеткен соң, қалмаушы еді,
Әбден ішіп бітіріп түгел бәрін.

190 Бір кесе сонда ыдыста қалды артық,
Кем емес бұрын және қалмас артып.
Мейманға несібесі келген екен,
Тәңірім өзі жіберген мұны артық.

Кесеге құйып Әнал қолына алды,
Әналға тағы Алла бір ой салды.
«Бәрін берсем, мұны ағам көтере алмас»
Деді де, өзі бір дем жұтып салды.

200 Жалғыз ұрттам кеседе қалды сонда,
Бергелі ағасына барды сонда.
Бір ұрттамды Мансұрға беріп еді,
Ақылынан ішісімен танды сонда.

Ішкен соң жалғыз ұрттам ақыл танды,
Оттайын іші-тысы күйіп-жаңды.
Не айтып, не қойғанын бірін білмей,
«Һуа — Хақ» деп ізіменен қайта салды.

Әнал сонда жылады мұны көріп,
«Не іске келді екен, — деп, — соңыма еріп».
Әнал қатты ішінен қайғы қылды,
«Ағамды рәсуа қылдым неге беріп».

210 Мансұр айтты: — Әналым ақ екен, — деп,
Қызметі бір Аллаға нақ екен, — деп.
Олай болса мен де ақпын, — деп айтады,
Һәрқашан аққа Құдай жақ екен, — деп.

Бұ сөзге қосып айтты «Әнал — әл-Хақ» деп,
Өзін дағы қосады «мен — әл-Хақ» деп.
«Қай жерде, қай пенденің ісі ақ болса,
Һәрқашан сол пендеге Құдай жақ», деп.

220 «Әна — әл-Хақ» деп айтады көкке бағып,
Қызарып екі көзі көксін қағып.
Ақыл-һұшын білмейді диуана боп,
Бұрқырап ауызынан көбік ағып.

Әнал да Хақ, мен де Хақ, әдет болды,
Мансұрдың іші-тысы нұрға толды.
Түнде ұйқы көрмеді, күндіз — күлкі,
Тоқтаусыз кезіп жүрді шаһар-елді.

Молдалар есітеді Мансұр сөзін,
Әлдеқалай келтірсе Құдай кезін.
«Әнал менен екеуміз Тәңірміз деп,
Бұ қалай, көпір қылған өзі-өзін».

230 Молдалар айтты: — Мансұр, айтпа бұй деп,
Насихат айтқан сөзді ішке түй, — деп,
Бұ сөзің қата сөз деп мұсылманға,
Молдалар айтты сонда жиылып кеп.

Молдалардың білмеді айтқан сөзін,
Тыңдар еді, білмейді өзі-өзін.
Фаруайы жоқ, айтады «Әна — әл-Хақ» деп,
Жас артып, көкке қарап екі көзін.

240 Ыза болды молдалар болмаған соң,
Насихатын құлаққа алмаған соң.
Бір күні үш жүз молда жиылады,
Мансұрдың мына сөзі қалмаған соң.

Үш жүз молда Мансұрды ортаға алды,
«Бұ сөзді айтпағын» деп жауап салды.
«Тәңірмін деген адам дінсіз болар»
Деп, Құранды алдына жайып салды.

250 Білмеділер молдалар,
«Әна — әл-Хақтың» мәнісін.
Есіткен жан таң болды,
Мансұрдың сонда дабысын.
Насихат қылса молдалар,
Құлағына кірмейді.
Танбайды Мансұр шабысын.
Зар қылып Хаққа зарлайды,
Өзі ғашық Тәңірге,

- Не қылсын жұрттың намысын.
Кітабын ашып қарады
Жиылған үш жүз молдалар,
Кереметсіз надандар
Хақ сырды қайдан танысын.
Жұртқа теріс болса да,
260 Мансұрдың көңілі Хаққа шын.
«Не қылсақ мұны болар» деп,
Молдалар қылды соғысын.
— Баралық, — деді, — патшаға,
Айталық мұндай рәуішін,
«Әнал да Хақ, мен де Хақ» деп,
Бұзады діннің қапысын.
Патшаға айтты Мансұрды
Айтқан сөзі жаман деп,
Молдаларды ант ұрды.
270 Қазы, мүфти, молдалар,
Арыз қып бөрі олтырды.
Діннен шықты Мансұр деп
Арызға алдын толтырды.
Жасауылдар жіберіп,
Мансұрды патша келтірді.
Мансұрды айдап келген соң,
Патша көріп сынады.
Фаруайы жоқ Мансұрдың,
«Әна — әл-Хақ» деп жылады.
280 Мұны көріп падишаһ,
Тамаша, қайран қылады.
Бұ сипатты адамдар
Бұзбақ түгіл дініні,
Таба алмас һәркез күнәһні.
Ақылменен Мансұрды патша көрді,
Есі жоқ, «Әна — әл-Хақ» деп Мансұр тұрды.
Екі сағат падиша көріп сынап,
«Бұ хақиқат ғашық» деп жауап берді.
- 290 Мынау сөзбен бұл өзін дінсіз қылмас,
Дінсіз деп айтар едім, ақылын білмес.
Ақылы болса бір сөз айтар едім,
Бұларға, сірә, хүкім қылып болмас.

Молдалар шуылдады сонда тұрып:
— Бұл жұртты ойран қылар мұнда жүріп.
Өз тілінен бұл өзі діннен шықты,
Ел-жұрт жаман үйренер мұны көріп.

Қазы, мүфти, молдасы, бәрі ақымақ,
Болмады ерегесіп өңкей шатпақ.
Куәлік берді бәрі «бү дінсіз» деп,
300 Емес пе һәр нәрсені тілден таппақ.

Патша айтты: — Олай десең, өздерің біл,
Һәрқайсың көңіліңе келгенін қыл.
Дарға асып өлтіріп тастаңыздар,
Күнәһ, сауап тапсаңдар өзіңнен біл.

Патшадан жөнеледі жарлық алып,
Дарға аспақ болды алып барып.
Үш жүз молда дарға тартады енді,
Кендір арқан мойнына тұзақ салып.

Тартқанында майысты дар ағашы,
310 Жылады жердегі шөп, таудың тасы.
Дар дағы айтты «Әна — әл-Хақ» деп,
Құданың құдіретіне қарасаңшы.

Мансұрға әуен қосты дар мен арқан,
Дарға Жаппар Егем қылды пәрмен.
— Ол менім ғашық құлым, зарар қылма,
Мас болып өз нұрыма жүрген дарқан.

Жеті күн, жеті түн тұрды дарда,
Дар ағаш, арқан, Мансұр — бәрі зарда.
«Әнал да Хақ, мен де Хақ» — айтқан сөзі,
320 Құданың құдіретіне амал бар ма?

Молдалар көріп жүрді үш уақ келіп,
Дарда Мансұр, аслан, қалмады өліп.
Бү іске барша халық болды қайран,
Қасынан жүрген жандар бәрі көріп.

Молдалар патшаға және барды,
 Қас болған молдалардың пейлі тар-ды.
 — Тақсыр-ау, әлі күнге өлгені жоқ,
 Не қыласыз ол дінсіз бәтшағарды.

330 Патша айтты: — Дардан алдыр, — деді,
 Дарбазаға байлатып салдыр, — деді.
 Дарбазаға келген жан ұрып өтсін,
 Әй, залымдар, бөлеге қалғыр, — деді.

Дарбазаға Мансұрды келді айдап,
 Қазық қағып мойнына қойды байлап.
 Хабаршыға бір адам және қойды,
 «Ұрып өт» деп айтуға болды айғақ.

340 Қамшы, балта, таяқ пен мылтық, қылыш,
 Қолында қайсысы бар, кетпес тыныш.
 Мұныменен жеті күн және тұрды,
 Бірін залал Құдайым қылмады һеш.

Және бір сөз риуаят
 Мен айтайын, құлақ сал.
 Кереметін көріндер,
 Әні халім, әні хал.
 Жіберген тас, атқан оқ,
 Ұрған ағаш һәммасы
 «Әна — әл-Хақ» деп қылды зар.
 Мұны көріп молдалар
 Қатты қайран, болды дал.
 350 Шейх Зуннун дейтұғын
 Мансұрдың пірі бар еді,
 Өзі әулие, өзі кемел.
 Біздерше тағам ішпейді,
 Һәрдайым жазда ауқаты
 Жасайды екен шөптен бал.
 Әулиелер сәруары
 Мансұрға өзі қарайды.
 Сол уақытта жаз еді,
 Сейіл қып бақта жүр еді.

- 360 Олардың тойға барғаны,
Бақта сайран қылғаны.
Бақтан алып бір гүлді,
Қайтып жолға кіреді.
Келе жатса шаһарға,
Алдында Мансұр тұр еді.
- Мансұрға жақын келгенде,
Күзетшілер айтады:
— Ұр деді-ау, — деп, — Мансұрды.
Әулие кейін тайқыды.
- 370 — Иә, шейхім, әулие,
Патшамыздың бұйрығы —
Қолында не бар болса,
Ұрсын, — деген, — Мансұрды,
Сіз де ұрсаңыз қайтеді.
Зуннун Мысри ер уәли,
Ұрмас еді Мансұрын,
Өзінде болса қиялы.
«Қарсылық бар ма патшаға,
Ондай болса ұралы»
- 380 Деп қасына келеді,
Мансұрдың халін көреді.
Батин сарман ішінен
Сөйлесе сонда береді.
— Құтлық болсын дар, — деді,
Уайым қылмақ бұ істі
Сіздердей ерге ар, — деді.
Не қылса тағдыр егесі,
Жаратқан Тәңірің бар, — деді.
- Мұны айтып гүлменен
- 390 Жылғап қалды ақырын.
«Қатты тиді мұның» деп,
Жылады Мансұр: — Иә, пірім,
Неге ұрдыңыз сіз мені,
Білуші едіңіз сырымды.
Шоқпардай қатты тиді ғой
Гүлменен мені ұрғаның.

- Жаман өтіп кеткен соң,
Шыдамай жылап тұрғаным.
Мынау жұрт бәрі залымдар,
400 Білмес еді сыр-халім.
Біле тұрып дертімді,
Неге мені ұрдыңыз,
Ақыреттік қорғаным?!
Есіткен соң әулие
Ер Мансұрдың сөзіні,
Сынаптайын толықсып,
Тыя алмай өзіні,
Жүре берді қасынан
Жылап сүртіп көзіні.
- 410 Және тұрды жеті күн,
«Әна — әл-Хақ» деп дем ұрып.
Халайық бәрі көреді,
Өлтіре алмады жан ұрып.
Жол білмеген ғалымдар,
Сырын білмес залымдар,
Жүр еді бәрі таң көріп.
Ұлық-кішік ахундар
Жиылысып тағы да
Падишаға бардылар,
420 «Өлмеді» деп Мансұрды,
Сөздерін баян қылдылар.
Олай болса патша айтады:
— Отқа салып күйдір, — деп,
Әбден күйіп болған соң,
Келіге салып түйдір, — деп.
Ұндай майда болған соң,
Ұшырып жібер желменен,
Айтпаңдар енді маған кеп.
Бұлайша хукім қылады,
430 Өлмес пе екен сонда да,
Отыныңды жидыр, — деп.
- Халайықтар неше күн жиды отын,
Жиып болып от қойды, шықты түтін.

Мансұрға болысатын бір адам жоқ,
Мысырдың шаһарында жүмлө бүтін.

Ер Мансұр көрді сонда мынау кепті,
«Күйермін, уа, дариға, енді» депті.
Қол-аяғын босатып, отқа ап келді,
Оларға сонда Мансұр арыз етті.

- 440 — Піріме арыздасып кетейін мен,
Армансыз дүниеден өтейін мен.
Пірімді шақырайын осы жерге,
Моде ғама көңілдегі жетейін мен.

Піріне кереметпен хабар қылды,
Мансұрға пірі қазір жетіп келді.
Әулие шейх Зуннун жетіп келіп,
— Шырағым, хал-жайың қалай? — деді.

- Пірінің қойды аузын құлағына,
Бұлардың болдым жаман сынағына.
450 Піріне айтты Мансұр сырын:
— Бұ сөзім, тақсыр, саған ұнады ма?

Күйермін отқа мені салғаннан соң,
Келіңіз жанып, күл боп қалғаннан соң.
Мынау көлге тастаңыз сүйектерім,
Қолыңа әбден жиып алғаннан соң.

Жалғыз басым сүйегін қойғын сақтап,
Кетеді елді сонда дария қаптап.
Бас сүйегім майда ғып суға шашқыл,
Халайық ғарық болмасын Құдай сақтап.

- 460 Мынау көл онан кейін дария болар,
Ақпай тұрса ол суға дүние толар.
Залымдар кесапаты жұртқа тиіп,
Бұ шаһар барша жұрты ойран болар.

Мансұрдай отқа салды асыл ерді,
Мансұрдың жарандары келіп көрді.
Молдалар қуанады бәрі ақымақ,
Сәждеде от ішінде жанын берді.

Ер Мансұр жанып кетті отқа күйіп,
Жаратқан ол ерлерді Құдай сүйіп.
470 Шейх Зуннун әулие оттан келіп
Сүйегін ер Мансұрдың алды жиып.

Бастан өзге сүйегін салды көлге,
Су тасып қарқын болып келді елге.
Енді біраз кідірсе шейх Зуннун,
Ол шаһар кетпек болды бәрі селге.

Бас сүйегін ұн қылып қолына алып,
Сонан соң суға шашты Зуннун барып.
Құданың құдіретіне қараңыздар,
Су жөнелді дария боп төмен ағып.

480 Барша жұрт қалды аман, сау-саламат,
Мансұрдан болды сондай бір қарамат.
Басының күлі ол суда көбік болды,
«Дария Ніл» деп ол суға қойылды ат.

Ол көбік «Әна — әл-Хақ» деп сөйлеп жүрді,
Суға келген адамдар оны көрді.
Бұрынғы көлден алған арықтар бар,
Патшаның арығына ағып кірді.

Патшаның ағып кірді шарбағына,
Бармастан өзге арықпен жан-жағына.
490 Бақ ішінде хауызға келіп түсті,
Құданың құдіретін көр тағы да.

Ол жердегі шаһары Халаб шаһар,
Құдайым патшасына қылды қаһар.
Патшасының бар еді жалғыз қызы,
Тағатқа машғұл еді ләйлі-наһар.

Шарбаққа барды ол қыз бір күн тұрып,
Бақ ішін аралады кезіп жүріп.
Бір ағаш саясында отыр еді,
Бір қызға «су әпкел» деп қылды бұйрық.

- 500 Бір қыз сонда жүгіріп суға барды,
Қолына су алмаққа шелек алды.
Суда жүр тостағандай жасыл көбік,
«Әна — әл-Хақ» деп айтады, қайран қалды.

Көбікті қыз қуады көргеннен соң,
«Әна — әл-Хақ» деп сөз сөйлеп жүргеннен соң.
Көбік қашып ол қызға ұстатпады,
Жылады әбден шаршап өлгеннен соң.

- 510 Қыз сонда хан қызына қайтып келді,
Көргенін асып-сасып айтып келді.
— Әй, ханша, тақсырым, хауыз ішінде
Тамаша бір іс көрдім, көргіл, — деді.

Хан қызы тұра сала өзі келді,
Көбікті хан қызының көзі көрді.
Көп қыздар жан-жақтан қол созады,
Алдына ханшаның жетіп келді.

- 520 Көбікті көрген қыздың іші күйді,
Созғанда хан қызының қолы тиді.
Көбікті алып аузына қағып салды,
Сол уақта хан қызының бойы иді.

Көбікті аузына салып жұтып қойды,
Төнінің бәрі балқып, қарны тойды.
Құданың құдіреті таңғажайып,
Хан қызы онан кейін хамле болды.

Анасы қыздың халін бір күн көрді,
Қызынан «не қылдың?» деп жауап сұрды.
Қайран боп қыз бейшара үндей алмай,
Алдында анасының жылап тұрды.

— Әй, ана, өлсем едім мұнан дағы,
530 Тәңіріге аян сыр-көңілім, жолым ағы.
Бір күн мен баққа бардым хауыз басына,
Қасыма қырық қызды алдым дағы.

Әй, ана, бұ сөзімді білгіл рас,
Суда көбік бар екен, елден сұраш.
Айтады адамдайын «Әна — әл-Хақ» деп,
Көрген соң ақылым танып, ұрдым құлаш.

Алдыма жетіп келді, қолға тұттым,
Қолыма түскеннен соң алып жұттым.
Құданың құдіретімен жұтқан халде
540 Бойым балқып, ақылым танып кеттім.

Бұ дертті берді Тәңірі сонан бері,
Ей, ана, өлтір мені, қойма тірі.
Анасы құп данышпан адам екен,
«Үшбу іс, — деді, — балам, Хақ тағдыры».

Қыз ұялып ел-жұрттан жылай берді,
Көл қылып көзінің жасын бұлай берді.
«Тамам жұртқа масқара қылғаныңша,
Жанымды алсаң нетті, Құдай» деді.

Қызға сонда тоғыз ай жақындады,
550 Жылаудан күндіз-түні бір тынбады.
«Жұрт есітсе масқара болармыз» деп,
Бұ сырды ханға ханым баяндады.

Хан сонда мұны естіп жаман састы,
Ханыммен қайтеміз деп ақылдасты.
«Әгарда мұны өлтірсек қанын жүктеп,
Мұнымыз Тәңірі алдында жарамас-ты.

Әгар үйде тудырсақ, болады ұят,
Есітпей қалмас, сірә, көп жамағат.
Сандыққа сап, дарияға жіберелік,
560 Һеш адамға білгізбей, қылалық бат».

Хан мен ханым бұ істі мақұл көрді,
Ұсталарды даярлап жидырды енді.
Іші алтын, сырты ағаш үш кез сандық
Үстіне терезе сап қылдырды енді.

Жасатып ол сандықты болды дейді,
Ішіне қызды алып кеп салды дейді.
Көп нығмет, көп қазына бірге салып,
Түнде алып дарияға келді дейді.

Сандықтың махкам қылып аузын жапты,
570 Су өтпес қып балауыз, мұндар жақты.
Сандықты суға салып амандасып,
Екеуі ата-ана үйге қайтты.

Жылайды ата-анасы іші күйіп,
Ұялғаннан жіберді көзі қиып.
Еш адамға білгізбей қайтып келді,
Жылап-жылап көзінің жасын тыйып.

Сандықпен қыз кетеді жылай-жылай,
«Қандай күйге салдың, — деп, — Жаппар Құдай».
Сандықтың үсті айна, іші гауһар шам,
580 Барады ағып кетіп күн-түн тынбай.

Неше күн сандық суда жүрді ағып,
Еш бөлеге жолықпай Құдай қағып.
Қыз «Алла һуа» деп Тәңіріге сәна айтады,
Демейді бұлайша боп кеттім нағып.

Сандықта қыз жатқалы көп күн болды,
Сарғайып қайғыменен жүзі солды.
Дарияның аяғында Бағдат шаһар,
Тұсына сол Бағдаттың жақын келді.

Ол шаһарда бір балықшы болушы еді,
590 Қармақпенен балықты аулаушы еді.
Қармақ салып һәр күні отырғанда,
Құдайға мінәжат қып налушы еді.

— Құдай-а, малым да жоқ, балам да жоқ,
Менен өзге адамның көңілі тоқ.
Ерлі-қатын бір балық ауқатымыз,
Сенен өзге және панам да жоқ.

Бұ күні дарияға тағы келді,
Отырып дарияға көз жіберді.
Үйдей болып жарқырап келе жатқан
600 Көз ұшында дарияда нәрсе көрді.

Қасына сандық келді жақын ағып,
«Не нәрсе» деп қадалып тұрды бағып.
Су шетіне жеткенше шыдай алмай,
Балықшы дарияға түсті қарғып.

Сандықты дариядан ұстап алды,
Тұтқадан жіп өткізіп тыстап алды.
Су шетіне шығарып абыр-сабыр,
Арқалап үйге қарай тура салды.

Бұрын бала жоқ, қатыны жүкті еді,
610 Сандықты алып балықшы үйге келді.
Келсе, қатыны босанып, ұғыл тауыпты,
«Құдай-а, бергеніңе шүкір» деді.

Сандықтың үстін бұзып аузын ашты,
Бар Құдай пендеге нәсіп шашты.
Қараса, күндей толқып бір қыз отыр,
Қуанғаннан көзінен төкті жасты.

Қыз қолында бір ұғыл бар, өзі нұрлы,
Сандықта қазына көп һәрбір түрлі.
Жалғыз сандық бағасы жүз жылқылық,
620 Жасаған іші алтын неше түрлі.

Қыз көбікті аузынан жұтып еді,
Бойына сонда бала бітіп еді.
Ұғыл тағы түсіпті ауызынан,
Мансұрдан қалатұғын тұқым еді.

Той қылып екі ұғылдың атын қойды,
Дүниеге келді-ай, байғұс көңілі толды.
Бар Құдай бір-ақ күнде жарылқады,
Шүкір қылып қайғының бәрін жойды.

630 «Әмір» қойды өз қатыны тапқан ұғлын,
«Ат аспаннан» деген бар, мұны білің.
Шаһ қызынан туғанды «Несіп» қойды,
Екеуін құрдас қылды тағы жылын.

Ойнап-күліп екеуі қатар өсті,
Бірі-біріне жаман сөз айтпас, әсті.
Әмірдің басы жара, таз болыпты,
Ғешкімге көрсетпейді қотыр басты.

640 Екі бала сегіз жасқа келіп жетті,
Атасы оқытуға молдаға елітті.
Екеуі қырық баламен сабақ оқып,
«Әптиеқ» сүресіне келіп жетті.

Бір күн Несіп Әмірге: — Аға, — деді,
Менде жоқ осы күнде баға, — деді.
Сіз боласыз Бағдаттың патшасы,
Ұмытып осы сөзді қалма, — деді.

Сіз патша боласыз жұртты басып,
Мен диуана болармын көтімді ашып.
Уа, Алла Тағалам, бұ сөздің қатасы жоқ,
Өлтіресіз сіз мені дараға асып.

650 Терімді өлгеннен соң сойдырасыз,
Көзімді пышақпенен ойдырасыз.
Теріме тұлып қылып сабан тығып,
Қайтадан дарға асып қойдырасыз.

Әмір сонда «аһ» деп түрегелді,
Соңынан «иншалла» деп жауап берді.
— Әгар мен патша болар заман болса,
Жақыным сізден басқа кім бар? — деді.

Тақтыда екеуіміз отырармыз,
Көңілге махаббатты толтырармыз.
Арызшылар келгенде алдымызға,
660 Ақылдасып һәрнені келтірерміз.

Мұны айтып Әмір тазша уағда қылды,
Қасам ішіп сол жерде көп қынжылды.
«Не болды, інім, маған сені өлтіріп»,
Деп Әмір Несіп сөзін жалған қылды.

Несіп сөзін қоймады күнде-күнде,
Екеуі бірге жүреді күндіз-түнде.
«Әйтеуір, сізден өлем» деп қоймады,
Ажалға себепім жоқ, әсті, һешкімде.

Ант ішіп Әмір сонда Құран қосты,
670 «Өлем, — деп, — сізді өлтірмей» тастан ұшты.
Ажалсыз адам һәр кез өлмейді екен,
Жығылмай ойға барып тіке түсті.

Онан жүріп келді де, үйге кірді,
Бір диуана мектепке бірге кірді.
Сабақтағы баланың бәрін көріп,
«Бір әулие ұғыл бар» деп жауап берді.

Ойланды молда соны білейін деп,
Бір ақыл сынамаққа қылайын деп.
Диуана кеткеннен соң түрегелді,
680 Балаларды бір-бірлеп сынайын деп.

Балаларға береді бір біз, пышақ,
Балалар толып жатыр ірілі-ұсақ.
Және бір боз, қолдарына тауық берді,
«Жасырып бауыздап кел» деді қижап.

Балалар бір-бір тауық алып кетті,
Бәрі де жасырынып бауыздапты.
Һәрқайсы һәрбір жерде тасаланып,
Бауыздап молдасына қайтып кепті.

Несіп жоқ, өзге [бала] қайтып келді,
690 «Бауыздадық, тақсыр» деп айтып келді.
Балалардан сұрады: — Несіп қайда?
«Бекер жүр» деп балалар жауап қылды.

Сол уақта Несіп тағы келді жетіп,
Соң келді, балалардан бұрын кетіп.
Тауығы бауыздаусыз тірі келді,
Сұрады молда сонда жауап етіп.

— Әй, балам, — молда айтады, — тауық тірі,
Тірі ап келген жоқ өзге бірде-бірі.
Несіп сонда айтады молдасына:
700 — Жоқ екен, аслан, Тәңірі көрмес жері.

Жасырдым өзге жанға көрсетпей-ақ,
Тауықтың алқымына пышақ таяп.
Тәңірі көрмес бір жерді таба алмадым,
Тақсыр-ау, келгенім жоқ тауықты аяп.

Бұ сынақтан молдасы біле алмады,
Әулие деп ықылас қыла алмады.
Ол диуана тағы айтты жетіп келіп:
— Әй, молда, бала қалай сыналмады?!

Молда тағы ойланды бір ақылды,
710 Балалардың бәріне жарлық қылды.
— Отсыз отын жандырса керемет, — деп,
Бір-бір құшақ отынды ап кел, — деді.

Балалар бәрі отын келтірділер,
Медресені отынға толтырдылар.
Суық пешке салады отындарын,
Жанбаған соң ап тастап отырдылар.

Несіп тағы келмеді көпке дейін,
Сұрады балалардан оның жайын.
— Отынымен балшықта аунап жатыр,
720 Деп едің, — деді, — тақсыр, не қылайын.

Балшық, су қып артынан Несіп келді,
 Молда алып қолынан пешке салды.
 Дүр етіп жанып кетті шөптей болып,
 «Керемет мұнда екен» деп молда білді.

Несіптің білді ме ер екенін,
 Хақиқат ғашықтардың бірі екенін.
 «Хақиқат ғашық ер» деп білді молда,
 Қазірде жасы жетпей жүр екенін.

730 Алланың қойған аты сәйд Насим,
 Көбінен әулиенің болды басым.
 Әуел аты — Несіби, соңғы аты — Насими,
 Енді барып молдадан сабақ алсын.

Молдадан сәйд Насим сабақ алды,
 Алдына әптиегін жайып салды.
 «Инна фатахнаға» келгенде молдасына,
 «Мағынасы не, — деп, — тақсыр» тұра қалды.

740 Молда айтты: — Мағынасын не қыласың,
 Өзің білмей, мағынасын сөз қыласың.
 Ашуланып бір салды шапалақпен, —
 Оқымай сұрама, — деп, — сөз мағынасын.

Шапалақ жеді Насим молдасынан,
 Құдай оған білгізген о басынан.
 Жылап тұрып аятқа мағына берді,
 Жауһар тамды жылаған көз жасынан.

— Сөз сұрасам ұрасыз, тақсыр, — деді,
 Қара қылып кеудеңнен басқыр, — деді.
 Түрегеліп ізінен топырақ алып,
 Жүзіңе мұны, молдам, жапсыр, — деді.

750 Шашты да топырақты шығып кетті,
 Молданы тірі жерге тығып кетті.
 Мағынасын бастан-аяқ өзі айтып,
 Молданы ұрмай-соқпай сығып кетті.

«Һуа — хақ» деп тысқа шықты сәйд Насим,
Айдады жапан түзге жалғыз басын.
Елсіз күн, сыз далада жалғыз жүрді,
Һәркімді Тәңірім өзі асырасын.

Диуана болды Насим хақиқат шын,
Рахат қылып бір жатпады күні мен түн.
Құлан менен киікпен бір жүреді,
760 Мысалы, түзде жүрген пері мен жын.

Құлан менен киікті бағып жүрді,
Дертті болса, ем қылып қағып жүрді.
Алланың ақиқат шын мағшұқ ері,
Болмаса түзде бұлай нағып жүрді.

Сәйд Насим диуана
Жапанда жалғыз жүреді.
Тағам, ұйқы ойламай,
Алланың сүйген құлы еді.
Құлан, киік ішінде
770 Жайылып бірге түнеді.
Жаралы, соны бағады,
Құрттаса, дәрі жағады.
Құлан, киік емізіп,
Тәңірі қуат береді.
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Екі көзден төгіп жас,
Хақ зікіріне енеді.

Үстінде женде кигені,
Бір Алладан басқа жоқ
780 Көңілінде һәр кез сүйгені.
Егесіне ғашық боп,
Бұ дүниені тәрк қылып,
Іші оттай күйгені.
Ғазал айтып тілімен,
Аллаға ғашық ділімен,
Кеудеге сыймай иманы.
Кейде ақылын біледі,

Кейде ақылын білмейді,
 Бір Аллаға ғашық боп,
 790 Ғешкімді көзге ілмейді.
 Ақиқат ер дейді оларды,
 Мас адамша жүреді,
 Кісімен ойнап-күлмейді.
 Отаны — тау, тас, шұқыры,
 Ел маңына келмейді.
 Нұрға толған іші-тысы,
 Татпағанмен тағамды,
 Аштан тіпті өлмейді.
 Күні-түні бір тынбай,
 800 «Ғуа Алла — хақ» деп жылайды.
 Ақылын білмес өзі мас,
 Алладан не сұрайды.
 Айтқаны Хақ зікір,
 Ғиммат қорын байланып,
 Белін бекем қынайды.
 Он бес жыл жүрді жапанда,
 Жад қылып Жаппар Құдайды.

Он бес жылдың ішінде
 Көрген жоқ, тіпті, ел бетін.
 810 Танымас болды көрген жан
 Сәйд Насим келбетін.
 Мұрты мен шықты сақалы,
 Күнө жоқ һәр кез оларда,
 Арттырды Алла һимматын,
 Өзіне ғашық болған соң,
 Көтерді Алла мойнынан
 Қарыз, уәжіп, сүннетін.
 Сәйд Насим бір күні
 Ашты руай көзіні,
 820 Ақылы келіп басына,
 Білді сонда өзіні.
 Ойлады тұрып тағы да
 Әмірге айтқан сөзіні.
 Өз-өзінен ерсінді
 «Не қылад Әмір маған» деп.

Қаңғып жүр өзі базарда,
Өзі тазша жаман деп.
Есегімен отын сатады,
Күндік ауқат табам деп,
830 Шаһарға келді сонан соң,
Жүрем бе түзде һәман деп.
Сол уақыттың кезінде
Патшасы өлді Бағдаттың,
Ел-жұрты қалды қайғы жеп.

Жұрт рәсімі сол еді,
Қоймаушы еді тағында
Інісі менен ағасын,
Асыранды бір құс бар еді,
Дәулет құсы дер еді.
840 Ұшырмаққа сол құсты
Жиып алды қаласын,
«Ұшырамыз құсты» деп,
Жұртқа хабар салады.
Жиылған соң барша халық,
Сарайдан құсты алады.
«Қайсымызға қонар» деп,
Жиылған жұрттың һәммасы
Үмітті болып барады.
Тілек қылып көп адам,
850 Малдарын айтып шалады.
Құсты алып шықты жапанға,
Үмітті болып халайық,
Қайдан білсін адамзат,
Құдайым кімді қалады.

Әмір тазша сол уақта
Есегінде отын бар,
Соры ағып басынан,
Кім алар деп отынын,
Базарда жүрген қылып зар.
860 Сата алмай жүр отынын,
Үстінде жыртық бір тон бар.
Дәулет құсын ұстап тұр,

- Қазы, мүфти, уәзірлер,
Шаһ алдында бектері
Үмітті болып тұр ойлап.
Бисмилла деп құсты ұшырды,
Халық ішінен қашырды,
Жабыла келіп құдылар.
Әмір тазша базарда
- 870 Он тиынға отынын
Сатып еді азарға,
Сол уақытта басына
Дәулет құс келіп қондылар.
- Әмір таздың сол халде,
Дәулет құс қонды басына,
Рахматы түскен Алланың
Көзінен аққан жасына.
Шошып қалды Әмір таз,
«Не қылған құс, — деп, — бұл өзі».
- 880 Аяқ бауын ұстады,
«Қонғаны не, — деп, — менің басыма».
Құсты қуған көп адам,
Жасауыл менен бектері
Әмірдің келді қасына.
- Іздеген құсын тапты бектер келіп,
Әмірден құсты алды танып көріп.
Тамам елден тазға кеп қонғанына,
Бекзаттар өле жазды ыза болып.
- Бектер айтты: — Ғұсат боп заман азды,
890 Заман азған белгісі — құс та жазды.
Әгарда заманымыз түзік болса,
Құс келіп қайдан тапты мына тазды.
- Құсты алып бектер сонда кейін қайтты,
«Жиылыңдар ертең» деп хабар айтты.
Бәрі де патшалыққа үміт етіп,
Халайық үйді-үйіне барып жатты.

Тағы жұрт ертең ерте тұрды дейді,
Жиылып айтқан жерге жүрді дейді.
Ел әбден жиылған соң тағы ұшырды,
900 Құс қашты, жұрт артынан ерді дейді.

Құс ұшып шаһарға кетті топ ішінен,
Бірін де жаратқан жоқ бұл кісіден.
Соңынан бектер шауып қуып келсе,
Баяғы Әмірде тұр тап тұсынан.
Бектер келсе, тазша тұр құсын ұстап,
Жиіркеніп құсын алды жіп ұшынан.

Патшалыққа тазды тұр Тәңірім қалап,
Ел тұрған жоқ адамға оны балап.
Тамам жұрттан тазға кеп қонғанына,
910 Бектердің іші болды әлеп-жалап.

Жиіркеніп құсты бектер әрең алды,
«Бұ қандай іс болды» деп қайран қалды.
Патшалықты тазшаға қимаған соң,
«Тағы ертең ұшырайық» деп хабар салды.

«Жиылып тағы ертең келгін» десті,
«Құсты ұшырып көзбенен көргіл» десті.
Тағы да ұшырмақ боп тарқасады,
Құп көріп жиылған жұрт бұ кеңесті.

Ертең жиылып келеді жұрт,
920 Садақа-құдайысын береді жұрт.
Күнде мал айтып сойып, қырып жатыр,
Бәрі де патшалықтан қылып үміт.

Құсты тағы ұшырды жиылған соң,
Келетін жұрт аяғы сұйылған соң.
Әмірге тағы барып қонады құс,
Бар Құдай «бар» деп өзі бұйырған соң.

Бектер келіп артынан құсын көрді,
Алланың шын бұйырған ісін көрді.

Жиіркеніп таздан халық қашса дағы,
930 Тәңірі лайық қылған соң мүсін көрді.

Дереу тазды моншаға салды дейді,
Шаштараздар шашы-мұртын алды дейді.
Киінген соң күндей боп толықсиды,
Көрген халық сонда қайран қалды дейді.

Сонсоң Әмір патша таққа мінді,
Қимай жүрген бектері мойынсұнды.
Есегімен отын сатқан тазша еді,
Бір уа Бар құдіретімен патша қылды.

Сол кезде сәйід Насим шаһарға келді,
940 Аралап көрді сонда шаһар-елді.
«Ташақ» деді көрінген молдаларды,
Есіткен молдалардың қаһары келді.

Бір тауға сәйід Насим барып жатты,
Ғибадат Хаққа, тағат қылып жатты.
Тауда жүрген бір-екі диуаналар
Насимді жатқан жерде келіп тапты.

Насим онан жүрді де пірге келді,
Анау екі диуана бірге келді.
Қол беріп шейх Атард әулиеге,
950 Алдында қызмет қылып үш жыл тұрды.

Сұрады пірден рұқсат Насим бір күн,
Екеуі де тіледі дүркін-дүркін.
«Сахараға шығайық деп ойлаймыз,
Біздерге, — деді, — тақсыр, рұқсат бергін».

Сонда пірі қойнына қолын салды,
Бір күлше қойнынан нанды алды.
Оңды-солды шапалақпен нанды ұрып,
Біріне берді оны, бірі қалды.

Екінші қойнына қолын салып,
960 Біріне берді қызыл алма алып.
Енді құры қалғаны сөйд Насим,
Жауапсыз тұрды бұлар қайран қалып.

Тағы қызыл алма алды қойынынан,
Ұстады салбыратып мойынынан.
Ол алманың қабығын бітеу сойып,
Баланың қызық қылды ойынынан.

Ол қабықты үрледі тағы пірі,
Насимнің сол уақта қашты түрі.
Насимге берді онан соң ол қабықты,
970 Тағымдап алды Насим тасып нұры.

Пірі фатиха береді қол көтеріп,
«Әмин, тақсыр» деп тұрды бұл үш ғаріп.
Пірінен рұқсат алып шыққаннан соң,
Баяғы отанына тұрды барып.

Сөйд Насим айтады жолдастарға:
— Оның алма бергенін білдіңдер ме?
Екі жолдас айтады: — Біле алмадық,
Насим айтты: — Құлақ сал бұ хабарға.

Жеті күннен соң ұстар патша сізді,
980 Тәңірінің ажал уақты болұр изні.
Жерге көміп қойдырып беліңізден,
Атқылатып өлтірер өзіңізді.

Нан ұрғанның мәнісі осы, — деді,
Біздер болдық Тәңірінің досы, — деді.
Сіздің жайды айтайын алма берген,
Дүрмен қаның ағар жосы, — деді.

Өз жайымды, құлақ сал, айтайын мен,
Алланың пендесіне рахматы кең.
Терімді бітеу сойдырар патша менің,
990 Білмеймін падишаға жақпайды нем.

Дарға асар теріме сабан тығып,
 Үш күн тұрар терімнен әуез шығып.
 Осылай деп айтты ғой жайларымызды,
 Пірадарлар, бұ сөзді алғын ұғып.

Бұлай деп диуаналар мұңдасады,
 Ақырет қайғысын жиып жыласады.
 «Не болса Хақ тағдыры пендеге деп,
 Разымыз» деп бой ұсынып ұнасады.

1000 Не қылса, Хақ әміріне разы болды,
 Жүрді де ол жерінен шаһарға келді.
 Баршасын рухы көріп сәйід Насим,
 Айтады мінәжат қып бұ ғазалды.

Ғазал сәйід Насим:

Ғалымдықтың белгісі —
 Хақтың әмірін білгені.
 Ғидаят, һиммат қанжармен
 Жүрек-бағырын тілгені.
 Аллаға іңкәр келтірер,
 Дәруіштерге күлгені.
 1010 Біз де келдік дүниеге,
 Аралап төрін көргелі.
 Халаб шаһардан пана болып,
 Бағдатқа келдік кіргелі.
 Үшбу-дүр әл-пәниден
 Бақиға тұрмыз жүргелі.
 Барсам екен кешікпей
 Атам Мансұр қасына.
 Қазы, мүфти, молдалар
 Көңілін басып жәһілдік,
 Хақты батил қылдылар,
 1020 Жамандық қылып басына.
 Рақым етпес Бір уа Бар
 Олардың көзі жасына.
 Қайтіп сохан қылмаймын
 Ібілістің лағини лашына.

- «Сөзле» деді Хақ маған,
Текрар етіп сөздерім.
Надан сопы, молдалар
Күпір айтып иманға,
Қар етеді өздерін.
- 1030 Көргенсін қайтіп айтпайын,
Имандығын көздерім.
Қазы, мүфти, молдалар
Ақайдты білмеш,
Жетеген халге жәһілдер
Бәрі іңкәр Тәңіріге,
Қара қылып жүздерін.
Насимнің сояр бір күні
Қанжарменен терісін.
Бізді есіткен дін қардаш
- 1040 Сүйегі мұздай ерісін.
Алланың біз де құлымыз,
Аллаға пенде болғандар
Бізден неге жерісін.
Насимның тәнін көрсетіп,
Лағнет, азар еттірер
Молданың бәрісін.
Ей, Насим, аслан, қам жеме,
Жаннатул май, уай, ішінде
Хор ғұлман, сірә, сен.
- 1050 Дүние саған не керек,
Пенде кежман болсаң да.
- Мұнан соң неше күндер өтті дейді,
Шаһарға тағы жүріп кепті дейді.
Молдаларды көрген соң һәрқайсына
«Бәрің де ташақсыздар» депті дейді.
- Молдалар естігені кейіді енді,
Бір-бірлеп ғалғилаға жиылды енді.
Молда көрсе бәрін де «ташақ» дейді,
- 1060 Насимнің бұ сөзіне күйінді енді.

Бір күні жиылады бес жүз молда,
Келмей молда қалған жоқ мен солда.
«Бір диуана біздерді қор қылды» деп,
Патшаға арыз айта барды сонда.

Сол күнде Әмір еді падишасы,
Асып тұр Бағдат шаһардан мәртебесі.
Бес жүз молда патшаға арыз айтты,
Бөрінің бір диуана — дұшпан-қасы.

1070 Патша айтты: — Жиылған молдаларым,
Не іске сасып келдің мұнша бөрің.
Арызыңды айтыңдар, есітейін,
Баян қыл енді бізге ахуалдарың.

Молдалар айтты: — Тақсыр, көп жыл болды,
Бір диуана қор қылды тамам елді.
«Ташақ» дейді көрінген молдаларды,
Ішіміз құса болып дертке толды.

1080 Ол диуана қорлайды бөрімізді,
Беттен ұят қоймады арымызды.
Ташағына теңейді молда көрсе,
Жасы түгіл, сыйламас көрімізді.

Көрсетті шарифат деп риуаятын,
«Діннен шықты» деп берді жазып хатын.
Патша молдалардың сөзін естіп,
Көтере алмас болдылар көптің датын.

— Бөріңнің осы болса айтқан сөзің,
Ұстап ал жүрген жерден барып өзін.
Дарға асып өлтіріп тастаңыздар,
Обалы өздеріңе, жоғалтып көзін.

1090 Патшадан рұқсат алып кетті дейді,
Көп молдалар Насимге жетті дейді.
— Өз тіліңнен, диуана, діннен шықтың,
Сені енді дарға асамыз, — депті дейді.

Сөйід Насим тағы айтты «ташақтар» деп,
Молдалар ұстап алды жабылып кеп.
«Ташақ деуін қорықпастан бәрімізді,
Бұ сорлы ойламайды-ау өлемін» деп.

1100 Молдалар ашуланып күле алмайды,
Мағынасын ташақ сөздің біле алмайды.
«Тысы ақ, іші қара» дегені екен,
Еңш адам өулиеден тіл алмайды.

Молдалар ер Насимді дарға асты,
Сонда да ташақ дерін қоймас әсті.
Дар менен сөйід Насим бәрі зарда,
Наласы көкке барып араласты.

Жеті күн сөйід Насим дарда тұрды,
«Һуа Хақ» деп бір Тәңірге нала ұрды.
Дар Насимге еңш зиян қылмағанын,
Молдалар күнде-күнде келіп көрді.

1110 Насимнің ол дардан фаруайы жоқ,
Жаратқан Егесі бар көңіліне тоқ.
Дарға Жаппар Егем пәрмен қылды,
«Ғашық құлға еңш зиян қылмағыл» деп.

Бұ сырды көрді көп молдалар,
Өлмегенге тамаша болды аңлар.
Дарға тартқан тұрмайды жарым сағат,
Насимге қайран болды барша жандар.

1120 Молдалар патшаға және барды,
Сөйлейді диуанадан бұ хабарды.
— Және бір хукім қылғыл, тақсыр, — деді,
Өлмеді, амалменен, қойғыл дарды.

Патша айтты: — Олай болса, түсіріңдер,
Тағы да бір алуан іс қылыңдар.
Терісін бітеу сойып, сабан тығып,
Терісін қайта дарға астырыңдар.

Молдалар шығып кетіп, дарға келді,
 Қазысы жаллад алып бірге келді.
 Насимді дардан түсіріп алып,
 «Сойғыл» деп жалладтарға өмір қылды.

1130 Екі дөңбек ап келіп ағаш салды,
 Насимнің қол-аяғын махкам таңды.
 Етпеттен ағашқа таңып қойып,
 Насимге жалладтар кеп пышақ салды.

Сол уақта сәйід Насим ашты көзін,
 Тажалы нұр ішінде көрді өзін.
 Араққа мас болғандай бойы балқып,
 Сөйлейді сонда Насим шаттық сөзін.

—Ей, ақымақтар, тезірек сойғыл, — деді,
 Қанымды жалап ішіп, тойғыл, — деді.
 Тезірек Дост уәсілін табайын мен,
 1140 Бү пәниден көзімді жойғыл, — деді.

Ғазал Насими:

Қазы, мүфти, жалладтар,
 Тезірек сойғыл, кетейін.
 Шаһид болып жазықсыз,
 Достыма шапшаң жетейін.
 Һеш қызығы жоқ маған
 Бү жалғанды нетейін.
 Табанымнан жарыңдар,
 Төбеме ...* сойындер,
 Тезірек жолдан өтейін.
 1150 Тапсам талап уисалын,
 Сүйерімнің жамалын,
 Борышымның камалын,
 Досларға медет айтайын.

Сонда тұрып жалладтар
 Табанынан жарады.

* Бір сөз оқылмады.

- Кегі бітіп молдалар,
Тамаша қылып қарады.
Терісін бітеу сойдырып,
Төбесіне барады.
- 1160 Сыпырып алды терісін,
Тәннәсі жерде қалады.
Дарға қайта асады,
Сабан тығып пұстына,
Қандары ағып тәнінен,
Жүгіріп барды рухтары
Ақиқат ғашық Достына.
Диуананы өлтіріп,
Дегеніне келтіріп,
Молдалар жетті қастына.
- 1170 Дарда тұрып терісі,
Нала қылып сөйлейді
Разы боп Тәңірі Достына.
- Мінәжат қылды Аллаға
Дарда тұрып терісі.
Қайран болды бұ іске,
Көрген жанның бөрісі.
«Бекер кісі емес» деп,
Көрген жандар жылайды.
Жасы менен көрісі
- 1180 Құлақ салып тыңдаса,
Хаққа сәна айтады.
Сәйд Насим өлгелі,
Арадан үш күн өтеді.
Ауға шығып сол күні
Қасынан патша өтеді.
Сөйлеп тұр дарда адам,
Есітіп тұрып кетеді.
Дар басында тірі тұр,
Мінәжат қылып Тәңіріге,
- 1190 Құлақ салып тыңдаса,
Разы-дүр Хақтың өміріне.
Қысасы бар аз-ақ
Молдалар қылған жәбіріне.

- Арманы айтқан жол, — деді,
Кіремедім қабіріне деп,
Көзімнен ағар қанды жас.
Датыма һәр кез жетпедім,
Ит-құс жеп жатыр етімді.
Рухым ғарышқа кетпеді,
1200 Арманым менің сол болды,
Қабірге кіріп жатпадым.
Тәнімді көзім қимамайды,
Хор уа ғұлман ішінде
Рахатқа қызық батпадым.
Қазы, мүфти, молдалар
Пышақ ұрдылар.
Жүрегім менің дерт болды,
Шат болып олар тұрдылар.
Жалладтарға сойдырып,
1210 Масаллахын құрдылар,
Жерде, көкте періште
Наласына Насимнің,
Баршасы фариад ұрдылар.
- Риазатсыз пендеге,
Аслан, рахат болмайды.
Молдалардан қаныңыз,
Ғарасатқа барғанша,
Ажырап, сірә, қалмайды.
Өмірге арызым жеткенше,
1220 Сөйлеуден рухым танбайды.
Пірлерінің рухтары
Не болды екен, иә, Алла,
Медетін неге салмайды?!
Ауға өтіп кетеді,
Бұ сөздерін падиша
Ілтипатқа алмады.
- Кешке тағы падиша
Шекардан үйге қайтады.
Дарға жақын келгенде,
1230 Әруағын Насим шайқады:

- Айа, Әмір падиша,
Арызымды тыңда, — деп,
Дауыстап қатты айтады.
Шақырғанын дарда терінің,
Дауыстап қатты айтқан соң,
Патша аңлап байқады.
Құлағын салып «не айтар» деп,
Атының басын тартады.
Қасында көп бектері
- 1240 Бөрі тұра қалады.
Дардағы тері сөзіне
Баршасы құлақ салады.
- Дардағы тері сөйлейді
Аллаға қылып наланы.
— Бағдаттың Әмір тазшасы,
Уағдаң кәне айтқан, — деп,
Патшаға салды жаланы.
Хаққа уәсіл мен болдым,
Уағданды естен шығарып,
1250 Арқалап қалдың бөлені.
Айтып едім баста сырымды,
Уағда қылдың, ұмыттың.
Таһаратсыз сопыларға
Хүкіміңменен сойдырып,
Көңілімді менің суыттың.
Шаһимардан Әлидің
Әулетін шаһид қылдырып,
Махшар күні қан жұттың.
Һәм шарифат, һәм тариқат аулалакум,
- 1260 Өлдім деп арман қылмаймын,
Мүнкәр болды бұ фақиһтар.
Ахуалы қандай, білмеймін,
Өзім шаһид, қамым жоқ,
Шақырсаң да келмеймін.
Сөйд Насим — өз атым,
Шаһимардан әулеті.
Нақақ мені өлтіріп,
Сіздерді шайтан баулады.

- 1270 Әмір патша сөзге азып,
 Інісін неге жаулады?!
- Әмір патша сол халде,
 Бұ сөзді естіп аңлады.
 «Уай, бауырым» деп зар жылап,
 Көзінен жасы саулады.
 Есіне түсіп сол халде
 Дат, фариад әйлады.
 «Қарағым, Насимбісің» деп,
 Атынан түсе жүгірді,
 1280 Үш жығылып, [үш] тұрып,
 «Уай, бауырым» деп өкірді.
 «Қарағым, бауырым, сіз бе ең» деп,
 «Білмедім» деп аһ ұрды.
- Айналайын, жігерім,
 Өзім жалғыз ділгірім,
 Сіздің үшін дүниеден
 Көп қасіретті шегерім.
 Неше мәрте жығылып,
 Қасына келді зорғалап,
 1290 Баса алмай екі аяғын,
 Тізесіменен жорғалап.
 «Жалғыз інім, бауырым» деп,
 Бажылдайды патша «аһ» ұрып.
 Көзінен жасы сорғалап,
 Дал-дал қылды жағасын.
 «Не болар енді күнім?!» деп,
 Құшақтады аяғын.
 «Қарағым, жалғыз інім» деп,
 Табанынан сүйеді,
 «Қарағым, жаным, тәнім» деп.
 1300 «Патшалық Алла бергенде,
 Дерегін һешкім айтпады-ау
 Пәлен жерде білдім» деп,
 Бір-бірлеп жұлды сақалын.
 «Қасымда біраз тұрмадың,
 Жайқалған қызыл гүлім» деп,

- Аңырай берді падиша,
Өксігін аслан баспады.
«От болып жанып барам» деп,
Киімін жұлып тастады.
- 1310 «Қайда жүр едің, бауырым» деп,
Құшақтап тұрып қақсады.
«Жүзіқара қылдың, қалқам» деп,
Ғажайып сөздер бастады.
- Бес жыл болды, Насимжан,
Мен падиша болғалы.
Сонан бері атырапқа
Қоймастан кісі жібердім,
Сізді іздеп хабар алғалы.
Жүзіқара қылмақ па ең
- 1320 Қасыңда жалғыз ағанды,
Жаһаннамға салғалы,
Қайда жүрдің білінбей,
Шерменде мені қылғалы.
Неге қаштың осынша,
Қарағым, сөйд Насим-ау.
- Мұны айтып падиша,
Етпетінен құлады.
Қасындағы бектері
Матам тұтып олар да
- 1330 Қосыла шулап жылады.
Қасындағы бір бегі
Бауырына көтеріп,
Басын сүйеп тұрады.
Есін жиып падиша,
Тағы да фариад қылады.
— Қарағым, сөйд Насим-ау,
Әли Арыслан қамқор болған үмбетке,
Хақ Расул бабаң бар,
Таңда сұраса не деймін,
- 1340 Басымда үлкен қатам бар.
Дерегіңді білгізбей,
Осынша мені қылғаның.

Қайғылы қатты матамдар,
 Шаһид болып өзіңе
 Ақыреттен жол таптың.
 «Қанымды бер» деп сұрасаң,
 Сонда не деп жол таптым.
 Қашып жүріп, шырағым,
 Ақыры мені зарлаттың.
 1350 Жүрегімді қан қылып,
 Көңілімді қайран таң қылып,
 Басыма қайғы, қан жаптым.

Мұны айтып падиша,
 Қайғысын қайта сөйледі.
 — Қата қылдым, иә, Алла,
 Насимнің қанын жүктедім,
 Кешірерсің не қылсам?!
 Жәһілдер сөзін құптадым,
 Йаумул махшар болғанда,
 1360 «Қанымды бер» деп сұраса,
 Не айтарға жауап таппадым.
 Айтып едің жасыңда-ақ,
 Уағдама неге жетпедім?!
 Мен жазықты құлыңды
 Алдыма келтір дегізбей,
 Ақылым алдың, Иләһим.
 Тексеріп жауап сұраман,
 Менмендікпен отырып,
 Басымнан асты күнәһым.
 1370 Інімнен тағы айырылдым,
 Қаныңа өзім себеп боп,
 Көкке жетер бұ аһым.

Таһаратсыз фақихтар
 Насимді алдап өлтірді,
 Сұм рақибтар сөздері
 Маған залал келтірді.
 Хұндар болдым әләйка,
 Мұдам мені жылатып,
 Көзіме жасты толтырды.

- 1380 Шапағат қылса үмбетке
Хақ Расулы махшарда
Қатардан мені қалдырды.
- Осылай екен өзелде
Жаратқан Тәңірі жазуы.
Кешулер күні болар ма,
Пәруардигар Иләһим,
Мен құлыңның жазығы,
Молдаларменен маң болдым.
Та жаннатқа барғанша,
- 1390 Сөйд Насим азығы
Қанша жанға іздеттім.
Жүрді екен қайда сол уақта,
Көрінген адам «жоқ» деді
Ініңіз сіздің бұл жақта.
Жаратқан Жаппар Иләһим,
Інімді өзіме өлтіртіп,
Салдың ба екен сынаққа?!
Көтерілмес мойнымнан
Ол дүниеде азабың,
- 1400 Не айтамын алса сұраққа.
Екі қайғың бірікті,
Шапағаттан ноумид қып,
Кеттің бе, бауырым, жыраққа?!
- Дүниеде аз күн бір жүрмей,
Насимжан, сізден айырылдым.
Һәм ағайын менде жоқ,
Жалғыз қалдым адасып,
Қанатымнан қайырылдым.
Інім бар деп, әйтеуір,
- 1410 Тіріңде қуат қылушы ем,
Мұныңа тағы қайғырдым.
Қаныңды артып мойныма,
Даулы боп кетіп өзіммен,
Шапағатыңа зар қылдың.
Мұны айтып падиша,
Сабыр қылды ақыры,
Тағдырың һәмма деп білдім.

- Патша айтты: — Құдай-а, тәубе қылдым,
Құдіретің күшті екен, анық білдім.
1420 «Өт-тақдир лә табдил» деген хадис,
Тәубе қылып құдіретіңе, қарар қылдым.

Деді де орнынан түрегелді,
Дар ағаштан терісін түсірді енді.
Терісіне сүйегін жиып салып,
Жаназасын оқытып дәфін қылды.

Жеті күн мұныменен тұрды дейді,
Жеті күнде жетісін берді дейді.
«Бұ диуана патшаның інісі екен»
Деп, бектер көзіменен көрді дейді.

- 1430 Әмір патша тағы бір пікір қылды,
Алланың бергеніне шүкір қылды.
Ішінен «молдаларды қырсам» деді,
Өзімді қарап жүрмей кәпір қылды.

Ойлады «диірменге тартайын» деп,
«Обалдарын мойнына артайын» деп.
«Молдаларды тарттырып диірменге,
Сөйтіп ашу-құмарым тарқайын» деп.

- Шақырды молдаларды «келсін» деді,
«Біздерден инғам-ихсан алсын» деді.
1440 «Диірменге тарттырып молдаларды,
Қысасым көңілдегі қансын» деді.

Неше күндей жиылды сансыз молда,
Алмақ боп падишадан бәрі олжа.
Бір молданың есегі ақсақ еді,
Жете алмай ақсақ молда қалды жолда.

Молдаларды сарайға қаматтырды,
Диірменге он құлақ су ақтырды.
Диірменге тарттырып молдаларды,
Қашан жаны шыққанша шулаттырды.

- 1450 Қан болды диірменнен шыққан ұны,
Біткенше қарап жатыр түні-күні.
Бір-бірлеп тастап тұрды диірменге,
Бәрінің бір күнде екен ажал күні.

Қырылып келген молда кетті дейді,
Қысасы Әмір шаптың бітті дейді.
Есегі ақсақ еді бір молданың,
Үш күннен соң ол дағы жетті дейді.

- Шаһардан қайтқан біреу кез болды оған,
— Тақсыр, — деп тұра қалып сөз қылды оған.
1460 Молдалар бәрі инғам алып болды,
Инғам жоқ енді берер, — деді, — саған.

Инғамды осы жерде алдың, — деді,
Олжа алмаққа анталап салдың, — деді.
Осы жерден қайтыңыз, жаның олжа,
Ажалдан Құдай сақтап қалдың, — деді.

Ол молда кейін қайтты сол арадан,
Қалған ғалым сол болды бір фардан.
«Патша білсе, мені де өлтірер» деп,
Қашып кеп мекен қылды Бұхарадан.

- 1470 Саламат ақсақ молда қалды жаны,
Хикаят кітабынан көрдім оны.
Сол молда себебінен болды дейді
«Бұхарада, — деген сөздер, — ғылым көні?»

Бихамдулла, бұ қисса болды тамам,
Жазғаным осы, қабылда, келіп шамам.
Қариб қалған уақытымда төсниф еттім,
Айыптама, оқыған, болса жаман.

- Бұйырды «жазыңыз» деп Ахмет Кәрім,
Оны жақсы жаратқан Самад, Кәрім.
1480 Жас уақытта жалған сөздер көп жазып ем,
Кешіргей фазылы бірлән Бір уа Барым.

Айтқасын Ахмет Кәрім тәсниф еттім,
 Мұны да қисса жазбақ кәсіп еттім.
 Қисса жазған һәр жерде адамдар бар,
 Баршасын, иншалла, басып кеттім.

Жүсіпбек һәрбір түрлі қисса жазды,
 Жасында тағат қылмай жолдан азды.
 Иә, Алла, фазылың бірлән ғафу әйла,
 Тамұқтан өзіне-өзі құдық қазды.


- 1490 Көп жаздым қызық қылып жалған сөзді,
 Азапты, бекер іске салып көзді.
 Жас уақта күнәһ істен тартынбадық,
 Жарылқар күн бола ма Тәңірім бізді.

Жарылқа біз құлыңды, Кәрім, Ахад,
 Көп жазып күнә істер қылдым бейхад.
 Құда «пендем», Мұхаммед «үмбет» десе,
 Хашрул йаум болады көңілім шат.

- Қартайдық, жастық кетіп, шаш ағарып,
 Қызық деп жалған сөзге болдым ғаріп.
 1500 Не айтамын Құдайыма солар үшін,
 Тамұққа салса әғар мені апарып.


Жарандар, мұның үшін қыламын зар,
 Разы емес күнәһыма Пәруардигар.
 Көп мұсылман «рахмат» деп дұға қылса,
 Мүміндер дұғасынан үмітім бар.

- Қайтпадым күнәһ істен жаста бұрын,
 Не қылса Тәңірім білүр пенде сырын.
 Мұсылмандар, дұғаңнан үміт қылам,
 1509 Иншалла, қабыл қылар көптің бірін.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР

Мұхаммед пайғамбар бейнесі Шығыс пен Батыстың көптеген ақындарының шығармашылық ізденістеріне таусылмас азық болды. Оған арналған жүздеген көркем шығармалар туды. Оларда Мұхаммед (с.ә.с.)* тұлғасы барынша асқақ рухта сипатталып, Расул Алла данышпандық пен кемелдіктің ең жоғарғы сатысындағы адам ретінде бағаланады.

Пайғамбар туралы қазақ дастандары да осынау әлемдік тұлғаны айшықтайтын көл-көсір көркем дүниелердің ажырамас бөлігі. Солардың бірі — «Мұхаммед пайғамбар» дастаны. Мұнда тарихи тұлғаның өміріндегі негізгі оқиғалар мен нақты деректердің ізі сақталған, сондай-ақ жырлаушылардың Пайғамбар образын белгілі бір дәрежеде көркемдеу мен мифтендіруге ұмтылғаны көзге шалынады. Мысалы, шығармада болашақ Пайғамбардың он екі жаста-ақ әділдік үшін күресіп жеңіске жеткені баяндалады, т.б.

Шығармадағы кейіпкерлердің көпшілігі — тарихта болған адамдар. Мәселен, Әбужәһілдің дастандағы жексұрын бейнесі де шындықтан туындаған. Ол жөнінде Құраннан** [96, 10; 68, 10-14], хадистерден, қасиетті «Сира» мен араб тарихшыларының зерттеу еңбектерінен оқуға болады.

* с.ә.с. — салла Ллаһу әләйһи уас салам: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке – деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

** Құран Кәрімге сілтеме жасалғанда жақшаның ішіндегі бірінші сан сүрені, екіншісі аятты көрсетеді. Сонымен қатар кейбір жағдайларда сүрелердің аттары аталады.

Әбужәһілдің шын есімі — Омар бин Хишам. Исламға дейінгі «пұтқа табыну» дәстүрін мықтап ұстанғаны үшін және Мұхаммедтің уағыздарына өршелене қарсыласып, тұрпайылық, надандық мінездерінен арылмағандықтан Әбужәһіл (надандықтың атасы) деген лақапқа ие болған. Оның әкесі — Хишам (дастанда Үшжам деп берілген) — Пайғамбарымыз шыққан құрайыш тайпасынан. Әйтсе де, Мұхаммед (с.ә.с.) Алланың бірлігін үгіттей бастағанда құрайыштықтар түгелдей қарсы шыққан болатын. Әсіресе, Пайғамбарға көп қастық қылғандардың ішіндегі онымен ең бітіспес жау болған — осы Әбужәһіл мен өзінің немере ағасы Әбулаһаб.

«Пайғамбарымыз Қағбада намаз оқып жатқанда, Әбужәһіл түйенің боқ қарнын оның үстіне төккен. Бұны көрген кішкентай хазірет Фатима Расул Екремнің* үстін тазалаған, оларға қарсы келген»¹. Осы оқиға жайында ұлы Абай да өзінің 37-сөзінде ескертіп өткен: «...Ғайсаны дарға асқан, Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол — көп, ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал»².

Мұхаммед (с.ә.с.) пен Хадиша ананың он екі — он сегіз жастарда үйленуі тарихи мәліметтерге үйлеспегенімен, олардың алғаш рет Мұхаммед он екі жасқа толғанда танысқаны шындыққа келетін сияқты. Мысалы: «Хадиша құлы Майсараны қосып, хазірет Пайғамбарды үлкен бір сауда керуенімен Сирияға жолдады... Мұхаммед бұдан он үш жыл бұрын Әбутәліппен бірге он екі жастағы кезде бұл жерден өткен еді» деген жолдар осыған дәлел болса керек³. Хадишаның Расул Аллаға деген сүйіспеншілігі, оған деген адал көңілі мен көмегі қазақ эпостарындағы Құртқа, Қарлыға, Гүлбаршын, Жібек, Ақжүніс, Назым сынды кейіпкерлерді еске салады.

Шығармада басты кейіпкердің санатында Мұхаммед Расулдың немере ағаларының бірі — Аббас та жүреді. Оның Үшжам (Хишам) патшаға айтқан мына бір сөздері Бұқардың Абылайға арнаған белгілі өлеңін еске түсіргендей:

* Екрем (Өкрәми) /а/ — ең жомарт, ең қайырымды.

¹ Соңғы Пайғамбар хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны (Қазақ тіліндегі аудармасы). — Анкара, 1997. — 75-б.

² Абай. Шығармалары. 2-том. — Алматы: Жазушы, 1986. — 135-б.

³ Соңғы Пайғамбар хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны (Қазақ тіліндегі аудармасы). — Анкара, 1997. — 47-б.

Үшжам, менен бай ма едің,
Ілгеріде қайда едің?
Патша бопсың бұл күнде,
Ағайынға сай ма едің?
Нағып шықты есіңнен,
Емек қана жайда едің.
...Түйемді бағып жүруші ең,
Жалаңаяқ зар жылап.
Бір атадан нашарсың,
Неғыласың мал санап...

Сондай-ақ, дастанда Мұса, Иса, Айуб, Жүсіп, Ыбраһым, Ілияс секілді Құранда есімдері кездесетін пайғамбарлардың аттары да ұшырасады. Діни кітаптар (Таурат, Інжіл, Забур, Құран) мен аңыз, хикаяларда Мұсаның отқа өртелуі, суға ағызылуы, Айубтың құртқа жем етілуі, Жүсіптің зынданға тасталуы, Ыбраһымның ұлын құрбандыққа шалуы, Исаның дарға асылуы сияқты әңгімелер өте көп. Мұндай аңыздардың желісі қазақ ақындарының, әсіресе кезінде «кітаби» деп аталған Ақылбек, М.Жүсіп, Ақмолла, Нұржан, Шәді өлеңдерінде және Тұрмағанбет, Омар, Кете Жүсіп, Ораз молда, Молда Мықан, Даңмұрын, т.б. Сыр шайырларының шығармаларынан мол көрініс тапқан.

Мәтінде кездесетін ғайыпана, Қызыр Ілияс, ғайып-ерен қырық шілтен секілді ұғымдар—өзара мәнделс атаулар. Қазақтағы «қаймана» деген сөздің негізі ғайыпанада жатқаны даусыз. Бұл сөз сырттай қамқорлық ету, жоқ жерден жолығып, қол ұшын беруші, жасырын, сырт көз, т.б. мәндерге ие. Қызыр (Қыдыр)—көптеген шығыс халықтарының, әсіресе мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде жиі ұшырайтын ертегілік, тіпті, жартылай мифтік тұлғаның есімі. Әдетте, оның аты Ілияс пайғамбармен бірге қосылып атала береді.

Мұсылмандардың аңызы бойынша, Қызыр әулие жасыл киім киіп жүрген (қызыр—арабша жасыл деген сөз). Бұл әулиенің бейнесін, шығу тегін әр халық өз тарихына жақындатып әңгімелейді. Бір деректерде оның зираты Мысырда, бір деректерде Орта Азияда орналасқаны айтылады. Мысалы, Самарқанда хазірет Қызыр атындағы мешіт бар екені белгілі.

Қызыр атаға байланысты аңыздардың көбінде «мәңгілік су» жайында әңгімеленеді. В.В.Бартольдтың жазуынша, Қызыр жолаушылар мен саяхатшыларға ақсақал кейпінде жолығып, оларды сынақтан өткізеді, дұрыс жолға бағыттайды⁴.

Е.Э.Бертельс болса, Қызырды «мәңгі тірі пайғамбар, ол бәрін білетін жұмбақ жәрдемші⁵» деп пайымдайды.

Қазақ фольклорында да Қызыр адамдарға ақсақал, өулие түрінде көрініп, әр түрлі жамандықтан қорғап жүреді⁶. Қызыр Ілиястың жанында әдетте «шілтендері» болады. Қазақтардағы ғайып-ерен қырық шілтен, Шашты Әзиз, Қызыр өулие секілді тіркестердің бәрі де осы кейіпкерге байланысты туған.

Дастанның тілі жатық, кестелі нақышпен өрілген көркем дүние. Әрине, дастанның мәтінінде бірен-саран қате жазылған сөздер кездеседі, олар түзетілді, мысалы, сайып құран, дұрысы: *сайыпқыран*; жегізіп құртқа аютты, дұрысы: *жегізіп құртқа Айубты*; жана, дұрысы: *және*; әма, дұрысы: *әмме*; пайқады, дұрысы: *байқады*; рассалып, дұрысы: *бас салып*; пұқалай, дұрысы: *бұ қалай?*; жан, дұрысы: *жақ*; есітті жахат бұл ерді, дұрысы: *есітті жиһан бұл ерді*; Ысмайыл исқар айтамыз, дұрысы: *Ысмайыл, Ысқақ атамыз, т.б.*

ӘӨИ-дің Қолжазба қорында аталған дастанның бірнеше нұсқасы сақтаулы. Мәселен, 1047-бумадағы көлемді қолжазбада Пайғамбардың пәниден бақиға дейінгі **өмір-тарихы** түгел әңгімеленген, т.б.

Томға ұсынылып отырған «Мұхаммед пайғамбар» атты дастан ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы: Ш. 920/18, 8-71 б. Айтушысы — Әбдірәсіл Ахметов. Жинаушысы — Қыдырәлі Саттаров.

Мәтін аталған қолжазбадан дайындалды.

С.Қосан

⁴ Бартольд В.В. Ислам. Том 2. – М., 1918. – С. 59

⁵ Бертельс Е.Э. Низами. Искандер-наме. – М., 1949. – С. 60

⁶ Қасқабасов С.А. Казахская сказочная проза. – Алма-ата, 1990. – С. 201

ҚИССА АНХАЗІРЕТ РАСУЛДЫҢ МИҒРАЖҒА ҚОНАҚ БОЛҒАНЫ

Шығарма 1896 жылы Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасында жарық көрген. Мәтінді баспаға әзірлеген — Жүсіпбек Шайхысламұлы. Бұл — діни тақырыпқа арналған өте көркем және көпшілікке кең тараған дастандардың бірі.

Шығарманың негізгі сюжетін Мұхаммед пайғамбардың періштелер сыйлаған қанатты тұлпар — Пыраққа мініп, Меккеден Иерусалимге, одан әрі Алла Тағаланың көктегі мекені — дәрғаһына сапар шегетін ғажайып саяхаты құрайды.

Мұхаммед Расулдың Көкке көтерілуі жайында Құран Кәрімнің «Исра» сүресінде анық жазылған. Осы керемет оқиға көптеген өнер адамдарының (ақын, жырау, суретші) шығармаларына негіз болды. Бір аңғарғанымыз, осы тақырыпқа арналып, қазақ тілінде жазылған туындылар да белгілі сюжетті пайдалана отырып, одан көп ауытқи қоймаған.

Томға ұсынылып отырған «Қисса Миғраж...» дастанында баяндалатын оқиғалардың ақиқатын ашу мақсатында бірталай ғылыми еңбектер жазылған. Сондай-ақ көне «Сира» жазбаларында, «Қиссасул әнбиеде» және басқа да Пайғамбар өміріне арналған діни шығармаларда Миғраж жайында егжей-тегжейлі мәлімет беріледі.

Мұхаммед пайғамбардың Көкке көтерілуі мен оның Алла Тағала дәрғаһында болу тарихына ислам ғалымдары әр қилы баға берген. Олардың кейбіреулері «Расул Алла Миғражға түсінде көтерілген» десе, енді бірқатары «ояу еді» деседі. Тағы да бір қайшылық «Мұхаммед (с.ә.с.) Көкке денесімен түгел шықты ма, әлде, рухы арқылы саяхат жасады ма?» деген аса қиын сауалдың төңірегінде өрбіді. Алайда көптеген мұсылман қауымы Миғраждың дене арқылы өткеніне сенеді.

Пайғамбар заманынан қалған дереккөздерде Миғраж оқиғасының Ұлы көштен (хижра) бұрын, ережеп айының 27-жұлдызында, жұма күні кешке болғаны айтылған. Яғни, ислам тарихында айтулы мерекеге айналған сәт — Мұхаммед (с.ә.с.) Мәдинеге көшердің алдында, 621 жылы болады.

«Хазірет Пайғамбардың Меккедегі үйінде немесе Қағбадағы кезінде Жәбірейіл бірнеше періштелермен келіп, Расул Алланың кеудесін ашқан, ішін Зәмзәм суымен жуып, билік пен

иманға толтырған. Содан кейін періштелер нұрлы бейнесімен хазірет Мұхаммедті Көкке алып кеткен»⁷.

Кейінгі мұсылман ғалымдары осы оқиғаны космоспен байланыстырады. Яғни, олардың пікірінше, Мұхаммед пайғамбардың әл-Ақса мешітіне дейін Пырақпен, одан әрмен Жәбірейілмен бірге Көкке көтеріліп, Алланың алдына баруы адамзаттың ғарышқа ұшу мүмкіндігіне негіз салды.

Бұл саяхатында Расул Алла өзінің алдында өткен Адам ата, Ыбраһым, Мұса, Жақия, Ыдырыс, Жүсіп, Иса, т.б. пайғамбарларды көріп, тілдесті, олардан ғибрат алды. Жеті қат көкті аралап, тамұқ пен бейішті тамашалады. Ата-анасымен көрісіп, адамзат күнәсі үшін Алладан кешу өтінді. Тіршіліктің құпия сырларымен танысып, Алланың нұрына шомылды. Алла Тағала Пайғамбарға үш уахи береді: 1) «Бақара» сүресінің соңы; 2) Аллаға сенген үмбеттің жәннатқа бару сүйіншісі; 3) бес уақыт намаздың парызы.

Дастанда шығыс фольклорында жиі кездесетін көне мотивтер де аз емес. Мәселен, періштелердің Мұхаммед пайғамбарға төрт түрлі дәмі бар шарап пен төрт түсті тон әкеп таңдатуы — «Мың бір түн» ертегілерінде жиі ұшырасатын сарын. Мысалы, Абайдың осы шығармадан алып, нәзіралық дәстүрде жырлаған «Өзімнің әңгімесінде» Өзімге ақсақал жолығып, үш түрлі жеміс көрсетіп, біреуін таңдауын сұрайды.

Пайғамбардың «ақ тон мен жасыл тонды» таңдауы да кездейсоқ емес. Яғни, мұндағы ақ түс — Алланың ақ жолы, оның Елшісінің де ниеті — ақ, мақсаты — айқын. Ал жасыл түс исламның туымен үйлеседі. Былайша айтқанда, діни дастанды жырлаушы әрбір деталға мән бере отырып, кейіпкерлердің сөйлеген сөздеріне символдық реңк кіргізген, түстерді осы мақсатқа шебер пайдаланған.

«Миғраж...» дастанының тілі өте көркем. Шығарманың өн бойынан тамаша теңеулер мен кестелі тіркестерді көптеп жолықтыруға болады.

Сондай-ақ бұл дастан Кеңес дәуіріне дейін Қазан қаласында әлденеше рет (1896, 1899, 1904, 1908, 1912, 1917) қайта басылды. Қазан басылымдарын баспаға дайындап, олардың кі-

⁷ Соңғы Пайғамбар хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны (Қазақ тіліндегі аудармасы). — Анкара, 1997. — 139-б.

тап болып жариялануына көп еңбек сіңірген белгілі қазақ ақыны, әрі ауыз әдебиетіміздің белсенді жинаушысы — Ж. Шайхысламұлы. Осы шығарманың 1896 жылы жарық көрген алғашқы басылымында ол «Миғраждың...» мәтінін 1895 жылдың 5-маусымында дайындап біткенін жазады. Әйтсе де, «Қазақ кітаптары» атты еңбекте «Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны» деген дастанның 1886 жылы, яғни Ж. Шайхысламұлы жариялаған нұсқадан он жыл бұрын басылғаны жөнінде мәлімет келтірілген⁸. Алайда бұл басылым әлі табылған жоқ.

Діни дастандардың басым көпшілігі секілді Ж.Шайхысламұлы өңдеп жариялаған бұл дастанның түп төркіні ортағасырлық түркі әдебиетінде жатқаны іздестіру жұмыстарының нәтижесінде, яғни шығарманы XII ғасырда жазылған «Миғражнамамен» салыстырғанда айқындалды. «Миғражнаманың» авторы — есімі мұсылман әлеміне мәшһүр болған сопы ақын Сүлеймен Бақырғани. С.Бақырғани бұл тақырыпты жырлағанда араб нұсқаларына сүйенген. Бұл дастанның да негізгі мазмұны Құран сүрелері мен діни аңыздардағы баяндаулармен толықтай үндес. Ал осы екі нұсқаны өзара салыстырғанымызда Ж.Шайхысламұлы жариялаған нұсқаның мазмұны «Миғражнамаға» өте жақын екені анықталды. Дәлірек айтқанда екі шығарманың сюжеттік желісі, композициясы мен кейіпкерлер жүйесі бір, мекендік, мерзімдік орналасуы да үндесіп тұр. Сонымен бірге С.Бақырғанида қара өлеңмен берілген кейбір эпизодтар 1896 жылғы нұсқада — жыр үлгісінде, кейбір кісі есімдері өзгерген, жекелеген мотивтік, стильдік, т.б. айырмашылықтар бар. Мұсылманша сауатты, шығыс әдебиетін жетік меңгерген Ж.Шайхысламұлы ортағасырлық түркі әдебиетін де жақсы білгені күмәнсіз. Халық нұсқаларын жинап, өңдеп, редакциялап баспаға даярлағанда ақын орта ғасырлардан белгілі, ауызша, не қолжазба күйінде сақталған, сондай-ақ бұрынырақ жарияланған нұсқаларды ескергені сөзсіз.

Мұхаммед пайғамбардың осы бір ғажайып сапары оның ислам дінін орнықтыру және нығайту жолындағы күресінде

⁸ Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: С. С. Есова, Ү. Х. Сүбханбердина, Д.С.Сейфулина. — Алматы, 1986. — 49-б.

пешуші рөл атқарған маңызды оқиға болып есептеледі. Оны дастан етіп жырлаған ақындар ислам құндылықтарына адалдығын көрсеткен. Басқа сөзбен айтқанда жоғарыда сөз болған екі нұсқа «Миғраждың» өлеңмен жырланған, көркем әрі түпнұсқаға жақын үлгілерінен деуге боларлықтай.

Біздің қолымызда «Миғраж...» дастанының бірнеше жазбалары бар. Олардың біразы ОҒК-ның сирек қорынан (Ш. 1166, Ш.1847, Ш.847, Ш.923) кездесе, енді біреулері ӘӨИ-дің Қолжазба орталығында (Ш.855, Ш.850) сақтаулы тұр.

Қолжазба қорларында сақталған нұсқалардың көпшілігі 1896 жылғы кітаптан көшірілгені байқалады. Мысалы, ӘӨИ-дің Қолжазба қорының 855-бумасында Шығыс Қазақстанның тұрғыны, фольклор жинаушысы С.Сауытбеков тапсырған қолжазба сақтаулы. Қолжазба ХІХ ғасырдың аяғында жазылған. Араб әрпінде жазылған осынау жәдігерлердің ішінде, әсіресе 2-дөптердегі ескі қадім жазуы ерекше көзге түседі. Мұнда Шернияздың өлеңдері, «Мұхаммед пайғамбардың Миғражға ұшқаны», «Зеңгір жүһүд», «Қасым жомарт» атты дастандар, т.с.с. бар. Бұл қолжазбаның иесі, яғни оны 1889-1895 жылдар аралығында қағазға түсіруші — Ташмұхаммед Баймұхаммедұғлы Көшенев. Мәтіндерді салыстыру барысында Т.Көшеневтің 1896 жылғы «Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны» дастанын көшіру кезінде кейбір өлең жолдарын ауыстырып жібергендігі, жекелеген сөздерді өзгерткені байқалды. Бұл көшірме аяқталмаған, жырдың кіріспесі де толық емес.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1896 жылғы кітаптан дайындалып, кирилл әрпінде бірінші рет жарияланып отыр.

*С.Қосан,
Б.Әзібаева*

ҚИССА МҰХАММЕД РАСУЛ АЛЛАНЫҢ ДӘРУЛ ПӘНИДЕН ДӘРУЛ БАҚИҒА РИХЛАТ ЕТКЕН МӘСЕЛЕСІ

Дастан 1896 жылы жарық көрген. Өзі айтқандай Ж.Шайхысламұлы бұл дастанды да «Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны» дастанымен бірге Қазандағы досы Ахметкөрім деген ноғайға жіберген. Кітаптың қаража-

тын төлеп, бастырушылар да сол — Хұсайыновтар әулеті. Бұл дастан «Миграж ...» дастанымен бірге жарияланған.

Жүсіпбек нұсқасының басталуында сопы ақындарға ғана тән «мінәжат», «зікір», «хамду-сәна» өлеңдері ұшырасады.

Дастанда Мұхаммед пайғамбардың дүниеден өткенін туыстарының түс көруі арқылы ишаралайды. Ал «түс көру» мотиві көптеген әлем халықтарының, соның ішінде шығыс елдерінің фольклоры мен ауыз әдебиетінде жиі кездесетіні белгілі. Бұдан, әрине, қазақ фольклоры да құр алақан емес. Халқымыздың «Қобыланды», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», т.б. эпостық туындыларында «түстің» алатын орны ерекше. Мәселен, «Алпамыста» қалмақ ханы Тайшық өзінің ажалын түсі арқылы алдын ала білсе, «Қыз Жібекте» Жібек Төлегеннің өлетінін түсінде көріп, сезгендей болады. Әдетте, фольклорда өлімге байланысты символдық нышандар болады. Ол нышандар адамның қоғамдағы орнына, жынысына, жасына, мінез-құлқына қарай түрлене өзгеріп отырады. Мысалы, Қыз Жібектің Төлеген мінген ақбоз атты ер-тоқымсыз бос көруі — қазақ салтында жаман ырым. Яғни, аттың иесіз, ер-тоқымсыз жүруі Төлегеннің өлгені туралы хабар береді.

Мұхаммед пайғамбардың қазасына арналған дастанда «түс көру» сарыны шығарманың басты өзегіне айналған. Мұнда Расул Аллаға ең жақын сегіз адам түс көріп, оны хазірет Пайғамбардың өзіне жорытады. Сегіз түстің әрқайсысында әлгі адамдардың Пайғамбармен қарым-қатынасы, туыстық дәрежесі, қызметіне орай түрліше нышандар көрініс тапқан.

Бірінші түс жорытушы Әбубәкір Сыдықтың «Үстімде киген жейдем жерге түсті» деуінде үлкен мән жатыр. Егер көне дәстүрлерге назар аударсақ, жейде, сауыт ауыстыру сияқты ырымдар — дүние жүзі халықтарында бар әдет. Батырлардың жорық кезінде достасып (қарсылас жауы болса да) бір-бірінің сауытын ауысып кию салты түркі халықтарында да кең тараған. Қазақтың «қанды көйлек» дос, жолдас дейтін мәтел сөзі осыған дәлел. Демек, Әбубәкірдің «жейдем жерге түсті» дегені — досы Мұхаммед пайғамбардың ажал сағаты соққанын меңзеп тұр.

Екінші түс көруші Омар хазірет: «Мәрім жерге түсіп ғайып болды», — дейді. Мұның себебі — Омар халифа болмай тұрып, яғни Мұхаммед (с.ә.с.) мен халифа Әбубәкірдің қайтыс

болған сәтіне шейін халифаттағы шарифат пен шаруашылық қағидаларын бақылайтын басты ресми қызметтерді атқарған. Былайша айтқанда, мұхтасиб* болатын. Демек, Омардың түсіндегі мөр—оның қызметін тұспалдаса, мөрдің сынуы—Пайғамбардың қазасынан белгі бермек. Бұл хазірет Мұхаммедтің жауырындағы мөр болуы да мүмкін. Ол—Мұхаммед Мұстафаға Алладан түскен пайғамбарлық белгісі.

Үшінші түсті Оспан көреді. Ол да Пайғамбарға «Құраным қолымдағы жерге түсті» деп көрген түсін әңгімелейді. Бұл да Оспанның ислам әлемі алдында атқарған ұлы істерінің нышаны іспетті. Себебі мұсылман ғалымдарының зерттеу еңбектерінің бәрінде де Құран Кәрімді өз жарлығымен жинақтап, бір ізге түсірген тұңғыш дін қайраткері Оспан екені жазылады. Олай болса, «Құран Кәрімнің жерге құлап түсуі»—Мұхаммед пайғамбардың өлімімен пара-пар саналары сөзсіз еді.

Төртінші түс көрген кісі—хазірет Әли. Оның жорытқан түсі бойынша, «Әлидің үстіндегі сауыты өзі шешпей жерге түседі». Мұндағы «сауыт» Әлидің батыр тұлғасын айшықтап тұр. Өйткені, ол—ислам тарихындағы аты аңызға айналған, ең даңқты батыр. Әлидің ерлік жорықтары көптеген діни дастандарға арқау болғаны белгілі. Оның өзі мен балаларының батырлықтарын дәріптейтін бірнеше қазақ дастандары да бар. Мұхаммед пайғамбар Әлидің түсін былайша жориды:

— Әли балам, бұл дәурен өтер, — деді,
Бізден өтіп, Сыдыққа жетер, — деді.
Сауытың киіп тұрған жерге түссе,
Бабаңыз бұл дүниеден өтер, — деді.

Бесінші, Пайғамбардың ең кіші, әрі сүйікті әйелі Айша түсін жорытады. «Басыма қара шадыр салдырыппын» деген жұбайының сөзін де, Расул Алла «өлімге» жориды. Себебі, «қара жамылу», «қара тігу» секілді ырым—аза тұту салты, ол—дүние жүзінің көптеген елдеріне ортақ жайттар.

Алтыншы, түсін жорытатын Пайғамбардың кенже қызы—Фатима, «Киген күртемнің жағасы дал-дал болып жыртылды»

* Мұхтасиб (а)—есепші, бақылаушы; бұл жерде хазірет Омардың халифатта жалпы әлеуметтік тәртіп пен шарифат заңдарын қадағалаушы екендігін білдіретін ұғым.

деп зар еңірейді. Бұл арада күрте — суықта киілетін қалың күпі, яғни тіршілікте ең сүйікті перзентіне көп қамқор болып, әкелік мейірімін аямаған Пайғамбардың бейнесі. Тонның жағасынан жыртылуы әулеттің басшысынан айырылатынын тұспалдап тұр. Қазақтарда жасы үлкен ағаны, шаңырақтың иесін «алтынды тонның жағасы» деп дәріптеген. Жоғарыдағы мысалдардың көпшілігі төл ауыз әдебиетіміздің дәстүрінен алынғаны даусыз.

Жетінші түс көруші Хасен де Пайғамбарға келіп: «Баста — бөркім, аяқта кебісім жоқ, табаным тас батып жүр екенмін», — дейді. Мұнда да «бастағы бөрік» Мұхаммедтің өзін ишараласа, «кебіс» — ұрпақтары. Хазірет Пайғамбардың түсті жоруы бойынша, «өзі өлген соң, әулеті көп бейнет шекпек, оларды қиын жолдар күтіп тұр». Шынында да, кейінгі ислам тарихы бұл әңгіме-аңыздың растығына куә болады...

Соңғы, яғни сегізінші түс көруші Хұсайынның түсінде бабасы өте көркем безендірген таққа мініп, көзден ғайып болады. Хазірет Пайғамбар мұны да өзінің «дүниеден өтер күнінің келгені» деп жорып, ел-жұрт, туған-туыстарымен қоштасады.

Мұхаммед пайғамбар өмірмен қоштасар сәтте өзінде «кімнің қарызы бар?» деп сауал тастайды. Сонда Акаша деген сахаба Пайғамбардың оған бір мәрте қолы тигенін айтып, орнына бір рет қамшысымен ұрмаққа рұқсат сұрайды.

Жұрттың қарсылық білдіріп, көп өтінгеніне қарамастан Акаша Пайғамбардың арқасын жалаңаштайды. Осы арада сахаба Мұхаммедтің жауырындағы «мөрді» көріп райдан қайтады. Шынында, Акашаның басты мақсаты осы еді. Оның арқасында жиылған жұрт та «мөрді» көріп, әлгі сахабаның «құлығына» риза болады.

Бұл оқиға тарихта болды ма, жоқ па, ол арасы беймәлім. Алайда бұл жерде дастанды жырлаушының негізгі мақсаты — осынау аңыз әңгімені жырға қосу арқылы Мұхаммед пайғамбардың ерекше адам екенін, денесінде «Алла салған мөрі барын» айта отырып, дінсіздерді иманға шақыру.

Акашаның Мұхаммедті дүрелемек боп, бұл жазаға Пайғамбар мен оның туыс-жарандарының келісім беруі де кездейсоқ емес.

Бұл шығармадағы «жазалау» мотивінің жалпы идеясы ислам заңдарымен толықтай үндеседі. Әйтсе де, мұндағы басты

мақсат — жазалау емес, күнәһар жандарды «тозақ отынан» арашалап, күнәсінен арылту. Сондай-ақ, мұсылмандардың сенімі бойынша, «дүре» адам бойындағы Ібіліс шайтанды аластап, адал мүміндердің теріс жолға түспеуіне септеседі.

Сөз етіп отырған дастанның тілі — кестелі, әрі жатық. Он бір буынды қара өлеңмен жазылған шығарманың өн бойынан көркем теңеулерді көптеп кездестіруге болады. Мысалы, Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғанда, оның адамзат тарихындағы ерекше тұлғасы «Дүниенің гауһар шамы кетті өшіп» деп суреттеледі.

Томға еніп отырған мәтін ОҒК-нің Қолжазба қорында сақтаулы тұрған 1896 жылғы басылымнан дайындалып, киррил әрпінде алғаш рет жарияланып отыр.

С.Қосан

БОЗТОРҒАЙ

«Бозторғай» дастанының негізгі идеясы — ислам паригатында харам болып айыпталған іспен айналысқандарды, дәлірек айтқанда, **өсімқорлықты, өсімқорларды қатал сынау.**

Құран Кәрімде **«өсімқорлыққа» қатаң тыйым салынғаны белгілі. Бұл жөнінде бірнеше аяттарда айтылады. Мысалы: «Сондай өсім жегендер жын соғып тұрғандай есеңгіреп тұрады. Бұл олардың: «Сауда да бейне өсім» дегендіктерінің салдарынан. Негізінде, Алла сауданы халал, өсімді харам еткен. Алла өсімді жояды да, сауданы арттырады. Әрі Алла барлық қарсы келуші күнәһарды жақсы көрмейді» [2,275-276].**

Шығарманың бас кейіпкері — хазірет Әли. Ол тарихта әділетті төрт халифа (әл-хулафа ар-рашидун) деген атаққа ие болған төрт халифаның Османнан кейін билік басына келген төртіншісі, соңғысы.

Жалпы, мұсылман қайраткерлерінің ішінде **айрықша танымал болғаны да, көптеген дәріптеу шығармалардың қаһарманына айналғаны да хазірет Әли болды. Мұсылман-сүннилер оны Аллаға берілгендік пен қайырымдылықтың жарқын үлгісі ретінде санады, қазір де солай бағалайды. Шииттер арасында оның тұлғасы бұдан да биік дәрежеде. Ол «Құдайдың құдіретін әкелуші, таратушысы» деп сипатталады.**

Ал фольклорлық туындыларда Әли — өн бойына исламның танымал қайраткерлері мен эпикалық батырлардың қасиеттерін жинақтаған кейіпкерлердің бірі.

Дастанда бір теңге беріп, мың теңге жазып қойған өсімқордың шырмауына түскен белгісіз бір кедей тағдыры баяндалады. Өмірден түңіліп, үмітін үзген кедей көмек сұрап Мұхаммед пайғамбарға жалбарынады, бірақ ол да — кедей. Сонда Әли бейнесі жарыққа шығады. Ол Пайғамбардың көмек сұрағандарға қол ұшын бере алмағанына қатты қиналып ренжиді де, кедейге көмектесуге рұқсат сұрайды. Үйіне келіп барлық киімін ақтарып, ештеңе таппайды. Басқа айла таппаған Әли өсімқорға кедейді босату үшін кепілдікке өзінің ұлдары Асан мен Үсенді қалдырады.

Сонан соң Әлидің жорыққа шыққанын, дінсіздер еліне барып, оларды ақыл-парасаты арқылы жеңіп, өз балаларын да, кедейді де құтқаратын оқиғаларды суреттейтін бұл дастанның мазмұны өте қызғылықты. Алыс сапарға шығып, дінсіздердің еліне келген Әли оларды исламға қаратады. Бірақ ол мұны ерлігімен емес, «жұмбақ айтыс» арқылы іске асырады. Шарттың мәні өте қатал: дінсіздер оған жұмбақ-сұрақ береді, оны кешіктірмей шешу керек — әйтпесе өзі өледі. Әли барлық сұрақтың жауабын дәл шеше отырып, өз кезегінде дінсіздерге үш түрлі жұмбақ айтады. Үш сұрақтың төркінінде дәстүрлі формула «Бисмиллаһи рахманир рахим» және «Лә иләһа илла Алла» дейтін бүкіл мұсылмандар қауымының басты шарты — қағиданы (иман-кәлим) мойындатып, жауын жеңеді.

Мұнан кейін олар соғысудың орнына Әлиге қымбат бағалы заттар беріп, тарту жасайды. Әли оны өсімқорға береді де, өзінің балаларын босатады. Көріп отырғанымыздай, мұнда Әли — бақытсыздыққа ұшыраған бейшаралардың қорғаны. Және ол Құранды жетік білетін, шарияттың негізін, мұсылман аңыздары мен хикаяларын меңгерген қабілетімен танылады. Демек, мұнда Әлидің адамдық қасиеттері баса көрсетіледі. Ол — дархан пейілді, қайырымды, жаны жайсаң жан. Көңілі шалқар көлдей кең. Әрине, кез келген адам өзінің туған ұлдарын белгісіз бір кедей үшін кепілдікке қалдыра алмайды. Әлидің бұл ерлігі өзінің сипаты жөнінен батырлық ерлікке барабар.

Дастанда баяндалатын оқиға өмірде болды ма, жоқ па, кесіп айту қиын. Сонымен бірге мұнда тарихи дәлдік сақталған. Дастанда көрсетілгендей, алғашқы мұсылмандардың өте кедей тұрғандығы, аса қарапайым тұрмыс кешкендігі, тіпті, құғынға түскендігі тарихтан белгілі. Мәселен, Мұхаммед (с.ә.с.) пайғамбарға қатысты Құран Кәрімнің «Зуха» сүресінде: «Сені жетім халінде тауып, орналастырмады ма? Сені абыр-жуда көріп, байытпады ма?» делінген. Хазірет Әлидің әкесі Әбутәліптің де кедей адам болғаны жөнінде діни аңыздарда айтылған. Жалпы, Мұхаммед пайғамбар мен төрт әділетті халифаға байланысты дастандардың басым көпшілігі бұхара халықтың ауыр тұрмысына назар аударуды насихаттай отырып, ауқатты байларды сынайды.

«Бозторғай» дастаны — айтысқа құрылған, диалог (сұрақ-жауап) тәсілімен жазылған қызықты шығарма. Дастанның шарықтау тұсы — кәпірлердің Әлиді өлтірмек болған жері. Осы арада кәпірлердің бірі Әлиге жұмбақ-шарт қояды. Егер таппаса — өлім. Оның қойған жұмбақтары: ай мен күн, намаз, төрт сахаба, иман-шаһадат, тамұқ пен жұмақ, Ыбраһым пайғамбар және баланың құрсақтағы мезгілі, т.б.

Айтыс — өзге халықтардың ауыз әдебиетінде сирек кездесетін, ал қазақ фольклорында ерекше дамыған көне жанрлардың бірі. Олар мазмұны мен тақырыбы, көлемі мен құрылымы жағынан бірнеше түрге бөлінеді. Солардың ішінде, әсіресе ХІХ ғасырдан бастап қанатын кең жая өрістеген діни айтыстар болды. Діни тақырыптағы айтыстар ауызша өтумен бірге, көп жағдайда жазбаша туып отырды. Әдетте, ақындардың діни айтыстарының негізгі тақырыптары: Құран Кәрім аяттары, Пайғамбардың хадистері, әулие, әнбиелер тарихы, шариағат ережелері, иман шарттары. Діни айтыстар ел арасында кеңінен тарап, олардың бірқатары төңкеріске дейін Қазан, Тәшкен қалаларында жарық көрді.

Мұндай айтыстар қарсыласын жеңу үшін ғана емес, исламды насихаттау үшін де маңызды рөл атқарған. «Бозторғай» дастаны — сондай айтыстардың жарқын үлгісі. Өкінішке орай, діни айтыстардың көбі ұмытылып, жиналғаны жарияланбай келеді.

Бұл дастан алғаш 1870 жылы шығыстанушы, түркі тілдері мен фольклорлық мұраларын зерттеуші В.В.Радловтың

әйгілі «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» атты көп томдық еңбегінің үшінші томында жарияланған (693-713 б.).

В.В.Радловтың аталмыш кітабында бұл дастанды кім, қашан, қай жерде жазып алғандығы жайында еш мәлімет жоқ. Сонымен бірге осы жинақта жарық көрген өзге «Бозжігіт» дастанына берілген түсініктемеде оның 1842 жылы қағазға түсірілгендігі жөнінде айтылған. Бұған қарап, «Бозторғай» дастаны да сол кездері жазылып алынуы мүмкін деп шамалауға болады.

Томға ұсынылып отырған мәтін В.В.Радлов кітабынан әзірленді.

Б.Әзібаева

ҚИССА ҚАҒАРМАН

«Қисса Қаһарман» дастаны Қазанда Императорлық университеттің типо-литография баспасында 1888 жылы жарияланған. Сосын 1891, 1892, 1900, 1906 және 1913 жылдары қайта басылған. Бұларды өзара салыстырып, бір мәтіннің қайта басылымы екеніне көз жеткізуге болады.

Дастанның жыршысы, айтушысы туралы дерек ұшыраспады. Дегенмен А.Сабалұлы баспаға дайындаған кітаптардың қатарында аталады.

Қазан қаласында 1897, 1898 жылдары «Нұрбатыр» дастаны Шахмардан Кашафуддиннің атынан жарияланды. Екі дастанның сюжеттік желісі бір болғанмен, арасында кейбір айырмашылықтар бар екені анықталды.

«Қисса Қаһарманда» оқиғаның мезгілі «Бұрынғы Ұшан патша заманында» өтсе, «Нұрбатырда» — «Бұрынғы Әли патша заманында».

«Қисса Қаһарманда» батырдың туылуын жетпіс жыл қырық балуан аңдыса, «Нұрбатырда» жетпіс балуан аңдиды. Ерекше жаралған батырды шешесі «Қисса Қаһарманда» жетпіс ай көтеріп, жетпіс күн толғатып, жеті сағатта туса, «Нұрбатырда» алпыс жыл көтеріп, жеті күн толғатады. Жаңа туған баланы «Қисса Қаһарманда» жетпіс қатын көтере алмаса, «Нұрбатырда» қырық қатын көтере алмайды.

Қаһарман Нұх пайғамбар немересі болса, Нұрбатыр — бұрынғы бір пайғамбардың немересі. Жергекте жатқан баланы «Қисса Қаһарманда» Сәмен дию ұрлап, орнына ақсақ, соқыр пері тастап кетсе, «Нұрбатырда» Барбар дию шолақ, соқыр, жынды тастап кетеді. «Қисса Қаһарманда» арада жеті жыл өткенде Күңкір диюдан, «Нұрбатырда» тоғыз жылдан кейін Той батырдан батыр өз нәсілінің бөлек екенін біледі. Қаһарманның ағасы — Қатыран, Нұрбатырдың ағасы — Шербаба. Сонымен оқиғаның мезгілдік шегі, сандық көрсеткіштер, кейіпкерлердің аты екі нұсқада әр түрлі берілген.

«Нұрбатыр» дастанының көлемі — 280 жол, «Қисса Қаһарманның» көлемі — 570 жол. «Нұрбатыр» дастанында батырдың ерлік соғыстары тоғыз диюды дінге кіргізумен қысқа қайырылады.

Қазан басылымдарымен қатар «Қисса Қаһарман» дастаны 1900 жылы Москвада И. Лаптев жариялаған «Қазақ-қырғыз тілі жөнінен материалдарда» басылды. Кітаптың алғы сөзінде айтылғандай, Лаптев дастанның Қазан басылымын алып, орыс тіліне аударып, орысша-қазақша мәтінін қатар берген. Қазақша мәтін кирилл әрпінде басылып, қазақ тілінің төл дыбыстары әріптің үстіне қос нүкте қою арқылы таңбаланған. Бұл нұсқаны Қазан басылымымен салыстырғанда, И.Лаптев шығарманың мәтінін қысқартып жариялағанын байқадық. Мысалы, Қаһарманның дін жолындағы соғыста көрсеткен ерліктері, ұрыс оқиғалары, ислам дінін қабылдаған перілердің шаһарларына мешіт, медресе салдырғаны 1900 жылғы басылымда айтылмайды.

Дастанда мифологиялық, ертегілік-эпикалық сюжеттер мен тұрақты мотивтер мол орын алған. Мысалы, батырдың ғажайып туу мотиві, жаңа туған баланы ауыстыру мотиві, батырдың жат жерде тәрбиеленуі (мұнда перілер елінде), жеті жылдан кейін ес білген баланың туған елін іздеп шығуы сияқты мотивтер. Кейіпкердің өз көркіне өзі таң қалу мотиві бар: Қаһарман су бетіндегі өз келбетін көріп, өз нәсілінің бөлек екенін аңғарады, бұл осы дастан оқиғасының одан әрі өрбуіне түрткі болады.

Дастанда дию, перілер, Самұрық құс, үлкен жайын балық, су астын мекен ететін жетпіс басты жалмауыз, айдаһар сияқты ертегілік кейіпкерлер, Ағанақ, Ерамбағы, Ераспағы шаһарлары, Абхаят теңізі, Қылзам дария, дүние айналған мұхит, Қап тауы

сияқты мифологиялық әңгімелер мен ертегілерде кездесетін жер-су атаулары бар.

Батырлық жырлардың кейіпкері сияқты, Қаһарман жаумен жалғыз шайқасады. Ол үш әлемді еркін аралайды, үш әлемде жүріп ерлік көрсетеді: шамандық нанымдағы үш әлемді байланыстырып тұрған әлемдік ағаш — құрма ағашын мекендейтін Самұрық құсқа мініп, Қап тауынан асып ұшады. Самұрық туралы дінге кірген жеті диюден естіген Қаһарман құрма ағашындағы ұядағы Самұрықтың үш балапанын жыл сайын жеп кететін айдаһарды Қап тауына ұрып өлтіреді. Бірақ та ертегі мен батырлық жырларда Самұрық көбіне алып бәйтерекке ұя салатын болса, бұл дастанда ол мұсылман дүниесі үшін қасиетті саналатын құрма ағашын мекендейді.

Қаһарман тұлғасы батырлық жырлардың кейіпкерлері іспеттес сомдалған. Сонымен қатар мұның діни шығарманың кейіпкері екенін танытатын көріністер аз емес. Мысалы, оған алтын шатырдың қанжығасындағы қылыш пен алты аяқты тұлпарды ғайыптан Құдай берген болады; дінді қабылдаған перілердің әр шаһарында Қаһарман медресе мен мешіт салдырады, т.б.

Қазан басылымындағы (1892) мағынасы түсініксіз сөздер басқа басылымдарымен салыстыру барысында анықталды: жолда жеті күнді, дұрысы: *жетпіс күндей*; біз есті, дұрысы: *біздің жақтан*.

Томға енген мәтін 1892 жылғы Қазан басылымынан дайындалып, кирилл әрпінде бірінші рет жарияланып отыр.

Ж.Рақышева

ҚИССА УАҚИҒА КЕРБАЛА ҮШБУ-ДҮР

Дастанның сюжеттік негізіне 680 жылы Ирактың Куфа шаһарының маңында, Кербала атты шөлді мекенде өткен тарихи оқиға өзек болған.

Осы жерде бұрыннан өштес Мағауия мен Әли халифалардың балалары Йазид пен Хұсайынның арасында кескілескен соғыс өтеді. Аз ғана жолдастарымен күші басым жау әскерімен ерлікпен шайқасқан Хұсайын және оның серіктері түгелдей қаза тапқан.

Бұл қайғылы оқиға Әли әулетіне және оның шиит жақтастарына қатты батады. Замандастары сол кездің өзінде-ақ, Хұсайынды «ұлы азап шегуші» деп таныды, ал Кербала — шииттердің ең басты қасиетті орындарына айналды.

Жоғарыда айтылған оқиға Әли әулетін барынша дәріптеп, көтермелеуге септігін тигізді. Көптеген мұсылман елдерінде Әли мен оның ұлдары жайында аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар туып, жер-жерге тарай бастады. Олар түркі халықтарында да кең тараған.

Мұндай сарындар, көбінесе, көршілес парсы хикаяттары арқылы келгені де мәлім. Қазақ, өзбек, татар, башқұрт, т.б. түркі халықтарында Хұсайынға байланысты сюжеттер поэзия түрінде кездеседі.

Осы тақырыпқа арналған қазақ дастаны «Қисса уақиға Кербала үшбу-дүрді» оқып қарағанда, бір аңғаратынымыз, шығарма желісі тарихи оқиғадан онша алыс кетпеген.

Шынында да, Кербаладағы соғыс ислам тарихында үлкен із қалдырған. Хазірет Әли ибн Әбу Тәлиб (661) пен халифа Мағауия (680) өлгеннен кейін, текетірес олардың ұрпақтарының арасында жалғасты. Дастанның бас кейіпкері Хұсайын Әлидің баласы болса, оның қарсыласы Йазид — Мағауияның ұлы. Яғни, шығармада тарихи адамдардың есімдері сол қалпында берілген. Сондай-ақ дастандағы өзге де кейіпкерлердің көпшілігі — өмірде болған адамдар. Мұнда арабтардың құрайыш руынан тараған Хашим, Үмийа тайпаларынан шыққан халифа, имамдардың балалары мен олардың жақтастарының бақталастық әрекеттерінен туындаған соғыстардың бірі сөз болады.

Тарихи дерек бойынша, 680 жылы Мағауия халифа өлгеннен кейін Иракта умийалықтарға қарсы топтардың белсенділігі күшейе түседі. Осы кезде куфалық мұсылмандар Хұсайынды өздеріне басшы етіп сайлау үшін Меккеге елші жібереді. Дастанда елшінің аты — Салих. Ал Хұсайынның Куфаға аттандырған адамы — Мүслім онымен немерелес туысы. Мұсылмандардың көтерілуінен қорыққан әрі Хұсайынның келе жатқанын естіген қала бастығы (дастанда оның аты — Нұғман) Басра мен Шамнан (Димашық) көмек сұрайды. Сөйтіп, ауыр қолмен келген Йазид халифаның әскері куфалық әмірдің әскеріне қосылып, көтерілісшілерді аяусыз жазалай-

ды. Хұсайынның елшісі Мүслімді бала-шағасымен бірге түгел өлтіреді.

Хижраның 61 жылы 10 мұхаррамда (680 жылы, 10 қазан) хазірет имам Хұсайын қасына ерткен сексендей серіктерімен Куфаға сапар шегеді. Жанында әйелдері мен жас балалары болғандықтан, Хұсайын Кербала маңында тынығып алмақты ойлайды. Жансыздары арқылы бәрін аңдып-біліп отырған Йазид оған қарсы әскер аттандырады. Куфадан алдын-ала хабар алған Хұсайын жаудың күші басым екенін білсе де, айқастан бас тарпайды. Қасындағы серіктері де оны бұл көзсіздіктен айныта алмайды. Күші өзінен әлденеше есе артық дұшпандарымен ерлікпен шайқасқан Хұсайынның өзі де, туыстары да түгел қаза табады. Ауыр жараланған имамның басын кесіп алған жаулары оны Димашықтағы (Дамаск) халифаға жібереді. Міне, тарихи оқиғаның ұзын-ырғасы осы.

Ал «Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр» дастанына келер болсақ, жоғарыда айтқанымыздай, шығарманың сюжеттік желісі тарихи фактілерді дәл қайталайды. Мұндағы кейіпкерлердің есімдері де пәлендей өзгермеген. Өйткені діни тақырыптағы дастанды баспаға дайындаған Жүсіпбек Шайхысламұлы бұл сюжет Стамбул түріктерінің тілінде жазылған кітаптан алынғанын, басқа да діни кітаптарды оқығанын ескертеді.

Дастандағы басты рөл атқаратын мотивтің бірі — жазмыш. Бас кейіпкер Хұсайын өзінің өлетінін алдын-ала түс көру арқылы сезеді. Ол ұйқыда жатқанда түсіне Пайғамбар кіріп: «Сені қатты сағындым, жаныма кел», — дейді. Яғни, марқұм болған адамның түске кіріп қасына шақыруын қазақтар ажал сағатының жақындағаны деп жориды. Тағы бір жерде Мүслімнің екі баласы да түсінде өздерін хауариждердің өлтіргенін көреді. Діни шығармалардағы кейіпкерлер жай түс көрмейді, түсінде оларға Мұхаммед пайғамбар не Жәбірейіл періште аян береді. Мұндай түстердің жарқын мысалын «Салсал», «Зарқұм», «Зеңгір жүһүд», «Мұхаммед-Ханафия» дастандарынан да көруге болады.

Хұсайынның қашан, қандай жағдайда қаза боларын атасы Мұхаммед (с.ә.с.) Алланың құдіретімен, Жәбірейіл арқылы біледі. Мұндай мұғжиза, уахи, кереметтер хазірет Мұхаммедтің өмірінде көп болған. Адам тағдырын түс-аян арқылы сезіну ислам дәстүріне қайшы емес. Ал Хұсайын өз ажалы келгенін

біле тұра, ажалға қаймықпай қарсы тұрады. Оның осы сапардан оралмайтынын меккелік ағайындары да сезгендей «қиямет күнінде жолығайық» деп қоштасады.

Бар-жоғы сексен адаммен жолға шыққан Хұсайынға жолда Заһир атты керуенбасы жолығып, қалың жаудың қаптап келе жатқанын айтады. Алайда өзінің бәрібір өлетініне, бұл Алланың жазуы екендігіне мойынсұнған ол алған бетінен қайтпай, жауына қарсы тұрады. Дастанда Хұсайынға Басра халифасы Ғұбайдолла мен Димашық халифасы Йазидтің жиырма мың әскері бетпе-бет келеді. «Меккеге қайтайық» деген туыстарына Хұсайын: «Құдайымның тағдыры солай болса, Бұл жалғанды басыма ұрайын ба?» — деп үзілді-кесілді жауап қайтарады. Яғни, оның өз мақсаты мен ислам жолына беріле тұрып, іштей бақи дүниеге дайындала бастағанын көреміз.

Дастан жырлаушысы Хұсайынды өлімнен қорықпайтын, әділет жолында өзін құрбан ете алатын ерекше қасиетті тұлға ретінде сипаттайды.

Екіншіден, пәни дүниеден о дүниенің артық екендігін, жұмақтағы мәңгілік өмір туралы түсінік исламдағы маңызды ілім болып табылатынын ескерсек, Хұсайынның ажалға неліктен бас тіккеніне көзіміз жете түседі. Діни аңыз бен дастандағы кейіпкердің «азап шегуші» тұлғасы — ислам қағидаларын насихаттаудағы таптырмайтын үлгі. Мұндай сипаттарды дастанның басқа тұстарынан да жолықтырамыз.

Дастандағы бас кейіпкердің кейбір қасиеттері эпостық батырларға ұқсағанмен, шын мәнінде Хұсайын мүлде ерекше тұлға. Мұсылмандық сенім бойынша, Хұсайын — ажалды пенде, ол Қорқыт сияқты өлімнен қашпайды, Алпамыс батыр секілді жаудың бәрін жеңе бермейді. Хұсайын — нағыз мұсылман, Алланың құлы. Ол ислам дінінің жолында шейіт болды.

Дастанда эпостық жанрға тән «батырлық» мотивтер жоқ емес. Хұсайын да батырлар сияқты бір өзі мыңдаған жау әскерін қырады. Оның аты да Алпамыстың немесе Қобыландының тұлпары секілді иесімен тілдеседі.

Бірақ Хұсайын эпос кейіпкерлері сияқты қайтадан күшіне мініп, жаумен соғыспайды, жеңіске жетпейді. Шығарманың мақсаты — эпостық жырдағыдай батырлықты дәріптеу емес, ислам құндылықтары мен дін қайраткерлерінің шарифат жолына адалдықтарын көрсетіп, оларды жұртқа үлгі ету.

Дастандағы адам ақылынан тыс көріністердің бірі — аруақтардың келуі. Мәселен, Хұсайын өлген соң бір хауариж түйеші оның киімдерін тонай бастайды. Сол уақытта Хұсайынның әлдеқашан қаза болған ағасы Хасен пайда болып, інісінің өлі денесін құшақтап, жылайды. Мұнан кейін хазірет Әли келіп, ұлын тонап, енді марқұмның ыштанын шешпекші болып жатқан хауарижді доңызға айналдырып жібереді. Ал Хұсайынды өлтірген Шаймір Алланың құдіретімен ит болып, үріп кетеді. Мұндай мотивтер ежелгі үнді, араб-парсы ертегілерінде кездеседі.

Хауариждердің батыры Ғамири Хұсайынның басын алып келгенде, түн ішінде ол үйге Хадиша, Айша, Мәриям, Фатима, Зейнеп марқұмдар келіп, перзентін жоқтап жылайды. Мұндай құбылыс «басты» бір жүһүдтің үйіне әкелгенде де қайталанады. Хұсайынмен көрісуге: Адам ата, Ысмайыл, Нұх, Мұса, Ғайса, Ысқақ, Жүсіп, Ілияс, Шиш, Дәуіт, Сүлеймен, Жақып пайғамбарлар мен періштелер келеді. Бұл — Хұсайынның ислам тарихында ерекше орны бар дін қайраткері, әрі Мұхаммед пайғамбардың сүйікті немересі екендігін, сонымен бірге, шииттердің көсемі ретінде де қасиетті адам болып саналатынын дәлелдейтін көріністердің бірі.

Мәтінде Шаймір Хұсайынды үш мәрте бауыздамақ болғанда, қанжары өтпейді. Сонда Хұсайын қанжарды желкесінен ұруға ақыл береді. Фольклорлық мифтер мен көне ертегі, аңыздарда дәудің немесе батырдың, яки жалмауыз кемпірдің жаны басқа жерде тығулы жатады, болмаса олардың денесінің бір жерінен өзгесіне оқ өтпейді, қылыш кеспейді. Әдетте, батырдың «осал жерін» оның қызы немесе қарындасы айтып қояды. Көбінесе, олардың әлсіз жері — тамағы, не кіндік тұсы. «Қобыландыда» Көбікті батырдың «құпиясын» қызы Қарлыға ашады. «Бозжігітте» оның басын тек өз қылышы ғана кеседі. Мұндай мотив «Ер Көкше» жырында да бар. Осы тектес фольклорлық сарындар көне дәуір мифтерінен қалған «өлмес алыптар» жайындағы мотивтердің сарқыншағы екені мәлім.

Хұсайынның бұл ерлігі нағыз мұсылманның өлім алдындағы ұстамдылығы мен иманының көмілдігін дәлелдейді. Хұсайын қайтыс болғанда күн тұтылып, жер сілкінеді, періштелер жылап, сулар тоқтайды, жер мен көк қайғырады. Исламда мұндай құбылысты пайғамбарлар мен әулиелердің дүниеден өтуімен

байланысты баяндайды. Бұл жерде жыршы Хұсайынның да тегін адам емес екендігін еске салып тұр. Түркілерде аталған құбылыс қасиетті адамдар мен батырлардың дүниеге келуімен байланыстырылады. Қорқыт ата жайындағы аңыз-әңгімелерде «ол туғанда қырық күн бойы нәсер жауып, қатты дауыл тұрады, ғаламды қараңғылық басады», — делінген. Осыған ұқсас құбылыстар Шыңғыс хан туралы аңыздарда да кездеседі.

«Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр» дастанындағы үлкен мәнге ие эпизодтық кейіпкерлер — Рұм қайсарының (патшасының) елшісі мен белгісіз жүйүд Хұсайынды өлтіргені үшін Йазид халифаны қатты сынға алады.

Мұндай көріністер исламдағы Мұхаммед (с.ә.с.) қайтыс болғаннан соң халифалар арасындағы алауыздық салдарынан елдің бірлігі әлсірегенін, Пайғамбар өсиеттері аяқсыз қалып, ағайындас жандардың билік үшін бірін-бірі өлімге қиған аянышты да масқара кездерін еске салады. Оның үстіне, араб емес мұсылман халықтарының Әли әулетін ерекше қадірлейтінін (Пайғамбар ұрпағы болғандықтан) ескерсек, дастандағы жүйүд пен Рұм елшісінің Хұсайынға жақтасуы түсінікті.

Дастанның соңында Хұсайынның аман қалған кенже ұлы Зейнелғабиден Йазидтен үш тілек сұрайды: 1) Хұсайынның баласын қайтару; 2) өзі мен туыстарын босату; 3) жұма күнгі намазда «хұтпа» оқу. Халифа жеті жасар баланың талабын орындайды. Зейнелғабиден мешітте жиналған халыққа «таухид» айтқаннан кейін, Пайғамбар әулетінің тарихын, соңынан Кербала шөліндегі соғыста Хұсайын мен оның жолдастарының қалай қырылғанын баяндайды. Бала жұртты Йазидтен кек алуға шақырады. Халифа Зейнелғабиденді ұстамақ болғанда жер-көкті бұлт басып, дауылдатып, бұршақ жауады. Осы эпизодтағы «үш тілек» сұрау мотиві — көптеген халықтардың ауыз әдебиетінде кездесе беретін тұрақты мотивтердің бірі.

Зейнелғабиден, біріншіден, күнәсіз сәби. Екіншіден, ол — Пайғамбардың сүйікті немересі хазірет Хұсайынның ұлы, қазақша айтқанда, Мұхаммед Мұстафаның шөбересі. Ал Әли әулетінен болған он екі имамның оны Хұсайыннан тарайтынын еске алсақ, Зейнелғабиден — сол имамдардың басы, яғни имамат билігін жалғастырушы, әрі исламдық бірліктің ұйытқы үміті секілді. Сонымен бірге дастанға негіз болған осы тектес аңыз-хикаялар, сюжеттер мұсылман шииттердің арасында туғанын

және оның тарихи қажеттіліктер мен саяси мақсаттардан туындағанын атап айтқан жөн.

«Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр» алғаш рет 1898 жылы жарыққа шықты. Кітапты қаржыландырып, бастырушы жергілікті татар азаматы — Шәмсуддин Хұсайынов. Ал дастанды баспаға дайындаған фольклор жинаушы, кітап шығарушылардың бірі — ақын Жүсіпбек Шайхысламұлы.

Бұдан кейін дастанның осы нұсқасы әлденеше рет (1902, 1903, 1904, 1912, 1914) қайта басылды. Дастанның бірнеше қолжазба нұсқасы ӘӨИ-дің Қолжазба орталығында (Ш.912, Ш.817) сақталған. Мәтіндік сараптау барысында олардың Қазан басылымынан көшірілгені анықталды.

Бұл томға дастанның 1902 жылғы басылымы ұсынылып отыр.

С.Қосан

ҚИССА ХАЗІРЕТІ АЙШАНЫҢ ТҰҒМАТЫ

Бұл дастан 1912 жылы Қазанда, «Домбровский» баспасында жарық көрген. Оны баспаға ұсынған Йазид Қонайұлы. ОҒК-ның сирек қолжазбалар қорында кітаптың бір данасы сақталған. Өзірге дастанның варианттары кездескен жоқ.

Ислам тарихында кейбір оқиғаларға байланысты уақытында дау болып, сахабалар мен мұнафиқтар арасында жанжал тудырған мәселелер де болған. Мысалы, Мұхаммед (с.ә.с.) пайғамбардың асырап алған баласы Заид пен Зейнеп арасында болған өзара түсінбеушілік, хазіреті Айшаның артынан ерген өсек сөздер, т.б.

Осы дастанға тарихта нақты болған оқиға арқау болған. Ислам тарихында хазіреті Айшаға байланысты дау туғандығы жоққа шығарылмайды.

Қазақ шайырлары Құран Кәрімнің «Нұр» сүресіне сүйене отырып, тағылған айыптаулардың негізсіз екенін дәлелдеп, хазіреті Айшаны өсекке таңғандарды мұнафиқтар, дінге іріткі салған дұшпандар деп кінәлайды.

Шындығында Құран Кәрімнің «Нұр» сүресінің 11-аятында былай деп жазылған: «Шынында сендерден өсек айтып келген топтың сөзін жаман деп есептемеңдер. Керісінше, ол

сендер үшін қайырлы. Олардың әрбіреуі күнә тапты. Олардың басшылық еткен үлкеніне зор апат бар» [24,11]. Бұл аяттың хазіреті Айша секілді адамдардың сыртынан бекер өсек айттып, кінә таққандарға байланысты түскендігі анық.

Дастанда суреттелетін Бәни Мұсталық соғысы тарихта болған. Мәдинеге тоғыз күндік қашықтықта өмір сүретін Мұсталық рулары Мәдинеге шабуыл жасау ниетінде еді. Хазіреті Пайғамбар (с.ә.с.) бұл әрекетті дер кезінде жою үшін шеру тартып барады. Олардың бірсыпырасы қашып кетеді де, бірсыпырасы соғысқа кіреді. Ақырында алты жүз тұтқын қолға түсіп, екі мың түйе, бес мың қой олжа болады. Осы соғыстан кейін хазіреті Айшаға өте ауыр жала жабылған еді.

Тарихта бұл шамамен хижраның үшінші-төртінші жылдары болған еді. Кезекті бір соғыста Мұхаммед пайғамбардың сүйікті әйелі Айша көштен кейін қалып қояды да, оны бір жас мұсылман іздеп тауып алып келеді. Бұл оқиға кейін мұсылмандар арасында дауға айналады. Мұнафиқтар айтқан бұл өсекке хазіреті Әли Айшаны кінәлайды. Хазіреті Әли мен Айша арасында өзара бір-бірін іштей жаратпау, ұрыс-керіс басталады.

Айша — Мұхаммедтің сүйікті жұбайы, Пайғамбардың ең жанқияр көмекшісі және бірінші халифа Әбубәкірдің қызы. Айшаның некесі шартты түрде алты не жеті жасында қиылған. Айшаның Мұхаммедке ықпалының күштілігі, саяси билікке араласуы мұсылмандардың көпшілігінің жеккөрушілігін туғызған.

Мұхаммед (с.ә.с.) өлгеннен кейін де құрметпен дінге сенушілердің Анасы атанған Айша мұсылман қауымында көрнекті орын алған. Ол халифа тағынан үміткер, Пайғамбардың ең жақын көмекшілері, 656 жылы халифа болған, Айшамен бұрыннан қырғи-қабақ Әлиге наразы Талқы мен аз-Зубайрды жақтап, саяси күреске белсене араласады. Айша 656 жылы болған «түйелер шайқасына» тікелей қатысады. Бұл шайқаста Әли жеңіске жетіп, Талқы мен аз-Зубайр қаза табады, сосын Айша саяси өмірден біржола шығып қалады. Оның мәртебесіне байланысты айтылатын көптеген хадистерді шииттер мойындамайды.

Дастанда жырлаушы тарихи оқиғаларды баяндай отырып, өз қиялына ерік беріп, кей жерлерін өз жанынан қосқан

тұстары көп. Оны шығарманы оқу барысында көз жеткізуге болады. Хадистерде айтылған алқа дастанда алжапқыштың бауы болып өзгертілген. Тағы бір мысал, мәтінде:

Қызметкер түйені айдап жүріп кетті,
Айшаны мінді ғой деп күймесіне, — делінген.

Дастандағы бұл күйме атқа жегілетін, жан-жағы жабық еуропалық күймені елестетеді, ал Пайғамбар заманындағы күйменің XIX ғасырдағы күймеден айырмашылығы бар екендігі белгілі.

Кейпкерін кіршіксіз таза, идеал ретінде көрсету фольклорға тән құбылыс. Сондықтан шығармада Айшаның жұртта жалғыз қалғанын білген Пайғамбар оны алып келу үшін Сафунды өзі жібереді делінген.

Көлемі шағын, мазмұны қызық дастанның негізгі мақсаты — түймедейді түйедей етіп көрсететін дін жауларын әшкерелеу, көзбен көрмей, анығына жетпей, сырттай өтірік-өсек айтудан аулақ болуды уағыздау.

Томға ұсынып отырған мәтін 1912 жылғы кітаптан әзірленіп кирилл әрпінде алғаш жарияланып отыр.

ҚИССА МАНСҮР ӘЛ-ХАЛАЖ

Бұл дастанды алғаш рет Жүсіпбек Шайхысламұлы 1889 жылы Ш.Хұсайынов баспасынан Қазанда бастырып шығарған. Кейін 1904 және 1912 жылдары қайта басылады. Ол басылымдардың арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Ел арасында тараған дастанның варианттары болуы өбден мүмкін, алайда олар әзірше табылған жоқ.

Мансүр — тарихи тұлға, сопылар тарихында ерекше орын алған, түркі халқы мен Иран жерінде аты аңызға айналған әулие кісі болған. Ол 857 жылы Иранның Фарсы өлкесінде дүниеге келіп, 922 жылы Бағдатта Хамид ибн Аббас халифаның қолынан қаза табады. Мансүр әл-Халаж Қожа Ахмет Йасауи секілді сопы әрі ақын болған. Жиырма жасында Басраға барып оқиды, Бағдатқа келіп ондағы әйгілі сопылармен кездеседі, әрі өзі де солармен жиырма жылдай бірге жүріп тариқатшылық жолға ден қояды. [Тариқат сопылық ағымдағы екінші баспалдақ болып есептелінеді. Сопылықта төрт баспалдақ бар:

шариғат, тариқат, мағрипат, хақиқат. Тариқат — ораза, намазбен қатар Аллаға мадақ айтып, зікір салу].

Әл-Халаж — оның әулиелігіне, сиқыршы, балшы қасиеттеріне орай қойылған лақап ат [арабша мағынасы «мақта таза-лаушы»]. Ол туралы мынадай аңыз бар: «Бір күні Мансұр мақта қоймасының жанынан өтіп бара жатып, қолын нұсқап қалғанда бір дән ұшып шығады, содан бастап осы кереметке таңданған куәгерлер оны әл-Халаж деп атайды⁹».

922 жылы Хамид ибн Аббас халифа оның «Әна әл-Хақ» (мен Құдаймын) деген сөзінен қауіптеніп, тұтқынға алады, көп уақыт түрмеде ұстап, дүреге жығады. Қол-аяғын кесіп, денесін отқа жағып, күлін өзенге ағызып жібереді.

Мансұр әл-Халаждың «Китаб ат-тауасин» атты туындысы, «Диуан» атты өлеңдері және өсиет сөздері халық жадында сақталған.

Сонымен бірге ол сопылық айналымға бірнеше терминдерді енгізген, олар: вадж — сопылық экстаз, сукур — сопылық мас болу, джам — бірігу, фана — жоқ болу, т.б.

Мансұр әл-Халаж есімі қазақ даласына ертеден-ақ танымал болған. Мансұр жайында Қожа Ахмет Иасауи өз хикметтерінде айтып өтеді, оның 11 хикметі түгелдей Мансұр әл-Халажға арналған. Сопылық сарында жазған ақындар ішінде Мансұрды өлеңіне арқау етпегені кемде-кем. Парсының атақты ақыны Хафиз да ол жайлы өлең шығарған.

Дастанға Мансұр әл-Халаж туралы ел арасында кеңінен тараған діни аңыздар мен оның ғұмырнамалық деректері арқау болған.

Шығармада сопылық әдебиеттен келген мотивтер көп кездеседі. Мысалы, Мансұрдың Әнал атты сұлу қарындасы тау ішіне барып, әр күні түнде қырық шілтенге қызмет етуі, солармен бірге Құдайға құлшылық етіп, Алла тарапынан берілген тазару шарабын ішуі. Дастанда Мансұр да сол шарапты ішкен соң «Әна әл-Хақ» деп сопыға айналады. Мұндағы шарап — сопылық бағыттағы ақындардың барлығында сөз болатын, тек Жаратқанның өзі мен періштелері ғана ішетін сусын деген мағынада қолданылады. Оны тек Алланың хақ жолымен жүрген, оған мадақ айтып зікір салған сопылардың сопысы ғана

⁹ Жеменей И. Хафиз және қазақ әдебиеті. – Алматы, 2000. – 41-б.

іше алады деп түсінген. Мансұр сондай деңгейге жеткен ғұлама деп есептелінеді.

Дастанға белгілі сопы Мансұр әл-Халаждың өмір тарихы мен іс-әрекеттері тиек болғанымен, бұл шығарма фольклорлық сюжеттер мен мотивтерге негізделген деуге болады. Мәтінде кездесетін топан су, су бетінде пайда болатын көбік, оны жеген қыздың аяқ астынан жүкті болуы, оған ашуланған патшаның қызын сандыққа салып суға ағызып жіберуі, т.б. — көптеген халықтардың фольклорында кездесетін көне мотивтер.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1912 жылы жарық көрген «Қисса Мансұр әл-Халаж» кітабы бойынша еш түзетусіз дайындалды.

*Б.Әбжет,
Б.Әзібаева*

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)— ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»^{*}.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.ә.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қаба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді), т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулилаһи, Сүбхан Алла сөздерін отыз

^{*} Құран Кәрім. 112-“Ихлас” сүресі.

үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Абашылар— Мекке төңірегінде өмір сүрген эфиоп тайпасы. Мұхаммед пайғамбар өз руластары мен басқа да араб тайпалары тарапынан қолдау таппай қудалауға ұшырағанда осы абашылардың арасына жасырынып, олардың рухани көмегіне сүйенген. Абашылардың ішінен **бірқатар дін қайраткерлері** шыққан.

Адам ата— діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан **Хауаны** жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көктен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Айуб—Құран Кәрімде аты аталған ежелгі пайғамбарлардың бірі. Інжілдегі Иов. Айуб (ө.с.)* Хаурандағы бай, адамгершілігі мол адам болған. Алла сынайын деп оған шайтанды жібереді. Шайтан жіберген аурудан Айубтың денесіне іріңді жара қаптап кетеді, ол әйелі екеуі адамдардан оқшау тұруға мәжбүр болады. Шайтан жіберген неше түрлі жаңа қырсықтарға қарамай, Айуб Алланың рақымына сенімін жоғалтпайды. Оның көмек сұрап жалбарынғанынан кейін Жәбірейіл оған «аяғыңмен жерді теп» деп бұйрық береді, ол тепкен жерден бұлақ суы атқылайды да, Айубтың жарасын жазып, шөлін қандырады.

Фольклор мен әдебиетте Айуб сабырлылық пен төзімділік, шыдамдылықтың символы ретінде қастерленеді.

* (ө.с.)—әләһһиссалам /а/—оны Алла жарылқасын деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Мұхаммедтен (с.ө.с.) өзге пайғамбарлардың атына жалғаса айтылып жазылады.

Айша—(айш, *гайш* /а/—өмір)—Мұхаммед пайғамбардың сүйікті әйелдерінің бірі, **Расул Алланың тілеулес досы және бірінші халифа Әбубәкірдің қызы.**

Кейбір ислам зерттеушілерінің дерегі бойынша, Айша хазірет Мұхаммедке (с.ә.с.) қосылғанда он жаста болған. Пайғамбар мен Айша хазірет сегіз жыл отасады. Мұхаммед (с.ә.с.) қайтыс болғаннан кейін Айша саяси қозғалыстарға белсене қатысады. Халифат билігі үшін болған соғыстарда Айшаның үлкен ерлік көрсеткені тарихтан белгілі.

656 жылы Айша Пайғамбардың жақын достарының бірі Талх өз-Зубайрамен жақтасып, бір кезде өзін өкпелеткен қайнысы, әрі күйеу баласы Әлиге қарсы соғысады. Бұл шайқаста Әли Арыслан жеңеді де, халифа боп сайланды. Айша бастаған әскер түйеге мінгендіктен бұл соғыс— «түйелілер шайқасы» деген атпен тарихқа енді.

Айша өте ақылды, өжет, әрі аса беделді дін қайраткері болды. Кейбір деректер бойынша, Айша Мұхаммед пайғамбардан қалған мың екі жүздей хадисті әңгімелеп, қағаз бетіне түсірткен.

Акаша—Мұхаммед пайғамбарымыздың сахабаларының бірінен саналады. **Расул Алланың арқасындағы «қасиетті мөрді» алғаш көріп, куәлік еткен адам осы Акаша. Оның есімі көптеген діни аңыздар мен хикая-дастандарда құрметпен аталып, фольклор кейіпкеріне айналған.**

Әбубәкір—Мұхаммед (с.ә.с.) қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халифа. Ол құрайыш руынан шыққан, Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (с.ә.с.) исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып мұсылман болды.

Әбубәкір—Расул Алланың «төрт сахаба» аты берілген сенімді серіктерінің бірі. Мұхаммед (с.ә.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (с.ә.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әзірейіл—діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен

Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Өзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Өзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шәһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Әмзе (Хамза) — діни дастандарда есімі жиі ұшырайтын ислам қайраткері, Мұхаммед (с.ә.с.) пайғамбардың немере ағасы. Расул Алла қуғынға түсіп жүрген кездері оған қамқоршы болып, көп жәрдемі тиген. Көптеген шығыстық аңыз-хикаяларда Әмзе — батыр, әскербасы ретінде көркем образға айналған кейіпкер.

Бақырғани Сүлеймен — орта ғасырларда қазақ даласында өмір сүрген дін қайраткері, талантты шайыр. Ахмед Йасауидің басты шөкірті саналатын Бақырғанидің көптеген хикметтері мен дастандары ғасырларды көктей өтіп біздің заманымызға жетті. Оның «Мифраж-наме», «Бибі Мәриям», «Ақырзаман

кітабы», т.б. шығармалары бүкіл Орта Азия халықтарына тараған, мұсылмандардың сүйіп оқыған кітаптары. Сондай-ақ ақын мистик ретінде сопылық әдебиеттің дамуында үлкен із қалдырды. Шамамен 1186 жылдары Хорезмде өмірден өткен.

Биләл — эфиоптық зәңгі тайпаларынан шыққан тұңғыш мұсылмандардың бірі. Ол — Мұхаммед (с.ә.с.) пайғамбар ислам дінін уағыздаған кезде жаңа дінді алғаш қабылдағандардың бірі. Мұсылман халықтары Біләлді дін жолындағы тақуа және алғаш азан айтушы — муазин ретінде таниды.

Жақия — Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлардың бірі, Зәкария пайғамбардың Алла Тағаладан жалбарынып сұрап алған жалғыз перзенті.

Жәбірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар арасында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (с.ә.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және оның ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зәкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған ХІХ ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Зуннун Мысри — [толық аты: Әбу-л-Файз Саубан бин Ибраһим Зуннун Мысри (796-859)] — сопылық ілімнің негізін қалаушылардың бірі. Мансұр әл-Халаждың ұстазы, пірі. Ах-мимде (Жоғарғы Мысыр) нубиялық отбасында дүниеге келген.

Ибн Аббас — Мұхаммед пайғамбардың немере ағасы, исламның орнығу, нығаюы жолында көп күрескен сахабаның бірі. Мұхаммед (с.ә.с.) өсиет еткен хадистердің көпшілігін жеткізуші рауи. Аббас — Құран Кәрім аяттарына алғаш түсініктеме берген дін ғұламаларының бірі.

Имам Ағзам, имам Шафиғи, имам Ахмед, имам Мәлік — ортағасырлық діни қайраткерлер. Имам Ағзам Әбуқанипа (хижра 80-150) 52 жыл омеядтар тұсында, 18 жыл аббасидтер тұсында өмір сүрген, 4000 шәкірті болған. Имам Шафиғи Мұхаммед (хижра 150-204) Сирияның Ғазза қаласында туған; «Хұжжат», «Үм», «Рисөле» атты үш кітап жазған. Имам Мәлік (хижра 93-179) Мәдине қаласында туып-өскен; «Муатта» хадистер кітабын жазған. Имам Ахмед ибн Ханбал (хижра 164-241) Бағдат қаласында туып-өскен. Оның «Мүснет» кітабында Мұхаммед (с.ә.с.) пайғамбарымыздың 40 мың хадисі жинақталған.

Иса — Иса Мәсіхтің (Иусус) есімі христиан дініндегі сияқты исламда да ілтипатпен еске алынады. Құран Кәрімде Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәриям хазіретке арналған сүре бар. Алайда ислам қағидасы бойынша, Иса (ә.с.) — бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріптеп, оған құлшылық жасайды.

Кейбір дін зерттеушілері (әсіресе, еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шариғат зерттеушілері Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен берілген хақшыл пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

Қанбар — діни дастандарда жиі кездесетін есім, Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының бірі ретінде белгілі. Кейбір фольклорлық шығармаларда, мысалы, «Салсал» дастанында Қанбар хазіреті Әли ибн Әбутәліптің атын баптаушы ретінде бейнеленген.

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп

түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр]—ел аралап жүрген ақ киімді ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Мансүр әл-Халаж—858 жылы Иранның Фарс өлкесінде дүниеге келген. Аңызға қарағанда, оның арғы тегі Мұхаммед пайғамбардың сахабаларына барып тіреледі. **Жастайынан Құран сүрелеріне үңілген, оқымысты сопы болған. Жиырма жасында Басраға, сонан соң Бағдадқа келіп оқиды. Әйгілі сопылармен бірге жүреді, әрі Бағдадта жиырма жылдай тариқат жолын ұстайды. Оның «мен—Хақпын (Құдаймын)» деген сопылық мағынадағы сөзі көпшілік үшін түсініксіз еді. Үкімет басындағылар оның «Мекке бару міндетті емес, Қағбаны жүрегіңнен өткізсең болады»,—деген сөзін естіп, кармат қозғалысымен байланысты деген тұжырымға келеді.**

Әл-Халаж—сопының лақап аты, арабша «мақта тазалаушы» деген мағынада. Оның «Китаб ат-тауасин» атты туындысы, өлеңдер жинағы сақталған және шәкірттері арқылы сопылық ұғымға байланысты біраз сөздері жеткен.

Әл-Халаж практик ретінде қалмаған, өз іс-әрекетін теориялық тұжырымдармен тиянақтаған оқымысты, сопылық айналымдағы кейбір терминдерді алғаш рет қолданған жан. Сондай терминдердің қатарына ваджд—сопылық экстаз, сукур—сопылық мас болу, джосм—бірігу, фана—жоқ болу, т.б. жатады.

922 жылы Хамид ибн Аббас халифа Мансүр Әл-Халаждан сескенгендіктен оны тұтқынға алып, түрмеде қамшы дүре салдырады. Қол-аяғын кесіп, денесін отқа жағып, күлін суға ағызып жібереді.

Көпшілік оның сиқыршылығына, әулиелігіне сенген. Халифа үкімінен кейін де халық арасында Мансүр әл-Халаж өлмеген деген сенім болған, Мансүр туралы көптеген аңыздар тараған.

Мәриям—Құрандағы кейіпкер, күнәсіз, пәк адам. Иса пайғамбардың анасы.

Мекайыл—Аллаға жақын төрт періштенің бірі, Адам (ә.с.)-ға табынған алғашқы періштелердің бірі. Мұхаммед (с.ә.с.)-ның көкірегін ашып, жүрегін тазалағандардың ішінде болды. Бадр түбегіндегі меккеліктерге қарсы соғыста басқа періштелермен бірге мұсылмандарға көмекке келген. Мұсылмандардың

магиялық күштерге байланысты ілімінде Мекайыл періштенің есімі кеңінен қолданылған.

Мұса — Құран кейіпкері, пайғамбар, Алла Тағаладан кітап жіберілген төрт пайғамбардың бірі. Інжіл бойынша — Моисей.

Аңыз бойынша, Мұса (ә.с.) — Алла Тағаламен тілдескен және онымен жүздескен бірінші пайғамбар (Адам атадан соң).

Алғаш рет Алла Тағала Мұса (ә.с.)-ға Мысыр маңында «от» болып көрінеді. Оны перғауынға (фараон — Мысыр патшасының атағы, титулы) өзінің елшісі етіп жіберетінін, перғауын елінде бір Алланың жолын уағыздауы тиісті екенін білдіреді, көмекші етіп, оның бауыры Харонды қосады...

Алла Мұсаға: «Өз халқыңды Мысырдан түн жамылып алып шық», — деп бұйырады. Мұса таяқ сермеп қалғанда теңіз қақ жарылып, ашылады. Израильдіктер сол жолмен өтіп шығады. Перғауын мен оның қалың қолы жеткен кезде теңіз тұтасып кетеді де, олар суға батып өледі. Тек күнәсін мойнына алған перғауын ғана кешірім алып аман қалады. Мұса өз халқын бастап, шөл далаға шығады. Сол жерде таяғының құдіретімен он екі бұлақтың көзін ашады. Алла Тағала оның тілегін қабыл алып, адамдарына азық береді.

Мұса Алла Тағаламен екінші рет Синай тауында кездеседі. Алла Тағаламен сөйлескендіктен, Мұса пайғамбарды Мұса Кәлим (Алламен тілдесуші) деп дәріптеген.

Мұхаммед [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым] — ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570* жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні

* Кейбір деректерде Мұхаммед пайғамбардың туған жылы 571-жыл деп көрсетіліп жүр. Зерттеушілер әлі бір пікірге келмегендіктен біз қалыптасқан пікірді ұстандық.

таң алдында түсті. Мұхаммед 610 жылы 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.ә.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі), т.б. эпитет есімдері бар.

Нәупіл Орахан ұлы — Мұхаммед (с.ә.с.) пайғамбарымыздың алғашқы жұбайы Хадиша анамыздың жақын ағасы. Мекке төңірегіндегі христиан дініндегі текті әулеттің бірінен шыққан. Ол Расул Алла мен қарындасы Хадиша екеуінің некелесуіне себепші болумен бірге Мұхаммед (с.ә.с.) Мұстафаның келешек ұлы адам — ақырғы пайғамбар болатынын сезген дана кісілердің бірі.

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күшпекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Омар — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шарифат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты.

638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының орнына намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифасы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «**Қуббат ас-сахара**» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Оспан — араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол — Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген үмийа әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң Расулдың екінші қызы Үммігүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зун Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

Ризуан — діни аңыздар бойынша, бейіштің есігін күзетуші періште

Фатима, Би-Бәтима (635 ж. қайтыс болған) — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасен мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын қасиетті әйел бейнесі. Фатимаға табыну, шамасы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулетінің ықпалы күшеюіне байланысты туып қалыптасса керек. Фатима — шииттердің діни хикаяларының ең басты қаһармандарының бірі. Көптеген мұсылман елдерінде алақанды белгілейтін ежелгі нысана «Фатиманың қолы» деген атақ алған. Оның небір үмітсіз ауруларға да ем қондырып, дәру дарытатын қасиеті бар деп саналған.

Хадиша — Мұхаммед пайғамбардың сүйікті әйелі. Ол хазірет Хадиша ана Мекке маңындағы христиан әулетінде дүниеге келген. Әкесі Хувайлид секілді жастайынан саудагерлікпен шұғылданып, араб қалаларының көбінде болады. 595 жылы Мұхаммед пайғамбарға тұрмысқа шығады. Бұл кезде ол қырық жаста екен. Хадиша мен Пайғамбардың некесін қиғандардың бірі — оның немере ағасы Уарақа ибн Нәупіл.

Хазірет Хадишаның бұрынғы күйеуінен екі ұл, бір қызы бар еді. Соған қарамастан Мұхаммед пен Хадишаның арасындағы жарасты махаббатты жұрт аңыз қып айтады. Хадиша Мұхаммедті қоршаған адамдардың ортасында бірінші болып оның пайғамбарлығына сеніп, жаңа дін — ислам жолындағы күрестің өте-мөте қиын алғашқы кезеңінен бастап-ақ, Мұхаммедті қолдауға күш-жігерін де, қаражатын да аяған жоқ. Мұхаммед те Хадишаны қатты сыйлап, зор құрмет тұтты. Хадишамен бірге өткізген жиырма бес жыл ғұмырында басқа бірде-бір әйелге үйленбеуі осы сыйластықтың белгісі болса керек.

Хазірет Мұхаммедпен некелескеннен кейін Хадиша ана тағы да екі ұл, төрт қыз табады. Екі жасында қайтыс болған үлкен ұлының есімі Қасым еді. Ежелгі араб дәстүрі бойынша Мұхаммед Әбул-Қасым (Қасымның әкесі) деген құрметті атқа ие болды. Екінші ұлы Абдаллах та сәби кезінде дүниеден қайтты. Ал Зейнеп, Ұрқия, Үммігүлсім және Фатима деген төрт қызының тек соңғысы ғана оның ұрпағын жалғастырушы болды.

Хасен — Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан туған, Әли ибн Әбу Тәлибтің баласы, шииттердің екінші имамы. Әли 661 жылы қаза тапқаннан кейін Хасен Иракта халифа болып жарияланды. Әкесімен бірге, басқа бауырлары секілді ол да ислам болашағының беріктігі үшін күрескен тарихи тұлға. Ислам елдері, әсіресе шииттер аса қадірлейтін дін қайраткері. Олар Хұсайын сияқты Хасенді де «ұлы азап шегуші» деп санады. Хасен ибн Әли 669 жылы Мәдинеде қайтыс болды. Кейбір аңыз-деректерге қарағанда, оған қарсыласы халифа Мағауия адамдары қастандық жасап, у берген.

Хашим (нашим) — хазірет Мұхаммедтің (с.ә.с.) арғы атасы. Арабтың құрайыш руынан тараған Пайғамбар әулетінің бәрі де Хашимді өздерінің бабасы деп санайды.

Хұсайын — Мұхаммедтің қызы Фатимадан туған Әли ибн Әбу Тәлибтің кіші баласы, шииттердің үшінші имамы. Діни әңгімелерде Хұсайынның есімі Хасенмен бірге аталады. 669 жылы Хасен өлгеннен кейін Әли ұрпақтарына басшылық етеді.

Алайда 680 жылы халифа Мағауия қайтыс болғаннан соң Иракта үмийалықтарға қарсылық күшейеді. Осы кезде куфалық халифа Йазидтың белсенділігі де арта түсті. Оның адамдары

Хұсайынның немере інісі Мүслімді дарға асып өлтіреді. Куфаға келе жатқан Хұсайын қайғылы хабарды естісе де, сапарын жалғастыра береді. Оның Кербала шөлінде ат суытқанын білген Йазид Хұсайынға қарсы төрт мың әскерін қарсы аттандырады. 680 жылдың 10-қазанында күші басым жаумен ерлікпен аяқасқан Хұсайын жолдастарымен бірге ұрыс даласында шейіт болады.

Имам Хұсайын қайтыс болғаннан кейін Кербала шииттер табынатын қасиетті орынға айналады. Ал оның өлген күнін барша шиит қауымы аза тұтып, құрметпен еске алады.

Шаһариарлар — [шаһар /п/ — төрт, йар /т/ — жар, серік] — тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атпен белгілі, араб мемлекетін бірінен соң бірі кезекпен билеген төрт әділетті халифа — Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли.

Олар Мұхаммед пайғамбар уағыздаған жалғыз құдайлық дінді ең бірінші болып қабылдап, оның ең жақын, шын берілген сенімді серігі, жолдасы болды және ислам дінін тарату, нығайту ісін ары қарай жалғастырды.

Ыбраһым — пайғамбар, Құран кейіпкері, Құдай жолын алғаш уағыздаушы, арабтар мен еврейлердің ортақ атасы, Инжілдегі Авраам. Ең көп тараған аты — халил Алла (Алланың досы). Ол жастайынан-ақ өзінің тайпаластары мен әкесі Азар табынған пұтқа сенудің мағынасыздығын түсінеді. Ыбраһым әуелі күнге, айға, жұлдызға сенеді, содан соң бір Аллаға деген сезімі оянады. Ыбраһым өзінің сезімін әкесіне және халқына түсіндіре алмайды; сонан соң қасиетті орындарға кіріп, бірнеше пұтты зақымдайды да, келгендерге мұны ең басты пұт жасады дейді. Олардың өз сөзіне сенімсіздігін пұтқа сенімдерінің жалғандығынан деп түсіндіреді, бірақ оның уағызын олар түсінбейді. Ыбраһымды патшаларына алып барады, ол оны өртеп жіберуге бұйырады. Алайда Алла Тағала өзінің пайғамбарын оған сенген Лұтпен бірге құтқарып қалып, Палестинаға апарып орналастырады. Бірде Ыбраһымға Лұт орныққан қаланың опасыз тұрғындарын жазалауға бара жатқан періштелер келеді. Олар Ыбраһымға өзінің және әйелінің қартайғанына қарамастан ұлды болатынын болжайды... Ыбраһым өзінің ұлы Ысмайылмен бірге Меккедегі Қағбаны салады. Бірде оған түсінде Алла Тағала өз ұлын құрбандыққа шалу жөнінде аян береді. Ыбраһым да, ұлы да

бұған әзір еді, бірақ Алла олардың сыннан өткендерін ескеріп, құрбандыққа шалу үшін көк қошқар береді. Ыбраһым Алладан өлімге жан бітіретін қасиетін көрсетуді сұрайды. Оған төрт құстың қалдығын төрт тауға апарып қою тапсырылады. Алла Тағала шақырғанда әлгі төрт құсқа жан бітіп, ұшып келеді. Алла Тағала Ыбраһымды әр кез жебеп-желеп отырады, оған бірнеше пайғамбар шыққан ұрпақ сыйлайды.

Ыбраһым есімімен Қағбаға тәжім ету ғана емес, қажылықтың барлық рәсімі байланысты.

Ыдырыс — Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлардың бірі. Ол туралы «Мәриям» сүресінде (56-аят) және «Әнбие» сүресінде (85-аят) екі мәрте сөз болған. XIV ғасырда дүниеге келген Бурханаддин Рағбузидің «Қиссаул әнбиесінде» Ыдырыс пайғамбар жайында қызықты хикаялар берілген. Сондай-ақ пайғамбарлар өмірі туралы көптеген діни кітаптарда ол туралы мәліметтер айтылады.

Ысқақ — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баласы, Инжілдегі Исаак. Құранда Ыбраһымға Алланың рақымы түсіп, қартайған шағында оның дінге берік, кіршіксіз өмірі үшін ұл сыйлағандығы айтылады. Ұлының дүниеге келетінін қарапайым жолаушылар болып келіп, оның қонақжай дастарханынан дәм татқан періштелер хабарлайды.

Ысмайыл — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баласы, Инжілдегі Исмаил. Ол Алланың өмірімен әкесі Ыбраһым екеуі тасқын қиратқан Қағбаны қалпына келтіреді.

Аңыздарда Ысмайылды Ыбраһымның күңі Ажардан туған үлкен ұлы екендігі жайлы айтылады. Әйелі Сараның қызғаншақтығы мен қастандығынан сескенген Ыбраһым Ажар мен Ысмайылды Арабияға әкетуге мәжбүр болады және оларды сусыз далаға тастап кетеді. Бала қатты шөліркеген соң шешесі ас-Сафа мен әл-Маруа биігінің төбесіне шығады, оған алыстан құдықты, көгалды жер сағым боп көрінеді. Оларға Жәбірейіл көмекке келеді. Соның өмірімен Ысмайылдың өкшесі тиген жерден қасиетті Зәмзәм бұлағы атқылайды.

Ысрапыл — діни аңыздар бойынша, қиямет күнін хабарлаушы періште. Ол Иерусалим тауында тұрып, қиямет күнінің келгенін сырнай (соры) арқылы жеткізеді. Ысрапылдың негізгі қызметі — Алланың талаптарын, өмірлерін басқа періштелерге хабарлау.

Ібіліс— діни ұғымда көктен қуылып, адамдарды Алланың ақ жолынан тайдыратын, күнәға ұшырататын перінің есімі. **Ібілісті басқаша — шайтан, «Алланың жауы»** немесе жай ғана «дұшпан» деп атайды.

Құран Кәрім бойынша, **Ібіліс Алланың тілін алмаған, Адам атаның алдында тізе бүгуден бас тартып, «мен одан артықпын; сен мені оттан, оны топырақтан жаратқансың»** деп қарсы шыққан. Міне, осы әрекеті үшін ол көктен қуылып, тозақ отына түсуге ұйғарылды. Алайда **Ібіліс Алладан жазасын қиямет қайымға дейін кешіктіруін жалбарынып сұрады және ол өзіне іштей Аллаға жерде қастық істеуге және адамдарды теріс жолға азғыруға уәде берді.**

Ражим — «таспен атқыланған» (күнәлі немесе ақ жолдан тайған)— Құранда жиі кездесетін **Ібіліске байланысты қолданылатын эпитет.**

СӨЗДІК*

Аб кәусар — [аб /п/ — су, кәусар /а/ — молшылық; жұмақта орналасқан «Кәусар» есімді керемет өзеннің атауы] — кәусар суы. Құран Кәрімнің «Әл-Кәусар» сүресінде айтылғандай, Кәусар — Пайғамбарымызға сыйлыққа берілген өзен. Оның екі жағалауында інжуден ойылған шатырлар бар, ал топырағы жұпар иісті.

Абат /п/ — гүлденген, көркейген

Абхаят — [аб /п/ — су, хаят /а/ — өмір] — өмір суы; мәңгілік су

Ағзам /а/ — ұлы мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ағла /а/ — биік, жоғары

Ағраби /а/ — бөтен адам; жат жерлік; бөдеуи

Ада /а/ — құр алақан, жұрдай

Ажмагин /а/ — бәрі, барлығы

Азим /а/ — ұлы, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Акбар /а/ — ұлы, мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ақ, Хақ /а/ — шын, шындық, күмәнсіз ақиқат; нағыз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ақайд /а/ — ислам дінінің басты қағидаларының жиынтығы. Ислам дінінде күмән келтіруге болмайтын, сенуге қажет нәрселер. Олар: Алланың бар екеніне, оның бірлігіне, мәңгілігіне, құдіретіне сену; Алланың елшілеріне сену; Алланың жіберген кітаптарына, ақырет күнінің болатынына, жақсылық та, жамандық та Алланың әмірімен болатынына, өлілердің тірілетініне, жұмақ пен тозақтың бар екеніне сену.

Ақыр /а/ — соңғы; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

* Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, сондықтан мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Алла акбар, Аллаһу акбар /а/ — Алла ұлы!

Анда; андан соң; анлар; аның /т/ — сонда; содан кейін; олар; оның

Анкабин /п/ — бал

Апу /а/ — өтіну, кешірім сұрау

Арду /а/ — жер

Арзу /а/ — өтініш

Ариғ /т/ — таза

Асла, аслан /а/ — мүлде; асылы

Асхаб /а/ — серіктер, жолдастар. Мұхаммед пайғамбармен бірге ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға ат салысқандар. Мұхаммедтің істері мен сөздері туралы хадистер асхабтардың айтулары бойынша жазылып алынған.

Ауад /а/ — жазық дала

Ауаз /п/ — дауыс, үн

Ауали /а/ — алғашқы, әуелі; о баста

Аулалакум /а/ — сендерге өте қажет

Афақ /а/ — көкжиек, әлем, кеңістік; Құран Кәрім хикаялары бойынша Жәбірейіл періште тұратын орын

Ақырет /а/ — діни ұғым бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

Ахат /а/ — қоршау

Ахад /а/ — жалғыз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ахдар /а/ — жасыл

Ахмад /а/ — мақтаулы

Ахуал /а/ — хал, жағдай

Ахун /п/ — діни ұстаз, жетекші; ислам діні қызметкерлерінің лауазымы, мүфтиден кейінгі діни атақ; білімді, сауатты адам

Аһ, аһы — өкініш, зар деген мағынада

Аһл /а/ — ел, халық, жұрт

Аһл сүннет /а/ — сүнна мазһабын ұстанушы елдер, сүннилер

Аят /а/ — белгі, ғажайып, өлең; Құран Кәрімнің ең шағын бөлігі

Әзел /а/ — мәңгілік, бақилық; әуелде, баяғыда, бұрыннан; бәрінен бұрын

Әйла /т/ — жаса, істе

Әләйка /а/ — саған

Әләйһим /а/ — оларға

Әләл Йазид /а/ — Йазидке

Әли /а/ — биік

Әлуидағ, әлуадағ /а/ — қош, қош бол

Әлхамдулла, әлхамду ли-Ллаһи /а/ — даңқтың бәрі Аллаға!
Құранның бірінші сүресі «Фатиханың» алғашқы аятының бастапқы екі сөзі; бұл сөз тіркесі «Аллаға шүкір» деген мағынада да қолданылады.

Әлхүкму ли-Ллаһи /а/ — Алланың әмірі

Әна әл-Хақ /а/ — мен — Хақпын; мен — Құдаймын

Әнбия /а/ — пайғамбарлар

Әсіл, асыл /а/ — негіз

Әт-тақдир лә табдил /а/ — тағдыр өзгермейді

Әуел /а/ — алғашқы, бірінші; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі; одан алдын еш нәрсе жоқ. Ол бұрыннан бар.

Әулад /а/ — үрім-бұтақ, ұрпақ, әулет, балалар

Бағзы /а/ — кейбір

Байғат /а/ — бағыну

Бақи /а/ — мәңгі; о дүние

Бамдат /п/ — таңғы уақыт; таң намазы

Басафа /п,а/ — таза, пәк

Бат қылу /п/ — жою, қирату

Батил /а/ — өтірік, жалған; жоққа шығару

Батин /а/ — ішкі, жасырын; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі *Батин-заһир* /а/ — ішкі-сыртқы; айқын және жасырын

Бахыр /а/ — теңіз

Баһадүр /п/ — батыр

Баһар /п/ — көктем; гүлдену

Баһри /п/ — тағдыр, жазмыш

Бәд /п/ — жаман

Бәдниғыл /п/ — пейілі жаман, қара ниет, бұзық

Бәддүға /п/ — қарғыс

Бәдруйлы /п/ — [бәд — жаман, руй — жүз, түр] ажарсыз, көріксіз

Бей /п/ — болымсыздық мағынасын білдіреді, мысалы: *бейәдеп* — әдепсіз, *бейкүнә* — күнәсіз

Бейхад /п,а/ — шексіз

Бейхал /п,а/ — көңіл-күйсіз

Бек /т/ — өте

Беренж /п/ — күріш

Биабан /а/ — құлазыған шөл дала, жапан түз

Биадад /п,а/ — сансыз

Бизарурат /п,а/ — себепсіз; қажетсіз, қажет емес

Бинә /а/ — құрылыс, ғимарат

Бисатун /п/ — бағанасыз, тірексіз, діңгексіз

Бисмилла, бисмиллаһи /а/ — Алланың атымен;
мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды

Битап /п/ — әлсіз, сырқат, көңілсіз

Бихамдулла /а/ — Аллаға мадақпен; Аллаға шүкір

Бишемен /а,п./ — қайғылы

Бустан /а/ — бақ, бақша

Бұрхана /п/ — будда дінін ұстанушылар сиынатын орын

Бірлән, білән, илән /т/ — мен, бірге

Гәриан /п/ — қайғы, зар

Гүрзі, күрзі /п/ — шоқпар

Ғажиз /а/ — әлсіз, күйсіз

Ғазал — шығыс поэзиясында негізінен кемі үш, көбі он екі бәйіттен түзілетін бірыңғай ұйқасы бар өлең

Ғаза, газат, ғазуат, /а/ — дін соғысы, қасиетті соғыс

Ғазиз /а/ — күшті, қуатты, құрметті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ғазы /а/ — сарбаз, күрескер, ар-ождан жолында күресуші; қасиетті соғыс — ғазуатқа қатысушы мұсылман; діни соғыста ерекше ерлік көрсеткен адамға берілетін құрметті атақ.

Ғайыпана /а/ — көрмей, сырттан, жасырын

Ғалат /а/ — қате, қателік

Ғалгила /а/ — кеңес; жиын

Ғалиб /а/ — жеңімпаз, жеңіске ие; үстем, басым; көп, үлкен

Ғанбари /а/ — хош иісті

Ғани /а/ — бай, мұңсыз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ғар /а/ — үңгір

Ғарайып /а/ — таңғажайып, ғажайып, қызықты

Ғарасат /а/ — ғарасат майданы, сот алаңы; о дүниеде жаза кесілер күні адамдар жиналатын орын

Ғаршы /а/ — аспан, ғарыш

Ғарық /а/ — бату; апат, суға кету

Ғасы /а/ — күнөһар, күнөлі; қайсар, бағынбайтын

Ғауға /а/ — айқай, шу

Ғашарат /а/ — он, оншақты

Ғиззат /а/ — даңқ, абырой; қадыр, сый, құрмет

Ғинаят /а/ — ізгілік, мейірімді

Ғирфан /а/ — білім, ғылым

Ғирфан аһл /а/ — білімділер, оқымыстылар

Ғишрат /а/ — ләззат алу, қызықтау

Ғұлман /а/ — жасжігіт, бозбала; жаннатта қызмет көрсетуші
мәңгі жас, сұлу жігіт

Ғұссат /а/ — қайғы, құса

Ғұсыл ету /а/ — жуу; жуыну; суға түсу

Ғылымхал /а/ — ислам дінінің алғышарттарын түсіндіретін
пән

Дәпін, дәфін /а/ — жерлеу, көму

Дәрғаһ /а,п/ — Құдай құзыры; салтанатты сарай; хан са-
райы

Дәркер /п/ — керек, қажет, іске жарайтын

Дәрул бақи /а/ — бақи дүние, о дүние

Дәрул пәни /а/ — пәни жалған, осы дүние

Дәт, дәт /п/ — қазы, сот; араша сөз

Духа /а/ — таң

Дыр /т/ — інжу, гауһар; зор, атақты

Ерқшу /т/ — кездесу

Жад қылу /п/ — жадына алу, еске түсіру

Жаллад /а/ — жеңдет, бас алғыш

Жамал /а/ — келбет, дидар, жүз, көрік; сұлулық, өдемілік

Жамиг /а/ — жиылған, жинақ

Жаннат /а/ — бақ. Діни ұғым бойынша о дүниеде күнөдан таза адамдардың баратын орны [жұмақ, пейіш]. **Жаннат** — бұлақтар мен сулары мол, саялы бақ. Онда дәмі өзгермейтін сүт өзені, шарап, бал өзендері ағады. **Жаннатты** Ридуан бастаған періштелер күзетеді.

Жаннатул маи /а/ — жаннат суы

Жаппар /а / — ұлы, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жаһаннам /а/ — діни ұғым бойынша, күнөға батқандар дү-
ние салғаннан кейін баратын жер. Аллаға сенімсіздік білдіріп,
оған құлшылық етпегендер жаһаннам отында мәңгі жанады.

Жәлил /а/ — үлкен, ұлы, қадір

Жәһіл /а/ — надан, білімсіз, қараңғы

Женде /п/ — жыртқық, тозған, алба-жұлба киім; сопылар киетін киім

Жисм /а/ — дене, төн, тұлға

Жиһад /а/ — тырысу, бір нәрсеге қол жеткізерде барлық күш пен мүмкіндікті жұмсау; кең мағынада жиһад дегеніміз адамның өзінің нәпсісімен күресуі [өзінің жамаан мінезін жоюы], басқа дінді уағыздаушылардың қысымына қарсы тұруы; ислам дінінің салтанат құруы үшін мұсылманның бар күш-жігерін, мүмкіндіктерін, тіпті, қажет болған жағдайда өмірін де қию қажеттілігі. мұсылман қауымының басты міндеттерінің бірі. Орта ғасырлардан бері «дінсіздерге» қарсы қарулы күрес жүргізуге байланысты бұл терминнің мағынасы кеңейтіліп, «қасиетті соғыс» деген түсінік беріп келеді. Демек жиһад ұғымының ауқымы кең.

Жұма /а/ — күндердің ішіндегі ең ұлық күн. Бұл күні Адам ата жаралған, Құран түскен т.б.; мұсылмандардың демалыс күні. Бұл күні барлық мұсылмандар жұма намазын оқып, хұтпа тыңдау үшін мешітке жиналуы тиіс.

Жүфұт /п/ — жұп, қосақ, жұбай

Жүдә /п/ — өте, тым, тіпті; бөлек; өзге

Жүмлә /а/ — бөрі, барлығы, түгел

Жүһүд — жөйт, яхуди, еврей, Мұса пайғамбардың үмбеті

Заһип /а/ — әлсіз, ауру, нашар, аз

Зағыпыран — сары түсті гүл; мәтіндерде ауыспалы мағынада қолданылған: сарғайып зағышырандай

Зада /п/ — зат; бала, сәби

Заққұм — тозақ ағашы, о дүниеде оның улы жемістерін күнәһарлар қорек етеді.

Зала /а/ — бұлақ

Зарар /а/ — зиян, зақым

Заруриан /п/ — ұсақ, майда

Заһир /а/ — сыртқы, айқын; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зәңгі /а/ — зор, үлкен; қара түсті адам

Зәрре-қадар /а/ — [зәрре /а/ — түйіршік, шаң, құмырсқа, тамшы; қадар /а/ — өлшем, мөлшер] — кішкентай ғана, аз ғана

Зедан /п/ — тіл

Зейнет /а/ — рахат көру, демалу

Зиада /а/ — өте, тым, қатты, үлкен; жақсы; артық

Зина /а/ — нәпсіқұмарлық; тұрақсыздық, бұзықтық; неке бұзушылық

Зинат /а/ — әшекей

Зиярат /а/ — көрісу, сәлем беру, қол беру, құлшылық

Зұлжалал /а/ — мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зұлмат /а/ — қиыншылық, жамандық, кесапат; қараңғылық, қара түнек

Зұллықар /а/ — сермегенде жетпіс құлаш жерге жетеді деп суреттелетін Әли Арысланның қылышы

Зүбәржат /а/ — жасыл түсті асыл тас

Зікір /а/ — еске алу, есте сақтау; ауызбен айту, баян ету; белгі; уағыз, насихат. Көбінесе Алла Тағаланы еске алып, жалбарыну мағынасында. Зікір жүректен [көңіл], сөзбен және дене қимылы арқылы, яғни үш түрлі жолмен орындалады.

Зінжір /п/ — шынжыр

Ибадат /а/ — Құдайға табыну, бас ұру, бағыну

Изн /а/ — белгі; рұқсат

Иқрар /а/ — мойындау, мойынсұну

Иләһим /а/ — Құдайым

Илһам /а/ — шабыт, жігер беру, рухтандыру

Инғам /а/ — сыйлық; байлық

Инна фатахна /а/ — шындығында біз аштық

Инсан /а/ — адам, кісі

Интаһа /а/ — соңы, аяқталуы, ақыры

Инфисал /а/ — бөліну, біту; ақыр, соңы

Иншалла (ин шаа Алла) /а/ — Алла қаласа

Ирам /а/ — байсалдылық; тыным

Исми /а/ — есімі

Ихсан /а/ — қайырымдылық, жақсы

Йасин — Құран Кәрімнің 36-сүресі. Бұл қасиеті зор сүрені ауру-сырқау, бөле-жаладан қорғану үшін, сондай-ақ жан тапсырғалы жатқан мұсылманның иманын үйіргенде оқиды. Пайғамбар бұл сүрені «Құранның жүрегі» деп санаған.

Йатакалламу /а/ — ол айтады, оның айтуынша

Йаум /а/ — күн

Йаумул жаза /а/ — жаза күні

Камал /а/ — кемел, толық

Қазбал ахбар /а/ — белгілі жаңалықтар

Қараһ /а/ — жек көру

Қәлим /а/ — Алламен тілдескен; сөйлескен

Қәлима /а/ — сөз; тілін кәлимаға келтірді, яғни кәлима шаһадатты айтты

Кәпір, кәуір /а/ — Құран Кәрімде яһуди [жүһүдтер] мен христиандар жазба жұрты, кітап иелері [аһлул кітаб] деп аталған, ал көпқұдайшылдар, яғни түрлі пұтқа — қолдан жасалған мүсіндерге, я отқа, тасқа, тауға, суға, т.с.с. басқа да жаратылыстарға табынып құлшылық етушілер, шындықты мойындамағандар кәпір делінген. Соңғы дәуірлерде ислам дінін ұстанушылар бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған.

Кәтта /п/ — үлкен, дәу

Кежман /п/ — желке

Керім, кәрім /а/ — жомарт, игі, шарапатты; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Кеш /т/ — түн

Көксі /т/ — көкірек

Күпір /а/ — сенбеу, исламды мойындамау немесе оның қағидаларынан алыстау

Күрсі /а/ — орын, орындық, тақ

Күшк /п/ — бау-бақшалы сарай

Кірділер сен боласың иужаһ мақам, әйла шоқ лағынет Йазид сабах-шам — сен құрметті орынға кіресің, Йазидке ертелі-кеш лағынет жаудыр

Кірділер сен боласың әли мақам, лағынет әйла ол Йазидке сабах-шам — сен жоғарғы орынға кіресің, Йазидке ертелі-кеш лағынет жаудыр

Қаб қаусайн /а/ — өте жақын

Қабағат /п/ — өте, тым, зор

Қадар /а/ — өлшем; мөлшер; көп, мол

Қадим /а/ — көне, ескі, ежелгі; мәңгі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қадір /а/ — құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қадірдан /а,п/ — қадірлі, білімді, қасиетті адам

Қадір түні /а/ — рамазан айының 27-түні. Осы түні Мұхаммедке Құран түсе бастағандықтан қасиетті болып саналады. Қадір түні Алла Тағала шын ниетпен сұраған тілекті қабыл етеді.

Қажылық /а/ — ислам дінінің бесінші шарты. Меккеге тәуап етуге бару — әр мұсылманның басты міндеттерінің бірі. Қажылық зұлхиджа айының алғашқы он күнінде өтеді. Алғашқы күні Қағбаны жеті рет айналып өтіп, тасқа маңдай тигізіп, сүйіп, Зәмзәм суын татады. Одан соң Сафа мен Маруа төбелерінің арасында бірнеше рет жүгіреді де, Арафат тауына барып, намаз оқиды. Ол жерден Мұздалифа тауына барып, арнайы айтылатын діни уағыз тыңдайды. Содан кейін Мина аңғарына барып, онда Ібілісті қуу үшін үш рет жеті тастан лақтырады. Құрбан шалынады. Бұл күн Құрбан айт мейрамына сәйкес келеді. Қажылыққа барған адам ақ матадан арнайы тігілген киім — ихрамды киеді.

Қаза хажат /а/ — сапарда жүріп намаз оқу

Қазуул қадат /а/ — жоғарғы қазы

Қалға /а/ — қала, қорған

Қамат /а/ — намаздың шарттары; тік тұру

Қар /п/ — жамандық, аярлық

Қарар /а/ — мойынсұну, тыныштық, келісім

Қардаш /т/ — туыс, бауыр

Қариб /а/ — жақын

Қасам /а/ — ант

Қатра /а/ — тамшы

Қау — көп, мол

Қаһар /а/ — қаһарлы, бағындырушы; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қижап /п/ — күзетші; кедергі; сопылықта қайғы, өкініш. Құдай мен оның жаратқан дүниесі арасын жалғайтын баспалдақ.

Қираат /а/ — оқу; Құранды мәнерлеп, әуенімен оқу

Құбыла /а/ — мұсылмандардың намаз оқығанда бет бұратын жағы. Алғашында Мұхаммед пен оның серіктері беттерін шығысқа, Иерусалимге қарай бұратын; кейіннен хижраның екінші жылы қасиетті Қағбаны белгілейді.

Құдауанда /п/ — Құдай

Құжыра /а/ — бөлме

Құрсанттану /п/ — риза болу, қатты қуану

Құсұр /а/ — қамал, сарай

Лагин, лагини /а/ — шайтан; шайтандық

Лағынет Алла әләһим ажмагин /а/ — олардың баршасына Алланың лағынеті жаусын

Лағыл — қызыл түсті асыл тас

Лаухул Махфуз, Лаухул Қалам — [лаух /а/ — тақта; махфуз /а/ — сақталған, жадында ұсталған] — сақтаулы тақта. Діни ұғым бойынша, әр адамның тағдыры күні бұрын жазылып қояды. Сол жазу тақтасы Лаухул Махфуз, Лаухул Қалам деп аталады.

Лашы /а/ — күйретуші; адамның түбіне жететін сөз

Лә журум /а/ — әрине, әлбетте, сөзсіз

Лә иләһа илла Алла /а/ — Алладан басқа Құдай жоқ. Исламның бірінші парызы, яғни Алланың бар екендігіне, жалғыздығына сенім білдіру.

Ләйлу /а/ — түн

Ләйлі-наһар /а/ — күндіз-түн

Ләм йәзал /а/ — мәңгі, бітпейтін

Ләулік тәж — ләулік: ақық, жақұт сияқты асыл тас; асыл тасты тәж

Мағлұм /а/ — белгілі, анық, мәлім

Мағшұқ /а/ — ғашық, сүйікті

Мазлұм /а/ — зұлымдық көруші, қорланушы, қысым көрген

Мазһаб /а/ — жүру жолы, діни мектеп, ағым

Мақам /а/ — орын, мекен

Мақрұм /а/ — бір нәрседен құр қалған

Малғұн /а/ — шайтан, ібіліс; қарғалған, қарғыс тиген

Малул /а/ — қайғыру

Маннан /а/ — жомарт, рақымды; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Маң /п/ — ұқсауға тырысу, ұнау, еліктеу

Масаллах /а/ — мәслихат сөзінің көпше түрі

Матам /п/ — қайғы, шер

Мауж /а/ — толқын

Маужуд /а/ — бар болу, бар

Мауле /а/ — қожайын, қожа. Құранда Алланы «Маулана», яғни «біздің қожайын» деп айтады

Махкам /а/ — берік, мықты, бекем

Махмұд /а/ — мақталған, мадақталған

Махфуз /а/ — сақталған, жадында ұсталған; тағдыр, пешене

Махшар /а/ — діни ұғым бойынша, дүние салған адамның күнәсі тексерілетін кезең; ақырет

Машғұл /а/ — бір іспен айналысушы, шұғылданушы

Маһи /п/ — ай

Мәжид /а/ — даңқты; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Мәжнүн /а/ — жынды, есі ауысқан

Мәжуси /а/ — отқа табынушы

Мәңкүр, Нүңкүр — діни ұғым бойынша қабірде адамның істеген істері бойынша сұрақ-жауап алатын періштелер

Мәрдуд /а/ — жабық; бекем; күнәһар

Мәртебе /а/ — жоғары, биік

Мәсжід /а/ — мешіт

Мәсжід Ақса — Иерусалимдегі мешітті осылай атайды. Алыстағы мешіт деген сөз. Мұхаммед пайғамбар Пырақпен көкке көтерілер алдында барған жер. Бұл мешіт Мекке мен Мәдинеден кейін мұсылмандардың бірден-бір қасиетті орны болып саналады.

Мәсжід Харам — мұсылмандардың Меккедегі ең үлкен, қасиетті мешіті. Қажыға барғандар тәуап етеді. Мешіттің ортасында Қағба мен Зәмзәм бұлағы бар.

Мәулид /а/ — туған, туылған

Мекер, мәкар /а/ — айлакер, қу

Мехнат /п/ — қиыншылық, азап

Миграж /а/ — Көкке көтерілу. Діни аңыздар бойынша, арабша ережеп айының жетінші кешінде Мұхаммед пайғамбар Алланың әмірімен ғарышқа ұшқан. Мұхаммед Қағбаның жанында ұйықтап жатқанда оған Пырақпен Жәбірейіл келеді. Мұхаммед Пырақпен Меккеден Иерусалимдегі Мориа тауына жетеді. Пырақты Иерусалимде қалдырып, Мұхаммед Жәбірейілмен Көкке көтеріледі. Ол Алламен жүздесіп, пайғамбарлармен кездеседі және жұмақ пен тозақты көріп, Меккеге оралады. Сол себепті күллі мұсылман қауымы бұл күнді қасиетті күн деп санайды.

Мизан /а/ — таразы; айдың аты

Мин әл-Хақ /а/ — Хақтан, Құдайдан

Миск /п/ — мускус

Мият — сүйеніш, тірек

Моде ғама /п/ — кемелденген, толыққан

Муазин /а/ — азан шақырушы

Муафиқ /а/ — келісілген; сәйкес, сай

Мүғаллақ /а/ — ілініп тұру

Мұдам /п/ — әрдайым, ылғи, үнемі

Мұқарраб /а/ — жақын. Аллаға жақын төрт періште — Жәбірейіл, Өзірейіл, Мекайыл, Ысрапыл

Мұнафиқ /а/ — екі жүзді; алғашында ислам дінін қабылдап, Мұхаммедті Алланың елшісі деп мойындаған, кейін оның ықпалының күшейгенінен қауіптеніп, қастандық жасаған Мекке тұрғындарының бір бөлігі

Мұнтазир /а/ — күту, тосу, зарыға күту

Мұрдар /п/ — жемтік, өлімтік; лас, былғаныш

Мұрсал нәби /а/ — [мұрсал — жіберілген; нәби — пайғамбар] — діни ұғым бойынша, Алла Тағаланың пенделерді тура жолға қою үшін жіберген пайғамбары

Мұсанниф /а/ — шығарылған, жасалған

Мұстафа /а/ — таңдаулы

Мұтиғ /а/ — мойынсұну, мойындау

Мұттақин /а/ — сенімді, шын берілген

Мұбәриз /п/ — балуан, батыр

Мұбах /а/ — бөріне ортақ, жалпы

Мұмін /а/ — ислам дініндегі адам, мұсылман

Мұнкәр /а/ — жиіркенішті, масқара; күнәһар

Мұрит /а/ — тыңдаушы, ізін қуушы; сопылардың шәкірті

Мұслім /а/ — Аллаға берілген

Мұфсид /а/ — бұзақы

Мұшірік /а/ — пұтқа табынушы, көпқұдайшыл

Нағыра /а/ — музыкалық аспап; нағыра ұру — жекпе-жекке шақыру

Назым /а/ — өлең, поэзия

Найынсап /п,а/ — ынсапсыз

Нам /п/ — ат, есім; даңқ, атақ, мәшһүрлік

Нама /п/ — хат

Намаз /п/ — ислам дінінің екінші шарты. Әр мұсылман тәулігіне бес рет намаз оқуға міндетті: таңертең (бамдат намазы), сәске түсте (бесін намазы), күн батуға жақындаған кезеңде (екінді намазы), күн батқанда (ақшам намазы), ұйқыға жатар алдында (құтпан намазы). Намазды ер бала 12 жасынан, қыз бала 9 жасынан оқуы тиіс. Намазды кез-келген жерде оқуға болғанымен, оны оқыр алдында міндетті түрде дәрет алу қажет. Мұсылман Алланың алдында бас иіп, тағзым етеді. Намаз

кезінде Алланы дәріптеу аяттары және Алла мен оның елшісі Мұхаммедке сенім білдіру сөзі, Құраннан сүрелер айтылады.

Нар /а/ — от, жалын

Насыр /а/ — көмекші, жақтас

Нахис /а/ — бақытсыз, сәтсіз

Наһар /п/ — нәр, қорек, тамақ

Нәби /а/ — пайғамбар

Нәүмез — мәтінде құралақан, бос қалу мағынасында қолданылған

Нәшір /а/ — басылған

Некаһ /а/ — неке

Нидәмат /а/ — өкіну

Нияз /п/ — қажет, қажеттілік; өтініш; сый, тарту

Ноумид /п/ — үмітсіздік, шарасыздық, торығушылық

Нүш ету /п/ — ішу

Нығмет /а/ — ырыс, игілік; шапағат; Құран Кәрімде баяндалатын жаннаттың бірі

Ораза /п/ — мұсылманның үшінші парызы. Ораза ұстағанда мұсылмандар таң атқаннан күн батқанға дейін тамақ жеуден, сусын ішуден, жұбайымен жақындасудан бойын аулақ салады. Кез келген дені сау, балиғатқа жеткен мұсылман рамазан айында ораза ұстайды. Ораза адамды сабырлыққа, шыдамдылыққа үйретеді.

Ошал /т/ — осы

Пайам /п/ — хабар, жаңалық; жолдау

Пәнтену /п/ — байлану; алдану

Пәруана /п/ — түнде ұшатын көбелек. Ауыспалы мағынасы: біреудің жолына құрбан болу, садаға болу, жанын үзу

Пәруардигар /п/ — Жаратушы, Жасаған, Құдай

Перғауын — көне дәуірдегі Мысыр патшаларының атағы, титулы. Олар елді басқарумен қатар Тәңірі қызметін де атқарған. Өздерін Құдаймыз деп, халыққа өздеріне табынуды талап еткен.

Пи дар ни /п/ — ізбе-із

Пиада /п/ — жаяу

Потбал /о/ — жертөле, ұра

Пұл — ақша

Пұстын /п/ — тері

Пұт /п/ — будда дініндегі табынатын, сиынатын мүсін, тас

Пұтхана — жасанды мүсінге табынатын, құлшылық ететін жер, ғибадатхана

Пырақ /а/ — жарқыраған; найзағайдай жүйрік ат, сәйгүлік

Пінһан /п/ — жасырын, тығулы, бүркеулі

Пирадар /п/ — аға, бауыр; дінге берілген сопы адам

Рази Аллаһу анһу /а/ — Алла оған разы болсын!

Райхан /а/ — бейіш бақтары

Ракағат /а/ — намаздың бөлігі

Рақиб /а/ — жолдас; айналасындағылар

Расул /а/ — елші

Рауа /п/ — рұқсат етілген

Рафраф /а/ — қанат; құстың аты

Рахим, Рахими /а/ — ерекше мейірімді; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рахман /а/ — аса қамқор; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рахмат /а/ — рақым, мейірім

Рахмату лил ғаламин /а/ — әлемге [жіберілген] мейірім, рақым

Рәуиш /п/ — төсіл, әрекет, қалып

Риһазат /п/ — қалыс қалу, жеке қалу, аскетизм

Риуаят /а/ — әңгіме, аңыз

Рихлат /а/ — сапар шегу, саяхат

Руай /а/ — нұрлы; толық

Рузе /п/ — ораза

Рүкүғ /а/ — намаз негізі. Белгілі төртіп бойынша намаз оқу үстінде жасалатын қимылдар: тізелеріне қолдарын қойып еңкею, төжім ету, сәлем беру, бас ию

Сабах /а/ — таңертең

Сағадат раузасы — қасиетті қабірлер

Сағыр /а/ — кішкентай, кішкене

Сада /а/ — үн, дыбыс

Садикұл уағди /а/ — уәдеге берік

Садратул Мунтаһи /а/ — ғарыштағы Алланың киелі ағашы

Сақыпжамал /а/ — [сақып /а/ — ие, жамал /а/ — өдемілік, сұлулық] — көрікті, өдемі

Салат /а/ — намаз

Салауат /а/ — дұға; мінәжат, жалбарыну

Самад /а/ — мәңгі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Саман /а/ — аспан

Саржа — сүйекпен өшекейленген әдемі садақ

Сарман /п/ — салқындық

Сатын /п/ — тіреу

Саф, сафа /а/ — таза

Сауалат /а/ — сауал, сұрақ; тергеу

Сахар /а/ — таң, таңертең

Сәжде — Құдайға құлшылық етіп, намаз оқығанда жерге басын қою

Сәйд, сейід /а/ — қожайын, мырза; ислам пайда болғанға дейін тайпа көсемін осылай атады; сәйдзада — ислам тарихында хазірет Мұхаммедтің немересі Хұсайыннан тараған ұрпақтарға берілген құрметті атақ

Сәлам /а/ — кемшіліксіз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Сәна /а/ — мақтау, алғыс, мақтан; қайғы, қасірет

Сәруар /п/ — басшы, жетекші, қожайын

Сипаты рахмату лилғаламин-дүр, ләулік ләмма халақатил әфлак тәжін киген — сипаты әлемге мейірім жаудырғандай, көктің жаратқан ләулік тәжін киген

Сира /а/ — өмірбаян, ғұмырнама, тарих, әңгіме, бедел. Сира-тул Мухаммад — Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны. Әдетте, қысқаша «Сира...» түрінде айтылып, жазыла береді. Бұл — Пайғамбар жөнінде жазылған еңбектердің алғашқысы болып саналады. Авторы — Ибн Исхақ болғанмен, еңбекті өңдеп, кейінгілерге жеткізуші — Ибн Хишам «Сира» жазбаларында Мұхаммед пайғамбардың өміріндегі басты оқиғалар, оның өзі мен жақтастарының даңқты жорықтары баяндалады. Мұнда жазылғандардың көпшілігі ел арасындағы аңыз-әңгімелермен үндес.

Сират /а/ — жол. Құранда «тура жол» мағынасында қырық шақты рет кездеседі. Тағы бір мәні: о дүниеде адамдарды сынақтан өткізетін қылкөпір. Бұл көпірден күнәсі жоқ, таза адамдар ғана өте алады.

Сиясат /а/ — салтанат; алаң, ашық жер; өнер; мәтіндерде үкімет орны деген мағынада да қолданылған

Сохан /п/ — сөз

Сузан /а/ — бөле

Сұбхан /а/ — жасаған, күшті, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Сұлтанат /а/ — билік; мемлекет

Сүмбіл /п/ — ұзын әрі жуан; түзу

Сүннилер /а/ — Мұхаммед пайғамбарымыз дүниеден өткеннен соң мұсылмандар көп ұзамай екі бөлінді. Солардың бірі — алғашқы төрт халифаны заңды деп санайтын, хадистерді шын деп білетін, исламдағы төрт мазһаб көрсеткен тұрмыстық және әлеуметтік ережелерді орындайтындар — сүннилер.

Сыдық /а/ — шыншыл, шындықты айтушы. Бірінші халифа хазірет Әбубәкірдің теңеуі

Та /п/ — дейін, жеткенше

Табдил /а/ — өзгеру

Тағат /а/ — мойынсұну, құзырында болу; сабыр

Тағбир /а/ — жору, түсті жору

Тақлид /а/ — дәстүр

Танаб /а/ — арқан

Тариқат /а/ — жол, тәсіл, әдіс, айла; сопылық ілімнің екінші сатысы

Тауап, тауаф /а/ — Қағбаны айналып өту. Қажылыққа барған адам міндетті түрде Қағбаны жеті рет айналып шығады.

Таурат — Алла Тағаланың Мұса пайғамбарға жіберген кітабы

Тауфиқ /а/ — келісім, мойынсұну; ынсап, қанағат; жәрдем, көмек, табыс; бақыт

Таухид /а/ — бірлік; «лә иләһа илла Алла» деп кәлима шаһадат сөздерін айту. Демек Алла Тағаланы бір және жалғыз деп білу, барлығын жаратушы бір Алла екенін растау, бар құлшылықты жалғыз Оған бағыштау, Құран Кәрімде хадистерде баяндалған Алла Тағаланың қасиетті есімдері мен сипаттарына иман келтіру және ол есім-сипаттарды басқа атаумен шатастырмау. Сондай-ақ Алла Тағаланы еш затқа ұқсатпау.

Таһа — Құранның 20-сүресінің аты

Таһарат /а/ — дәрет алу, тазалану. Құран Кәрімді оқырда, намазға жығылар алдында жасалынатын бірден-бір шарт — тазалану, яғни дәрет алу. Сумен үсті-басты, денені ғана жуып қоймай, рухани ойды тазалау. Әдеппен, толық құрметпен аңсарыңды тазалыққа аудару, яғни Алланы ойлау. Біле тұра немесе білместікпен істелінген күнәларың үшін Алладан кешірім сұрау, жарылқау тілеу.

Тәжідар /п/ — тәж иесі

Тәкбір /а/ — ұлғайту, асқақтату; «Аллаһу акбар» сөзін айту, Алланы дәріптеу

Тәннә — дене

Тәнзила /а/ — көктен түсірілген; Құран Кәрімнің аты

Тәңір /т/ — Құдай

Тәпсір /а/ — түсіндірме; Құранға түсінік беріп, оның мағыналарын ашу мақсатында жазылған кітаптар.

Тәрк /а/ — өмірден қол үзу

Тәсбих, тәсбі /а/ — 33 моншақ тастан тұратын тізбек. Тәсбі тарту — моншақ тастарды тере отырып 34 рет «Аллаһу Акбар», 33 рет «Сұбхан Алла», 33 рет «Әлхамдулилла» деп Алла Тағаланы мадақтап сиыну. Бұл ерекше көркем сөздерді Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ә.с.) қызы Фатима анамызға үйреткен; кейіннен мұсылман әлемінде нұр сәулелі Фатиманың тәсбісі деп аталып, әр намаз сайын айтылатын болған.

Тәсниф /а/ — шығарма

Текрар /а/ — бірнеше рет қайталау

Тұһмат /а/ — жала

Уа /а/ — және

Уа Аллаһу ағлам /а/ — Аллаға аян

Уахи /а/ — сендіру, сырашу; Мұхаммедке Жәбірейіл арқылы келген Алланың бұйрығы, жарлығы

Уахид /а/ — жалғыз, бірегей; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Уәжіп /а/ — міндет, бұлжытпай орындалатын заң, қағида, міндетті шарт

Уәзифа /а/ — міндет, борыш

Уәзін /а/ — таразы

Уәлаят /а/ — өлке, аймақ

Уәли /а/ — әулие, қамқоршы

Уәсуаса /а/ — азғырушы, тура жолдан тайдырушы, құлаққа сыбырлап, «түртіп» тұратын шайтан, шайтанның көңілге күдік салуы, іштей азғыруы; делсалдық. Бұл туралы Құран Кәрімнің соңғы 114-сүресі «ән-Нәста» айтылады. Мұнда сыбырлап азғырушының кесірінен құтылу үшін, көкейге арам ой алмау үшін адамдардың Аллаға сиыну қажеттігі ескертіледі. Осы сүрені оқып жүретін адам жын, шайтанның арбауынан арылады.

Уәсіл /а/ — келу, жету; байланыс

Уәсіф /а/ — суреттеу, сипаттау

Уисал /а/ — мақсат

Үмбет /а/ — ел, қауым, жамағат

Фаған /п/ — күрсініс, қиналыс, күңірену

Фажур /а/ — күнә, күнәһарлық, имансыздық

Фазыл /а/ — артық, артықшылық

Фақиһ /а/ — діни заңгер; Құран сөзінің білгірі

Фардан /а/ — дара, бірегей

Фариад /п/ — зарлану, зарын айту

Фаруай /п/ — қорқыныш

Фатиха /а/ — беташар, кіріспе; Құран Кәрімнің 1-сүресі;
бата

Хабиб /а/ — сүйікті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хад /а/ — шек, шекара

Хазірет, әзірет /а/ — жоғары мәртебелі. Пайғамбарлардың, имамдардың, белгілі әулиелердің есіміне қосылып айтылатын құрметті атақ.

Хаин /а/ — сатқын

Хаиу /а/ — тірі, мәңгі тірі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хайрул әнам /а/ — соңғы намаз

Халаж /а/ — мақта тазалаушы

Халал /а/ — адал, рұқсат етілген

Хале /п/ — қымбат, бағалы

Халиқ /а/ — жаратушы; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Халифа /а/ — ислам орнағаннан бастап XIII ғасырға дейін араб елдерінде дін мен үкімет билігін бір қолға ұстаған мемлекет билеушісі

Хамду /а/ — мадақ; мадақтау, дәріптеу; шүкіршілік

Хамду сәна /а/ — Алланы мадақтау

Хамду бейхадди, биғадад айттым сәна лил-Халиқ арду, самаһ қадым дана — О баста жер мен көкті Жаратушыға сансыз, шексіз мадақ айттым.

Хамид /а/ — мақтаулы

Хамле /а/ — жүкті болу

Хамр, хамыр /а/ — шарап

Ханнан /а/ — қайырымды, жанашыр, мүсіркегіш; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хар /п/ — тікен, шеңгел

Хараж /а/ — орта ғасырларда ислам пайда болғаннан кейінгі мұсылман елдеріндегі жер салығы. Бұл салық мұсылман емес-терден алынатын.

Харам /а/ — шариғат бойынша тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе [*Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған*]; таза емес, заңсыз

Харап, хараб /а/ — бұзылу, қирау, жойылу

Харир /а/ — жібек

Харуж /а/ — шығу, шығару, бөліну

Хатир /а/ — ой, көңіл-қош

Хатым /а/ — соңғы

Хатым Құран /а/ — Құранды бастан-аяқ оқу

Хауариж /а/ — Әли мен Мағауия арасындағы соғыста Әлиден бөлініп шыққан мұсылмандар тобы. Әли хауариждердің оғынан қаза болады.

Хауыз /а/ — бассейн, су қоймасы

Хашие /а/ — қорқыныш

Хашрул йаум /а/ — қиямет күні

Хәсте /п/ — әсте, ақырын

Хинзир /а/ — шошқа

Хор, хор қызы — діни наным бойынша, жұмақта болатын мәңгі жас, өте сұлу қыз.

Хұндар /п/ — қанын жүктеу

Хұтпа /а/ — жұма намазда және діни мереке күндері т.б. ерекше жағдайларда айтылатын уағыз. Уағыз мақамға салынып айтылады.

Хүкім, үкім /а/ — бұйрық

Һәма /а/ — іс, әрекет; осылай

Һәман, һәмин /п/ — дәл өзі, соның өзі; әрқашан, ылғи

Һәмма, әмма /п/ — бәрі, барлық

Һәмрах /п/ — ниеттес, көмекші

Һидаят /а/ — тура жол іздеу; сый

Һиммат /п/ — кеңпейілдік; тырысу, ұмтылу; қуат

Һуа — Хақ /а/ — ол — Хақ

Һуа Алла хақ /а/ — ол Алла хақ

Һүш /п/ — ес

Чоқ /т/ — аса, өте, тым, әлдеқайда, анағұрлым

Шараба таһур /а/ — тазару шарабы

Шадыр /п/ — пәранжа, мұсылман әйелдердің жүзі мен денесін жасыратын жамылғы

Шам /а/ — кеш

Шариф, шәріп /а/ — текті, қасиетті; Мұхаммед (с.ә.с.)

пайғамбардың немересі Хасеннен тараған ұрпақтарына берілген құрметті атақ.

Шаһадат /а/ — куәлік ету, куә болу. Кәлима шаһадат Алла Тағала мен оның елшісі Мұхаммедке куәлік білдіретін сөз: Ашһаду ан лә иләһа илла Алла уа ашһаду әнна Мұхаммадан абдуһу уа расулуһу — Алладан басқа Құдай жоқ және Мұхаммед оның құлы мен елшісі екендігіне сенім білдіремін. Ислам дінін қабылдау үшін кәлима шаһадатты үш рет айту керек.

Шаһар, шәр /п/ — қала

Шаһарат /а/ — даңқ, атақ, мәшһүрлік

Шаһариар — [шаһар /п/ — төрт, жар /т/ — жар, серік] — Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар, төрт шәрі деп те аталады. Бұлар араб халифатын билеген төрт әділетті халифа тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атпен белгілі болған.

Шаһзада, шаһзат — патшалар мен шаһтардың, имамдар мен халифалардың мұрагер ұлдарын осылай атаған

Шаһд /а/ — бал

Шаһид /а/ — ислам діні жолында қасиетті соғыстарда қаза болған адамдарды шаһид, яғни шейіт деп атайды

Шаһимардан /п/ — батырлардың патшасы

Шашы уәлләйлу, жамалы уаддуха — шашы қара түндей, ажары атқан таңдай

Шейх /а/ — қарт; көсем; оқымысты; мұғалім

Шекар /п/ — аң аулау

Шер, шері /п/ — арыстан

Шиит /а/ — ислам кең таралғаннан кейінгі Әлидің жақтастарын шииттер деп атаған. Қазіргі таңда шиит ислам дініндегі ірі екі ағымның бірі (Иран, Ирак, Ливан, Йемен, т.б.).

Шумлық /п/ — бақытсыздық әкелуші; бақытсыз

Шүбһа /а/ — күмән, дінге сенімсіздік білдіру

Шілтен; ғайып ерен қырық шілтен — [шилтен /п/ — қырық дене] — мүмін мұсылмандарды жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне. Кейбір аңыздар бойынша, ғайыптан пайда болатын шілтендер құс бейнесінде көрінуі де мүмкін. Олар әдетте алыс сапарда жүрген, арып-ашып жолынан адасқан жолаушыларға жәрдемдеседі.

Тшірүр /т/ — ішкізер

МӨТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚҰРАН АЯТТАРЫ, ДҰҒАЛАР ЖӘНЕ ХАДИС СӨЗДЕРІ

Аттахийату ли-Лаһи уас салауату уат тайибату — барлық сәлемдер мен салауаттар, ізгіліктер Аллаға.

Йауму йатазаккарул инсану ма сага — ол күні адамзат не нәрсеге ұмтылса соны еске алады [«Нәзиғат» сүресі, 35-аят].

Йаума йус хабуна фин нари әлә ужуфиһим — ол күні олар жаһаннамда өздері үшін есеп береді.

Қалу инна ли-Лаһи уа инна иләйһи ражиун — олар: шын мәнінде біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз, — деді [«Бақара» сүресі, 156-аят].

Қул һуа Аллаһу ахад, Аллаһу самад — айт: Алла жалғыз, Алла мәңгі [«112 — Ихлас» сүресі].

Лимәнул мүлкул йаум ли-Лаһи уахидил қаһари — бүгін билік жалғыз қаһарлы Алланың қолында.

Йәләйтәни күнту турабан — Өттең! Топырақ болып кеткен болсам [«Нәбә» сүресі, 40-аят].

Сүбхана әлләзи асра би габдиһи лайлан мин әл-масжидил Харам илал масжидил Ақса — бір түнде құлын мәсжід әл-Харамнан мәсжід әл-Ақсаға апарған Аллаға мадақ [«Исра», 1-аят].

Уа ма арсәлнака илла рахматин лилғаламин — Біз сені әлемге қайырымдылық жасауға жібердік.

Фи нари жаһаннам халидин фиһа әбдан — олар жаһаннам отында мәңгі жанады.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Бағдат — (кей жорамалдарға қарағанда ежелгі парсы тілінің «бага» — Құдай, «дад» — берген, яғни «Құдай сыйы» сөздерінен шыққан) — 1921 жылдан қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халифа Мансур 762 жылы салдырған. Бағдат — орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Насреддин Туси, Әл-Фараби, т.б.] оқып, білім алған.

Басыра (Басра) — Ирактың оңтүстігіндегі қала, ірі порт, жол торабы. Басыраны б.д. жетінші ғасырында халифа Омар салдырған.

Бұхара (санскритше вихара — монастырь) — Б. з. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан, Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазірде Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Димашық (Дамаск) — Сирия астанасы, орта ғасырларда сауда, мәдениет дамыған араб қалаларының бірі. Сондықтан ертегілер мен дастандарда жиі кездеседі.

Ирамбағы, Ерамбағы, Ирамбақ, бағы Ирам — Шығыс халықтарының әдебиеті мен фолькорында кереметтей, ғажайып бақтың бейнесін осы атаумен беру қалыптасқан. Аңыз бойынша, Ирамбақ — оңтүстік Арабия әмірі Шаддадтың жер үстінде жұмақ орнату райынан туған мөуелі бақ.

Кербала — Ирактағы қала, шииттердің қасиетті жері. Бұл жерде 680 жылы 10-қазанда үшінші шиит имамы Хұсайын әскерімен қаза тапқан атақты «Кербала соғысы» болған. Әлидің ұлы Хұсайынның мазары да осында.

Куфа — ортағасырлық Ирактағы қала. VII ғасырдың басында Евфрат өзені жағалауында пайда болған. Умиялықтар тұсындағы халифаның жергілікті өмірінің сарайы, ірі сауда және мәдениет орталығы болған. Бағдад қаласы салынғаннан кейін бірте-бірте құлдырай бастады, қазір жоғалған.

Қазан — Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан автономиясының орталығы, Еділдің сол жағасында орналасқан қала.

Қап тауы — Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йәжүж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Шығыс халықтарында Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Қылзам — Араб түбегі мен Африка құрлығының қосылған тұсындағы мекен, уәлаят.

Мәдине — арабша «қала» деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдине оның алғашқы астанасы болды.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.ә.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.ә.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Ніл — Африкадағы ірі өзен.

Рұм, Үрім — шығыс халықтары орта ғасырларда Византияны осылай атаған. Көптеген шығыс халықтарының әдеби-фольклорлық туындыларында Рұм өте алыс, ғажайып өлкенің бейнесін елестеткен.

Омантеңізі — Оман жағалауларымен осы аттас шығанақтағы Үнді мұхитының бір бөлігі.

Сафа — қажыға барғандар тәу ететін Меккедегі бір төбенің аты.

Шам — Сирияны арабтар осылай атаған. Теңеу ретінде «шариф» сөзі қосылып, көбінесе «Шам шариф» делінеді. Шариф арабша — құрметті, қадірлі, ұлы мәртебелі деген мағынаны береді.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Ахметов Әбдірәсіл (Әсілтай) — Өзбекстан Республикасы, Ташкент облысының Жоғары-Шыршық ауданына қарасты Сексен-ата аулында туып өскен. Осы өңірге танымал ақын, жыршы. Фольклортанушы Қ.Саттаров 1968 жылғы «Ташкент атырабы қазақтарының ауыз әдебиетін жинау экспедициясы» кезінде Әбдірәсіл Ахметовтен «Мұхаммед пайғамбар», «Әзірет Әли мен Дариға қыздың күресі» атты діни дастандарын жазып алған. Ә.Ахметов өмірі мен шығармашылығы жөнінде басқа мәліметтер кездеспеді.

Көшенов Ташмұхаммед Баймұхаммедұлы — Шығыс Қазақстан өңірінде ХІХ ғасырдың аяғында өмір сүрген, арабша сауатты, өлең құрай алатын қабілеті бар, өлең-жырды, әдебиет үлгілерін жинаған. ӘӨИ-дің ҚҚ 885-бумадағы 2-дәптердегі Шернияз өлеңдерін, «Мұхаммед пайғамбардың Миғражға ұшқаны», «Үшбу қисса Зеңгір жүһүд» және «Қасым жомарт» дастандарын 1885-1905 жылдар аралығында көшірген. Мәтіндерді көшіре бастағанда ол он алты жаста болғаны белгілі.

Қонайұлы Йазид (1860-1924) — Қазан төңкерісіне дейін халық арасына өлеңдері тараған қиссашыл ақындардың бірі. Бұрынғы Көкшетау уезі, Мезгіл болысынан.

Оның би мен болысқа, байлар мен молдаларға шығарған өлеңдерінің өзіндік ерекшеліктері жоқ емес. Сонымен бірге Қонайұлы Йазид ел арасынан жыр, дастандарды жинап, жөндеп, Қазан баспаларынан кітап етіп шығарған. Мысалы, «Балықшы илә ғифрит қиссасы», «Қисса хазіреті Айшаның түһматы». Қонайұлы Йазид мұраларын жинап, ОҒК-ның Қолжазба қорына тапсырған Қ.Қаңтарбаев.

Лаптев Иннокентий — 1895 жылы Лазаревтің Шығыс тілдері институтының арнайы класын бітірген. Бірінші дәрежелі

аттестат алу үшін жазған еңбегін профессор С.Е.Саков жоғары бағалап, «Қазақ-қырғыз тілі жөнінен материалдар» деген кітабын бастыру туралы ұсыныс жасаған. И.Лаптевтің «...материалдары» Москвада 1900 жылы В.Гатцук типографиясында басылған, көлемі 148 бет. Кітап екі бөлімнен тұрады: халық әдебиеті үлгілері мен қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикалық очеркі, түсініктері.

Радлов Василий Васильевич (1837-1918)— ірі шығыстанушы, түркі тілдері мен фольклорының үлкен білгірі. Ұлты — неміс, Германияның Берлин қаласында дүниеге келген.

Берлин университетін бітіргеннен кейін болашақ ғалым Ресейге келеді. Ұзамай тіл үйрену мақсатымен Алтай өңіріне барып, оқытушылық қызмет атқарады. Осы уақыттан (1859-1871) бастап түркі халықтарының ауыз әдебиетін зерттеумен белсене шұғылданады. В.В.Радлов әр түрлі ғылыми сипаттағы экспедицияларға қатысып, фольклорлық үлгілерді ұқыпты түрде жинап, қағазға түсіреді.

1870 жылдары В.В.Радлов «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» деген көптомдық еңбегінің үшінші томында қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жариялады.

Саттаров Қыдырәлі — филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан Республикасы Ташкент өңіріне ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедицияларды басқарған, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырған.

Шайхысламұлы Жүсіпбек (1857-1937)— ақын, ауыз әдебиетін жинаушы. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қожатоғай аулында, қожа әулетінде дүниеге келген. Нағашылары — Ұлы жүз, Албан руынан. Жасында мұсылманша оқып, білім алған. Жүсіпбек қожа Жетісуда тұрып, ел арасынан жыр-дастандарды, айтыстарды, т.б. жинап, редакциялап, Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасына жіберіп отырған. Оның қазақ фольклоры шығармаларын жинап, бастырудағы еңбегі ерекше. Өмірінің соңғы жылдарын Шығыс Түркістанның Іле аймағында өткізіп, сонда қайтыс болды.

Шаһмарданұлы Кашафудин — XIX-XX ғасырдың басында өмір сүрген ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жөндеп жариялаушы. «Қисса Хатымтай жомарт» дастанын Қазан

қаласында 1897 жылы жарыққа шығарған және «Қисса Бөдір» (Бадра түбіндегі соғыс), «Қисса Үхүд», «Қисса халуа фаруш», «Қисса әдепті бала», т.б. дастандарды баспаға дайындаған. Қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында мұғалім болған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Мұхаммед пайғамбар. ӨӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы: Ш.920/18. Айтушысы — *Әбдірасіл Ахметов*. Тапсырған *Қыдырәлі Саттаров*.

2. Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны. Жариялаған *Жүсіпбек Шайхысламұлы*. — Қазан, 1896.

3. Қисса Мұхаммед Расул Алланың дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат еткен мәселесі. Жариялаған *Жүсіпбек Шайхысламұлы*. — Қазан, 1896.

4. Бозторғай // *Радлов В.В.* Образцы народной литературы тюркских народов, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Ч. III. — Санкт-Петербург, 1870. — 693-713 б.

5. Қисса Қаһарман. — Қазан, 1892.

6. Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр. Жариялаған *Жүсіпбек Шайхысламұлы*. — Қазан, 1902.

7. Қисса хазіреті *Айшаның түһматы*. Жариялаған *Йазид Қонайұлы*. — Қазан, 1912.

8. Қисса Мансүр әл-Халаж. — Қазан, 1912.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

9. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған *Халифа Алтай*. — Мәдине, 1991.

10. Абай. Шығармалары. 2-том. — Алматы: Жазушы, 1986.

11. *Азбабаева Б.У.* Казахский дастанный эпос. — Алматы, 1998.

12. *Бартольд В. В.* Ислам. 2-том. — Москва, 1918.

13. *Бертельс Е. Э.* Низами. Искандер-наме. — Москва, 1949.
14. *Жеменей И.* Хафиз және қазақ әдебиеті. — Алматы, 2000.
15. Ислам: Энциклопедия. Бас ред. *Р. Н. Нұрғалиев.* — Алматы: ҚЭ, 1995.
16. Ислам. Краткий справочник. — Москва, 1983.
17. *Каскабасов С. А.* Казахская несказочная проза. — Алматы, 1990.
18. Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: *С. С. Есова, Ү. Х. Сұбханбердина, Д. С. Сейфулина.* — Алматы, 1986.
19. *Массэ А.* Ислам. Очерк истории. Перевод с французского. — Москва, 1963.
20. Соңғы Пайғамбар хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны. — Анкара, 1997. (қазақ тіліндегі аудармасы).
21. Арабско-русский словарь. Составитель *Х.К.Баранов.* — Москва, 1968.
22. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
23. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10-том. — Алматы: ҒЫЛЫМ, 1974-1986.
24. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — Москва, 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства Образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию томов стотомной серии «Бабалар сөзі», выполняемой в рамках государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Одиннадцатый том серии «Бабалар сөзі», также как и предыдущий, включает в себя дастаны религиозного содержания, это: «Мұхаммед пайғамбар», «Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны», «Қисса Мұхаммед Расул Алланың дөрүл пәниден дөрүл бақиға рихлат еткен мәселесі», «Бозторғай», «Қисса Қаһарман», «Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр», «Қисса хазіреті Айшаның тұһматы», «Қисса Мансүр әл-Халаж».

Тематика и сюжетика этих произведений чрезвычайно разнообразна. Первые три дастана посвящены жизни пророка Мухаммеда. В их числе красивейший дастан «Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны». В нем повествуется о ночном вознесении (Миғраж) пророка на небо в чертоги Господни. Известно, последователи пророка не подвергают сомнению факт ночного путешествия Мухаммеда, о чем прямо говорится в 17-суре священного Корана. А некоторые мусульманские ученые считают, что оно является первым путешествием землянина в космос.

Примечательно, что на сюжет ночного вознесения посланника на Востоке создано очень много произведений литературы и искусства. В публикуемом дастане поэтично описываются все эпизоды Миғража.

Сюжетную основу дастана «Қисса Қаһарман» составляют сказочно-фантастические сюжеты о противостоянии идолопоклонников и мусульманского богатыря Қахармана. Причем

главные его враги не люди, а пери — идолопоклонники. В произведении действуют многочисленные мифологические и сказочно-эпические персонажи: пери, дивы, птица Самрук, огромная рыба кит, семидесятиголовый дракон и др.

Содержание дастана «Қисса хазіреті Айшаның тұһматы» составляет имевший место в действительности эпизод из жизни Аиши, любимой жены пророка Мухаммеда. В дастане рассказывается о том, как были поставлены под сомнение чистота и верность ее. Надо сказать, любящая и чистая Аиша выдержала испытание.

Очень интересен дастан «Бозторғай». В нем повествуется о бедняке (кедее), попавшем в сети ростовщика, который взятый им в долг один тенге записывает как тысячу тенге. В отчаянии кедей обращается за помощью к пророку Мухаммеду, но тот беден. И тогда поднимается Али — четвертый праведный халиф, зять и соратник пророка. Он в гневе и смущении от того, что пророк не может помочь просителю, а богатые соратники пророка могут, но не хотят. Он просит позволения помочь бедняку. Придя домой и перевернув все верх дном и не найдя ни одного тиына, он оставляет ростовщику в залог своих сыновей Асана и Усена, чтобы тот освободил кедея. Затем Али отправляется в дальний путь. Оказавшись в городе идолопоклонников он обращает жителей его в ислам. Но сделал он это не с помощью своей отваги, как это можно было ожидать. Он предлагает «жұмбақ айтыс» — айтыс-загадку. Условия жесткие: неверные задают ему десять вопросов-загадок, на которые он без промедления должен найти отгадки, в противном случае — смерть.

Блестяще найдя ответ-отгадки на все вопросы Али, в свою очередь, задает неверным три вопроса-загадки. Он задает такие три вопроса, ответом на которые служат традиционные формулы («Бисми Ллахир рахманир рахим» и «Ля иллах илла Аллах» — «Именем аллаха милостивого, милосердного» и «Нет божества кроме аллаха»), выражающие веру в единого бога и являющиеся основным догматом веры в исламе. По условиям состязания эти ответы-формулы повторяют все собравшиеся и произнеся их становятся мусульманами. Затем в благодарность они осыпают Али драгоценностями, которые он отдает ростовщику и забирает своих детей.

В «Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр» повествуется о трагических событиях, происходивших в 680 году в местности Кербала, недалеко от иракского города Куфы.

Как известно, эти события имели далеко идущие последствия, как для истории исламской религии, так и для мусульманского общества в целом.

«Қисса Мансур әл-Халаж» повествует о мученике за веру — Мансуре Халаже. Мансур Халаж — историческая личность [857-922], он был учеником знаменитого **суфийского ученого** Джунайта Багдади. Сущность своего учения он сформулировал очень кратко: «Ана — әл-Хак» - «Я - есть бог». Это формула, подразумевающая возможность слияния с богом путем самоотречения противоречит основам правоверного ислама, за что Мансур Халаж был казнен в 922 г. Самое интересное, в этом дастане реальные факты и события из жизни Мансур Халажа причудливо переплетаются с самыми разными сказочно-эпическими и фантастическими мотивами и эпизодами.

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Дастан «Мұхаммед пайғамбар» извлечен из рукописи, хранящейся в ИЛИ МОН РК, «Бозторғай» из третьего тома «Образцов народной литературы тюркских народов, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» (В.В.Радлов, 1870), остальные тексты подготовлены с казанских изданий 1888-1912 г.г. адекватно первоисточникам. На кириллице публикуются впервые.

Объем тома — 23 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the 100 volumes series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura» («Cultural heritage»).

The eleventh volume of the series «Babalar sozy» as the previous ones includes religious dastans such as «Mukhammed paigambar», «Kissa ankhaziret Rasuldin Migrazhga konak bolgani», «Kissa Mukhammed Rasul Allanin darul paniden darul bakiga rikhlät etken maselesi», «Boztorgai», «Kissa Kakharman», «Kissa uakiga Kerbala ushbu-dur», «Kissa khazireti Aishanin tukhmati», «Kissa Mansur al-Khalazh».

The theme and the plot of those works is very diverse. The first three dastans are devoted to the life of prophet Mukhammed. They include the beautiful dastan «Kissa ankhaziret Rasuldin Migrazhga konak bolgani». It tells about the night ascent (Migrazh) of the prophet to the sky to the mansion of the God. It is known that the successors of Mukhammed are sure that Mukhammed had a night journey that is described in the 17 point of the Holly Koran. Some Moslem scientists consider that it is the first flight of the earth resident to the space.

It is notable that in the Orient there were many literature and art works created based on the plot about the night ascent of the envoy. The dastan being published poetically describes all episodes of Migrazh.

The plot of the dastan «Kissa Kakharman» is based on the tale-fantastic plots about opposition of the idolaters and bogatyr Kakharman. His main enemies are not people but peri- idolaters. The work includes many mythic and tale-epic personages: peri, divs (giants), bird Samruk, big fwhale, seven headed dragon etc.

The content of the dastan «Kissa khazireti Aishanin tukhmati» is based on a real episode of the life of Aisha — the favorite wife of Mukhammed. The dastan tells about how real were her purity and devotion. We must note that Aisha proved that she was in real love and devotion.

Dastan «Boztorgai» is very interesting. It tells about a poor man (kedei), who was fell in the trap of the money-lender who counted one Tenge lend as one thousand Tenge. Then the despaired kedei asked the prophet Mukhammed to help him. Then comes Ali, the fourth righteous Khalif, son-in-law and companion of the prophet. He was very angry with the prophet because he refused to help the poor man, but the companions of the prophet were able to help but they didn't want to. So he asked to help the poor man. When he came home, he looked for money but didn't find any Tiin, he gave his sons Asan and Usen as a security to the money-lender and asked him to release the kedei.

After that Ali went to the long journey to find some money. When he came to the town of the idolaters he turned the residents of that town into Islam. But he made this not with the help of his braveness as it can be expected. He suggested «zhumbak aitys» — aitys — riddle. The conditions were very strict: infidels asked him ten questions- riddles and he should give immediate answers, otherwise- death.

Ali gave answers to all the questions and in his turn he asked the infidels three questions- riddles. He asked such three questions the answer to which is traditional formulas («Bismi llahir rahmanir rahim» and «Lja illah illa Allah» — «In the name of Allah kind and merciful» and «There is no God except for Allah») that expressed belief in one God and that is the main dogma of the belief in Islam. According to the conditions of the contest those answers- formulas everybody should repeat and when they pronounce those words they become Moslems. They were thankful to Ali and threw precious stones to him. He collected them and gave to the money-lender and took his children back.

«Kissa uakiga Kerbal ushbu-dur» tells about tragic events that took place in the year 680 in Kerbala not far from Iraq town Kufa.

It is known that those events had far going consequences for the history of Islam religion and for the whole Moslem society.

«Kissa Mansur al-Halazh» tells about the sufferer for the belief- Mansur Halazh. Mansur Halazh — historical person (857-922) who was a student of the well known Sufi scientists Dzhunait Bagdadi. The has formulated the idea of his study very briefly: «Ana-al Hak» — «I am the God». This formula means that the possibility of merging with the God by means of self-renunciation is contradictory to the basics of the orthodox Islam; and therefore Mansur was executed in 922. In this dastan the real facts and events from Mansur Halazh's life fantastically interlaced with various tale-epic and fantastic motives and episodes.

Multi volumes collection «Babalar sozy» — is a scientific edition. The published texts are presented in the original, adequate versions, i.e. any interpretation of the text is excluded.

The volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic , Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

Dastan «Mukhammed paigambar» is taken from the manuscript that is kept at the Institute of Literature and Art, Ministry of Education and Science, Republic of Kazakhstan, «Boztorgai» from the third volume of V.V. Radlov — «Patterns of folk literature of Turkic peoples living in South Siberia and Djungar steppe» (1870), the rest texts are prepared adequately to the originals of Kazan publications 1888-1912. In Cyrillic it is published for the first time.

The volume consists of 23 printed pages.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
Мәтіндер	
Мұхаммед пайғамбар	9
Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны	55
Қисса Мұхаммед Расул Алланың дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат еткен мәселесі	77
Бозторғай	96
Қисса Қаһарман	111
Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр	129
Қисса хазіреті Айшаның тұһматы	228
Қисса Мансүр әл-Халаж	244
Ғылыми қосымшалар	
Томға енген мәтіндерге түсініктеме	291
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	318
Сөздік	332
Жер-су атаулары	353
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет	356
Шартты қысқартулар	358
Пайдаланылған әдебиеттер	359
Резюме	361
Summary	364

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

11 том

РЕЛИГИОЗНО-ПРАВСТВЕННЫЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*
Редакторы *Ү. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *Ж. Салтақова*
Компьютерде беттеген *М. Ногайбаева*

Дизайнын әзірлеген «**Баур**» баспасы
ИБ № 1916

Теруге 25.04.05 жіберілді. Басуға 8.05.05 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «**Мектептік**». **Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.**
Шартты баспа табағы 23. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №261.

«**Фолиант**» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«**Регис СТ — Полиграф**» ЖШС баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

